

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 343.13.(574)

Қолжазба құқығында

АРЫН АЙЖАН АРЫНҚЫЗЫ

**Қылмыстық сот өндірісінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің
халықаралық-құқықтық стандарттары: Қазақстан Республикасының
заңнамасына имплементациялаудың мәселелері**

6D030200 – Халықаралық құқық

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:
заң ғылымдарының докторы,
профессор Айдарбаев С.Ж.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD докторы,
профессор Шелухин Сергей Иванович

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
КІРІСПЕ	6
1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСІНДЕ КҮДІКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	12
1.1 Қазақстанның қылмыстық процесінде күдікті туралы заңнаманың даму тарихы	12
1.2 Күдіктінің процессуалдық мәртебесінің түсінігі, құрылымы және мазмұны	25
2. ҚАЗІРГІ ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕДЕ КҮДІКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАНДАРТТАРДЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ	47
2.1 Күдіктімен қарым-қатынас жасау бойынша халықаралық стандарттар және олардың топтастырылуы	47
2.2 Кейбір шет мемлекеттердің мысалында күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша халықаралық тәжірибе	56
2.3 Күдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жекелеген халықаралық-құқықтық стандарттарды Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына имплементациялау	69
3. ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ САТЫЛАРЫНДА КҮДІКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КЕПІЛДІКТЕРІ	82
3.1 Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету кепілдіктері: күдіктіге қорғану құқығын қамтамасыз ету және кінәсіздік презумпциясы	82
3.2 Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизміндегі прокурорлық қадағалау және соттық бақылау	111
3.3 Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы ақтау институтының рөлі	118
ҚОРЫТЫНДЫ	134
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	138

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы;
ҚР ҚПК	– Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі;
РКФСР	– Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы;
КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы;
Қазақ КСР	– Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы;
ҚІЖК	– Қылмыстық іс жүргізу кодексі;
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы;
ТСЕ	– Ең төменгі стандарттық ережелер

АНЫҚТАМАЛАР

Айыптаушы тарап – қылмыстық қудалау органдары, сондай-ақ жәбірленуші (жекеше айыптаушы), азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері және өкілдері;

Қаулы – соттың үкімнен басқа кез келген шешімі, анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында қабылдаған шешімі;

Қорғау – қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген, айыпталған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, күдікті, айыптауды теріске шығару немесе жұмсарту, сондай-ақ қылмыстық қудалауға құқыққа сыйымсыз түрде ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет;

Қорғаушы тарап – күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілі;

Қылмыстық қудалау (айыптау) – қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті және оны жасаған адамды, соңғысының қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ осындай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет;

Қылмыстық қудалау органдары (лауазымды адамдары) – прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы;

Қылмыстық процесті жүргізетін орган – сот, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы;

Қылмыстық іс – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық бойынша қылмыстық қудалау органы және (немесе) сот жүргізетін оқшауландырылған іс жүргізу;

Нақты ұстап алу – жүріп-тұру бостандығын қоса алғанда, ұстап алынған адамның бостандығын шектеу, оны белгілі бір орында мәжбүрлеп ұстау, анықтау және тергеу органдарына мәжбүрлеп жеткізу (қолға түсіру, үй-жайға қамау, қандай да бір жерге баруға немесе орнында қалуға мәжбүрлеу және сол сияқтылар), сондай-ақ ұстап алынған адамға қандай да бір процестік мәртебе берілуіне немесе өзге де формальды рәсімдердің орындалуына қарамастан, көрсетілген шектеулер нақты болған кезден бастап адамның бас бостандығын минутқа дейінгі дәлдікпен елеулі түрде шектейтін қандай да бір өзге де әрекеттер;

Сотқа дейінгі іс жүргізу – қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан бастап оны прокурор мәні бойынша қарау не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін сотқа жібергенге дейін іс бойынша іс жүргізу, сондай-ақ жекеше айыптаушының және қорғаушы тараптың қылмыстық іс бойынша материалдар дайындауы;

Хаттама – қылмыстық процесті жүргізетін орган жасайтын процестік әрекет тіркелетін процестік құжат;

Шағым – процеске қатысушылардың анықтау, алдын ала тергеу органдарының, прокурордың немесе соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне ден қою актісі, сондай-ақ тұлғаның қылмыстық қудалауды жекеше немесе жекеше-жариялы тәртіппен жүзеге асыру туралы талабы;

Іс бойынша іс жүргізу – нақты қылмыстық іс бойынша оның сотқа дейінгі және соттағы іс жүргізуі барысында жүзеге асырылатын процестік әрекеттер мен шешімдердің жиынтығы.

КІРІСПЕ

Диссертацияның жалпы сипаттамасы. Диссертация қылмыстық сот ісін жүргізуде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттарына, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына имплементациялаудың мәселелерін талдауға арналған. Жұмыста күдіктінің іс жүргізу мәртебесінің түсінігі мен түрлеріне ғылыми талдау жасалған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мен іске асыруды оңтайландыруға бағытталған теориялық және тәжірибелік маңызы бар ұсыныстар әзірленген, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің шегінде күдіктіні ақтаудың ерекшеліктері талданған, сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етуде жекелеген халықаралық-құқықтық стандарттарды имплементациялауды талдауға талпыныс жасалған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Тәуелсіздік алған сәттен бастап, Қазақстандық қылмыстық іс жүргізу құқығы ғылымында біздің қоғамымызда болып жатқан түбегейлі саяси, экономикалық, құқықтық өзгерістерге байланысты қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселесі ерекше өзекті болды. 2014 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексі қабылданғаннан бері, бұл мәселе, оның кейбір өзгерістерінде, аксиоманың шешімі табылды деп айтуға болады, яғни мемлекет пен қоғамның саяси және экономикалық өміріндегі күрт өзгерістер, сөзсіз, қылмыс деңгейінің өсуіне әкеледі. Қазақстан тарихында бұл, атап айтқанда, 90-жылдары тәуелсіздік алғаннан кейін болды.

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыру мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуді жетілдірудің өзектілігі қылмыстық процеске азаматтардың құқықтарын іске асыру проблемаларына құқық қолдану практикасының қажеттілігімен негізделген [1, 5 б.].

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан соттық-құқықтық реформа, барлық құқықтық жүйені демократияландыруға, адамның құқықтарының тиімді сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан да жаңа қылмыстық іс жүргізу заңы қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсаты ретінде, қылмыстан зардап шеккен адамдар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, жеке адамды заңсыз және негізсіз айыптаудан, соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын шектеуден қорғауды таныды. Осыған байланысты қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың және бірінші кезекте конституциялық құқықтары қылмыстық іс бойынша іс жүргізу шеңберінде шектелуі мүмкін адамдардың құқықтарын құқықтық реттеуді күшейтуге баса назар аударылды. Бұл жерде күдіктінің іс жүргізу фигурасы ерекше орын алады, өйткені оны қылмыстық процеске тарту, оған қарсы мәжбүрлеу сипатындағы шараларды қолдану жүзеге асырылады.

XVIII ғасырда Ресей империясының (Қазақстан құрамына кірді) қылмыстық сот ісін жүргізуде күдікті сияқты қатысушы пайда болған сәттен бастап, ол туралы заңнама қарапайым терминнен бастап тұтас қылмыстық іс

жүргізу институтын қалыптастыруға дейінгі күрделі және ұзақ жолдан өтті және бірнеше өзгерістерге ие болды. Күдікті деген кім екендігі, адамды осындай деп танудың негіздері қандай, оның іс жүргізушілік мәртебесінің мазмұны қандай екендігі туралы ғылымда орын алған пікірлердің алуан түрлілігі, осы диссертациялық зерттеуді жүргізудің қажеттілігін түсіндіреді. Аталған мәселенің ғылыми аспектілерін қарап-шешпей, тұлғаны заңсыз және негізсіз қылмыстық қудалаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын шектеуден қорғау ғана емес, сонымен қатар тергеу сапасын айтарлықтай арттыру, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде заңдылықты қамтамасыз ету мүмкін емес.

Бұл мәселені зерттеудің маңыздылығы, сонымен қатар қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, адамның күдікті мәртебесінде болу уақытының ұлғаюымен түсіндіріледі. Сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде, адам іс бойынша тергеудің барлық уақыты аралығында қылмыстық процестің аталған қатысушысы ретінде болады. Мұндай жағдайда күдіктінің құқықтары мен бостандықтары сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарымен айтарлықтай үлкен көлемде шектелуі және бұзылуы мүмкін [2, 4 б.].

Осы диссертациялық жұмысты дайындау кезінде, бірқатар қылмыстық істерді зерделеу нәтижесінде, анықтаушылар мен тергеушілердің ҚР ҚПК-нің 64-бабында көрсетілген күдікті адамдардың құқықтарын түсіндірмеуі және бұзуы, қылмыстық істі тергеу барысында алынған дәлелдемелерді жарамсыз деп тануы, қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарын бұзу мәселелері-тәжірибеде жиі кездесетіндігін анықтауға мүмкіндік берді. Мұндай жағдай заңның талаптарын тиісті дәрежеде орындамау болып табылғандықтан, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының беделіне теріс әсер етеді. Сондықтан құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру және қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету аясында, процестің жаңа қатысушысы, яғни қылмыстық құқық бұзушылыққа күдікті адамның пайда болуына алып келетін, іс жүргізу шешімдерінің заңдылығы мен негізділігі мәселелерін зерттеу ерекше өзектілікке ие болады. Бұдан басқа адамды күдікті деп тану негіздерінің мәселелерін зерттеудің маңыздылығы, осы қылмыстық іс жүргізу қатынастарын, сондай-ақ адамды қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге күдікті ретінде тарту құқығы бар лауазымды адамдардың өкілеттіктерін заңнамалық реттеудің тұрақсыздығымен айқындалған.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы аталған диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығын көрсетеді және диссертация тақырыбын таңдауға себепші болды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері, адамды осындай деп танудың жекелеген негіздері көптеген ғалымдардың зерттеу пәні болып табылады, атап айтқанда: С.К. Жүрсімбаев, Л.Ш. Берсүгірова, Е.Т. Алимкулов, Г.А. Қуаналиева, Е.О. Алауханов, М.Ч. Қоғамов, Б.Х. Төлеубекова, С.М. Апенев, А.Ж. Садыков, Е.Е. Ерешев, З.З. Зинатуллин, А.Н. Ахпанов, С.Т. Тыныбеков, А.Б. Шарипова, Г.Н.Мухамадиева, В.Н. Авдеев, Ф.Н. Багаутдинов,

, В.П. Божьев, А.Д. Бойков, Б.Б. Булатов, М.Г. Гайдышева, Л.И. Герасимова, В.Н. Григорьев, О.С. Гречишникова, Э.П. Григонис, Е.В. Гусельникова, А.П. Гуляев, М.П. Давыдов, С.П. Ефимичев, О.А. Зайцев, Л.М. Карнеева, Н.И. Капинус, К.Б. Калиновский, В.В. Кальницкий, Н.Н. Ковтун, З.Ф. Коврига, М.Н. Клепов, О.Л. Кузьмина, Э.Ф. Куцова, А.М. Ларин, Л.Г. Лифанова, П.А. Лупинская, П.Г. Марфицин, В.М. Михайлов, И.Л. Петрухин, В.М. Савицкий, Е.В. Сопнева, Ю.И. Стецовский, П.А. Смирнов, В.В. Смирнов, Д.К. Стригалева, М.С. Строгович, М.А. Чельцов, А.А. Чувилев, В.С. Шадрин, С.А. Шейфер және т.б. Алайда бірқатар мәселелер тиісті дәрежеде теориялық тұрғыда зерттелмей қалған.

Диссертациялық зерттеудің объектісі мен пәні. Диссертациялық зерттеудің объектісі – мазмұны жаһандану дәуірінде сотқа дейінгі іс жүргізу сатысындағы күдіктінің іс жүргізу мәртебесі, құқықтық жағдайы болып табылатын қылмыстық іс жүргізу қатынастары танылады.

Зерттеудің пәні болып ҚР қолданыстағы және заңдық күші жойылған қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормалары, күдіктінің іс жүргізу мәртебесін, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізуде адамды күдікті деп танудың негіздерін реттейтін, ҚР-мен ратификациялаған халықаралық келісімдер және оларды қолдану тәжірибесі танылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың мақсаты- қылмыстық іс жүргізу доктринасының, заңнамасының, халықаралық заңнаманың және оны қолдану тәжірибесінің қазіргі кезде дамуы кезеңінде, күдіктінің іс жүргізу мәртебесінің түсінігі мен түрлерін ғылыми талдау, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мен іске асыруды оңтайландыруға бағытталған теориялық және тәжірибелік маңызы бар ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттерді шешу қажет болды:

- 1) «Күдік» ұғымын және мәнін тарихи аспектіде қарастыру және талдау;
- 2) Соттық-құқықтық реформа шеңберінде адамды күдікті деп танудың түсінігі мен ерекшеліктерін анықтау;
- 3) Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін анықтау;
- 4) Күдіктінің құқықтарын қорғауда прокурорлық қадағалаудың және соттық бақылаудың ерекшеліктерін ашу;
- 5) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің шегінде күдіктіні ақтаудың ерекшеліктерін талдау;
- 6) Сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етуде жекелеген халықаралық-құқықтық стандарттарды имплементациялауды талдау.

Зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі. Теориялық және қолданбалы материалдарды алудың құралы- объективті шындықты танудың жалпы ғылыми диалектикалық әдісі және жеке-ғылыми әдістер: тарихи, салыстырмалы-құқықтық, формальды-логикалық, сондай-ақ бақылау, талдау, синтез, аналогия, моделдеу және жалпылау болды.

Зерттеудің нормативтік базасы Қазақстан Республикасының

Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары және халықаралық шарттар болып танылады.

Қорытындылардың негізділігі үшін автордың жеке өзі, сондай - ақ оның жетекшілігімен 2017-2018 жылдары 150-ден астам тергеушілер мен анықтаушыларға сауалнама жүргізілді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы, ең алдымен, 2014 жылғы 4 шілдеде ҚР жаңа Қылмыстық-процестік кодексі қабылданғаннан кейін, алғаш рет монографиялық деңгейде күдіктілердің құқықтық жағдайының негіздерін тарихи және қолданыстағы ҚР ҚПК-нің жағдайында кешенді зерттеуге әрекет жасалды.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

1) «Күдіктің» мәні мен түсінігін тарихи талдау негізінде оның тарихи түсінігі мен қылмыстық іс жүргізу ғылымында пайда болу кезеңі анықталды, сондай-ақ заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесінің деректерін талдау негізінде күдіктілер институтының дамуының төрт кезеңін бөліп көрсетуге мүмкіндік жасалды.

2) Қазіргі кезеңде күдіктінің құқықтық мәртебесін, сондай-ақ қазіргі уақыттағы күдіктінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуының теориялық және тәжірибелік мәселелерін талдай отырып оның негізгі компоненттерін анықтауға мүмкіндік берді және біздің ойымызша, оның құқықтық мәртебесі мазмұнының құрылымына мынадай элементтерді жатқызуға болады: қылмыстық іс жүргізу мәніндегі азаматтық; құқық субъектілік; заңды мүдделер; құқықтар мен міндеттер; құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері.

3) Күдіктінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін, қорғаушы іске қатыса алатын кезең аса маңызды болып табылады.

Шақырылған қорғаушы келмеген жағдайда, күдіктіге басқа қорғаушы шақыруды ұсыну міндетін анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға және сотқа жүктеу қажет. Сондықтан ҚР ҚПК 68-бабының 3-бөлігінде «құқылы» деген сөзді «міндетті» деген сөзбен ауыстырған жөн.

4) Шетелдік оң тәжірибені, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаларын, әсіресе кінәсіздік презумпциясы қағидасын талдай отырып, біз, қазіргі кезде «Айыпталушы» деп аталатын ҚР ҚПК 65-бабы, кінәсіздік презумпциясы қағидасына және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді деген қорытындыға келдік, онда «әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады» деп көрсетілген, сондай-ақ тәжірибені талдау, адамның «айыпталушы» құқықтық мәртебесінде ұзақ уақыт болмайтындығын, осыған байланысты ҚР ҚПК-нің 64 және 65-баптарын біріктіріп, ҚР қылмыстық іс жүргізу заңнамасынан «айыпталушы» дегенді алып тастай отырып, аталған бапты «Күдікті» деп атауды ұсынамыз. Бұл соңғы уақытта жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес келер еді.

5) Дамыған елдердің іс жүргізу жүйелерінде, жеке тұлғаны оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз және негізсіз шектеуден қорғауға

едәуір дәрежеде кепілдік берілген. Бұл елдердің заңнамасы қылмыстық сот ісін жүргізу аясындағы адам құқықтарын сақтау саласындағы халықаралық стандарттарға барынша жақындатылған. Осыған байланысты бүгін ҚР-да жүргізіліп жатқан соттық-құқықтық реформа шеңберінде адамның қисынды мерзім ішінде сот талқылауына құқығын қамтамасыз ету мақсатында ҚР ҚПК-не тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Атап айтқанда, шетелдік оң тәжірибеге жүгіне отырып, сотқа дейін күзетпен ұстаудың осындай ұзақ мерзімін шектеу керек; бұдан басқа, қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану мерзімдерін енгізу (қысқарту) туралы да ойлану қажет, олар бүгінгі таңда тергеудің бүкіл мерзіміне (мысалы, ешқайда кетпеу, лауазымынан уақытша шеттету және т.б. туралы қолхат) созылуы мүмкін.

б) ҚР ҚПК-де сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы жүргізілгенге дейін, яғни қылмыстық қудалау мерзімі аяқталғанға дейін ұйқамақта ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану мерзімі белгіленбеген. Сонымен қатар, ұйқамақ, күзетпен ұстау сияқты шаралар бостандыққа және жеке басқа қолсұғылмаушылыққа құқықты шектейді, соның салдарынан оны қолдану сот шешімімен негізделген. Осыдан аталған бұлтартпау шарасын қолданудың қисынды мерзіміне қатысты халықаралық-құқықтық талап та туындайды. Бұдан басқа, Токиолық Ереженің 11.1-бабына сәйкес, түрмеге қамауға алумен байланысты емес шаралардың қолданылу мерзімі, түрмеге қамау үшін белгіленген мерзімнен аспауы тиіс және соның салдарынан ұйқамақ, кез келген балама бұлтартпау шарасы сияқты, күзетпен ұстау мерзімінен аспауы және балама бұлтартпау шараларын қолдануды ұзарту тәртібі көзделуге тиіс.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы.

Зерттеудің теориялық маңыздылығын философия, әлеуметтану, құқықтың жалпы теориясы, халықаралық, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, азаматтық, криминалистика, жедел-іздестіру қызметі, жалпы және құқықтық психология саласындағы жұмыстар құрады.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасы ретінде халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидалары мен нормалары, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу қатынастарының субъектісі ретінде күдіктінің іс жүргізу мәртебесін және Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексі мен адам құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық стандарттары аясында адамды күдікті деп тану негіздерін реттейтін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қылмыстық кодексте, Қылмыстық-процестік кодексте және басқа да заңнамада бекітілген ережелер пайдаланылды.

Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңыздылығы. Жұмыс нәтижелері - алынған қорытындылар, тұжырымдалған анықтамалар, ұсыныстар, күдіктінің қорғалу жағдайын талдау:

- заң шығару процесінде;
- күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды неғұрлым тиімді қамтамасыз ету үшін қылмыстық процесті жүргізетін субъектілердің құқық қолдану қызметінде;

– университеттердің заң факультеттерінде және басқа да заң оқу орындарында, сондай-ақ «Қылмыстық іс жүргізу құқығы» оқу пәні бойынша біліктілікті арттыру курстарында және қылмыстық-құқықтық мамандандудың тиісті арнайы курстарында оқытудың тиімділігін арттыруда;

– осы және онымен байланысты мәселелер бойынша одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің эмпирикалық негізін соңғы бес жылда (2016-2020 жж.) күдіктілермен, айыпталушылармен жасалған онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстар мен қылмыстық теріс қылықтардың статистикасын зерттеу нәтижелері; диссертантпен арнайы әзірленген жоспар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелген құқық бұзушылықтардың санын, сонымен қатар күдікті, айыпталушы деп танылған тұлғалардың санын ашып көрсететін Алматы қаласының Полиция басқармасының 2016-2020 жылдар аралығында сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарымен тергелген 50-ден астам қылмыстық істерді зерттеу нәтижелері; мерзімді баспасөзде жарияланған тергеулік-прокурорлық тәжірибе материалдары, ішкі істер және прокуратура органдары тергеушілерінің сұрау нәтижелері болып табылады.

Диссертацияның сыннан өтуі.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері және оларға негізделген қорытындылар мен ұсыныстар, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық құқық кафедрасында талқылаудан өтіп, ғылыми жарияланымдар дайындауда қолданылды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері ізденушінің өзі және авторлар ұжымымен дайындаған он екі жұмыста, оның ішінде ізденушінің өзі дайындаған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету Комитетінің тізімімен ұсынылған басылымдарда жарияланған.

Зерттеу нәтижелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінде оқу үрдісінде дәріс, тәжірибелік және семинар сабақтарын жүргізу кезінде қолданылады.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі зерттеудің пәні, мақсаттары мен міндеттерімен анықталады және анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, сегіз бөлімді біріктіретін үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 151 бетті құрайды.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСІНДЕ КҮДІКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 Қазақстанның қылмыстық процесінде күдікті туралы заңнаманың даму тарихы

Қазіргі заманғы қазақстандық сот-құқықтық жүйесі жаңа тарихтың толқынында қалыптасты және ол негізінен стандартталған әрі әлемдік құқықтық жүйеге біріктірілген. Бірақ біздің халқымыздың тарихында бүгінгі таңдағы әділеттілікке жоғары деңгейде қызмет етуге, республикадағы сот жүйесін қалыптастыру үдерісін байыту мен руханиятқа толтыруға лайық, ғасырлар бойы қазақ халқының ортағасырлық мемлекеттілігінің кең ауқымында, өзінің табиғаты мен мақсаттарымен ерекшеленетін ежелгі қазақ заңы өмір сүрген уақыт болды [3, 129 б.].

Қазақтардың әдет құқығында «күдікті» термині қолданылмаған және дерек көздерде кездеспейді, көптеген зерттеулердің нәтижесінде «жауапкер» термині пайдаланылды деп айтуға болады.

Қазақ әдет құқығындағы билер сот ісін салт-дәстүр мен әдет құқығының нормаларының негізінде жүзеге асырған. Олар көшпелі өмір салтына бейімделген, көшпелі халықтардың реттелген өмір циклінің үздіксіздігін, қоғамдастық мүшелерінің бостандығы мен қорғалуын қамтамасыз ететін бірегей жүйе болды.

Отандық авторлардың пікірінше, гуманистік идеяларға енген, әдет құқық нормалары жақсылық пен игілікті идеяларды уағыздады, бұл туралы қазақтардың әдеттегі іс жүргізу құқығының бітімгерлік сипаты куәландырады. Би өз халқын сүюге, оған адал қызмет етуге, қауымдастықтың ұйымшылдығын қамтамасыз етуге және адамдар арасындағы мейірімді қарым-қатынасты қалпына келтіруге ұмтылуға шақырды.

Осыған байланысты «күдікті» ұғымын зерттеуді Қазақстанның патшалық Ресейге қосылуынан бастау керек.

19 ғасырдың 60-шы жылдары қылмыстық сот ісін жүргізуде күдіктінің дербес іс жүргізу фигурасы пайда болған сәттен бастап, ол туралы заңнама қарапайым терминнен бастап тұтас қылмыстық іс жүргізу институтын қалыптастыруға дейінгі күрделі және ұзақ жолдан өтті. Ғылымдағы күдіктінің институты қандай түрде болуы тиіс деген ұғымдардың алуан түрлілігі, оның Ресейдегі қалыптасуы мен дамуының тарихи талдауының қажеттілігін талап етеді.

Ресейдің қылмыстық сот ісін жүргізудегі күдіктінің іс жүргізу фигурасының пайда болуының алдын 1775 жылғы екатериндік «Губернияларды басқаруға арналған мекемелерді» атауға болады, бұдан басқа онымен қылмыстық іс жүргізу мәселелері де реттелген. Осылайша, аталған заңнамалық актінің 401-бабында: «... буде кто пришлет прошение в совестный суд, что он содержится в тюрьме более трех дней и в те дни ему не объявлено, за что содержится в тюрьме, или что он в те три дни не допрашивая тогда совестный суд по получении такого прошения, не выходя из присутствия

долженствует послать повеление, чтоб таковой содержащийся в тюрьме, буде содержится не во оскорблении особы Императорского Величества, не по измене, не по воровству, или разбою, был прислан и представлен в совестный суд обще с прописанием причин, для которых содержится под стражею, или не допрашивая» [4, 276 б.]. Яғни: «... ол үш күннен астам түрмеде ұсталғаны және сол күндері оған түрмеде не үшін ұсталғаны туралы хабарланбағаны немесе одан сол үш күн ішінде жауап алынбағаны туралы ар-ұяттық сотқа өтініш білдірсе, мұндай өтінішті алғаннан кейін ар-ұяттық сот мұндай түрмеде ұсталып отырған тұлға Императорлық ұлылықты қорлауда емес, опасыздық бойынша емес, ұрлық немесе қарақшылық бойынша емес, ар-ұяттық сотқа тұтқынға алынған себептерді жазу арқылы ұсынылуы тиіс екендігі туралы Жарлық жіберуге міндеттеледі». Жоғарыда айтылғандар қылмыстық қудалауға ұшырайтын адамдардың құқықтық жағдайын, қандай да бір айып тағылған (жарияланған) адамдар және бұл тағылғанға дейін қамау (түрмеде ұстау) қолданылған адамдар деп ажыратуға мүмкіндік берген алғашқы әрекет болып табылады.

Ертефеодалдық «Орыс шындығында», 1497 жылғы Судебникте, 1649 жылғы Соборлық Құрылымда, I Петрдың заңнамасында да, II Екатеринаның 1782 жылғы «Устав благочиния, или полицейском» атты нормативтік актісінде де күдікті туралы қандай да бір ескертпелер жоқ.

Әдебиеттерде отандық қылмыстық процестегі күдікті фигурасының пайда болуы үшін қандай нормативтік құжат "жөнелтілуші" болған деген әр түрлі көзқарастар бар. Осылайша, Ю. Б. Чупилкиннің пікірінше, осы институттың дамуының бірінші кезеңі 1715 жылы Сот процестері мен соттық даулардың қысқаша бейнесін қабылдаумен басталды, онда алғаш рет "күдік", "күдікті адам", "күдік келтірілген адам" терминдері кездеседі [5, 9 б.]. Алайда қазіргі заманғы қылмыстық сот ісін жүргізу тұрғысынан аталған атауларды, біздің ойымызша, күдіктінің емес, сотталушының бейнесін белгілеу үшін пайдалану дұрыс болар еді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді регламенттеуге арналған 1833 жылғы Заңдар Жинағының баптарында «күдікті» атты іс жүргізу фигурасы әлі күнге дейін жоқ, алайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде осындай адамның пайда болуы үшін белгілі бір алғышарттар бар [6]. Мысалы, аталған Жинақтың 976, 979 баптарында, егер жиналған дәлелдемелер біреуге қатысты қылмыс жасады деп «қатты күдік» келтірген болса, аталған адамды «оның қандай да бір жеке артықшылықтарына қарамастан» одан жауап алу және істің мән-жайларын зерттеу үшін «алу» қажет деп айтылған. Заң шығарушымен бір уақытта мұндай «күдіктілерге» жиналған дәлелдемелерге «мүмкіндігінше сақтықпен қарауға, егер ол заңсыз жолмен алынған болса, жәбір көрген адамның пайдасына және оған келтірілген шығындардың өндірілу қаупі бар» екендігін қарастырудан тұратын тергеу органдарының міндеттерінен көрініс табатын кепілдіктер қарастырылды және анықталды (Жинақтың 977 бабы).

Бұдан басқа, адам төлеуге жалған ақша ұсынған жағдайда, бұл өте қауіпті қылмыс деп саналып, ол дереу ұсталып, міндетті түрде қамауға алынды (Жинақтың 843, 857-баптары). Мұндай жағдай 1960 ж. Ресей Кеңестік

Федерациялық Социалистік Республикасының (РКФСР) Қылмыстық іс жүргізу кодексін жасаушылар үшін өзіндік прототип болып табылды, онда «қылмыстың бір ғана қауіптілігі» (96 баптың 2 бөлігі) үшін қамауға алу мүмкіндігі көзделген. Осылайша, белгілі бір жағдайларда адамның қандай да бір іс-әрекет жасауы автоматты түрде оны күдікті ретінде санауға әкеп соқтырды. Алайда Жинақта «күдік» сөзі қолданылғанмен де, ол сотқа дейінгі өндірістің қатысушысын белгілеу үшін пайдаланбағанын айта кету керек. Өйткені, Заңдар Жинағы бойынша үкімдердің үш түрі болған: айыптау, ақтау және күдікті ретінде қалдыру. Бұл ретте «күдікті ретінде қалдыру туралы» үкімдер барлық қалған сот үкімдерінің басым көпшілігін құрады (87,5%). Бұл жағдай осындай үкімдерді шығарудың құқықтық регламенттеу ерекшеліктерімен байланысты болды. Олар сотталушыға қарсы айыптау үкімін шығару үшін дәлелдемелер жеткіліксіз болса да, алайда қандай да бір дәлелдемелер болған жағдайда, олардың қауіптілік дәрежесіне және құқық бұзушылықтың күрделілігіне қарай сотқа келесідей шешімдердің бірін қабылдауға мүмкіндік берді:

- адамды күдікті ретінде қалдыру;
- егер кепілгер болса, онда аталған адамды алдағы уақытта босатпай, тиісті мінез-құлықты сақтайды деген сеніммен кепілгерге тапсыру, алайда егер жаңадан ашылған мән-жайлар немесе дәлелдемелер болған жағдайда, кепілгер сотталушыны жаңа сот талқылауына ұсынуға міндетті болатыны туралы;
- сотталушыға күдіктен тазару үшін ант беру мүмкіндігін беру туралы шешім (Жинақтың 1177 бабы).

Бұл ретте тазару анты сотталушыға соттау немесе ақтау үшін барлық құралдар қолданылып, алайда шындықты анықтау мүмкін болмағаннан кейін ғана сотпен анықталатын (Жинақтың 1208-бабы). Ант берген сотталушы күдіктен босатылатын, ал оны бермеген адам күдікті ретінде қала беретін және қандай да бір зорлық-зомбылық көрсетіп тазарту антын беруге тыйым салынатын (Жинақтың 1209, 1210 баптары).

Әрине, сотталушыға қатысты күдіктерді қалдыру, ол үшін қолайсыз болып табылады, себебі ол сол бұрынғы айыптау бойынша сот талқылауына екінші рет ұшырауы мүмкін еді. Сонымен қатар адамды күдікті ретінде қалдырудың әлеуметтік салдары кейбір жағдайларда оған жаза тағайындағанмен бірдей болды. Бұл мән-жайлар қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары үшін мұндай шешімдердің айқын тиімсіздігі аясында, 1864 жылғы Сот жарғыларының сот үкімінің бір түрі ретінде «күдікті ретінде қалдыру»-дың күшін жоюға әкеп соқты.

Жинаққа сәйкес сотқа дейінгі іс жүргізу, полиция құзыретіне жататын «сотқа дейінгі тергеуге» және тергеуші жүргізген «формальды тергеуге» бөлінді. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мақсаты, қылмыстық оқиғаны анықтау және дәлелдеме материалдарын «ізін суытпай» бекіту болды. Формальды тергеу қылмыс жасаған адамды, қылмыс жасау тәсілдері мен қаруды, қылмыстық әрекеттің мақсатын, сондай-ақ қылмыстың мән-жайларын немесе айыпталушының кінәсін анықтауға қызмет етуі мүмкін барлық нәрселерді анықтауға бағытталды (Жинақтың 1015-1016 баптары).

Жинақтың әрекет ету кезеңінде, қылмыстық қудалауға ұшыраған адаммен оған неліктен айып тағылғандығы туралы хабарлағанға дейін, яғни айып тағылғанға дейін жұмыс жасау- полицияның қызметі екендігі, ал айып тағылған сәттен бастап ол тергеушінің қызметі екендігі заңнамалық негізде түпкілікті қалыптасты.

1860 жылдың 8 маусымында император Александр II қабылдаған «Соттық тергеушілер мекемелері» туралы Жарлық, сонымен қатар соттық тергеушілерге және полиция қызметкерлеріне арналған құқық бұзушылық немесе теріс қылық құрамы бар оқиғалар бойынша анықтау жүргізу туралы Наказдың қабылдануы, қылмыстық процессте «күдікті» атты фигураның пайда болуының және күдікті институтының дамуының жаңа және өте маңызды кезеңдерінің басы болып табылады. Бұл құжаттарда адамды күдікті деп тану үшін нақты негіздер заң жүзінде анықталған.

Мәселен, полиция туралы Наказдың 15 бабына сәйкес, келесідей негіздер бойынша ұсталған немесе қамауға алынған адам күдікті ретінде танылды:

- 1) қылмыскер қылмыс жасаған жерде және уақытта «ұсталса»;
- 2) қылмыс ашық және жария түрде жасалса;
- 3) қылмыс куәлары нақты бір адамға қылмыскер ретінде тікелей көрсетсе;
- 4) күдіктіден немесе оның тұрғын үйінен қылмыстың айқын іздері немесе оның заттай дәлелдемелері табылған болса;
- 5) «күдік келтірілген адам» қашуға әрекет жасаса немесе қашқаннан кейін ұсталса.

Бұл ретте полиция, егер ол барлық мүлктік құқықтарынан айыру немесе барлық жеке артықшылықтарын жоғалту түріндегі жазаны болжайтын қылмыс жасады деп күдіктенген жағдайда ғана, адамды қамауға алуға немесе ұстап алуға құқылы болған.

Сонымен қатар, тергеуші адамның қылмыс жасағаны үшін кінәлілігінің қандай да бір дәлелдемелері болған кезде, жауап алу үшін күдіктенген адамды шақыртуға немесе мәжбүрлеп жеткізуге құқылы болған. Бұл ретте, егер адам бұрын полиция қызметкерлерімен ұстап алынған болса, онда тек тергеуші ғана ұстап алынған адамнан жауап ала алатын, себебі полицияда (Наказға сәйкес) бұндай құқық болмаған [7].

Соттық тергеушілер Наказының 13, 14 баптарына сәйкес, адам егер оған келесідей бұлтартпау шараларының бірі қолданылған болса, күдікті ретінде танылатын:

- тұруға ықтиярхатты алып алу немесе тергеушіге келу міндеттілігі;
- полицияның ерекше қадағалауына беру;
- кепіл алу;
- кепілгерлікке беру;
- түрмеде немесе полицияда ұстау.

Бұл ретте, Соттық тергеушілер Наказының 21, 86-баптарына және «Соттық тергеушілер мекемелері» туралы Жарлықтың 14 бабына сәйкес, бұлтартпау шарасын таңдау және адамды күдікті деп тану туралы шешім

қабылданған жағдайда, соттық тергеушілер оны шығарудың себептері мен негіздерін түсіндіре отырып, тиісті қаулы жасауға міндетті болды. Аталған қаулы бір тәулік ішінде өзіне қатысты айып тағылған адамға қолын қойдыра отырып, ұсынылуы тиіс болды (Соттық тергеушілер мекемелелерінің 87 бабы). Егер тергеуші адамды түрмеде немесе полицияда ұстау қажеттілігі туралы қорытындыға келсе, онда осындай қаулы шығарумен қатар, қабылданған шешім туралы келесі күннен кешіктірмей осы қылмыстық іс соттылығына жататын сотқа хабарлаған. Соттың күдіктіні ұстап алу туралы қаулының күшін жою туралы шешім қабылдауы, оның кінәлілігін дәлелдейтін жаңа дәлелдемелерді тапқан жағдайда оны қайталап ұстап алуға кедергі болған жоқ (тергеушілер Наказының 90 бабы) [8].

Жоғарыда қарастырылған құқықтық актілердің күдіктінің іс жүргізу жағдайын қалыптастырудағы прогреске ықпалы анық болғанына қарамастан, осы салада әлі де шешілмеген мәселелер қалған еді. Мәселен, күдіктінің іс жүргізу құқықтарын заңнамалық регламенттеудің болмауымен қатар, адамның осындай жағдайда болу мерзімінің қандай да бір шектеулері болған жоқ.

1864 жылғы соттық реформаның нәтижесінде, қылмыстық іс жүргізу қызметі толығымен Қылмыстық сот ісін жүргізу Жарғысымен [9] реттеле бастады, оған іс жүзінде «Соттық тергеушілер мекемелері», «Соттық тергеушілер Наказының», сондай-ақ «Полиция Наказының» ережелері енгізілді. Дегенмен, аталған Жарғының қабылдануымен, күдікті институты одан әрі дами түсті.

Мәселен, егер бұрын, полиция Наказының 15 бабына сәйкес, полиция қылмыс жасады деп күдік келтірген адамдарды тек қамауға алуға немесе ұстап алуға құқылы болса, Қылмыстық сот ісін жүргізу Жарғысының 257 бабына сәйкес, заңда көзделген барлық бұлтартпау шараларын қолдану, соның ішінде үйқамаққа алу мүмкіндігі туралы айтылады (Қылмыстық сот ісін жүргізу Жарғысының 416 бабы).

Сонымен қатар, Жарғының 257-і бабына, адамды ұстап алудың бұрыннан болған негіздеріне (полиция Наказының 15 бабы), «күдіктінің тұрақты тұрғылықты жері жоқ» негізі қосылды.

Ұстап алудың іс жүргізу тәртібі Қылмыстық сот ісін жүргізу Жарғысының 89, 430 баптарымен реттелді, оған сәйкес ұстап алу туралы арнайы қаулы жасау талап етілді, онда міндетті түрде: оның жасалу уақыты, жасаған адамның тегі, аты, әкесінің аты және атағы, ұсталған күдікті қандай құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталғаны және ұстаудың негіздері көрсетілуі тиіс. Ұсталған сәттен бастап бір тәулік ішінде мұндай қаулы күдіктіге ұсынылуы тиіс болды, сонымен бірге ұстау туралы қаулының күші қандай да бір мерзіммен шектелмеген, бұл адамды белгісіз уақытқа ұстау мүмкіндігін болжаған.

Полиция қызметкерлерінің күдіктілерді ерікті және (немесе) негізсіз ұзақ ұстауынан қорғау мақсатында, заң шығарушымен тергеушінің полиция қызметкерлерімен жүргізілген ұстауларды тексеру және оны жою құқығы қарастырылғанын айта кеткен жөн. Полицияның ұстау туралы хабарлама бойынша да, күдіктінің тергеушіге кейіннен ұсынымы бойынша да өз

қызметінде қандай да бір мерзімдермен шектелмегендігі, ұстауды жүргізуге қандай да бір процессуалдық бақылау механизмінің анық конструктивті жетілмегендігін куәландырады.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында күдіктінің қылмыстық процеске қатысуы сақталған. 1917 жылдың 10 қарашасында құрылған жұмысшы - шаруа милициясының функциясына кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу, сондай-ақ күдіктілерді ұстау және жергілікті халық соттарына немесе тергеу комиссияларына жіберу мүмкіндігі болған қылмыстар мен теріс қылықтар бойынша анықтау жүргізу кірді. Ұстап алудың әрбір жағдайы туралы хаттама жасалды, онда ұстап алу жүргізілген орын, күні мен сағаты, сондай - ақ осы шараны қолданудың негіздері нақты көрсетілді («Кеңестік жұмысшы-шаруа милициясын ұйымдастыру туралы» Нұсқаулықтың 27-28 баптары) [10, 63 б.].

Күдіктілер институтының кейбір аспектілері 1922 және 1923 ж.ж. Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасының бірінші Қылмыстық іс жүргізу Кодекстерінде елеулі дамыды. Осылайша, күдіктіні ұстап алудың негіздері, тәртібі және мерзімдері белгіленді. Бұл ретте күдіктінің өзі анықтау барысында процестің тұрақты қатысушысы болды, себебі анықтау органдарының оны күдікті ретінде тартуға құқықтары болмады.

Ерекше жағдайларда күдіктінің уақытша адам ретінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысуына жол берілген. Мұндай жағдайлар күдікті туралы істі анықтау органдарынан берген кезде (анықтау кезінде мұндай адамды күдікті ретінде ұстап алса немесе жауап алу кезінде) немесе оны күдікті ретінде тартқанға дейін бұлтартпау шарасын таңдаған кезде ғана туындауы мүмкін.

Анықтау органдары күдіктілерді тергеуден және соттан жалтарудың алдын алу мақсатында келесідей жағдайларда ғана олардан жауап алуға, сондай-ақ оларды ұстауға құқығы болған:

- 1) қылмыскер тікелей дайындық кезінде, қылмыс жасаудың өзінде немесе оны жасағаннан кейін бір мезгілде;
- 2) жәбірленушілер немесе куәлар осы адамды қылмыс жасаған деп көрсетсе;
- 3) күдікті адамда немесе оның тұрғын үйінде қылмыс іздері табылған болса;
- 4) күдікті қашуға оқталса немесе қашу кезінде ұсталса; тұрақты тұратын жері немесе тұрақты жұмыс орны болмаса;
- 5) күдіктінің жеке басы анықталмаса.

Күдіктіні кез келген ұстап алу туралы анықтау органдары 24 сағат ішінде сотқа, ал алдын ала тергеу жүргізу міндетті істер бойынша- тергеушіге және прокурорға хабарлауға тиіс болатын. Аталған адамдар қамауға алуды олар тиісті хабарлама алған сәттен бастап 48 сағат ішінде растамаған жағдайда, ұсталған адам босатылатын.

1929 жылы РКФСР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне енгізілген өзгерістерге байланысты, күдікті анықтау өндірісі барысында да тек уақытша фигура ретінде болды, себебі анықтау органдарына алдын ала тергеу міндетті емес істер бойынша анықтауды өз бетінше аяқтау өкілеттілігі берілді. Алайда,

бұған қарамастан, күдікті ретінде тартылғанға дейін адамнан күдікті ретінде жауап алудың бұрынғы тәртібі сақталды [11, 5 б.].

30-шы жылдардың ортасында барлық сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қызметінде жасырын ереже белгіленді, оған сәйкес адамнан оған айып тағылғанға дейін күдікті ретінде міндетті түрде жауап алынды, соның нәтижесінде күдікті сотқа дейінгі іс жүргізудің міндетті қатысушысы болып шықты. Мұндай тәжірибенің қисынды нәтижесі ретінде күдікті ретінде тарту институтының тергеушілер мен анықтаушылар үшін формальділік пен жасандылық сияқты өте «ыңғайлы» қасиеттерін алуы болды, өйткені айып әдетте тергеу соңында тағылатын болатын. Бұл күдіктінің құқықтары мен міндеттерін заңнамалық реттеудің жоқтығымен қатар, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамның құқықтарын айтарлықтай шектеді, өйткені оған сотқа дейінгі тергеу сатысында айыптаудан қалай да қорғануға уақыт пен мүмкіндік берілмеген.

Осыған байланысты 05.06.1937 жылы КСРО-ның Бас прокурорымен № 41/26 «Тергеу сапасын арттыру туралы» арнайы циркуляр қабылданды. Аталған құжатта кейбір тергеушілер, сонымен қатар тергеудің басқа да қызметкерлері адамды құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі екендігі туралы болжамдар жасауға мүмкіндік беретін мәліметтер негізінде, бұл адамдарды күдіктілердің мүлдем белгісіз жағдайына қоятыны, сондықтан құқық бұзушылық жасады деген күдік келтірілген азаматтардан жауап алу кезінде, оларды «күдіктілер» деп атауға жол бермеу және тергеу кезінде қандай да бір адамның «күдікті» жағдайында болуына жол бермеу керектігі туралы айтылған. Егер азаматқа қатысты оның қылмыс жасағанын көрсететін деректер болса, бұл адамды қылмыстық жауапкершілікке тартуға және күдікті ретінде жауап алуға құқылы [10, 101 б.].

КСРО Прокурорының циркулярында күдіктінің жағдайының анық еместігі дұрыс айтылған, алайда онда күдіктіге қандай құқықтар берілуге тиіс екендігі туралы қажетті түсініктемелер мен нұсқаулар көрсетілмеуімен қатар, тергеу барысында адамды қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде тануға тікелей тыйым салынған. Осылайша, циркуляр қылмыстық іс жүргізу заңнамасында күдіктінің тұлғасының болуын жоймағанымен, іс жүзінде оны 20 жылдан астам уақыт бойы тәжірибелік қолдану саласынан алып тастады.

Бұл мәселе сол кездегі іс жүргізу әдебиеттерінде қызу пікірталастар тудырғанын атап өткен жөн. Кейбір ғалымдар қылмыстық істе күдіктінің пайда болуының бір ғана жағдайы, яғни ол күдікті ретінде тартылғанға дейін бұлтартпау шараларын қолданудың қажеттілігі туындаған кезде болуы мүмкін деген пікірді қолдады. Сонымен бірге, олардың кейбіреулері мұндай іс жүргізу жағдайында [12, 17 б.] адамнан жауап алуды жүргізудің орындылығына күмән келтірсе, басқалары мұндай жауап алу мүмкіндігін толығымен алып тастауды ұсынды [13, 13 б.].

Күдікті тұлғасын қылмыстық процесте қалдырып қана қоймай, оған кең іс жүргізу құқықтарын беру қажеттілігі туралы пікірлер де айтылды [14, 21-22 бб.].

Ал басқа процессуалистер қылмыстық процесте күдіктінің болуы орынсыз екендігін негіздеуге тарысты. Сонымен Е. Житков адамды қылмыстық іс бойынша жауап алуға оған қандай да бір іс жүргізу атағын берместен тарту қажеттігін атап өтті, себебі айыптауға дейін адам қылмыстық істе күдікті ретінде де, куә ретінде де бола алмайды [15, 16-17 бб.].

Соғыстан кейінгі іс жүргізу әдебиеттерінде күдіктінің тұлғасы төңірегіндегі пікірталастар қайтадан күшейе түсті. КСРО-ның Прокурорының жоғарыда аталған циркулярының қызмет етуі кезеңінде қылмыстық процесте күдіктінің болуы; нақты кімді күдікті ретінде тану қажет және оны қандай жағдайларда жасау керектігі туралы пікірталастар орын алған еді.

Осылайша А.Я. Вышинскийдың айтуынша, күдікті процесстен қате алынып тасталған және аталған адамға Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көрсетілген ұстап алу үшін негіздер бар болған жағдайда ғана оған күдік келтірілуі мүмкін [16, 267 б.].

Басқа пікір «Тергеушінің үстел кітабында» көрсетілген, онда «Қандай да бір азамат күдікті ретінде тартылғанға дейін және оған айып тағылғанға дейін, одан тек куә ретінде ғана жауап алына алады. Қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардан ғана күдікті ретінде жауап алынуы мүмкін. Алайда бұған күдікті ретінде тартылғанға дейін бұлтартпау шарасы таңдалған адамдарға қатысты ғана жауап алу жағдайлары жатпайды. Ерекше жағдайларда мұндай адамдардан айып тағылғанға дейін күдікті ретінде жауап алынады» делінген.

М. С. Строгович күдікті - қылмыстық процестегі қажетті фигура және «іс бойынша күдікті ретінде тартылмаған, бірақ оған қатысты қылмыстық істі тергеу кезінде осы адамның қылмыс жасағанын көрсететін, бірақ оны күдікті ретінде тарту үшін әлі жеткілікті емес кейбір деректердің болуына байланысты белгілі бір іс жүргізу шаралары қабылданатын адам болуы тиіс» деген қорытындыға келді [17, 112 б.].

1958 жылдың 25 желтоқсанында КСРО-ның және одақтас республикалардың Жоғарғы Кеңесімен қабылданған КСРО-ның қылмыстық сот ісін жүргізу Негіздері, адамды белгілі бір жағдайларда күдікті деп танудың заңдылығы мен қажеттілігін растап қана қоймай, соңғының құқықтық мәртебесін әзірлеуге елеулі үлес қосты. Осылайша, күдіктінің айғақтары дәлелдеме көзі болып табыла бастады (Қылмыстық сот ісін жүргізу Негіздерінің 16-бабы). Аталған құжаттың 32, 33 баптарында күдіктіні ұстап алу және оған бұлтартпау шараларын қолдану негіздері, тәртібі, сондай-ақ көрсетілген жағдайларда оның құқықтары белгіленген. Сонымен қатар, 29-бапта қылмыстың іздерін табу және бекіту бойынша жүргізілетін кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерінің арасында күдіктіден жауап алу пайда болды.

Дегенмен, Негіздерде қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде кім болып табылатындығы туралы нақты тұжырым, сондай-ақ күдіктіні ұстамай немесе оған бұлтартпау шараларын қолданбай жауап алу сияқты, оған бас бостандығынан айырумен байланысты емес бұлтартпау шараларын қолдану жағдайларында күдіктінің іс жүргізу жағдайын реттейтін нақты нормалар жоқ. Кеңестік қылмыстық процесс дәуірінде бұл заңнамалық акт, әрине, күдікті институтын реформалау мен дамытудың алғашқы маңызды қадамы болды.

Сонымен қатар, Негіздер 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің іргетасы болды. Негіздерде көрсетілген қылмыстық процестегі күдіктінің құқықтық жағдайы, аталған Кодексте нақтырақ қарастырылды.

Осылайша, күдіктінің анықтамасы пайда болды. Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 21-бабына сәйкес, күдікті бұл - қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған, оған қатысты қылмыстық іс қозғалған немесе бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы шығарылған адам. Күдіктінің алғаш рет заңмен белгіленген құқықтары пайда болды, атап айтқанда оларға: түсініктеме беру, анықтау органының, анықтауды жүргізетін адамның, тергеушінің, прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағым келтіру; ана тілінде айғақтар беру және аудармашының қызметтерін пайдалану; тергеушіге және анықтауды жүргізетін адамға қарсылық білдіру құқығы жатады.

Бұдан басқа, Қазақ КСР ҚІЖК-де күдіктінің нақты тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде келесідей құқықтары көрсетілген: жауап беру кезінде өзінің айғақтарын өз қолымен жазып алуға; беттестірудің екінші қатысушысына сұрақтар қоюға; тану үшін ұсынылған адамдар арасында кез келген орынды иеленуге; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және осы хаттамаларға тиісті толықтырулар мен түзетулер және т. б. енгізуді талап етуге құқылы.

Қазақ КСР ҚІЖК-де күдіктінің аталған құқықтарға сәйкес келетін анықтау және алдын ала тергеу органдарының міндеттері де қарастырылған. Мәселен, Қазақ КСР ҚІЖК-не сәйкес сот, прокурор, тергеуші немесе анықтау жүргізуші тұлға іске қатысушы адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге және осы құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті; күдіктіні ұстап алу хаттамасында тергеуші мен анықтау органы ұсталған адамды ұстау себептерін, негіздерін және ұстап алынған адамның түсіндірмелерін көрсетуге тиіс; бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулыда осы адам жасады деп күдік келтірілген қылмысты және қолданылған бұлтартпау шарасын таңдау үшін негіздерді көрсету; жауап алу алдында күдіктіге оның Қазақ КСР-інің ҚІЖК-де көзделген құқықтарын түсіндіру, сондай-ақ оған қандай қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты күдік келтірілгенін жариялау қажет және жауап алу хаттамасында міндетті түрде бұл туралы жазба болуы тиіс.

Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінде күдіктінің өзіне де міндеттер белгіленгенін атап өткен жөн, оған сәйкес ол: алдын ала тергеу органдарының шақыруы бойынша келуі және іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтірмеуі; анықтау мен тергеуден жалтармауы; қолданылған бұлтартпау шарасының және т. б. шарттарын сақтауы тиіс. Бұл міндеттер тек күдіктіге ғана қатысты болып, жеке арнайы бапта көрініс тапқан жоқ, олар тиісті қылмыстық іс жүргізу институттарының құрамдас бөлігі болып табылды. Мәселен, күдіктіге қандай да бір бұлтартпау шарасы қолданылған жағдайда, оның осы шараны қолдану шарттарын сақтау міндеті пайда болды.

Әлбетте, Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексі күдікті институтына қатысты өте прогрессивті заң болып саналды. Алайда, процессуалист ғалымдар

және тәжірибелік қызметкерлер Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің әрекет етуінің бүкіл кезеңінде күдікті институты әлі де айтарлықтай дәрежеде дамымағандығын айтқан болатын.

Қылмыстық істер бойынша күдіктілерге берілген адам мен азаматтарға тән құқықтардың толық көлемде сақталуын қамтамасыз етпеуден бастап, күдікті түсінігінің және қылмыстық сот ісін жүргізуде оның пайда болу негіздеріне дейінгі күдікті институтына қатысты әртүрлі мәселелер сынға алынды.

Сонымен, Э Боровский: тінту, куәландыру, тану, мүлікке тыйым салу сияқты түрлі тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде күдікті ретінде тану туралы айтқан болатын [18, 33 б.].

Л.М. Карнеева КСРО және одақтас республикалардың қылмыстық сот ісін жүргізудің Негіздерінің әрекет ету кезеңінде: «... күдіктінің істе процессуалдық тұлға ретінде пайда болуы, тергеушіге мәлім адамдардың әрекеттерімен байланысты істер бойынша қылмыстық істі қозғау қаулысы, күдіктіні ұстап алу хаттамасы, айып тағылғанға дейін күдіктіге бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы, жауап берушіге тергеліп отырған қылмыстық іске байланысты оның жеке қызметіне қатысты сұрақтардың қойылғандығын куәландыратын жауап алу хаттамасы сияқты процессуалдық құжаттарда көрініс тапқан» деп атап өтті [19, 36 б.].

А. А. Чувилев күдікті ретінде «айып тағуға жеткіліксіз, алайда оның қылмысқа қатыстылығын куәландыратын мәліметтердің бар болуымен байланысты заңмен белгіленген процессуалдық нысандарда тергеуге тартылған адам танылуы тиіс» деп есептейді.

И. Л. Лисагор адамды күдікті деп тану шарттарын кеңейту қажеттілігі туралы айтты, себебі көбіне процеске (мысалы, жауап алу үшін) қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеу шаралары қолданылмаған, қылмыс жасады деп іс жүзінде күдік келтірілген адам тартылады (біздің пікірімізше, «қылмыс жасады деп іс жүзінде күдік келтірілген адам» деп, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізген адамның пікірі бойынша қылмыс жасаған адам түсініледі). Мұндай адамнан оның қоғамға қауіпті әрекет жасағанын әшкерелейтін фактілер туралы жауап алынған жағдайда, ол күдіктіден де едәуір нашар күйге қойылады, себебі қандай әрекет үшін күдік келтіріліп отырғанын білмейді. Сол себептерге байланысты Е. Нащекин прокурордың, тергеушінің, анықтаушының аталған адамның қылмыс жасағанын растайтын жеткілікті негіздері болған кезде ғана күдікті ретінде тануға болатындығын ұсынған [20, 47 б.].

Н. С. Алексеевтің, В. Г. Даевтің және Л. Д. Кокоревтің пікірінше, адамды күдікті деп тану негіздерін кеңейту, процессуалдық мәжбүрлеу шаралары қолданылған, қылмыс жасауға күдікті адамдардың құқықтарының процессуалдық кепілдіктерін дамытуға жәрдемдесетін болады. Осыған байланысты, адам бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы немесе ұстап алу туралы хаттаманы толтыру нәтижесінде емес, ерекше, дәлелді іс жүргізу актісін шығару нәтижесінде ғана күдікті деп танылуы керек [21, 15 б.].

Алдыңғы ұсыныспен келісе отырып, И. Р. Кузуб «қандай да бір адамға қатысты туындаған күдік, адамды күдікті ретінде тарту туралы қаулыда

тұжырымдалуы тиіс. Күдіктіге осындай қаулы жарияланғаннан кейін ғана одан жауап алынуға тиіс»- деп тұжырымдаған. А. Давлетов және В. Войт қылмыстық процесте күдікті адамды осындай деп тану туралы қаулы шығарылғаннан кейін ғана пайда болуы мүмкін деп санайды. Мұндай қаулы «күжатталған нысанда» сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамның иелігіндегі ақпараттың негізінде күдіктіге күдік келтіруге бағытталған [22, 23 б.].

Мұндай ұстаным Қазақ КСР ҚІЖК-де белгіленген қылмыстық процесте күдіктінің іс жүзінде пайда болу жағдайлары, тәжірибеде оны күдікті деп таныған жағдайда ие болуы мүмкін іс жүргізу құқықтарын уақытылы пайдалану мүмкіндігін әрдайым қамтамасыз етпейтіндігімен айқындалды.

Қазақ КСР ҚІЖК қабылданғаннан кейінгі кездері күдіктінің ие болған құқықтарының шеңбері де сынға алынды. «Күдіктінің өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуі», сондай-ақ қорғаушы алу құқығы сияқты мәселелер процессуалистердің ерекше назарын аудартты.

Атап айтқанда, Н. Н. Короткийдың айтуынша, «күдікті де қорғаушының көмегіне мұқтаж. Осыған байланысты Негіздердің 13-бабын (ҚІЖК-нің 19-бабы) мынадай редакцияда жазылсын: «Күдіктінің қорғалуға құқығы бар; анықтауды жүргізуші адам, тергеуші, прокурор мен сот күдіктіге заңмен белгіленген құралдармен және тәсілдермен қатер төндіретін немесе тағылған айыптаудан қорғалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге және олардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге міндетті» [23, 40 б.].

Заң шығарушы осындай ұсыныстарды қабылдады, бұған байланысты Қазақ КСР ҚІЖК-де көптеген өзгерістермен қатар, күдіктінің құқықтарына қатысты түзетулер де біртіндеп енгізілді.

Қорғаушы қылмыстық іске адамға айып тағылған сәттен бастап қатысу мүмкіндігіне ие болды; күдікті ұстап алынған немесе оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған жағдайда - оған ұстап алу хаттамасы немесе осы бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы жарияланған сәттен бастап қатыстырылды. Бұл ретте қорғаушының құқықтары да айтарлықтай кеңейтілді.

Біздің ойымызша, ҚазКСР ҚІЖК-де күдікті институтына қатысты негіздерден айырылмаған ұстанымдардың кейбірі, күдіктінің замануи институтына қатысты да өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтпағанын атап өтпеуге болмайды.

Шынында да, Қазақ КСР ҚІЖК мен ҚР ҚПК күдікті институтын құрайтын нормаларды мұқият зерделеу және салыстыру нәтижесінде, «күдікті» түсінігін қайта қарау орын алған деген қорытынды жасау қиын емес. Сондықтан, біздің пікірімізше, қарастырылып отырған институт туралы түпкілікті қалыптасқан деп санау ерте және керісінше оны одан әрі дамыту қажет деп санаған жөн.

2014 жылдың 4 шілдесінде Мемлекет басшысымен қол қойылған ҚР Жаңа Қылмыстық- процестік кодексі қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесін жаңғыртуға және оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге бағытталған.

Жаңа концептуалды редакциядағы Қылмыстық- процестік кодекстің басты мақсаты - қылмыстық процестің үнемділігін жеңілдету және арттыру, оны халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру және азаматтардың

конституциялық құқықтарын барынша толық қорғау болып табылады.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің жаңа тәртібі негізсіз айыптаудан және соттаудан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды мүлтіксіз қамтамасыз етуге, егер кінәсіз адамды заңсыз айыптаған немесе соттаған жағдайда - оны дереу және толық ақтауға, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртіпті нығайтуға, қылмыстардың алдын алуға, құқыққа құрметпен қарауды қалыптастыруға, қылмыстық процесте айыптау және қорғаушы тараптың жарыспалылық қағидасын дамытуға бағытталған.

Жаңа ҚР ҚПК бірқатар жаңашылдықтар берді, олардың арасында күдіктінің жаңа түсінігі мен іс жүргізу мәртебесін атап өтуге болады. Қазіргі уақытта күдікті болып: өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған; заңнамаға сәйкес ұстап алынған; өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған; қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде күдікті институты қалай пайда болғаны, дамығаны және қалыптасқаны туралы тарихи экскурсты аяқтай отырып, оның қалыптасуының белгілі бір негіздерін белгілеп және кейбір қорытындылар жасағымыз келеді.

Заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінің деректерін тарихи талдау, күдікті институтын дамытудың келесі кезеңдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

Бірінші кезең- 1775 жылы басталған *алдын ала кезең*. Бұл кезде жоғарыда аталған екатерининдік "Губернияларды басқаруға арналған мекемелерде" бірінші рет оған қарсы қандай да бір ресми наразылықты (айыптауды) ұсынбастан, үш күн қамауда отырған адамның, яғни іс жүзінде күдікті адамның мәселесі белгіленген. Осы кезеңнің маңызды заңнамалық құжаты болып 1833 жылғы Заңдар Жинағы танылады, оның баптарында әлі «күдікті» деп аталатын фигура болған жоқ, алайда сотқа дейінгі тергеу жүргізу кезінде осындайдың пайда болуына белгілі бір алғышарттар бар;

Екінші кезең- алдыңғы кезеңнің аяқталуы және тиісінше келесі формальды кезеңнің басталуы- қылмыстық іс жүргізу заңнамасында «күдікті» терминінің алғашқы пайда болуы болып табылады. Бұл император Александр II 1860 жылдың 8 маусымындағы «Соттық тергеушілер мекемелері» атты Жарлықтың, «Соттық тергеушілер Наказының» және «Полиция қызметкерлеріне арналған құқық бұзушылық немесе теріс қылық құрамы бар оқиғалар бойынша анықтау жүргізу туралы Наказдың» қабылдануымен байланысты болды. Бұл кезең 1959 жылғы 22 шілдеде Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің күшіне енуіне дейін созылды және адамды күдікті деп тану үшін заң шығарушымен нақты анықталған негіздермен қатар, соңғысының іс жүзінде өзіндік іс жүргізу құқығы жоқтығымен, яғни формальды түрде болғанымен және шын мәнінде, қылмыстық процестің дербес қатысушысы болмағанымен сипатталады;

Сапалық өзгерістер кезеңі деп шартты түрде атауға болатын *үшінші кезең*, алдыңғы абзацта белгіленгендей, Қазақ КСР ҚІЖК-нің әрекет етуінің

басынан басталды, онда күдікті кейбір процессуалдық құқықтарға ие болды, яғни қылмыстық сот ісін жүргізудің дербес қатысушысы бола бастады. Осы кезең ішінде күдіктінің құқықтары көлемінің сандық өзгеруі, оның осы құқықтарды пайдалану кепілдіктері, сондай-ақ оның қылмыстық процесте пайда болуы үшін негіздері, қарастырылып отырған институттың тиісті сапалық өзгерістеріне біртіндеп әкеп соқты.

2014 жылдың 4 шілдесінде жаңа ҚР ҚПК қабылдануымен негізделген және айыпталушыға қарағанда күдіктінің құқықтық жағдайларының даму кезеңі *төртінші кезең*, онда алғаш рет «күдікті» терминінің жаңа ұғымы және оның жаңа процессуалдық мәртебесі анықталған.

Біз жүргізген тарихи талдаудың өзіндік «синтезі» ретінде жасалған келесідей қорытындыларды атауға болады:

1) Күдіктінің қылмыстық процесте болуының уақыт кезеңінің ұзақтығын ескере отырып, оның бар болуы қазіргі уақытта да объективті сипаттағы қажеттілік деп айтуға болады;

2) Аталған институттың дамуы, күдіктінің құқықтарының спектрін кеңейтуге және оларды қамтамасыз етудің тетіктерін жетілдіруге бағытталған және ол қоғамымыздың барлық салаларында болып жатқан жалпы демократиялық өзгерістерді дәл көрсетеді;

3) Аталған әлеуметтік өзгерістердің серпіні мен сипаты бізге осы тенденцияның сақталуы туралы және болашақта күдікті институтында тиісті өзгерістерді қажет ететіні туралы айтуға мүмкіндік береді.

Сондықтан қазіргі күдікті институты толық қалыптаспаған және күдіктінің іс жүргізу мәртебесін одан әрі дамыту қажет деп айтуға болады.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін еліміздің қылмыстық іс жүргізу заңнамасының дамуы талай үрдістерден, кезеңдерден өтті. Қылмыстық сот өндірісінің аясына түскен субъектілердің, соның ішінде күдіктінің құқықтық мәртебесі жылдан-жылға өзгертілді, толықтырылды.

Аталған бөлімді қорытындылай отырып, көрнекті орыс философы В.С.Соловьевтың қылмыс пен жаза мәселесін зерттей келе: "Қылмысқа шыдаған- (жәбір көрген) қорғалуға және мүмкіндігінше сыйақы өндіруге құқығы бар, қоғам- қауіпсіздікке құқығы бар, қылмыскер- түзелуіне құқығы бар. Қылмыстылыққа қарсы тұру, адамгершіліктік бастамалармен үйлесе отырып, осы көрсетілген үш құқықты біркелкі жүзеге асыруы қажет" деп айтқан ой-пікірін келтіргіміз келіп отыр.

Қазақстандық қылмыстық заңнаманы реформалау бойынша жүргізіліп жатқан шаралар, адам құқықтарын, соның ішінде қылмыстық процесстегі күдікті мен айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік қамтамасыз етудің берік жүйесін құруға бағытталуы тиіс.

Қылмыстық сот өндірісінің аясына түскен тұлғалардың, яғни күдіктінің құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын қорғауды қамтамасыз ету механизмін жетілдіру; іс жүргізу барысында аталған тұлғаларды қорлауға, азаптауға, кінәсіз айыптауға жол бермеу; қылмыстық процестік заңнаманы

халықаралық стандарттарға сәйкестендіру- бұл демократиялық, құқықтық Қазақстанның маңызды мақсаттарының бірі болуы тиіс [24, 132 б.].

1.2 Күдіктінің процессуалдық мәртебесінің түсінігі, құрылымы және мазмұны

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес (ҚПК-нің 64-бабы), күдіктінің қорғаушы тарапынан қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың бірі ретінде түсінігі келесі белгілердің қандай да болмасын болуын қамтиды:

- 1) өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған;
- 2) ҚПК-тің 131-бабының тәртібімен ұстап алынған;
- 3) өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған;
- 4) қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады [25].

Келтірілген тұжырым, біздің пікірімізше, қылмыстық іс жүргізу қызметінің дербес қатысушысы ретінде күдіктінің барлық негізгі және қажетті белгілерін көрсетпейді, бұл өз кезегінде күдікті институтына тұтастай тиімді және дұрыс жұмыс істеуге мүмкіндік бере алмайды. Бұл тұжырымға дәлел ретінде келесі негіздерді ұсынамыз:

Біріншіден, «күдікті» термині қылмыстық іс жүргізу заңнамасында біржақты қолданылмайды. Мәселен, ҚПК-нің 7-бабының 29-тармағында қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамды іс жүзінде бас бостандығынан айыру туралы айтылған; аталған баптың 56-тармағында- қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамды анықтау үшін қабылданатын шаралар туралы; ҚПК-тің 129-бабында - күдіктіні анықтау органына, тергеушіге немесе прокурорға жеткізу туралы айтылған. Көрсетілген барлық жағдайларда «күдікті» ҚПК-нің 64-бабының 1-бөлігінде оған қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіндігі анық. Осылайша, әртүрлі құқықтық қатынастарды белгілеу үшін «күдікті» ұғымын қолдана отырып, заң шығарушы «хабарлама барысында барлық ұғымдар мен пайымдаулар бір мағыналы сипатқа ие болуы және тұрақсыздық пен белгісіздік болмауы тиіс» екендігін талап ететін үйлестіктің логикалық заңын бұзады.

Екіншіден, ҚПК тұрғысынан мұндай болып табылмайтын адамдарды «күдікті» деп атай отырып, заң шығарушы қылмыстық іс жүргізу қатынастарына тартылған адамдарды біздің қарастырып отырған қылмыстық сот ісін жүргізу қатысушысының мәртебесін беру мүмкіндіктерін кеңейтуге тырысады. Бұл ретте күдікті анықтамасының өзінде сәйкес белгілер жоқ болып келеді, бұл анықтаудың өлшемдік ережесі бұзылған кезде туындайтын «тым тар анықтама» екендігінің болуын білдіреді.

Үшіншіден, күдіктінің қазіргі ұғымына сәйкес, адам оған қатысты белгілі бір шаралар (күдікті ретінде тану туралы қаулы, ұстап алу, өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы, күдіктің болуына байланысты жауап алу) жүзеге асырылғанда күдікті ретінде танылады және олар өз кезегінде адамға қылмыс жасады деген «күдік келтірілуіне» байланысты қолданылады. Логикада мұндай құбылысты «анықтаудағы шеңбер» деп немесе бір затты екінші зат арқылы анықтау кезінде, ал соңғысын - тікелей немесе

біріншінің көмегімен жанама анықтау кезінде пайда болатын қателік деп атайды.

Құқықшығармашылық теориясында тек қана «заңда пайдаланылатын терминдердің дұрыс анықтамасы, заң мәтінінің өзін түсінікті етеді, оның әрекет ету саласын айқындауға, құқықтық институттардың табиғатын анықтауға көмектеседі және сол арқылы оның тиімділігін қамтамасыз етеді» деген сенімді қорытынды жасалғаны кездейсоқ емес. Құқық қолдану тәжірибесі де мұндай даусыз ғылыми ережені толығымен растайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қылмыстық процесте күдікті ұғымын, сондай-ақ оны тұжырымдаудың дәстүрлі тәсілін жетілдіру қажеттілігі айқын болады.

Ұғымның өзінде, біздің ойымызша, нысанның жай ғана маңызды қасиеттерінің көрініс табуы жеткіліксіз болады, олар қарастырылатын нысандарды басқа нысандар мен құбылыстардан жалпылауға және оқшаулауға мүмкіндік беретін байланыстар мен қарым-қатынастар жиынтығында көрсетілуі тиіс.

Қылмыстық процестегі күдіктінің ұғымына қатысты, бұл күдіктінің институты туралы барлық қолда бар білімдерді ескере отырып, оның мазмұнын тұжырымдау қажеттілігін; күдіктінің оған қатысуына мүмкіндік беретін немесе болжайтын түрлі іс жүргізу қатынастарындағы оның жекелеген нормаларының әрекет ету ерекшеліктері туралы; соңғысын қылмыстық сот ісін жүргізудің басқа қатысушыларынан ерекшелейтін қасиеттері туралы, сондай-ақ «күдікті» сөзінің этимологиялық негіздерін қалыптастырудың қажеттілігін білдіреді.

Қылмыстық процесте қолданылатын «күдікті» термині- аттас ырықсыз есімдіктен сөздің бір бөлігінің екінші бөлігіне өтуінің нәтижесінде (әрекет бойынша заттың белгісін білдіреді) пайда болған зат есім (затты, яғни қылмыстық сот ісін жүргізудің қорғаушы тарапының қатысушысының бірін білдіреді) болып табылады, ол өз кезегінде «күдіктену» етістігінен құрылған [26, 41 б.].

Әлбетте, «күдіктену» сөзі этимологиялық аспектіде ежелгі орыс сөзі «күдік» сөзімен өзара тығыз байланысты. «Күдіктену», «бір нәрсені құпия, жасырын түрде көруге тырысу» сөздерінің жұрнағы, «көру» (қарау, бақылау) [27, 241 б.] сөздерінің түбіралды жіктелуі және «кімге күмәндануды, сенімсіздік білдіруді, айыптауды» болжаудың мағынасындағы етістік арқылы әрекет етеді [28, 175 б.].

Қазіргі кезде «күдіктену» келесіні білдіреді:

- «Біреудің іс-әрекеттерінің дұрыстығына, заңдылығына, біреудің сөздерінің әділдігіне, ниетінің адалдығына деген күмәнға негізделген болжам;
- Біреудің кінәлілігі, әлдекімнің әрекеттерінің айыптылығы, біреулердің ниеттерінің шынайы еместігі туралы болжам;
- Болжам, жорамал» [29, 507 б.];
- «...Біреулердің ниеттеріне, әрекеттеріне, қылықтарына күмән келтіруден туындаған күдік, болжам» [30, 418 б.].

Демек, жалпы мағынада күдік- бұл өзінің түпкілікті растауын әлі таба алмаған қандай да бір құбылыс туралы болжам, осыған байланысты оның бар

мәні күмәнға толы.

Қылмыстық процеске келетін болсақ, «күдік» термині бұл жерде кеңінен түсіндіріле алмайды, өйткені күдікті институты қазіргі уақытта екі қарама-қарсы құрамдас бөліктердің бірлігін білдіретін толық белгілі бір, нақты мақсатпен құрылған және әрекет етеді, ол бір жағынан құзыретті тұлғаларға адамға айып тағылғанға дейін оның қылмысқа қатыстылығын тексеруге байланысты түрлі іс жүргізу шараларын қолдану мүмкіндігін (сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тиімді жүргізуге, атап айтқанда, тұтастай алғанда қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттеріне қол жеткізуге ықпал етеді) және екіншіден, қылмыстық процеске тартылған адамның өз құқықтары мен заңды мүдделерін уақтылы және толық іске асыруына мүмкіндік беру болып келеді. Сондықтан бұл жағдайда күдіктінің дербес іс жүргізу фигурасының пайда болуының негізі ретінде ғана күдік туралы сөз болуы мүмкін, бұл қаралып отырған терминді анықтаудың көлемінің тиісті ұлғаюын көрсетеді.

Іс жүргізу ғылымында күдік деген не екендігі туралы белгілі бір көзқарастар бар. Мәселен Н.А. Козловский «қылмыстық іс жүргізу мағынасында күдік дегеніміз- қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының тұжырымы түрінде көрініс тапқан және адамның әрекетінің болжамды қылмыстық сипаты туралы арнайы процессуалдық актімен ресімделген және оны күдікті ретінде қылмыстық іс жүргізу қызметі аясына тартудың қажеттілігінен көрінетін адамның жасалған қылмысқа қатыстылығының ерекше нысаны»- деп санайды [31, 51 б.]. И.А. Пантелеевтың пікірінше, күдік болып «... оған айып тағу үшін дәлелдемелер жеткіліксіз болған жағдайда, адамның, тергеліп отырған қылмысқа қатыстылығы туралы қылмыстық қудалау органының арнайы процессуалдық шешімінде көрсетілген тұжырымы» танылады.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларда авторлар «қылмыстық- процессуалдық мағынада» күдіктің маңызды белгілерін атап көрсеткенімен, олар бір-бірімен біртұтас бір жүйеге жеткілікті дәрежеде біріктірілмеген сияқты. Мәселен, Н. А. Козловскийдың анықтамасында «қылмыстық іс жүргізу қызметінің аясына тарту қажеттілігі» сияқты маңызды белгіге назар аударылады. И. А. Пантелеевтың анықтамасында күдіктіні айыптаудан бөлектейтін белгілерді анықтайтын кері жағдайлар байқалады.

Біздің ойымызша, қылмыстық іс жүргізу қызметінде күдікті пайда болатын құбылыс ретінде күдік туралы неғұрлым толық түсінік беру үшін, оның келесідей негізгі аспектілерін бөліп көрсету орынды болады.

Біріншіден, бұл адамның қылмыс белгілері бар әрекетке қатыстылығы туралы болжам.

Екіншіден, мұндай болжам саналы субъектінің (тергеушінің, анықтаушының және т.б.) ішкі ойлау қызметінің нәтижесі болып табыла алмайды, біздің ойымызша, ол қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерге қойылатын талаптарға жауап беруге жататын нақты қолда бар мәліметтерге негізделуі тиіс [32, 229 б.].

Үшіншіден, мұндай болжамның болуы, күдікті туралы айту үшін жеткіліксіз. Бұл аспектіде Л. М. Карнееваның көзқарасы дұрыс сияқты, оған

сәйкес күдіктену тиісті іс жүргізу құжатында көрініс таппаған тергеушінің субъективті көзқарасы болып табылғанша және «күдік келтірілген» адамның мүдделерін қозғамайынша, соңғысына белгілі бір іс жүргізу құқықтарын беру туралы мәселе қоюға болмайды [33, 106 б.]. Сонымен қатар, «тиісті» іс жүргізу құжаттарында адамға күдік келтіру, «күдік келтірілген адамның мүдделері қозғалатын» барлық жағдайларды қамтуы мүмкін емес екені анық. Соңғысы, біздің пікірімізше, «субъективті көзқарас» адамды қылмыстық іс жүргізу қызметіне тікелей тарту бойынша шаралар қабылдау жолымен тексерілгенде мүмкін болады.

Адамның қылмыс жасауға қатыстылығы туралы болжамдарды тексеруге байланысты қылмыстық іс жүргізу қатынастарына тікелей қатысуы мынадай нысандарда болуы мүмкін:

1) өзінің жеке қатысуымен тергеу әрекеттерін жүргізу (жауап алу, тінту, куәландыру, тану және т. б.);

2) қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеу шараларын қолдану (оның ішінде ұстап алу, бұлтартпау шаралары және т. б.);

3) көрсетілген іс-әрекеттерді кешенді жүзеге асыру.

Аталған нысандардың ортақ, біріктіруші белгісі, олардың барлығы құзыретті органның биліктік ерік білдіруіне негізделе отырып, адамды қылмыстық сот ісін жүргізу аясына тарту болып табылады.

ҚПК-нің кейбір ережелерін талдау, мұндай тарту сотқа дейінгі іс жүргізу басталғанға дейін де мүмкін екендігін білдіреді. Мәселен, ҚПК-нің 128-бабында сотқа дейінгі өндірістің басталуы туралы қаулы шығару жөнінде мәселе туындамай тұрып, қылмыскерді «ізін суытпай» ұстаумен байланысты жағдайларда немесе полиция қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті сақтау кезінде жиі туындауы мүмкін (пайда болатын) жағдайларда күдіктіні ұстап алу көзделген. Сонымен қатар, іс жүргізу әдебиеттерінде де бұл туралы айтылады. Мысалы, В. Н. Шпилев, «...тергеу тәжірибесінде сотқа дейінгі іс жүргізу басталғанға дейін қылмыс жасады деген күдік бойынша адамды ұстап алу жағдайлары белгілі»- деп атап өткен. В. Н. Григорьев сотқа дейінгі іс жүргізу басталғанға дейін күдіктіні ұстап алу мүмкін болатын үш жағдайды бөліп көрсетеді. Сондай-ақ В. Т. Томин, М. П. Поляков, А.С. Александров ұстап алуды «сотқа дейінгі іс жүргізу басталғанға дейін де, одан кейін де жүргізуге болады. Қалай болғанда да, ҚР ҚПК 128-бабының 1-тармағына сәйкес ұстауға қатысты ақылға қонымды мағынаға қайшы келмейтін басқа ешқандай тұжырым мүмкін емес»- деп есептейді [34, 56 б.]. Осыған байланысты, біздің пікірімізше, мұндай жағдайларда күдікті сотқа дейінгі іс жүргізу басталғанға дейін пайда болуы тиіс деген ереже қисынды болар еді.

Алдыңғы абзацта айтылған мән-жайлар кезінде туындайтын қатынастар біздің ойымызша, әкімшілік емес [35, 10 б.], қылмыстық іс жүргізу сипатында болады, өйткені олар жеке адамды, қоғамды немесе мемлекетті әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғаумен емес, адамды болашақта қылмыстық жауапкершілікке тартумен байланысты.

Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандардан, заңмен қатаң түрде белгіленген жағдайларда адамды қылмыс жасады деген күдікке байланысты

қылмыстық іс жүргізу қатынастарына тарту құқығы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының арнайы уәкілетті лауазымды адамдарына ғана емес, сондай - ақ міндеттеріне қылмыстарды ашу, алдын алу және әшкерелеу кіретін мемлекеттік органдардың өкілдеріне, мысалы патрульдік-бекеттік қызметті жүзеге асыратын полиция қызметкерлеріне де берілуі тиіс. Қалай болғанда да бұл тиісті уәкілеттік берілген мемлекеттік орган болуы керек.

Осылайша, біздің көзқарасымыз бойынша, қылмыстық іс бойынша дәлел бола алатын мәліметтер негізінде оның қылмыс белгілері бар әрекетке қатыстылығы туралы болжамдарды тексеруге байланысты уәкілетті органмен қылмыстық сот ісін жүргізуге тікелей тартылған адам күдікті болып табылуы тиіс.

Бұл анықтамада күдікті институтының барлық қажетті маңызды жақтары толығымен көрініс тапқан және жүйеленген деп айтуға болады, бұл оған өзінің міндетін барынша оңтайлы және тиімді орындауға мүмкіндік береді. Бұған дәлел ретінде, келесі аргументацияны келтіру орынды болар еді.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, адам күдікті мәртебесін алуы үшін күдікті ретінде тану туралы қаулы, ұстап алу хаттамасын, қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығару қажет (іс жүргізу әдебиеттерінде бұл әдетте адамды күдікті деп танудың заңды негіздері деп аталады). Бұл ретте, біз жоғарыда атап өткеніміздей, осы негіздемелермен қылмыстық процеске тартылған адамға күдікті мәртебесін беру қажет болған барлық жағдайлар қамтылмайды. Осыған байланысты, кейбір процессуалистер, мысалы, Л. М. Карнеевамен, жоғарыда келтірілген мысалдан бөлек, ҚПК-те көрсетілген құжаттарды жасаумен қатар, белгілі бір тергеу әрекеттерінің хаттамаларын жасау нәтижесінде адамды күдікті ретінде тану ұсынылады [18, 33 б.]. Алайда мұндай жағдайда адам аталған іс-әрекеттер орындалғаннан және олар туралы хаттама жасалғаннан кейін ғана күдікті болады, ал күдіктіге өз құқықтарын іске асыруға уақытылы мүмкіндік беру үшін осы мәртебені иелену оларды орындау алдында болуы тиіс екені анық. Сонымен қатар, күдікті ұғымының өзі ғылым мен техниканың дамуымен қатар, тиісінше қылмыстық процестің теориясы мен тәжірибесімен қатар сөзсіз өзгеретін (толықтырылатын) тергеу әрекеттерінің тізіліміне тікелей байланысты болады.

Бізбен ұсынылған анықтамада, адам күдікті мәртебесіне ие болады және тиісінше, ол қылмыстық процесс саласына тікелей тартылған кезде қажетті іс жүргізу құқықтарына автоматты түрде ие болады. Бұл біз жоғарыда атап өткен мәселелерді айналып өтуге мүмкіндік береді және қандай да бір қаулы шығарылғанына, сондай-ақ қандай лауазымды тұлғамен және оған қатысты күдіктің болуына байланысты қандай процессуалдық әрекеттің нәтижесінде адам қылмыстық процеске тартылатындығына қарамастан, адамға күдіктінің процессуалдық құқықтарын уақытылы пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Күдікті, онымен қоса, ҚПК-не жаңа процессуалдық әрекеттер енгізілсе де, олардан тәуелсіз болады.

Іс жүргізу әдебиеттерінде күдікті фигурасының пайда болуы үшін негіздердің бірі ретінде адамға қатысты сотқа дейінгі іс жүргізуді бастаудың

жасанды екендігі туралы пікірді растайтын тұжырымдар жиі кездесетіндігін айта кеткен жөн. Мәселен, кейбір ғалымдар шындығында сотқа дейінгі іс жүргізу басталған адамның қорғаушысы одан тікелей жауап алу алдында ғана пайда болуы мүмкін деп айтады. Жауап алу өз кезегінде, тергеу органдары оны қажет деп тапқан жағдайда ғана жүргізіледі [36, 19 б.]. Сондықтан, шынымен де, адам осы сәттен бастап қана күдіктінің іс жүргізу мәртебесімен көзделген құқықтарын нақты, толық көлемде пайдалануға мүмкін алады. Сондай-ақ, «...бірінші акт адамды күдіктінің жағдайына қоя алмайды, себебі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы туралы қаулы қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеруге негіз болған мән-жайлар зерттелгенге дейін шығарылады. Алғашқы тергеу әрекеттерінен кейін, тергеуді басқа адамға қатысты жүргізу керектігі, ал күдікті ретінде танылып отырған адам іске мүлдем қатысы жоқ екендігі анықталуы мүмкін» [37, 44 б.]. Бұл ретте іс бойынша іс жүргізудің өзі «басынан бастап тенденциялық бағыт алады және тергеушіде (анықтау органында) психологиялық тұрғыда іс шын мәнінде осылай болғандығы, басқалай болуы мүмкін еместігі және оған сотқа дейінгі өндірісті бастаған тұлғаның қорытындыларын тек бекітіп, нақтылау керектігі туралы пікір немесе сенімділік пайда болуы мүмкін». Аталған мән-жайлар кейбір авторлардың адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын «заңсыздықтың іс жүргізу алғышарттарының бірі» деп санауға ықпал етті.

Сондай-ақ, адамның оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау нәтижесінде күдікті мәртебесін алуы сайып келгенде, тиісті лауазымды адамның бұны қалай ма, қаламай ма, соған ғана байланысты екенін ескеру қажет. Осындай ниет болмаған кезде, соңғылары қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру туралы қаулыда нақты адамды көрсетпеуге мәжбүр болады, бұл кейбір жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін негіз болған мәліметтерді осындай қаулыда толық емес немесе дәл көрсетпеуге және тиісінше осындай шешім қабылдау қажеттігі туралы бүкіл позицияны әлсіретуге әкеп соғуы мүмкін.

Өз кезегінде, айып тағылғанға дейін ұстап алу немесе бұлтартпау шарасын қолдану да адамды күдікті деп тану үшін (қазіргі уақытта ҚПК-де көзделген) негіздер болып табылмайды, тек ерекше, заңмен қатаң белгіленген жағдайларда ғана, оған арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан қылмыстық іс жүргізушілік мәжбүрлеуді қолданудың шаралары ғана болып табылады. Аталған ережеде біздің ойымызша, белгілі бір адамға күдіктінің процессуалдық мәртебесін беру және біреулерге қатысты іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы түрлі көзқарастардың мақсаттарының, негіздерінің және құқықтық табиғатының алуан түрлілігі туралы қылмыстық іс жүргізу ғылымында ұзақ уақыт бойы орын алған ой-пікірлер өзінің тәжірибелік жүзеге асырылуына ие болады [38, 14 б.]. Белгілі бір адамға күдіктінің процессуалдық мәртебесін беру- қылмыстық-процессуалдық қызмет аясына тартылған адамға күдікке деген көзқарасын дер кезінде білдіруге және өз құқықтарын іске асыруға мүмкіндік беруге және екіншісі, яғни біреулерге қатысты іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларын қолдану институты- қылмыстық іс бойынша өндірісті қалыпты жүзеге асыру үшін қажетті

шарттарды қамтамасыз етуге бағытталған.

Заң әдебиетінде, біздің пікірімізше, «мәжбүрлеу – күдік» сөздерінің байланысы дұрыс көрсетілмеген. Осылайша, Н. А. Якубович: «...адамға қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілгендіктен, оған аталған іс жүргізушілік мәжбүрлеу шаралары қолданылады, ал күдікті болып, ол ұстап алынған болса немесе оған қатысты бұлтартпау шарасы қолданылғанда танылады [39, 33 б.]».

Бұл анықтама күдікті институтының өзегін құрайды, ол өз кезегінде кез келген басқа құқықтық институт сияқты өз мақсаттарын айқындай отырып, тиісті орындауды қамтамасыз етуге бағытталған бір-бірімен байланысты құқықтық нормалардың жиынтығын білдіреді. Соңғысы келесідей ережелермен заңнамалық негізге ие болған жағдайда мүмкін болады:

1) адамды күдікті ретінде қылмыстық процеске тартудың алдында, оған бұл туралы хабарлау, сондай-ақ оның іс жүргізу мәртебесімен көзделген негізгі құқықтарды (яғни ҚПК-нің 64-бабында көрсетілген) түсіндіру қажет, мұндай тарту қандай процессуалдық әрекеттің нәтижесінде жүзеге асырылғандығын аталған әрекеттің хаттамасында немесе жеке бөлек хаттамада міндетті түрде көрсетілуі тиіс;

2) лауазымды тұлға өзінің қарауында қылмыстық процеске тартылатын адамның қылмысқа қатыстылығын куәландыратын мәліметтер болған барлық жағдайларда, соңғысын қатыстыра отырып, жоғарыда көрсетілген әрекеттерді жүргізуге міндетті;

3) соңғы ереже орындалмаған жағдайда, сот мұндай адамның тікелей қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің нәтижелерін қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде пайдаланудың жол берілушілігі туралы мәселені жеке шешуі тиіс;

4) бұл ретте қандай да бір айғақтар беруге байланысты жүргізілген тергеу әрекеттерінің нәтижелері кез келген жағдайда жол берілмейтін дәлелдемелер деп танылады.

Бұдан басқа, көрсетілген ережелердің екіншісі адамды күдікті ретінде тану, мысалы жауап алу, тінту немесе мәжбүрлі-іздістіру сипатындағы қандай да бір басқа да процессуалдық шараларды жүргізу кезінде «күдіктілердің процеске қаптау» [40, 35 б.] ағынын болдырмайтын су айырғыш болып табылады [41, 8-13 бб.]. Өйткені мұндай жағдайда адамды күдікті деп тану, тергеушінің немесе өзге де құзыретті тұлғаның қарамағында адамның қылмысқа қатыстылығын куәландыратын және біздің анықтамамыздағы ұсынылған талаптарға жауап беретін деректер болған кезде ғана мүмкін болады.

Әрине, соңғы жағдайда күдіктілердің саны бұрынғымен салыстырғанда артады. Жоғарыда айтылғандай, іс жүргізу әдебиеттерінде адамның оған айып тақпай тұрып ұстап алуды немесе бұлтартпау шараларын қолданғаннан гөрі, басқа негіздер бойынша күдікті ретінде танылуы, адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге әкеп соғады деген көзқарастар бар.

Осылайша, В. Н. Григорьев, мысалы, күдіктілер жағдайына қойылған адамдардың шеңберінің кеңеюі «...дұрыс емес... Бұл, әрине, оларға қосымша

құқықтар мен өзін қорғауға мүмкіндік береді. Алайда мұндай жағдайда құндылықтардың бәсекелестігі туындайды: адам үшін не маңызды - тінту, куәландыру, әуелі саусақ іздерін алу сияқты жағымсыз әрекеттерге тартылып, жеңіл үреймен құтылып, ол жөнінде болашақта ұмытып кету ма, әлде, арнайы актімен күдікті ретінде танылған тура сондай жағдайда бола отырып, қажетсіз құқықтарға ие болып және ішкі істер органдарының тиісті есебіне одан туындайтын барлық жағымсыз салдармен бірге ұзақ жылдарға кіріп кету ма?». Біз мұндай пайымдаумен келіспейміз және өзіміздің пікірімізді негіздеу ретінде келесідей контраргументтерімізді ұсынамыз:

Біріншіден, адамның бір кездері күдікті деп танылуына байланысты оның жеке деректерінің арнайы есепте көрініс табуы (мысалы, әкімшілік құқық бұзушылық жасады деген немесе соттылығының болуы туралы есепке алуға қарағанда), ол үшін қандай да бір теріс әлеуметтік-құқықтық салдардың басталуын білдірмейді. Бұдан басқа, белгілі бір себептерге байланысты қылмыстық іс бойынша өндірістің ресми құжаттарында аты аталмаса да (мысалы, қылмыстық құқық бұзушылық басқа адамдармен жасалғандығы дәлелденсе), алайда сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы кезінде потенциалды күдікті болған болса да, ішкі істер органдары өз қызметін тиімді ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында «күдік келтірілгендерге» қатысты есеп жүргізіп келеді және жүргізіле береді.

Екіншіден, адамды ұстап алу немесе қандай да бір бұлтартпау шараларын қолдану қажеттігімен байланысты күдікті ретінде тану, айтарлықтай «туындайтын» салдарға алып келеді.

Күдіктінің қылмыстық процеске қатысуын зерделеу, оның құқықтық мәртебесі мен мазмұнын құрайтын элементтерінің мәселесін қарастырғанда ғана толық болады. Күдіктінің арнайы (жеке) іс жүргізу мәртебесінің түсінігі мен мазмұнын анықтаудың негізі ретінде жеке тұлғаның жалпы құқықтық мәртебесі, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы жеке тұлғаның құқықтық жағдайы сияқты санаттар болады.

Заң әдебиеттерінде «құқықтық мәртебе» және «құқықтық жағдай» ұғымдарының арақатынасы туралы бірыңғай пікір жоқ екенін атап өткен жөн. Мәселен, бір авторлардың пікірінше, жеке тұлғаның «құқықтық жағдайы» ұғымы азаматтың құқықтық белгілерінің, жай-күйі мен мүмкіндіктерінің барлық жиынтығын, оның ішінде осындай жиынтықтың негізгі элементтерін ғана құрайтын және оның өзегі болып табылатын «құқықтық мәртебе» ұғымын да қамтиды [42, 27-28 бб.]. Басқа тұжырымдамаға сәйкес, қарастырылып отырған ұғымдар тек біртектес қана емес, сондай-ақ бірдей (ұқсас) болып табылады [43, 29 бб.] және құқықтың барлық салаларының нормаларын іске асыру процесінде туындайтын құқықтық қатынастар субъектісіне берілетін құқықтар, бостандықтар мен міндеттердің жиынтығы ретінде сипатталады [44, 163 б.]. Біз қолдаған соңғы тұжырымды, «мәртебе» сөзінің терминологиясының этимологиясын және болашақта пайдалануын ескеретін формалды-логикалық ережелер де жақтайды [45, 1263 б.].

Іс жүргізу әдебиеттерінде, қылмыстық сот ісін жүргізу саласында жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін (жағдайын) қарастыру кезінде, пікірталастар

оның мазмұнын құрайтын элементтердің құрылымын анықтау төңірегінде болады. Авторлардың көпшілігі жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі элементтерінің арасынан құқықтар мен міндеттерді, заңды мүдделерді, құқық қабілеттілігін және әрекет қабілеттілікті, құқықтар мен заңды мүдделердің кепілдіктерін бөліп көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір авторлар аталған тізімді қылмыстық процеске қатысушы ұғымы [46, 15 б.], принциптер [47, 42-50 бб.], азаматтық [48, 4 б.], жауаптылық [49, 165-167 бб.] және т.б. категориялармен толықтыру қажет деп санайды.

Қылмыстық іс жүргізу ғылымында күдіктінің құқықтық жағдайының мазмұны туралы да бірыңғай пікір жоқ. Мәселен, А. А. Напреенко күдіктінің құқықтық мәртебесі құқықтар, міндеттер және заңды мүдделер сияқты құрылымдық элементтерден ғана тұруы тиіс деп есептейді [50, 14 б.]. Ю. П. Янович қылмыстық сот ісін жүргізудің қарастырылып отырған қатысушысының жеке тұлғасының құқықтық мәртебесінің құрылымына, оның субъективті құқықтары мен заңды мүдделерін, міндеттерін, құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін, заңды жауапкершілігін енгізеді. Бұл ретте ол азаматтық, жалпы құқық қабілеттілік (құқық субъектілілік), қағидалар, құқықтық нормалар, жалпы (мәртебелік) қатынастарды құқықтық мәртебеге ие болудың қажетті алғышарттарына не оны іске асыру тетігінің құрамдас бөлігіне жатқызады [51, 9 б.]. Е. Э. Цимбарт күдіктінің құқықтық мәртебесінің мазмұнында процессуалдық құқық субъектілікті, субъективті құқықтарды, субъективті міндеттерді, жеке бостандықтарды, заңды мүдделерді қарастыруды ұсынады [52, 7 б.].

«Құқықтық мәртебе» сияқты ғылыми санаттың тікелей мақсаттарының бірі, біздің ойымызша, оның құрылымдық элементтерінің призмасы арқылы қандай да бір субъектінің құқықтық қатынастарға қатысуын талдау неғұрлым тиімді болатын өзіндік ғылыми құралдың рөлін орындауы болып табылады. Мұндай талдау зерттелетін пәннің барлық мәселелерін барынша қамтуы және олардың әрқайсысын жеке зерттеу үшін де, сондай-ақ алынған нәтижелерді кейіннен ғылыми жалпылау (синтездеу) үшін де қолайлы жағдайлар жасауы тиіс. Күдіктіге қатысты бұл - оның құқықтық жағдайының мазмұнын анықтау негізіне қазіргі таңдағы орын алған проблемаларды зерттеуге (және мүмкін болатын проблемаларды анықтауға), сондай - ақ оның қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу тиімділігін арттыру үшін ғылыми-теориялық алғышарттар жасауға мүмкіндік беретін тұлғаның қылмыстық іс жүргізу мәртебесінің тұжырымдамасы қойылуы тиіс дегенді білдіреді.

Жоғарыда айтылған міндеттерді шешу үшін, В. М. Корнуковпен ұсынылған күдіктінің мәртебесіне қатысты қылмыстық сот ісін жүргізудегі жеке тұлғаның құқықтық жағдайының моделін қолдану неғұрлым дұрыс болып табылады және ол біздің ойымызша қылмыстық процестің басқа да қатысушыларының құқықтық мәртебесін зерттеуде негізге алынуы мүмкін [53, 112 б.].

Жоғарыда айталғандарды, сондай - ақ күдіктінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуының қазіргі кездегі теориялық және тәжірибелік мәселелерін ескере отырып, біздің ойымызша, оның құқықтық мәртебесі мазмұнының

құрылымы мынадай элементтерді қамтиды: қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық; құқық субъектілік; заңды мүдделер; құқықтар мен міндеттер; құқықтар мен заңды мүдделердің кепілдіктері.

Күдіктінің құқықтық мәртебесінің аталған компоненттерін жеке-жеке қарастырайық.

1. *Азаматтық*. Ғылыми әдебиеттерде азаматтық - оның қылмыстық іс жүргізушілік мәнінде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне енгізілуі тиіс деген, біздің ойымызша, жеткілікті түрде негізделген пікір бар [54, 216 б.].

Қылмыстық сот ісін жүргізуге шетелдік күдіктілердің қатысу тәжірибесін зерделеу, оның кейбір жағымсыз сәттерін анықтауға мүмкіндік берді. Олардың негізгілері болып мыналар табылады: өз азаматтарымен салыстырғанда, оларға (шетел азаматтарына) біздің мемлекетіміздің юрисдикциясынан тыс анықтаудан, тергеуден немесе соттан жалтару мүмкіндігін пайдаланады деп қауіптенуге байланысты ұстап алу және күзетпен ұстау сияқты қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану; Қазақстан Республикасының Конституциясында және ҚПК-де көрсетілген ана тілін немесе әдеттегі қарым-қатынас тілін пайдалану құқығын бұзу (ондай құқықты бермеу немесе уақытылы бермеу); Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасады деп болжамдалған және тергеу кезінде одан тыс жерлерде жүрген шетелдік азаматтарға қатысты қандай да бір процессуалдық әрекеттерді (тінту, жауап алу, қарау, алу, сот сараптамасы және т.б.) жүргізудің қиыншылығы (ал кейбір жағдайларда- мүмкін еместігі).

Халықаралық ынтымақтастыққа арналған ҚР ҚПК 12-бөлімінде шетелдік азаматтардың қылмыстық процеске қатысуын регламенттеудің жетіспеушілігінің кейбір аспектілерін жоюға үлкен және елеулі қадам жасалғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар, халықаралық қылмыстық іс жүргізу ынтымақтастығы саласында «күдіктінің» процессуалдық мәртебесі бар тұлғаның қатысуының өзі, біздің пікірімізше айтарлықтай проблемалы болып көрінеді. Біріншіден, түрлі елдердің заңнамаларында адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту тұжырымдамаларындағы айырмашылық, құқықтық көмек туралы сұрау салуда көрсетілген тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде адамға берілуі тиіс құқықтық мәртебені анықтаудағы қиындықтарды айқындайды. Мәселен, оған қатысты сұрау салынған адам жауап алу, тінту, қарау, алу, сот сараптамасы және шет мемлекеттегі басқа да сұратылатын іс-әрекеттерге (аталған саланы заңнамалық реттеудің даму деңгейіне байланысты) куә ретінде қатысуы мүмкін. Кейбір жағдайларда бұл мән-жайлар осындай әрекеттер нәтижесінде алынған дәлелдемелерді кейіннен жарамсыз деп тану үшін негіз болуы мүмкін.

Осылайша, қылмыстық сот ісін жүргізудегі халықаралық және ішкі құқықтық нормалардың азаматтық мәселелеріне байланысты ара қатынасының маңызды екендігі туралы көзқарас [55, 112-121 бб.], күдікті институтына қатысты өзінің өзектілігін жоғалтпайды, бұл қылмыстық сот ісін жүргізудің қарастырылып отырған қатысушысының құқықтық мәртебесіне азаматтық элементін (қылмыстық-процессуалдық мағынада) енгізудің қажеттілігін түсіндіреді.

2. *Құқық субъектілік.* Кейбір процессуалистер құқық субъектілік қылмыстық сот ісін жүргізудің қандай да бір қатысушысының құқықтық мәртебесінің құрылымдық элементі емес, осындай мәртебеге ие болудың белгілі бір алғышартын немесе оны іске асыру тетігінің құрамдас бөлігін ғана білдіреді деп санайды [56, 18 б.]. Біздің ойымызша, мұндай ұстанымның бастауын құқықтың жалпы теориясынан табуға болады. Оған сәйкес жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің мазмұны құқықтар мен міндеттердің жиынтығымен немесе жүйесімен шектеледі, ал құқық субъектілік субъектілердің құқықтық қатынастарға қатысу шарасы болып табылады [57, 178 б.].

Біздің ойымызша, көптеген авторлардың құқық субъектілік қылмыстық процестегі жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің дербес элементі ретінде әрекет ететіндігі туралы ұстанымы неғұрлым дәлелді болып табылады. Мысалы, О. А. Зайцев «...құқық субъектілік процестің кез келген қатысушысының құқықтық мәртебесінің міндетті элементі болып табылады,...себебі оның болмауы адамға қандай да бір іс жүргізу функциясын жеке орындауға және, сайып келгенде, қылмыстық процестің міндеттерін шешуге белсенді қатысуға мүмкіндік бермейді»- деп көрсетеді [58, 24 б.].

Алдыңғы абзацта көрсетілген тұжырымға сәйкес, құқық субъектілікті қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен белгіленген ретте, адамның процеске қатысушы болу және жеке өзі немесе өкілдер арқылы қылмыстық іс жүргізу қатынастарындағы өзінің іс жүргізу мәртебесін іске асыру қабілеті ретінде анықтау қажет [59, 7 б.]. Бұл ретте құқық субъектіліктің құрамдас бөліктері, өз кезегінде: қылмыстық іс жүргізу құқық қабілеттілігі, яғни адамның құқықтары болу және міндеттер атқару қабілеті және қылмыстық іс жүргізу әрекет қабілеттілігі - адамның жеке өзі, өз құқықтары мен міндеттерін дербес жүзеге асыру қабілеті болып табылады.

Қазіргі кезде күдіктіде қылмыстық іс жүргізу құқық қабілеттілігінің пайда болуы, ҚПК - мен нақты анықталған шарттарының бірімен байланысты, олар: күдікті ретінде тану туралы қаулы, ұстап алу хаттамасы, қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы. Біздің көзқарасымызша, адам қылмыс белгілері бар әрекетке қатыстылығы туралы болжамдарды тексерумен байланысты уәкілетті органның қылмыстық сот ісін жүргізу аясына тікелей тартылған сәттен бастап күдіктінің құқық қабілеттілігіне ие болады.

Күдікті қазіргі уақытта міндетті субъект болып табылатындығын ескере отырып, оның өзінің іс жүргізу мәртебесін алған сәтін және оның іс жүргізу құқық қабілеттілігінің пайда болуын анықтаумен қатар, адам осындай болуын тоқтататын мән-жайларды нақтылау аса маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта, ҚПК сәйкес, адам келесі жағдайларда күдікті деп танылуы тоқтатылады:

- 1) қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауынан;
- 2) іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауынан;
- 3) егер рақымшылық жасау актісі жасалған іс-әрекет үшін жаза қолдануды жойса, соның салдарынан;

4) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;
5) жәбірленушінің шағымының болмауынан, сондай-ақ жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартқан не коммерциялық немесе өзге де ұйымның немесе уәкілетті органның басшысы адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызды кері қайтарып алған кезде;

6) егер жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын заң қолданысқа енгізілген болса не Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын, іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралануы оған байланысты болатын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп таныған жағдайда;

7) егер адамға қатысты соттың нақ осы айыптау бойынша заңды күшіне енген үкімі не соттың қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілейтін, күші жойылмаған қаулысы бар болса;

8) егер адамға қатысты қылмыстық қудалау органының нақ осы күдік бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысы бар болса;

9) іс бойынша іс жүргізу өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, егер қылмыстық заң тыйым салатын іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған адамға қатысты болса;

10) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды адамның келісім беруден бас тартуына байланысты;

11) іс бойынша іс жүргізу қайтыс болған адамды ақтау немесе істі басқа адамдарға қатысты тергеп-тексеру, сондай-ақ заңсыз жолмен табылған мүлікті, тәркіленуге жататын, келтірілген зиянның өтелуін қамтамасыз ететін ақша қаражатын және өзге де құндылықтарды анықтау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, қайтыс болған адамға қатысты;

12) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында, адамды оған қатысты қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау нәтижесінде күдікті деп тану мүмкіндігінің пайда болуымен, заң әдебиеттерінде күдіктінің процессуалдық жағдайындағы адамдар арасында қалыптасқан теңсіздік жайлы ой-пікірлер айтыла бастағаны, біздің ойымызша, орынды болып табылады. Қарастырылып отырған жағдайда, ҚПК-де белгіленген ұстап алудың және бұлтартпау шараларын қолдану мерзімдерінің «дәстүрлі» негіздеріне қарағанда, «ол белгісіз мерзімге, әуелі тергеу аяқталғанға дейін күдікті мәртебесінде болуы мүмкін» [60, 31 б.]. Мұндай сынның себебі, ертеректе айтылған қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеу шараларын қолдануға және адамды күдікті ретінде тануға бірыңғай құқықтық табиғатқа, мақсаттар мен негіздерге ие институттар ретінде қарау қажет деген заң шығарушының дұрыс емес көзқарасынан көрінетін сияқты. Осыған байланысты, біздің ойымызша, В. Р. Навасардьянның: «...мерзімінің аяқталуы нәтижесінде күдіктіге қатысты қолданылған ұстап

алуды және бұлтартпау шараларының күшін жою, олар қолданылған негіздерді жоймайды және қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікті тоқтатпайды»- деп айтылған пікірі дұрыс болып табылады [61, 10 б.].

Н.А. Козловскийдың қылмыстық процестегі күдік мәселелеріне арналған диссертациялық зерттеуінде ұсынылған күдікті жою тұжырымдамасын, біздің көзқарасымыз бойынша, күдікті тұлғасын қылмыстық іс жүргізу қызметі аясынан шығару механизмін құру үшін теориялық негізі ретінде қолдануға болады [31, 74-81 бб.]. Осылайша, оның ойынша, күдік мынадай нысандарда аяқталуы мүмкін:

- 1) растау-айып тағу үшін жеткілікті дәлелдемелерді алу;
- 2) теріске шығару - адамның қылмыстық әрекетке қатыстылығын теріске шығаратын мән-жайларды анықтау;
- 3) расталмау – күдікті растауға немесе жоққа шығаруға мүмкіндік беретін көлемде объективті деректерді алудың мүмкін еместігі.

Соңғы екі нысан қазіргі уақытта ҚПК-де қолданылатын «қатысы жоқ» ұғымымен қамтылғанын ескерген жөн, ол «адамның қылмыс жасауға қатыстылығының анықталмағандығын, әлде қатыстылығының анықталғанын» білдіреді.

Н. А. Козловский күдіктің расталмауын өз кезегінде екі түрге жіктеп қарастырады:

- 1) басқа адамның қылмыс жасау мүмкіндігін болғызбайтын (бұл жағдайда қылмыстық істі тоқтату ұсынылады);
- 2) мұндай мүмкіндікті жоққа шығармайтын (толықтай қылмыстық істі емес, тек күдіктіге қатысты ғана қылмыстық қудалауды тоқтату ұсынылады).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сондай-ақ ҚПК-нің қылмыстық істі және қылмыстық қудалауды тоқтатудың белгілі бір тұжырымдамасын ескере отырып, адамның күдікті ретінде болуын тоқтату сәті келесілерге байланысты болуы тиіс:

- 1) осы адамды күдікті ретінде тану туралы немесе оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулы шығару (күдік расталған жағдайда);
- 2) күдіктіге қатысты қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы шығару, бұл ретте тергеліп отырған қылмысқа аталған адамның қатысты еместігін куәландыратын мән-жайларды (күдікті теріске шығару кезінде) анықтау кезінде дереу жасалуы тиіс;
- 3) басқа адамның қылмыс жасау мүмкіндігі немесе мүмкін еместігін анықтауға байланысты, қылмыстық қудалауды немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығару. Мұндай шешім сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтаудан немесе тоқтата тұрудан (күдік расталмаған жағдайда) кешіктірілмей қабылдануы тиіс.

Бұдан бұрын көрсетілген мән-жайларға байланысты, қылмыстық істе күдікті ретінде танылған, алайда ұстап алуды немесе бұлтартпау шарасын қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін күдікті болып табылмаған адамның процессуалдық мәртебесін анықтау туралы іс жүргізу әдебиеттерінен көрініс табатын мәселелер, өзінің өзектілігін жоғалтатын сияқты [61, 37-39 бб.].

Адамның күдіктінің процессуалдық мәртебесінде болу мерзімінің, қылмыстық процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану мерзімінен тәуелсіз болуы, бірқатар шет елдердің заңнамасымен де қарастырылғанын атап өту қажет. Бұған көрнекі мысал ретінде, француздық «ассистендірілген куә» болуы мүмкін, оның мұндай құқықтық мәртебесі оған айып тағылғанша сақталады.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында (ҚПК-нің 67-бабы), кейбір адамдармен қатар, оларда білгілі бір қасиеттер болған кезде (кәмелет жасқа толмағандық, физикалық немесе психикалық кемшіліктер, сот ісін жүргізу тілін білмеу), іс бойынша өндіріске міндетті түрде қорғаушы қатысуы тиіс деген ереже бар (ол күдіктілерге қатысты да қолданылады). Кәмелетке толмағандармен қатар, бұдан басқа, қылмыстық процеске міндетті түрде олардың заңды өкілдері тартылады. Бұл, біздің ойымызша, аталған санаттағы адамдар жеке өздері, өз құқықтарын толық көлемде жүзеге асыруға, сондай-ақ өз міндеттерін орындауға қабілетсіз екендігін көрсетеді. Аталған жағдай, өз кезегінде, заң ғылымы тұрғысынан мұндай адамдардың іс жүргізушілік әрекет қабілеттілігі толық емес [58, 26 б.] немесе шектеулі [62, 310 б.] болып табылатындығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, біз, адамның толық процессуалдық әрекет қабілеттілігінің пайда болуы, қылмыстық жауаптылыққа тарту жасымен тұспа тұс келеді деген іс жүргізу әдебиеттеріндегі пікірмен келіспейміз [63, 112 б.]. Аталған пайымдауда, біздің ойымызша, «әрекет қабілеттілігі» ұғымын «құқық қабілеттілігі» ұғымымен ауыстыруға әрекет жасалады. Біздің пікірімізше, әрекет қабілеттілігі мен құқық қабілеттілігінің бірігуі, тек қылмыстық сот ісін жүргізудің кейбір субъектілерінде ғана орын алуы мүмкін. Осылайша, Р. Д. Лисициннің «...күдіктінің қорғаушысы әрдайым өзінің қылмыстық іс жүргізушілік құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырады». Сондықтан да күдіктінің қорғаушысының әрекет қабілеттілігі, құқық субъектіліктің бірыңғай түсінігін құра отырып, оның құқықтық қабілеттілігімен толық сәйкес келеді» деген тұжырымы дұрыс сияқты [64, 19 б.]. Алайда, бұл ереже күдікті сияқты қылмыстық процесс қатысушысына қолданылмайды, себебі, біз анықтағандай, ол «өзінің қылмыстық іс жүргізушілік құқықтары мен міндеттерін жеке дара өзі жүзеге асыра алмайды».

3. Заңды мүдделер. Мүдде - бұл адамның өмір сүру мақсаттарын анықтауға негізделген, біздің қоғамдағы индивид және жеке тұлға ретінде өмір сүруінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласында қылмыстық процеске қатысушылардың (әсіресе, қылмыстық қудалауға ұшырайтындардың, оның ішінде күдіктінің де) жеке мүдделерін және осындай мүдделердің заңдылық критерийлерін дұрыс анықтау мәселелеріне ғылыми әдебиеттерде үнемі назар аударылады [65, 25 б.].

Заң психологиясы тұрғысынан, «жеке тұлғаның оның қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты объектілерге эмоционалды қанық бағыттылығы» мүдде болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысты бұл, біздің ойымызша, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін белгілі бір құралдарды (объектілерді) пайдалану ниетін білдіреді.

Қажеттілік, өз кезегінде, «индивидтың нақты жай-күйінің

үйлесімсіздігінің нәтижесінде пайда болатын адам белсенділігінің қайнар көзі және ол үшін адамзаттың және жекеліліктің өкілі, биологиялық жаратылыс ретіндегі оңтайлы жай-күйі» ретінде анықталады [66, 497 б.]. Күдіктінің ең «оңтайлы жағдайы», оны қылмыстық сот ісін жүргізуге тікелей тарту нәтижесінде пайда болған немесе оған себеп болған барлық теріс факторларды жойған кезде пайда болар еді.

Бұл ережелер қылмыстық сот ісін жүргізудің дербес қатысушысы ретінде күдіктінің мүдделерін зерттеуде процессуалистер үшін негіз болды. Бұл ретте, авторлардың көпшілігінің пікірінше, мұндай мүдделердің заңдылығы, олардың тікелей құқықтық тыйым салынуының болмауымен анықталады, бұл жалпы алғанда В. М. Корнуковтың позициясына өте жақын болып саналады, оған сәйкес қылмыстық процестегі жеке тұлғаның заңды мүдделері деп олар үшін әлеуметтік маңызды және пайдалы нәтижелерге қол жеткізу үшін заңға және жалпы құқықтық қағидаларға қайшы келмейтін процеске қатысушылардың кез-келген ұмтылысы мен ниеті ретінде түсіну керек [67, 168 б.]. Алайда, қарастырылып отырған категорияның осындай түсіндірмесі, біздің ойымызша, тым кең және жалпы құқық теориясының қандай-да бір саласы үшін, соның ішінде- қылмыстық іс жүргізу құқығы үшін емес, керісінше тек жалпы құқықтың теориясы үшін қолайлы болатын сияқты.

Әлбетте, «ұмтылу» және «ниет» адамның тіршілік әрекетінің ішкі, субъективті жақтарын ғана сипаттай алады. Бұл, өз кезегінде, ішкі психикалық құрылғыға және қоршаған болмыстың белгілі бір құбылыстарына деген қарым - қатынасқа байланысты нақты адам индивидінде осы салада қандай да бір мүдделердің (ниеттердің, ұмтылыстардың) көрінісінің толық болмауымен бірге қылмыстық іс жүргізу қызметіне оны тартудың мән-жайлары мен перспективаларына немқұрайлылық байқалуы мүмкін екенін білдіреді. Қылмыстық-процестік кодексінде сот ісін жүргізуге қатысушылардың заңды мүдделері объективті және априорлы құбылыс ретінде қабылданады, осыған байланысты әрбір осындай мүдде үшін қандай да бір дәрежеде тиімді, әрі оларды қорғау мен жүзеге асырудың белгілі бір заңнамалық тетіктері көзделген. Мәселен, ҚПК-де қорғаушы тарапынан процеске қатысушы ретінде күдікті, өзіне қатысты тағылған күдікті теріске шығаруға ниет білдіреді, осыған байланысты мұндай теріске шығаруды жүзеге асыру үшін тиісті, барынша қолайлы жағдайлар жасалған (мысалы, күдіктіге күдіктің мәнін түсіндірудің міндеттілігі, түрлі іс жүргізу құралдарын ұсыну және т.б.). Басқаша айтқанда, біздің ойымызша, құқықтық нормалармен қарастырылмаған қандай да бір абстрактілі заңды мүдделерді қорғау және жүзеге асыру туралы айту бекер сияқты. Сондықтан да салалық құқықта заңды мүдделер деп, біздің ойымызша, кез келген мүдделер емес, тек тиісті құқықтық саланың мәнінен туындайтын және одан басқа, онымен қорғалатындар ғана түсініледі.

Ғалымдардың көпшілігі күдіктінің мүдделерін негізінен екі түрге жіктейді: материалдық-құқықтық - қылмыстық жауапкершіліктен жалтаруға ұмтылу және қылмыстық іс жүргізу - қандай да бір қорғану құралдарын пайдалануға ұмтылу [68, 61 б.]. Біздің ойымызша, бұл мүлдем дұрыс емес, себебі бұл мүдделердің барлығы мәні бойынша қылмыстық процессуалдық

болып табылады, өйткені тек қылмыстық сот ісін жүргізу саласында ғана орын алуы мүмкін.

Күдіктінің заңды мүдделерін жіктеу үшін неғұрлым дұрыс негіз ретінде, бастапқыда қорғаушы тарапынан қылмыстық процеске қатысушы үшін көзделген функционалдық - рөлдік міндеттер болуы мүмкін деп есептейміз. Мұндай жағдайда күдіктінің заңды мүдделері:

а) негізгілері - күдіктінің оған қатысты тағылған күдіктен қорғану сияқты басты функциясын орындауына байланысты Заңмен көзделгендер;

б) ілеспе мүдделер - адамды қылмыстық сот ісін жүргізуге тікелей тарту нәтижесінде пайда болатын немесе соған алып келетін қандай да бір теріс факторларды жою қажеттілігінің ықтимал туындауына байланысты заңда көзделгендер (мысалы, сотқа дейінгі тергеу органына барған кезде немесе одан қайтқанда неғұрлым аз материалдық шығындар төлеу ниеті; немесе қылмыстық іске қатысу кезінде өзінің маңызды істерімен айналысуға мүмкіндігі болмайтындықтан, соған кететін уақытты барынша азайтуға ұмтылу және т.б.) деп бөлінуі қажет.

Бұл тұрғыда А. Б. Ғалымхановтың көзқарастары нақты емес болып келеді, ол күдіктінің мүдделерінің заңдылығын анықтау кезінде, соңғысын ақтауға бағытталған мүдделерді ғана басшылыққа алады, бұл ретте олардың барлығы заңды болып табылады деп санайды [69, 8 б.].

Күдіктінің ілеспе заңды мүдделері кейбір жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізудің басқа қатысушыларының мүдделеріне сәйкес келуі мүмкін екені анық, ал олардың негізгілері- оған ғана тән, сондықтан олар күдіктіні басқа қылмыстық іс жүргізу қызметінің субъектілері қатарынан ажыратуға мүмкіндік беретін қосымша критерийдің рөлін атқарады (бұл да маңызды теориялық мәнге ие).

Іс жүргізу әдебиеттерінде күдіктінің ерекше заңды мүдделері ретінде оған қатысты ұстап алуды немесе бұлтартпау шараларын қолдануға байланысты мүдделерді бөлуге әрекет жасалады [70, 80 б.]. Бұл пікірді дәлелдеу негізінде осы шараларды жүзеге асыру адамды күдікті жағдайына «жеткізуге» әкеп соғатын жалғыз шарт болып табылатындығы туралы ереже бар. Біздің адамды күдікті деп тану тұжырымдамамызда осындай ереже болмағанына қарамастан (жаңа ҚПК-де соңғысы абсолюттік мәнге ие болмайды), қарастырылып отырған топ оны күдіктінің мүдделерінің жалпы жиынтығынан оқшаулауға құқылы, өйткені аталған қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеу шаралары объективті түрде адамның қылмыс белгілері бар әрекетке қатыстылығы туралы болжамды тексерумен байланысты болады. Сонымен бірге мұндай мүдделер кейбір жағдайларда күдіктінің мүдделерімен сәйкес келетін күдіктінің ілеспе мүдделерінің бір түрі болып табылады.

«Мүдде» ұғымымен сипатталатын құбылыстың субъективті мәнін ескере отырып, күдіктінің заңды мүдделерін келесідей жіктеуге болады:

А) Шартсыз – оның іске асырылуы қылмыстық процестің басқа субъектілерінің міндеттерінің шеңберіне кіреді және сондықтан да күдіктінің қалауына қарамастан туындайды (мысалы, күдіктіге кез келген жағдайда күдіктің мәні және оған тиесілі іс жүргізу құқықтары түсіндірілетін болады);

Ә) Шартты мүдделер - ҚПК-де көзделген болса да, алайда күдіктімен жария түрде ниет білдірілмеген жағдайда, іске асырылмай қалатындар (мәселен, тергеу органы бұл туралы күдіктінің тиісті өтініштері болмаған жағдайда қандай да бір қосымша тергеу немесе іс жүргізу әрекеттерін жүргізбеуі мүмкін).

Осылайша, күдіктінің заңды мүдделері деп, біздің ойымызша, келтірілген күдікті теріске шығарудың заңды құралдарына және оны қылмыстық сот ісін жүргізуге тікелей тарту нәтижесінде пайда болуы мүмкін немесе оған себеп болған теріс факторларды жоюға бағытталған қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен көзделген ережелер деп түсіну қажет. Күдіктінің мүдделерінің заңсыздығы, тиісінше, соңғысының заңда тікелей тыйым салынған көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу құралдарына бағытталуымен (таңдап алынған бұлтартпау шарасының талаптарын сақтамауға; дәлелдемелерді бұрмалауға; куәларға және т.б. түрлі сипаттағы қысым көрсетуге ұмтылумен) сипатталуы тиіс.

4. Құқықтар мен міндеттер. Қандай да бір құқықтық қатынастар субъектісінің заңды мүдделерін қорғау үшін, заңнамамен белгілі бір механизмдер қарастырылған, олар тиісті субъектінің құқықтарының басты құрамдас бөлігі болып табылады.

Құқықтың жалпы теориясында және іс жүргізу әдебиеттерінде құқықтар мен міндеттер кез келген құқықтық қатынастардың әрбір қатысушысының басты элементі, «жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің өзегі» болып танылатындығы ешбір күмән туғызбайды [71, 191 б.]. Бұл ретте қылмыстық процеске қатысушының өзінің құқықтық жағдайын тиісті дәрежеде іске асыру үшін құқықтар мен міндеттер арасындағы дұрыс арақатынасты, балансты осындай «өзекке» орнатудың маңыздылығы атап өтіледі, бұл сайып келгенде, қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсатына қол жеткізуге ықпал ететін болады. Сондықтан да күдіктінің құқықтары мен міндеттерін кешенді қарастыру өте маңызды болып келеді.

Күдіктінің айтарлықтай құқықтары бар, сондықтан оларды зерделеуге ыңғайлы болу, сондай-ақ оларды іске асырудың мәселелік сәттерін анықтау мақсатында, біздің ойымызша, олардың жалпы массивінде негізгі, жүйе құраушы блоктарды анықтау артық болмас еді.

Күдіктінің құқықтарын жіктеу үшін қылмыстық сот ісін жүргізудің кез-келген қатысушысына қатысты жалпы, дәстүрлі негіз болып, олардың құқықтық бекітілу деңгейі табылады, оған байланысты күдіктінің барлық құқықтарын келесідей бөлуге болады:

1) жалпы жұрт таныған, яғни халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларында, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында бекітілген және Конституцияның 4 бабының 4 бөлігінің ережелеріне және ҚПК-нің 1 бабының 3 бөлігіне сәйкес бекітілгендер, олар аталған сұрақтарды кепілдендіруде басым мәнге ие;

2) конституциялық, яғни еліміздің жоғарғы заң күші бар нормативтік актісі - Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтар (және көпшілігінде, ҚР ҚПК-не «ауыстырылғандар»): жеке бас бостандығына

құқық (Конституцияның 22 б., ҚР ҚПК-нің 14 б.); тұрғынжайға қолсұғылмаушылық (Конституцияның 25 б., ҚР ҚПК-нің 17 б.); жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы (Конституцияның 18 б., ҚР ҚПК-нің 16 б.); жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу (Конституцияның 17 б., ҚР ҚПК-нің 13 б.); өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау құқығы, соның ішінде заңда белгіленген сәттен бастап білікті қорғаушының қызметтерін пайдалануға және заңмен көзделген жағдайларда мұндай көмекке ақы төлеуден босатылу мүмкіндігі (Конституцияның 13 б., ҚР ҚПК-нің 27 б.) және т.б.;

3) қылмыстық іс жүргізушілік (қылмыстық процессуалдық), ол қылмыстық сот ісін жүргізудің мәнін және ерекшеліктерін мемлекеттік қызметтің бір бөлек бағыты ретінде көрсетеді және тиісінше аталған құқық саласында бекітіледі: ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиісілі құқықтар туралы түсіндірме алуға; өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге; өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыртуға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген адамдары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы ҚР ҚПК-де көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға; таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге; күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге; күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға; айғақ беруден бас тартуға; сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға; дәлелдемелерді ұсынуға; өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацияны жүргізу үшін пробация қызметіне жүгінуге; өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға; заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға; тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасуға; қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы өтінішхат мәлімдеуге; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға

ескертулер беруге; тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге; өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға; сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде ҚР ҚПК-де көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға; тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін ҚР ҚПК-де белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге; қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге; жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға; өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

Бұл ретте, біздің ойымызша, қорғалуға деген құқық- күдіктінің құқықтарының арасында аса маңызды орынға ие, себебі күдіктіге, оның қорғаушысына, заңды өкіліне берілген құқықтардың барлық жиынтығы сонда шоғырланады деген процессуалистердің арасындағы басым және әділ пікірмен келісуге болады [72, 98 б.]. Іске асыру тәсілдеріне байланысты бұл құқықты екі түрге бөлуге болады: күдіктінің өз бетінше, жеке өзі қорғалуы немесе өзге адамдардың (қорғаушылардың) қатысуы арқылы қорғауды жүзеге асыру құқығы [70, 44 б.]. Айыптаушы тарапынан күдіктіге қылмыстық процестің қырсырын білетін білікті кәсіпқойлар қарсы тұратындықтан, қорғауды жүзеге асырудың екінші тәсілі неғұрлым тиімді, ал кейде қажетті болып табылады.

ҚПК-де күдіктілердің кейбір құқықтарын іске асыру үшін тиісті құқықтық тетіктер қарастырылмағанын атап өту қажет.

Күдіктінің барлық құқықтарының басты мақсаты, оның заңды мүдделерін қорғау болып табылатындығын ескерсек, оларды жіктеу кезінде, біздің ойымызша, қорғау объектісі болып табылатын мүдделер тобын ескеру орынды болар еді. Осыған байланысты қылмыстық процесстегі күдіктінің құқықтарын императивті және бастамашы (инициативті) деп бөлуге болады. Күдіктінің сөзсіз мүдделерін қорғауға бағытталған бірінші топтың құқықтарын, құқық иеленушінің, осы құқықтарға сәйкес келетін міндеттерді орындау жөнінде іс-әрекеттер жасауға деген ниетіне байланыссыз (мысалы, күдіктіге қатысты ұстап алу жүзеге асырылғандығы туралы оның туған-туысқандарын хабардар ету) кез келген жағдайда, айыптаушы тарапты білдіретін мемлекеттік органдарға жүктейді. Күдіктінің бастамашылық құқықтарын іске асыру (қорғау пәні болып оның шартты заңды мүдделері танылады) бойынша құқықтық қатынастар, ол бұл туралы ниет білдірген кезде ғана (мысалы, сарапшылар ретінде өзі көрсеткен адамдарды тарту туралы немесе сот сараптамасын жүргізуді нақты бір сараптама мекемесінде жүзеге асыру туралы өтініш берген кезде) туындауы мүмкін.

Күдікті кейбір құқықтарға осы іс жүргізу мәртебесінде болған барлық уақыт аралығында тұрақты түрде (мысалы, өзіне қатысты келтірілген күдік бойынша түсініктеме және айғақ беру құқығы), ал кейбіреулеріне - белгілі бір жағдайларда ғана (мысалы, беттестіру кезінде күдікті тергеушінің рұқсатымен басқа қатысушыға сұрақ қою құқығын алады) ие болады. Демек, күдіктінің құқықтары тұрақты және жағдаяттық (ситуативті) болып жіктеледі.

ҚР ҚПК-де (7 бап, 7 тармақ) қылмыстық қудалау (айыптау) – қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті және оны жасаған адамды, соңғысының қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ осындай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет деп анықталған. Осыған байланысты, күдіктілер тиісінше күдіктенуден немесе айыптаудан қорғануға бағытталған процессуалдық құқықтардың ерекше кешеніне ие болады. Сонымен қатар, күдікті айыпталушыда жоқ бірқатар құқықтарға (мысалы, өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге, сонымен қатар оны ұстап алуды жүзеге асырған кезде құқықтар тобына) ие болады. Бұл ретте олардың иелігінде қылмыстық сот ісін жүргізудің басқа да қатысушыларына (мысалы, ана тілін немесе өзі білетін тілді пайдалану) тән құқықтардың үлкен көлемі бар. Осыған байланысты күдіктінің құқықтары оның іс жүргізу мәртебесіне ғана тән *жеке меншік* және басқа қылмыстық іс жүргізу қатынастарының субъектілерімен қатар ол иеленетін *жалпы* құқықтар деп бөлінуі мүмкін.

Ұстап алу және күзетпен ұстау- процестік мәжбүрлеу шараларының ең қатал шарасы болып табылады және оның басты конституциялық құқықтарының бірі- бостандыққа деген құқықтан айырумен ғана емес, сондай-ақ барлық басқа құқықтарды жеке жүзеге асыру мүмкіндігіне елеулі нұқсан келтірумен де байланысты. Осыған байланысты іс жүргізу әдебиеттерінде, бас бостандығынан айырылған күдіктілердің арнайы құқықтық мәртебеге ие екендігі туралы пікір кездеседі [73, 17 б.]. Бұл жағдайлар, ұстап алынған және қамауға алынған күдіктілер мен айыпталушылардың қамауда болуын регламенттейтін арнайы заңның және бірқатар ведомстволық нормативтік актілердің болуымен қатар, күдіктінің оны ұстап алуға немесе күзетпен ұстауға байланысты құқықтарын жеке топқа бөлу қажеттігін куәландырады.

Күдіктінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу мәселелеріне арналған заң әдебиеттерін зерделеу, күдіктінің құқықтарын жіктеу әрекеттері өте сирек кездесетін құбылыс екенін көрсетті. Ю.П. Янович күдіктінің процессуалдық құқықтарын келесідей топтарға жіктеуді ұсынады: олардың басқа да процессуалдық құқықтарына қатысты кепілдік болып табылатын іс жүргізу құқықтары (өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге құқығы, қорғаушы алуға құқығы, сондай-ақ ана тілі мен аудармашының көмегін пайдалану құқығы); күдіктінің келтірілген күдікке шағымдану, дәлелдеу процесіне белсенді қатысу жолымен оның нақты негіздерін теріске шығаруға мүмкіндігін қамтамасыз ететін процессуалдық құқықтар (түсіндірмелер мен айғақтар беру құқығы; дәлелдемелер ұсыну құқығы; тергеушінің рұқсатымен тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысу құқығы); күдіктінің оған қатысты қылмыстық істің

толықтығын, жан-жақты және объективтілігіне ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз ететін процессуалдық құқықтары (өтінішхаттар мен қарсылық білдіру құқығы); күдіктіге бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін процессуалдық құқықтары (анықтауды жүзеге асыратын адамның, тергеушінің, прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағым келтіру құқығы; сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының, прокуратура, соттың және т.б. заңсыз әрекеттерімен келтірілген мүліктік және моральдық залалды мемлекеттің өтеуін талап ету құқығы) [51, 11 б.]. Көрсетілген құқықтар топтарының көлемі мен көптігіне қарамастан, біз бұл тәсілде біршама жасандылықты байқаймыз, өйткені «күдіктінің барлық құқықтарына, олардың бір-бірін қамтамасыз етуі тән» және аталған құқықтардың кез келгенін осы немесе басқа жағдайда көрсетілген құқықтық топтардың әрқайсысына жатқызуға болады.

Күдікті құқық субъектісі болып табылатындығынан басқа, ол белгілі бір міндеттерді орындауы тиіс, атап айтқанда: анықтаудан, алдын ала тергеуден жасырынуға немесе қылмыстық іспен айналыспауға; куәға, қылмыстық сот ісін жүргізудің өзге де қатысушыларына қатер төндірмеуге, сондай-ақ дәлелдемелерді жоймауға не қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге өзге де жолмен кедергі келтірмеуге; ҚПК-нің 18-тарауы тәртібінде таңдалған бұлтартпау шараларымен белгіленген мінез-құлық ережелерін сақтауға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша келуге; тұрғылықты жері ауысқан жағдайда - бұл туралы дереу хабарлауға; мүлікке тыйым салынған жағдайда - тыйым салынған мүлікке билік етуге және пайдалануға белгіленген тыйым салуды сақтауға; тиісті рұқсатсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәліметтерін жарияламауға; тергеушінің куәландыру, сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді іріктеп алу, сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыру туралы Заңға сәйкес шығарылған қаулыларына бағынуға; тінту, өзге де тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тиісті мінез-құлық туралы тергеушінің заңды талаптарына, сондай-ақ басқа да іс жүргізу шешімдеріне және т. б. бағынуға тиіс.

«Міндеттерді түсіндіру- күдіктіге өз құқықтарын қорғауға көмектеседі, өйткені күдікті өз міндеттерін біле отырып, жауапкершіліктен қорықпай, оның міндеттеріне сәйкес келмейтін немесе олардан асатын тергеушінің, анықтау жүргізетін адамның талаптарын орындамауына болатынын» атап өткен жөн.

Іс жүргізу теориясында қылмыстық іс жүргізу заңнамасы күдікті міндеттерінің толық тізбесіне (қылмыстық сот ісін жүргізуге кейбір қатысушылардың міндеттеріне ұқсас) арналған нормалардың оқшауланған тобын қамтуы тиіс деген көзқарас бар [74, 92 б.]. Мұндай қажеттіліктің басты негізі ретінде қылмыстық процессуалдық заңдағы күдіктінің міндеттерінің «географиялық» бытыраңқылығы көрсетіледі, ол күдіктінің оған қатысты белгіленген процессуалдық-құқықтық нұсқамаларды анықтауға және тиісінше орындауға қолайлы шарттар туғызуға мүмкіндік бермейді және ол күдіктінің өзіне де және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына да мүлдем тиімсіз болып табылады.

Адамның іс жүргізу мәртебесін алу тәртібі анықталатын және сонымен

бірге оның негізгі құқықтары көрсетілетін заңның бабында, осындай адамның міндеттері туралы да (мысалы, куәға, жәбірленушіге, маманға және т.б. қатысты ол қалай жасалғаны сияқты) міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Әйтпесе, құқықтар мен міндеттердің жалпы жүйесінің теңгерімділігінің бұзылуы туралы пікір туындайды және ол қолданылған заңнамалық техниканың жетілмегенін куәландырады. Осылайша, өкінішке орай аталған салада шешілмеген мәселелер бар және оны шешу үшін, біздің ойымызша, «қақ ортаны» табу қажет.

Нәтижесінде күдіктінің барлық іс жүргізу міндеттерінің мәні, қылмыстық сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібін тиісінше сақтауға негізделеді. Дәл осындай жалпы түрде, біздің ойымызша, ҚПК-нің 64-бабында күдіктінің міндеттері туралы айтқан жөн.

5. Құқықтар мен заңды мүдделердің кепілдіктері. Ғылыми әдебиеттерде сот төрелігін табысты жүзеге асыруға, сондай-ақ жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесетін, заңмен белгіленген құралдар мен тәсілдерді - іс жүргізу кепілдіктері деп түсіну қажет деп көрсетілген [75, 59 б.].

Қылмыстық процестегі жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін, процессуалистер негізінен, іске қатысушы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мен қорғаудың құқықтық құралдарының жүйесі ретінде айқындайды, ол заңда белгіленген сот ісін жүргізу нысандары мен қағидаттарын қатаң сақтауды, процеске қатысушылардың құқықтары мен оларды іске асыру шарттарын бекітуді, қылмыстық іс жүргізу қызметін жүзеге асыратын лауазымды адамдар мен органдардың міндеттерді нақты орындауын талап етеді [76, 215 б.]. Бұл ретте, міндеттер режимін тиісті орындаусыз, кез келген процесс қатысушысының құқықтарын жүзеге асыру және мүдделерін қорғау мүмкін еместігін, тек бірыңғай және үйлесімді жүйеде жұмыс істей отырып, бір - бірін өзара алмастыра және толықтыра отырып, құқықтарды жүзеге асыру, мүдделерді қорғау және міндеттерді орындау кепілдіктері оның қылмыстық іс жүргізу мәртебесін қамтамасыз етуге қабілетті екенін атап өту қажет [53, 183 б.].

Әлбетте, күдіктінің құқықтарын, заңды мүдделерін және міндеттерін жеке, оларды қамтамасыз ету мен іске асырудың күрделі және көп деңгейлі жүйесінен бөлек зерделеу, оның қылмыстық іс жүргізу қатынастары саласына қатысуын одан әрі жетілдіруде қандай да бір мәнге ие болмайды. Бұл күдіктінің құқықтарының, заңды мүдделері мен міндеттерінің кепілдіктерін, оның құқықтық мәртебесінің құрылымына қосу қажеттілігін анықтайды және бұл мәселе көлемді болуына байланысты, жұмыстың келесі тарауында қарастырылады.

2 ҚАЗІРГІ ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕДЕ КҮДІКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАНДАРТТАРДЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

2.1 Күдіктімен қарым-қатынас жасау бойынша халықаралық стандарттар және олардың топтастырылуы

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Европалық Конвенцияда көзделген халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларына және іс жүргізу нормативтеріне ұлттық заңнаманы сәйкестендіру жөніндегі біздің мемлекетіміздің қызметінің қисынды нәтижесі ҚР ҚПК тікелей көрініс табады, мұнда «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы сотының қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік қаулылары қылмыстық процестік құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады», сондай-ақ «Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдылыққа ие және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетіндігі туындайтын жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады» (ҚР ҚПК-нің 2 бабының 3-тармағы). Бұл факт қылмыстық қудалауды жүзеге асыру барысында, оны күдікті ретінде сот ісін жүргізуге тарту кезеңін қоса алғанда, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық құқық нормаларын мұқият және жан-жақты зерделеу қажеттілігін негіздейді.

Халықаралық құқықта күдіктінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуын реттейтін бірқатар нормалар кешені бар. Бұл нормалар әртүрлі деңгейдегі көптеген халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілгенін көруге болады.

Соңғыларының ішінде анағұрлым маңызға ие болып БҰҰ мен Европа Кеңесінің резолюциялары, декларациялары мен басқа да актілері табылады, олардың ережелерінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы (БҰҰ Бас ассамблеясының 217 А қарарымен 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған) [77] және Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактісі (БҰҰ Бас ассамблеясының 2200 А (XXI) қарарымен 1966 жылы 19 желтоқсанда қабылданған) [78] сияқты негізгі құжаттардың идеялары мен қағидалары өз дамуын табады.

Олар:

- БҰҰ-ның 1955 жылы Женевада өткен қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жөніндегі бірінші конгресінде қабылданған және экономикалық және әлеуметтік кеңес 1957 жылғы 31 шілдедегі 663 С (XXIV) және 1977 жылғы 13 мамырдағы 2076 қарарларында мақұлданған Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық Ережелері [79];

- БҰҰ –ның Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсандағы 45/111 қарарымен қабылданған және жарияланған Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың негізгі қағидалары [80];

- 1988 жылғы 9 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 қарарымен қабылданған қандай да бір нысанда ұстап алуға не қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидаларының Жинағы [81];

- Бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарды қорғауға қатысты Біріккен Ұлттар ұйымының ережелері. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсандағы 45/113 қарарымен қабылданған [82];

- Барлық адамдарды азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғау туралы Декларация. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1975 жылғы 9 желтоқсандағы 3452 (XXX) қарарымен қабылданған [83];

- Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенция. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1984 жылғы 10 желтоқсандағы 39/46 қарарымен қол қойылып қабылданған [84];

- Қамауға алынған немесе ұстап алынған адамдарды азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғауда денсаулық сақтау қызметкерлерінің, әсіресе дәрігерлердің роліне қатысты медициналық этика қағидалары. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1982 жылғы 18 желтоқсандағы 37/194 қарарымен қабылданған [85];

- Өлім жазасына кесілгендердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін шаралар. 1984 жылы 25 мамырда Экономикалық және әлеуметтік Кеңестің 1984/50 қарарымен қабылданған [86];

- Құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар тәртібінің Кодексі. 1979 жылы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 34/169 қарарымен қабылданған [87];

- Құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалардың күш пен атыс қаруын қолданудың негізгі қағидалары. 1990 жылғы 27 тамыз бен 7 қыркүйек аралығында Кубада Гавана қаласында өткен БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жөніндегі сегізінші Конгресінде қабылданды [88];

- Заңгерлердің роліне қатысты негізгі қағидалар. 1990 жылы 27 тамыз бен 7 қыркүйек аралығындағы Кубада, Гавана қаласында өткен БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас бойынша сегізінші Конгресінде қабылданды [89];

- Сот қудалауын жүзеге асыратын тұлғалардың роліне қатысты басшылық қағидалар. 1990 жылы 27 тамыз бен 7 қыркүйек аралығындағы Кубада, Гавана қаласында өткен БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас бойынша сегізінші Конгресінде қабылданды [90];

- Біріккен Ұлттар Ұйымының түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты минималды стандарт Ережелері (Токио ережелері) 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 45/110 қарарымен қабылданған [91];

- Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу бойынша

Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылық қағидалары (Эр-Рияд басшылық қағидалары). 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ –ның Бас Ассамблеясының 45/112 қарарымен қабылданып, жарияланды [92];

- Қылмыс және билікті асыра пайдалану құрбандары үшін сот төрелігінің негізгі қағидаларының Декларациясы. 1985 жылы 29 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 40/34 қарарымен қабылданған [93];

- 1950 жылы 4 қарашадағы Европа Кеңесінің адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Конвенциясы [94].

Жоғарыда келтірілген және басқа да халықаралық-құқықтық актілерді зерделеу, олардың ішінен мұндай адамдардың мемлекеттің қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысуын реттейтін нормалардың екі негізгі блогын бөліп қарауға мүмкіндік береді:

1) дефинитивті нормалар, олардың негізгі мақсаты реттелетін қарым-қатынастардың бөлек, жеке субъектісі ретінде күдіктінің ұғымын қалыптастыру және маңызды белгілерін бөліп көрсету болып табылады;

2) әрбір күдікті ие болуға тиіс құқықтардың қажетті ең аз көлемін белгілеуге және кепілдендіруге бағытталған ережелер.

Халықаралық-құқықтық құжаттарда негізінен қылмыс жасағаны үшін сотталған немесе оларға қарсы ресми тағылған айыптау бойынша тергеуде жүрген адамдарға қатысты, күдікті кездесетін аз дефинитивті нормалар бар.

Мысалы, 1950 жылы 4 қарашада Римде қабылданған Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияның (Еуропа Кеңесінің) 5 бабының 1 бөлігінің «с» тармағында адамды «негізделген күдік бойынша» қамауға алу немесе ұстап алу туралы айтылады [94].

«Негізделген күдік» ұғымының түсіндірілуін біз үшін салыстырмалы түрде жаңа болып табылатын, дегенмен де адам мен азаматтың құқықтарын сақтау саласында халықаралық стандартты ережелердің өте маңызды нормативті көзі болып саналатын Адам құқықтары бойынша Еуропалық сот шешімдерінен кездестіруге болады. Мәселен, 1990 жылғы 30 тамыздағы "Фокс, Кэмпбелл және Біріккен Корольдікке қарсы Хартли" (Fox, Campbell and Hartley v. United Kingdom) ісі бойынша Еуропалық соттың қаулысында «негізделген күдіктің» болуы объективті бақылаушыны сөз болып отырған адамның құқық бұзушылық жасауы мүмкін екендігіне сендіре алатын фактілер мен ақпараттың болуын болжайды деп түсіндіріледі.

Бұл ретте Б.М. Лабозовтың Ресей Федерациясына қарсы № 62208/00 шағымының қолайлылығы мәселесі бойынша 2002 жыл 28 ақпанда қабылданған адам құқықтары бойынша Еуропалық Кеңестің шешімінде «күдік деңгейі» ұғымы тергеу органдары қамауға алу кезінде болсын, қамауға алынған адамның қамауда болу кезінде болсын айып тағу үшін жеткілікті деңгейде дәлелдер табу керектігін қарастырмайтындығын түсіндіреді. Күдік туғызатын фактілер қылмыстық іс бойынша тергеу процесіндегі келесі кезеңде айып тағу үшін қажет болатындай сендіру дәрежесіне ие болмауы тиіс.

1990 жылы тамызда қылмыстың алдын алу бойынша Нью-Йоркте БҰҰ-ның сегізінші Конгресінде қабылданған адвокаттардың рөлі туралы Негізгі ережелердің 7-ші ережесінде, «ұстап алынған, қамауға алынған немесе түрмеге

жабылған адамға қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы айып тағылуы немесе тағылмауы» туралы айтылады. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1988 жылғы 9 желтоқсандағы 43/173 қарарымен қабылданған Қандай да бір нысанда ұстап алуға не қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидалары Жинағының терминологиясына сәйкес «қамауға алу» сөзі қандай да бір құқық бұзушылық жасады деген «күдік бойынша» адамды ұстау актісін білдіреді. Дәл осы құжаттың 36 қағидасында ұсталған адамның «күдіктінің» құқықтары жарияланады (декларацияланады). БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 1 желтоқсандағы 45/110 қарарымен қабылданған Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты минималды стандарт Ережелерінің (Токио ережелерінің) 2.1 тармағында осы ережелердің орындалу мақсаты үшін оларға қатысты сот қудалауы жүзеге асырылатын адамдар, сот немесе үкімді орындау «күдікті немесе сотталған» болып табылатынына қарамастан, «құқық бұзушылар» деп аталады. Осылайша, халықаралық құқықта «күдікті» тұлғасына қылмыстық іс жүргізудің дербес субъектісі ретінде жол беріледі және танылады деп қорытынды жасауға болады.

Нормалардың екінші тобына негізінен, күдіктінің өз құқықтарын жүзеге асыруына кепілдік беруге және осы құқықтардың көлемі қарастырылатын қатынастардың басқа субъектілеріне қарағанда кем болмауын қадағалауына арналады.

Осылайша, 1955 жылы Женевада қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас бойынша БҰҰ-ның бірінші Конгресінде қабылданған Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық Ережелерінің 95 бабында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 9-шы бабының ережелеріне нұқсан келтірмей қамауға алынған немесе айыптаусыз түрмеге жабылған адамдарға, басқа адамдарға (азаматтық немесе қылмыстық іс бойынша тек тергеуде жатқандар немесе сотталғандар) көрсетілетін сияқты қорғау көрсетілетіндігі айтылады. Тиісті ережелер қамауға алынған адамдардың осы ерекше тобына пайда келтіруі мүмкін жағдайларда қолданылады.

Күдіктінің өзінің құқықтарына келетін болсақ, халықаралық шарттарда оларды ұстап алу және қамауға алу кезінде - қылмыстық қудалауда неғұрлым қорғалмаған жағдайдағы адамның негізгі және жалпыға танылған құқықтарының ең аз көлемі түрінде ғана ұсынылған.

Мұндай құқықтарға қорғалу құқығы, ана тілін пайдалану құқығы, тегін медициналық қызмет көрсету құқығы жатады.

Қорғалу құқығы қандай да бір нысанда ұстап алуға немесе қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидалары Жинағының 13-ші қағидасына сәйкес, кез келген адамға ұстап алудың басында немесе одан кейін көп ұзамай ұстауға жауапты орган оған мәлімет береді және оның құқықтары және ол осы құқықтарды қалай пайдалана алатындығы түсіндіріледі; осы Жинақтың 11-ші қағидасына сәйкес, ұстап алынған адамға немесе оның адвокаты болған жағдайда оған ұстап алу туралы қаулы жөніндегі кез келген ақпарат, сондай-ақ ұстап алу себептері кідіріссіз түсіндірілуі тиіс, бұл ретте Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияның (Еуропа Кеңесінің) 5-

бабының 2-бөлігіне сәйкес, бұл оған түсінікті тілде жасалуы тиіс. Адвокаттардың рөлі жөніндегі Негізгі ережелердің 1-ші және 6-шы ережелеріне сәйкес, кез келген адам қылмыстық іс жүргізудің барлық сатысында адвокат көмегіне жүгіне алады; ал ұстап алынған адамға заң көмегі оған қажетті қаражаты жоқ болған жағдайда тегін көрсетілуі керек. 7-ші ережеде Үкімет қылмыстық іс жасағаны үшін айып тағылып немесе айып тағылмай ұстап алуға ұшыраған, қамауға алынған немесе түрмеге жабылған адам ұсталған немесе қамауға алынған сәттен бастап, қандай жағдай болмасын 48 сағаттан кешіктірмей адвокатқа жылдам қол жеткізуін қамтамасыз ету керек делінген. Қандай да бір нысанда ұстап алуға немесе қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидалары Жинағының 18-ші қағидасына сәйкес, ұстап алынған адам тез арада немесе цензурасыз және толық құпиялылықты сақтай отырып адвокатпен байланысуға және кеңес алуға құқылы.

Тегін медициналық қызмет көрсету құқығы туралы, мысалы, «Қандай да бір нысанда ұстап алуға немесе қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидалары» Жинағының 24-ші қағидасында атап өтіледі, онда ұстап алынған адам ұстау немесе қамауға алу орнына келген соң мүмкіндігінше тез арада тиісті медициналық тексеруден өтуге мүмкіндік берілетіні, ал кейіннен қажет болған жағдайда медициналық қызмет пен емдеу тегін жүргізілетіндігі анықталып көрсетілген.

Ана тілін пайдалану құқығы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның 6-шы бабында, Қандай да бір нысанда ұстап алуға немесе қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидалары Жинағының 14-ші қағидасында, сондай-ақ басқа да бірқатар халықаралық келісімдердің ережелерінде көрініс тапқан. Осы құқыққа сәйкес, оны ұстап алуға жауапты құқық қорғау органдары қызметкерлері қолданатын тілді жақсы түсінбейтін немесе ол тілде сөйлей алмайтын адам, қажет болған жағдайда аудармашының көмегін мүмкіндігінше тезірек, сондай-ақ тегін алуға құқылы.

Осы міндетті минималды құқықтарды қорғау үшін, халықаралық шарттарда кепілдіктер белгіленген. Олар күдіктіні ұстап алудың және оны кейіннен күзетпен ұстаудың әртүрлі деңгейлерінде және кезеңдерінде, ұстап алудың өзін жүзеге асырудан бастап және оған арнайы уәкілдік берілген органдар тарапынан ұстауды бақылауға дейін әрекет етеді.

Мұндай кепілдіктердің жүйесі В.Н. Григорьевтің «Күдіктіні ұстап алу» атты кітабында өте жақсы қарастырылған, онда ол деңгейіне, сонымен қатар ұстап алу және күзетпен ұстау кезеңіне байланысты алты топқа бөлініп ерекшеленеді, олар: азаматтарға бірдей таратылуы; ұстап алудың өзінің ережелері (ұстап алудың заңдылығы; ұсталған адамды ұстау режимі; ұстап алуды құжаттық рәсімдеу; ұсталғандығы жөнінде отбасы мүшелеріне хабарлау); ұсталғандарды ұстау шарттары (категориялар бойынша бөлу, үй жайларға қойылатын талаптар, ұсталғандарды ұстау орындарының персоналдарына қойылатын талаптар); ұсталған адаммен қарым-қатынас жасау (азаптауға тыйым салу, ұсталған адамның жеке басының ар намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, айғақтар беруге мәжбүрлеуге тыйым салу); ұсталған адамның құқықтық жағдайы мен құқықтары; ұсталуды бақылау және қадағалау

(ұстап алуға соттық немесе басқалай да бақылау, ұсталғандарды ұстау орындарында бақылау мен қадағалау, шағым жасау құқығы, ұсталған адамның жанұясына көмек көрсету, ұсталған адамның қайтыс болу немесе жоғалып кету фактісін тергеу) [95, 34-35 бб.].

Біздің ойымызша, олардың ішінде анағұрлым маңыздысы болып ұстап алудың, ұстап алынғандармен қарым-қатынас жасаудың және ұстап алуға бақылау мен қадағалаудың заңды болуының кепілдіктері табылады, өйткені олардың қаншалықты жақсы жұмыс жасауына келешектегі сот талқылауының нәтижесі, демек, нақты адамның- ұстап алынған күдіктінің тағдыры байланысты болады.

Қандай да бір нысанда ұстап алуға немесе қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидалары Жинағының 2, 4, 11, 12 –ші қағидаларына сәйкес, ұстап алудың заңдылығы дегеніміз: ол- қатаң түрде заң ережелеріне сәйкес және құзіретті лауазымды тұлғалар немесе осы мақсат үшін заңмен уәкілеттілік берілген адамдармен жүзеге асырылады; ұстап алу туралы қаулының негізінде ғана жүзеге асырылады; ұстап алынған адамға немесе оның адвокатына ұстау туралы кез- келген қаулы бойынша және ұстау себептері жөнінде толық ақпарат кідіріссіз берілуі керек; ұстап алу хаттамасында міндетті түрде ұстау себептері, нақты ұстау уақыты және ұстау орнына қамау уақыты, құқық қорғау органдарының тиісті лауазымды адамдарының аты-жөні, ұстау орны туралы нақты деректер көрсетілуі тиіс; мұндай хаттама ұстап алынған адамға немесе оның адвокатына беріледі.

Ұстап алудың заңдылығына қатысты маңызды ережелер Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда қарастырылған. Осылайша, 5-баптың 1-бөлігінің «с» тармағына сәйкес, адамды заңды түрде ұстап алуға немесе күзетпен ұстау мынадай жағдайларда ғана жүзеге асырылады:

А) құқық бұзушылық жасады деген негізделген күдік бойынша ұстап алынған адамды құзіретті органға ұсыну мақсатында; б) оның құқық бұзушылық жасауының алдын алу немесе оны жасағаннан кейін жасырынуға кедергі жасау қажет деп есептеуге жеткілікті негіздер болған жағдайда ғана жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте, осы баптың 3-бөлігіне сәйкес, әрбір ұстап алынған немесе күзетпен ұсталған адам, осындай жағдайларда судьяға немесе заңға сәйкес сот билігі бар өзге де лауазымды адамға тез арада жеткізілуі тиіс және қисынды мерзім ішінде сот талқылауына немесе сотқа дейін босатылуға құқылы, ол сотқа келу кепілдігін берумен байланысты болуы мүмкін.

Күдіктіні ұстап алудың және оны күзетпен ұстаудың заңдылығы режимі үшін Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның 5-бабының 2-бөлігіне сәйкес, күдіктіге оны қамауға алу себептерін ғана емес, оған айып тағуды да түсінікті тілде түсіндіру талабы маңызды болып табылады. Қазіргі заманғы Қазақстандық заңнамаға сәйкес, ҚР ҚПК-нің адамды соттың санкциясынсыз жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алуға жол берілетіндігі тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, адамды соттың санкциясынсыз күзетпен ұстауға жол беріледі, яғни адам қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге, ал кәмелетке толмаған адам жиырма төрт

сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынуы мүмкін.

2017-2020 жылдар аралығындағы «Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы» 1-Е статистикалық есептің негізгі көрсеткіштерінде, ұстап алынған адамдар, ол адамдарға қолданылған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шаралары және босатылғандар туралы мәліметтер көрсетілген (5-кесте).


6-кесте

	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Ұстап алынғандар	16993	10455	11937	13476
Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылғандар	13804	8681	9266	10513
Босатылғандар	1466	1247	2145	2450

2017 жылғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстап алынған адамдардың айтарлықтай бөлігіне күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылған [96].

Диаграмма № 10

2017 ЖЫЛ




2017 жылмен салыстырғанда, 2018 жылы ҚР ҚПК-нің 128 бабына сәйкес ұстап алынған адамдардың саны 38,5 %-ға азайған. Барлығы 2018 жылы 10 455 адам ұстап алынған болса, соның ішінде- 1991 адам 72 сағаттан аспайтын мерзімге; 8376 адам- 48 сағаттан аспайтын мерзімге; 72 адам 24 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынған.

Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылған адамдар саны 2017 жылға қарағанда 37,1 %-ға, ал босатылғандар саны 14,9 %-ға азайған [97].

Диаграмма № 11

2018 жыл




2018 жылмен салыстырғанда, 2019 жылы ҚР ҚПК-нің 128 бабына сәйкес ұстап алынған адамдардың саны 14,2 %-ға артқан. Барлығы 2019 жылы 11 937 адам ұстап алынған болса, соның ішінде- 2285 адам 72 сағаттан аспайтын мерзімге (алдыңғы жылға қарағанда 14,8 %-ға көбейген); 9533 адам- 48 сағаттан аспайтын мерзімге (13,8 %-ға артқан); 117 адам 24 сағаттан аспайтын мерзімге (62,5 %-ға артқан) ұстап алынған.

Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылған адамдар саны 2018 жылға қарағанда 6,7 %-ға, ал босатылғандар саны 72,0 %-ға артқан [98].

Диаграмма № 12

2019 жыл




2020 жылдың көрсеткіштеріне сәйкес, ұстап алынған адамдардың саны 12,9 %-ға артқан. Барлығы 2020 жылы 13476 адам ұстап алынған болса, соның ішінде- 2549 адам 72 сағаттан аспайтын мерзімге (алдыңғы жылға қарағанда

11,6 %-ға көбейген); 10805 адам- 48 сағаттан аспайтын мерзімге (13,3 %-ға артқан); 122 адам 24 сағаттан аспайтын мерзімге (4,3 %-ға артқан) ұстап алынған.

Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданылған адамдар саны 2019 жылмен салыстырғанда 13,5 %-ға, ал босатылғандар саны 14,2 %-ға артқан [99].

Диаграмма № 13



Ұстап алынған адамдармен қарым-қатынас жасаудың басты ережелері, Қандай да бір нысанда ұстап алуға немесе қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидалары Жинағының 6-шы және 21-ші қағидаларында белгіленген, оған сәйкес ұстап алынған адамды азаптауға немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер түрлеріне ұшыратуға тыйым салынады, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын мойындату мақсатында күдіктінің жағдайын теріс пайдалануға, қандай да бір өзін-өзі әшкерелеуге немесе кез келген басқа адамға қарсы айғақтар беруге тыйым салынған.

Сонымен қатар, 29-шы және 32-ші қағидаларында, ұстау орындарына биліктен басқа білікті адамдар тұрақты түрде келіп тұруы тиіс, сонымен қатар ұсталған адам немесе оның адвокаты кез келген уақытта ішкі заңнамаға сәйкес ұстаудың заңдылығына наразылық келтіру үшін сот немесе басқа да органға жүгінуге құқығы бар екендігі анықталады (бұл ретте ұстауды жүзеге асыратын билік органдары, негізсіз кедергілерсіз ұсталған адамды оның ісін қарайтын органға беруі тиіс).

Жеке ұстап алынған немесе күзетпен ұсталған адам мен азаматтың құқықтарын қорғаудың қосымша кепілдігін адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың қызметі білдіреді. Қазақстан үшін бұл тұрғыда «Қалашников Ресей Федерациясына қарсы (№47095/991 шағым)» ісі бойынша Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың 2002 жылғы 15 шілдедегі Қаулысын айтуға болады. Бұл шешімде Магадан қаласының ИЗ-47/1 тергеу изоляторында өтініш берушіні күзетпен ұстау шарттары, адамның ар-намысын қорлайтын іс-

әрекетке теңестірілді және тиісінше осы баптың талаптарын бұзды деп танылды. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның 3-ші бабы, ешкім азаптауға да, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекетке немесе жазалауға ұшырамауы тиіс деген ережені белгілейді.

Аталған тарауда мазмұндалған тұжырымдарды жинақтай отырып, былай деуге болады:

а) халықаралық құқық нормаларында күдіктінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуын реттейтін нормалар жиынтығы бар;

б) күдіктінің қылмыстық процеске қатысуын халықаралық құқықта регламенттеу, қылмыстық қудалау кезінде неғұрлым қорғалмаған жағдайда, яғни ұстап алу және күзетпен ұстау кезінде адамның және азаматтың негізгі және жалпы танылған құқықтарының минималды көлемін белгілеу түрінде жүзеге асырылады.

2.2 Кейбір шет мемлекеттердің мысалында күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша халықаралық тәжірибе

Отандық қылмыстық сот ісін жүргізуде күдікті институтының нормаларын қолдану тәжірибесі, адамды мемлекеттік органдардың қылмыстық іс жүргізу қызметі саласына тарту және бұл ретте оның құқықтары мен бостандықтарын сақтау қажеттілігімен байланысты көптеген шешілмеген мәселелерді анықтады. Осы мәселелерді оңтайлы шешуге тиісті қатынастарда шет елдердің оң заң шығарушылық және құқық қолдану тәжірибесін зерделеу мен пайдалану міндетті түрде ықпал ететін болады.

Күдікті институты қандай да бір елде қалай реттелетінін қарастырайық.

Франция. Францияның қылмыстық сот ісін жүргізуі - қылмыстық процестің «аралас» түрінің негізі және өкілі болып табылады, ол сотқа дейінгі өндірісті құпия, жазбаша және салыстырмалы түрде жарыспалы емес деп және жариялы, ауызша, жарыспалы сот өндірісі деп бөлінеді.

Францияның 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасыр бойы жүргізілген қылмыстық іс жүргізу заңнамасының көптеген реформалары, оның қылмыстық процесінің сотқа дейінгі сатыларында жарыспалылық бастауларының айтарлықтай күшеюіне алып келгенін атап өткен әділ болады.

Франция ҚПК-де «күдікті» деген өңделіп қойылған ұғым жоқ, алайда кейбір нормаларда «қылмысқа қатысты деп күдік келтірілген адам» немесе «оған қарсы айғақтар бар адам» көрініс табады [100].

Сонымен қатар, француз қылмыстық процесс теориясында «күдікті» (suspect) термині белгілі, дегенмен оның даму дәрежесі жақсартуды қажет етеді [101, 28 б.]. Күдікті институтын зерттеген ғалымдар өз еңбектерінде, күдіктінің мәртебесінің екі аспектісіне ғана тоқталған: бұл, қорғаушының болмауы (бұл аспект өзекті болудан қалды, өйткені 1993 жылдан бастап қорғаушы заңға сәйкес сот ісін жүргізудің бастапқы сатыларынан іске қатыстырыла бастаған) және ұстап алу мүмкіндігі [102, 348 б.].

Белгіленген ұстанымдарды негізге ала отырып, Француз қылмыстық процесінде күдікті деп әлі істі қарауға тартылмаған, бірақ оған қарсы оның

қылмыс жасауға қатыстылығын куәландыратын айғақтар бар және осы мән-жайларға байланысты оған ұстап алу қолданылуы мүмкін адам танылады.

Анықтау Францияның қылмыстық процесінің міндетті емес сатысы болып табылады - оны жүргізу қылмыстық қудалауды қозғау туралы шешім қабылдау кезінде прокурорға қосымша ақпарат қажет пе, жоқ па соған байланысты. Алайда қылмыстық істердің басым бөлігі сот полициясымен жүргізілетін анықтаусыз өтпейді (осыған байланысты көптеген процессуалистер процестің бұл сатысын «полициялық» деп атайды) [102, 359 б.]. Анықтауды жүргізу кезінде полицияның басты міндеті- алғашқы кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу, дәлелдемелерді жинау және қылмыс жасауы мүмкін адамды анықтау болып табылады. Тиісінше, дәл осы Францияның қылмыстық процесінің «полициялық» сатысында, яғни анықтау сатысында күдікті жиі кездеседі.

Анықтау жүзеге асырылуы мүмкін төрт нысан бар – айқын қылмыстарды (теріс қылықтарды) анықтау, бастапқы анықтау, жеке адамды тексеру және күмәнді өлімді анықтау. Олардың негізгілері айқын қылмыстарды анықтау және бастапқы анықтау болып табылады.

Айқын қылмыстарды (теріс қылықтарды) анықтау Франция ҚПК-нің 53-бабына сәйкес мынадай шарттардың бірі болған кезде жүргізіледі:

- қылмыс (теріс қылық) анықталған кезде немесе енді ғана жасалғанда;
- адам қылмыс жасағаннан кейін көп ұзамай «адамдардың көтеріңкі дауыстарымен» іздестірілгенде, онда заттар табылса немесе онда оның жасалған қылмысқа қатыстылығы туралы жорамалдауға негіз болатын іздер болса [103, 119 б.];
- қылмыстық әрекет тұрғын үй-жайда жасалса және оның иесі Республика прокурорын немесе сот полициясы офицерін осы мән-жайды куәландыруға шақырғанда.

Француз заң шығарушысы кінәсіздік презумпциясы қағидатын барынша қамтамасыз ету ниетіне байланысты ҚІЖК-ні кезекті реформалау кезінде сотталмаған адамдарға қатысты "кінә" түбірімен терминологияны пайдалануға жол бермеу туралы шешім қабылдады және, тиісінше, "айыпталушының" орнына "қарауға тартылған адам" пайда болды [102, 359 б.].

Анықтаудың осы нысанын жүргізу үшін, заң шығарушы полицияға өте кең өкілеттіктер берген, оның ішінде атап айтсақ, күдіктіге процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану (оған ұстап алу да кіреді), бұл қылмыс жасау фактісінің айқындығымен түсіндіріледі. Айқын қылмыстар бойынша анықтауды жүргізудің сегіз күндік мерзімі, жария талап арыз қозғау туралы шешімнің кешіктірілуіне мүмкіндік бермейді.

Францияның ҚПК-нің 75-78 баптарына сәйкес, бастапқы анықтау сот полициясымен айқындық белгілері болмаған кезде жүргізіледі және ол айқын қылмыстар бойынша анықтаудан ең алдымен ұстап алуды қоспағанда, полицияда процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқықтың болмауымен ерекшеленеді. Осылайша, Франция ҚПК-нің 76-шы бабына сәйкес, бастапқы анықтауды жүргізу кезінде заттай дәлелдемелерді алу және тінту, тек мүдделі тұлғаның келісімімен ғана орын алуы мүмкін. Осыған қарамастан іс

жүзінде, тәжірибеде полициямен бастапқы анықтау кезінде де тінтулер кеңінен қолданылады, өйткені, мүдделі тұлғаның келіспеуі «елеулі күдіктер» [104, 67 б.] туғызады және оны ұстау мүмкіндігіне негіз болады.

Жоғарыда айтып өткендей, ұстап алу айқын қылмыстарды (теріс қылықтарды) анықтау кезінде де, сондай-ақ бастапқы анықтау кезінде сот полициясының офицерлерімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте айқын қылмыстарды (теріс қылықтарды) анықтау кезінде полиция «қажетті мәліметтер бере алатын» адамды, басқаша айтқанда, тіпті қарапайым куәні де (біздің түсінігімізде) ұстауға құқылы, ал бастапқы анықтау кезінде оған қарсы қандай да бір айғақтар бар адам ғана ұстап алынуы мүмкін.

Айта кететін бір жайт, Францияның қылмыстық іс жүргізу құқығында ұстап алу дегеніміз «күзетте қалдыру» дегенді білдіреді, ал адамды ұстап алу немесе учаскеге келген сәтке дейін (не учаскеден) алып бару процесі- қамауға алу (arrestation) деп аталады.

Жалпы ереже бойынша ұстап алу мерзімі 24 сағатты құрайды және республика прокурорымен тағы 24 сағатқа ұзартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда бастапқы анықтау кезінде адам міндетті түрде прокурорға жеткізілуі тиіс. Сондай-ақ, егер ұсталған адамға қарсы ешқандай айғақтар жоқ болса, онда ол одан жауап алу үшін қажетті уақытқа ғана ұсталынуы мүмкін (жоғарыда айтылғандай, мұндай ұстау тек айқын қылмыстарды анықтау кезінде ғана мүмкін болады).

Ұстап алу мерзімін одан әрі ұзартуға жол берілмейді. Осы мерзім ішінде ұсталған адамды босату туралы немесе оның ісі бойынша қылмыстық қудалауды ресми қозғау және оған процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану (немесе қолданбау) туралы шешім қабылдануы тиіс.

Францияның қылмыстық сот ісін жүргізуінде, ұстап алынған адамға мынадай құқықтар беріледі: полициямен өз құқықтары туралы хабардар етілу құқығы, бұл жерде адам анықтаушылардың сұрақтарына жауап бермеуге құқылы екені туралы дереу хабардар етілуі тиіс; отбасы мүшелерінің немесе онымен бірге тұратын өзге де адамдарды, өзінің жағдайы туралы телефон арқылы тез арада ескерту құқығы; медициналық куәландыру құқығы; ұстап алынғаннан кейін қорғаушымен 30 минуттық кездесуге құқығы және ұстап алудың басталуынан 20 сағаттан кейін екінші рет кездесу құқығы. Ұстап алу мерзімі ұзартылған жағдайда, 12 сағаттан кейін ұсталған адамның қорғаушымен үшінші кездесу құқығы туындайды.

Адам күдіктінің жағдайында алдын-ала тергеу сатысында да тергеу судьясы қарауға тарту туралы шешім қабылдағанға дейін болуы мүмкін, ол Францияның ҚПК-нің 81-1-бабына сәйкес, адамның тергелетін іс әрекетті жасауға қатысуын шынайы куәландыратын «елеулі және өзара келісілген дәлелдемелер» болған кезде ғана қабылдануы мүмкін. Заң тергеу судьясын тек жеткілікті көлемде дәлелдемелер болған жағдайда ғана және қорғалу құқығын қамтамасыз ету қағидасын бұзбау үшін мұны уақытылы жасауға міндеттейді.

Адамды қарауға тартудың алдында міндетті түрде одан жауап алу (түсініктеме алу) жүзеге асырылуы тиіс деген шарт қызықты жағдай болып табылады. Бірақ адам осы сәтте айыпталушы болмағандықтан бұл күдіктіден

жауап алу сияқты болады.

Мұндай жауап алудың екі нұсқасы бар. Осылайша, Францияның ҚПК-нің 116-бабына сәйкес күдікті пайда болған кезде (ол шақыру қағазымен шақырылуы мүмкін немесе күштеп әкелінуі мүмкін) тергеу судьясының кабинетінде соңғысы жауап алынып отырған адамның жеке басын анықтайды және оған алдағы айыптаудың мәні мен заңдық біліктілігін, сонымен қатар оның құқықтарын, оның ішінде қорғаушының қатысу құқығын және үнсіздік сақтау құқығын немесе іс бойынша өзінің түсініктемелерін ұсыну не тергеу судьясының сұрақтарына жауап беру құқығын түсіндіреді. Егер күдікті қорғаушысыз келсе, онда тергеу судьясының міндеттеріне қорғаушыны шақыруға уақыт беру немесе қорғаушы тағайындау туралы өкім беру кіреді. Қорғаушы келген жағдайда, оған іс материалдарымен танысуға және өзінің қорғауындағы адаммен кездесуге мүмкіндік беріледі.

Жоғарыда баяндалған рәсімге балама ретінде «көмекші куәдан» жауап алу қызмет етеді, ол прокурордың талабы бойынша немесе азаматтық талапкердің оған қатысты алдын-ала тергеу жүргізу туралы шағымында көрсетілген адам болып саналады немесе оған қарсы іс бойынша қандай да бір куә көрсетсе немесе «ол қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысы бар деп болжауға мүмкіндік беретін оған қарсы айғақтар болатын» [100] адам болып табылады. «Көмекші куә» кез-келген куә сияқты, тергеу судьясының шақыруы бойынша келуге және айғақ беруге міндетті, бірақ сонымен бірге оған айыпталушыға тән бірқатар құқықтар беріледі – ант қабылдамай жауап беруге, оған қарсы көрсетуші адаммен беттестірудің жүргізілуін талап етуге, барлық жауап алуға қатысуға және жауап алуға дейін іспен танысуға құқылы болып табылатын қорғаушысының болуына құқығы бар. Сонымен қатар, «көмекші куә» өзін айыпталушылар қатарына «ауыстыруды» талап етуге құқылы, бұл оның тиісті іс жүргізу мәртебесін, яғни тиісті кең құқық спектрі бар істі қарауға тартылған адамның мәртебесін алуға әкеледі.

Жауап алудан кейін тергеу судьясы адамды қарауға тарту туралы түпкілікті шешім қабылдайды немесе өзінің ниетінен бас тартады (мұндай жағдайда адамда «көмекші куә» мәртебесі сақталады). Бұл ретте Заң осы шешімдердің ешқайсысы туралы арнайы қаулы шығаруды талап етпейді.

Осылайша, Францияның ҚПК-де «күдікті» деген айқын түсінік жоқ.

«Француздық күдіктінің» айрықша белгілерінің арасында адамды осындай деп тану үшін заңда анық жазылған негіздердің жоқтығын, терминологияның анықсыздығын (жоғарыда көрсетілгендей, әртүрлі жағдайларда күдікті адам «жай ғана ұсталған», «көмекші куә» және т.б. деп әртүрлі аталуы мүмкін) және осыдан туындайтын күдіктінің іс жүргізу мәртебесінің белгісіздігін атап өтуге болады. Осымен қатар, француздық қылмыстық процеске тән, алайда қазақстандық қылмыстық процеске бейтаныс болып табылатын адамның құқықтары мен мүмкіндіктерінің кең спектріне тез арада қол жеткізу мақсатында өз қалауы бойынша күдікті адам мәртебесін алу мүмкіндігін атап айтпаса болмайды.

Австрия. Австрияның қылмыстық іс жүргізу теориясында күдіктінің сот ісін жүргізуге қатысуын білдіретін терминдерді түбегейлі оқшаулауға баса

назар аударылмайды. Мысалы, австриялық ғалымдардың көпшілігі күдікті деп нақты қылмыстық іс бойынша оған қатысты сот ісі жүргізіліп жатқан адам танылуы тиіс деген пікірге саяды [105, 123-124 бб.]. Сонымен қатар, қылмыстық іс қозғалысының әртүрлі кезеңдерінде бұл адам әртүрлі аталады: қылмыстық қудалауды қозғаған кезде- күдікті; алдын-ала тергеуді бастау туралы ұсыныс шығару кезінде немесе айыптау актісін шығару кезінде – күдікті; сот талқылауы басталған сәттен бастап және барлық одан кейінгі кезеңдерде – сотталушы. Сонымен қатар, В.Н. Бутов Австрияның қылмыстық іс жүргізу кодексінде бұл терминология көп жағдайда қолданылмайды деп атап өтті [106, 87 б.].

Осылайша, Австрияның қылмыстық іс жүргізу процесіне сәйкес, күдікті ретінде айыптау актісі шығарылған сәтке дейін оған қатысты сот ісі жүргізіліп жатқан адам танылады деп айтуға болады.

Австрияда қылмыстық процесті алдын-ала жүргізу алдын-ала тергеуден және күдікті ретінде танудан тұрады. Бұл ретте алдын-ала тергеу не анықтау, не алдын-ала тергеу нысанында немесе аралас нысанда (бастапқы жүргізілетін анықтаумен және кейінгі алдын-ала тергеумен) жүргізілуі мүмкін [106, 41 б.].

Австрия қылмыстық сот ісін жүргізуінде күдікті анықтау және алдын-ала тергеу сатыларында (ҚР ҚПК-дегі сияқты) міндетті қатысушы болып табылады.

Австрияның ҚПК-де күдіктіге қолданылуы мүмкін келесідей қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеу шаралары қарастырылған: полицияға және сотқа шақыру, мәжбүрлеп алып келу, уақытша ұстап алу, алдын ала күзетпен ұстау.

Австрия процессуалистерінің көпшілігімен уақытша ұстап алу күдіктінің бостандығын қысқа мерзімді шектеу ретінде, оның сотқа дейінгі тергеп-тексеруге немесе сотқа қатысуын қамтамасыз ету мақсатында анықталады [107, 112 б.] және Австрияның ҚПК-нің 175-бабына сәйкес, мынадай жағдайларда болуы мүмкін:

– егер күдікті қылмыс болған жерде немесе қылмыс жасалғаннан кейін тікелей ұсталған болса, егер куәлер оны қылмыс жасауға қатысы бар адам ретінде көрсетсе немесе ол қылмыс жасаған не оның қылмыс жасауға қатысуын көрсететін қарумен немесе басқа да заттармен ұсталған болса;

– егер күдікті жасаған қылмысы үшін жауаптылықты болдырмау мақсатында немесе басқа да себептермен қоғам үшін қауіпті болып қала отырып жасырынса немесе осындай қашу қаупі болса;

– егер күдікті бостандықта бола отырып, тергеуден және соттан жасырынып немесе куәларға, сарапшыларға немесе сыбайластарына қылмыс іздерін жою арқылы қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтірсе немесе басқа да себептер бойынша қоғамға қауіп төндіреді деп болжауға негіздер болса;

– егер күдікті бостандықта жүре тұрып, жаңа қылмыс жасайды деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса немесе жаңа қылмыс жасауға әрекет жасаса не жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қоқан-лоқы көрсетсе.

«Міндетті ұстап алу» деп аталатын институт назар аудаарлық болып табылады, ол санкциясында кемінде 10 жыл бас бостандығынан айыру жазасы көзделген қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамды кез келген жағдайда

ұстауға міндеттейді.

Аталған материалдық алғышарттардан басқа, ұстап алуды жүзеге асыру үшін ресми алғышарттар да қажет, ол – тергеу жүргізетін судьяның жазбаша бұйрығы. Мұндай бұйрықсыз судьяға алып келу мақсатында қысқа мерзімді ұстауды, тергеу жүргізуге уәкілетті емес қауіпсіздік органы немесе судья қылмыс орнында ұстау кезінде, сондай-ақ күдікті жасырынып қалуы немесе жаңа қылмыс жасауы мүмкін деп қауіптенген кезде ғана жүргізуі мүмкін (Австрияның ҚПК-нің § 177, 1 абз.). Мұндай жағдайда ол 48 сағат ішінде тергеу жүргізетін судьяға жеткізіледі.

Ұстап алынған күдіктіден сотқа жеткізілгеннен кейін 24 сағат ішінде және кез келген жағдайда ұсталған сәттен бастап үш күннен кешіктірмей жауап алынуы тиіс (бұл ретте одан бұрын жауап алына алмаған себептер міндетті түрде хаттамаға енгізілуі керек). Жауап алу жүргізілгеннен кейін тергеу судьясы күдіктіні босату туралы немесе оған тиісті тәртіпте алдын ала күзетпен ұстауды қолдану туралы (оны қолдану негіздері қысқа мерзімді ұстау үшін негіздемелермен іс жүзінде сәйкес келеді) шешім қабылдайды.

Австрия ҚПК-нің § 180, 5 абзацына сәйкес, алдын ала күзетпен ұстауға балама ретінде күдіктіге мынадай шаралар қолданылуы мүмкін: қашуға оқталмауға және тергеу судьясының рұқсатынсыз тұрғылықты жерін өзгертпеу туралы міндеттеме; тергеуге кедергі келтіретін әрекет жасамауға уәде беру; ұйғарымды орындауға, белгілі бір жерде немесе белгілі бір отбасында тұруға, белгілі бір пәтерлерді, белгілі бір орындарды немесе белгілі бір байланыстарды болдырмауға, ішімдіктен немесе басқа да масайтатын заттарды пайдаланудан бас тартуға уәде беру; мекен-жайын немесе тұрғылықты жерін әрбір ауыстырған жағдайда белгілі бір уақыт аралығында сотқа хабарлап отыру; еркін жүріп тұруға құқық беретін құжаттарды немесе көлік құралдарын жүргізу үшін қажетті құжаттарды уақытша алып қою; кепілгерлікпен беру;

«Австриялық» күдіктінің құқықтық мәртебесін талдау кезінде осы адамның өзіне тән ерекшелігін бөліп көрсетуге болады, ол «күдікті» термині- «оған қатысты қылмыстық сот ісін жүргізу жүзеге асырылатын адам» терминінің біріңғай тұтас, үйлесімді жазылған және ажырамас бөлігі болып табылатындығын білдіреді.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің дамуына қарай мұндай адам күдіктіден айыпталушыға, одан кейін сотталушыға айналады. Бұл ретте оған бастапқыда қажетті іс жүргізу құқықтарының кең базалық жиынтығы беріледі (ана тілінде айғақтар беру; өзіне қойылған қылмыстық шағымдарды теріске шығаратын өзіне белгілі барлық фактілер мен мәліметтерді келтіру; өзіне қатысты туындаған барлық күдіктер мен олардың негіздері туралы мүмкіндігінше қысқа мерзімде хабардар болу; қорғаушының қызметін пайдалану; әртүрлі тергеу құжаттарының көшірмелерін алу және т.б.) және күдіктіге немесе сотталушыға «айналу» шамасына қарай, тек белгілі бір сатыға ғана тән ерекше құқықтарға ие болады (айыптау актісіне қарсылық білдіру құқығы, мысалы, соңғысын шығарған сәттен бастап және келесі 14 күн ішінде пайда болады және қолданылады). Осы жерде В.Н. Бутовтың «күдікті-айыпталушы-сотталушы» жүйесіндегі терминдердің сақталуының міндетті

еместігін атап өтуін осымен түсіндіруге болады.

Сондай-ақ, австриялық қылмыстық процесінде күдікті деп санауға болатын адамды анықтаудың негізінде, қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі емес, сол адамға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыру белгісі жатыр.

ГФР. ГФР-ның қылмыстық процесінде [108] «күдікті» және «айыпталушы» терминдерінің заңнамалық ара-жігі жоқ. Осыған байланысты Б.А. Филимоновтың Германияның ҚПК-дегі «күдікті» термині формальді, шартты болып табылады, оның іс жүргізу жағдайын анықтамайды. Өзінің іс жүргізу жағдайы бойынша мұндай күдікті кәдімгі күдікті болып табылады және ол істі тергеудің барлық кезеңінде әрекет етеді» [103, 423 б.] деп айтуы толығымен орынды, бұл сондай-ақ күдікті (біздің түсінігімізде) Германияда алдын-ала тергеудің міндетті қатысушысы (қылмыс жасады деп болжам келтірілген адамды прокурор немесе полиция анықтаған жағдайда) болып табылады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «күдік» ұғымының өзі анықтаудың барлық сатысы үшін, сондай-ақ германдық қылмыстық іс жүргізу теориясына тиісті бағыт үшін де тұжырымдамалық негіз болып табылатынын атап өтпеуге болмайды. Осылай, Германияның ҚПК-нің § 112 сәйкес, егер күдіктіге қылмыс жасады деп күдік келтірілсе және қамауға алуға негіздер болса, күзетпен ұстау қолданылады; анықтаудың мақсаты болып күдіктің болуы туралы мәселені шешу танылады; § 169-d-да күдіктінің жеке басын тексеру және анықтау және т.б. туралы айтылады.

Германия қылмыстық процессуалдық құқығы күдіктенудің үш түрін: жай (қылмыстық істі қозғау үшін қажетті); жеткілікті (сотта жария айыптауды қозғауға мүмкіндік беретін) және маңызды (айыпталушыны қамауға алуға негіз бере алатын) келтіреді [109, 135 б.]

ГФР қылмыстық процесс теориясында күдік фактілерге негізделген және тексерілу қасиетіне ие ретроспективті-болжамдық қорытынды ретінде анықталады [110, 121 б.]. Осы теорияға сәйкес, кез келген іс жүргізушілік маңызы бар шешімді қабылдау үшін, ықтималдылық дәрежесіне байланысты қарапайым (анықтау жүргізуді бастау үшін қажет), жеткілікті (ол күдіктіні кейін соттау мүмкіндігі нақты болатын фактілерді иеленген жағдайда ғана пайда болуы мүмкін) және елеулі (мұндай күдік кезінде мемлекеттік мәжбүрлеудің ең қатаң түрі- күзетпен ұстау сияқты шаралар қолданылуы мүмкін) болуы мүмкін күдік жатады.

Англия. Ағылшын қылмыстық процесіне де күдікті фигурасы белгілі. Сонымен қатар, егер күдікті (біздің түсінігімізде) адам сотқа дейінгі іс жүргізудің соңғы кезеңдерінде ғана (мысалы, полицияның барлық жиналған айыптау материалдарын Патшалық қудалау қызметіне жіберудің алдында) болуы мүмкін екенін ескерсек, онда полиция белгілі бір адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуды негіздеу бойынша іс жүргізу қызметін жүзеге асырған жағдайда, күдікті Англия қылмыстық процесінің міндетті қатысушысы болып табылады.

Ағылшын қылмыстық процесіндегі күдіктінің құқықтары мен міндеттерін

реттеудің ерекшелігі, ол күдікті мен алдын-ала тергеу органдары (полиция, кеден қызметі, салық қызметі және т.б.) арасында туындайтын белгілі бір құқықтық жағдайларға (жеке адамның жалпыға танылған құқықтары мен бостандықтары саласына қол сұғуға байланысты) қатысты жүзеге асырылады, бұл жалпы сотқа дейінгі іс жүргізуде бұрын-соңды айтылған англосаксондық тәсіліне негізделген.

Мысалы, полиция күдіктіні қамауға алу кезінде, ұсталған адамның құқықтарын қамтамасыз ету тәртібі мен шарттарын реттеу 1984 жылғы Полиция және қылмыстық дәлелдемелер туралы Заңмен, сондай-ақ 1999 жылғы Сот әділдігіне қол жеткізу туралы Заңмен жүзеге асырылатын болады. Олармен:

а) полициялық қамауға алуды қолдану жағдайлары шектеледі (ол күдіктінің аты немесе мекен-жайы белгісіз болғанда немесе ол өзінің шынайы деректерін атағанына күмән келтірілгенде ғана мүмкін болады; немесе күдіктінің тарапынан адамдарға не меншікке физикалық әсердің алдын алу үшін қамауға алу қажет деп есептеуге негіздер болса; не күдіктінің өзіне физикалық әсердің алдын алу үшін қамауға алу қажет деп есептеуге негіздер болса; не күдіктінің қылмысты қайталап жасауының алдын алу үшін қамауға алу қажет болса; не баланы немесе басқа да дәрменсіз адамды күдіктінің іс-әрекеттерінен қорғау қажет болса);

ә) қамауға алу мерзімдері шектеледі (оның ұзақтығы қылмыстардың көптеген түрлері үшін 24 сағаттан аспауы тиіс, алайда «ауыр қамауға алу қылмысын» жасады деген күдік бойынша ұсталған жағдайда, полицияның аға шенеунігі қамауға алу мерзімін 36 сағатқа дейін ұзартуы мүмкін, ал ұстау мерзімін одан әрі ұзарту тек магистраттық сотының шешімі бойынша ғана мүмкін болады);

б) ұсталған адамның бірқатар маңызды құқықтары анықталады (Полиция және қылмыстық дәлелдемелер туралы Заңның 58-ші бабында, мысалы, қамауға алынған күдіктінің ұсталған сәттен бастап және қатысу мерзімі шектеусіз оның ісіне адвокаттың қатысу құқығы белгіленген, бұған қоса адвокат күдіктіден барлық жауап алулар кезінде қатыса алады);

г) лауазымды тұлғалардың оларды қамтамасыз ету жөніндегі осы құқықтарға сәйкес міндеттері белгіленеді (әрбір ұсталған адам міндетті түрде «қадағалау жөніндегі офицерге» ұстау басталғаннан кейін 6 сағаттан соң, ал одан кейін – ұстаудың әрбір тоғыз сағаты сайын жеткізіліп отыруы тиіс).

АҚШ. Сотқа дейінгі іс жүргізу және іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібін талдай отырып, оған қатысты тергеу органы оны қылмыс жасады деп одан әрі айыптау үшін дәлелдемелер жинау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және осыған байланысты оның қатысуымен тергеу әрекеттерін жүргізу және (немесе) оған қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы тергеу саласына тікелей тартылатын адам АҚШ қылмыстық процесіте күдікті болып табылады.

Ағылшын қылмыстық процесінде сияқты, АҚШ-та қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу, сот сатыларына қарағанда заң жүзінде әлдеқайда азырақ реттелген [103, 161 б.]. Дегенмен, американдық қылмыстық

сот ісін жүргізуге күдіктінің қатысуын нормативтік реттеу, егжей-тегжейлі болып табылады.

Мысалы, күдіктіден жауап алуға көп көңіл бөлінеді, өйткені бұл сотқа дейінгі өндірістегі полициялық іс әрекеттің кең таралған түрі болып табылады. «Американдық» жауап алудың ерекшелігі, оның нәтижелерін рәсімдеудің нақты реквизиттерінің болмауы болып табылады (жауап алу хаттамасын жасау міндетті емес). Сонымен қатар, заңмен және сот тәжірибесімен жауап алу жүзеге асырылуы тиіс шарттарға қойылатын белгілі бір талаптар әзірленген. Бұл талаптар көп жағдайда АҚШ Жоғарғы Сотының Эскобедо (1964 ж.) және Миранда (1966 ж.) істері бойынша шешімдерінде көрініс тапқан және олар келесідей болып табылады:

– жауап алудан бұрын жауап алынып отырған адамға оның үнсіздік сақтауына құқығы бар екендігін, оның кез келген мәлімдемесі оған қарсы дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігін, сондай-ақ оның шақырылған немесе тағайындалған қорғаушының қатысу құқығының бар екендігін ескерту керек;

– егер жауап алынып отырған адам, жауап бермей тұрып қорғаушымен кездесуге ниет білдірсе, онда оған ешқандай сұрақ қоюға болмайды;

– полицияда жауап алу кезінде күдіктінің өз кінәсін мойындауы, егер ол күдіктіге өзінің қорғаушысымен кездесуге мүмкіндік беруден бас тартқаннан кейін жасалған болса, жол берілетін дәлелдемелер деп қарастырыла алмайды. Егер күдікті қорғаушымен кездесуге ниет білдірмесе, онда АҚШ Заңдар Жинағының 18-ші бөлімінің § 3501 «с» тармағына сәйкес, егер күдіктіні қамауға алу мен судьяға жеткізу арасындағы уақыт алты сағаттан аспаса, мұндай мойындаулар рұқсат етілген деп танылуы мүмкін.

Бұл ережелер тек қамауға алынған адамдардан жауап алуға ғана қатысты болса да, олар күдіктілерден жауап алудың барлық жағдайларында дерлік қолданылады, өйткені АҚШ-та әрбір қылмыстық іс, оның ішінде елеусіз қылмыстық жазаланатын әрекеттер туралы істердің өзі қамауға алудан немесе тінтуден басталады [111, 113 б.]. Сонымен қатар, АҚШ-тың Жоғарғы Соты Миранда мен Эскобедо ережелерінің қолдану шарттарын нақтылап, Орозко ісі бойынша шешім шығарған кезде (1966 ж.) полиция тарапынан кез келген нақты ұстап қалу, жүріп-тұру құқығын шектеу қамауға алу болып табылатындығын анықтады.

Жалпы, АҚШ қылмыстық процесінде қамауға алу бас бостандығын шектеудің бірнеше түрін ғана емес, сонымен қатар күдіктіні қылмыстық іс жүргізу қызметіне тартудың тәсілі болып табылатын әмбебап құрал. Осылайша, М.А. Пешков «АҚШ-тың қылмыстық процесінде қамауға алу -адамның бостандығын шектейтін күзетпен ұстау түріндегі іс жүргізушілік мәжбүрлеу шарасы бола отырып, бұл ретте маңызды қосымша функция атқарады, бұл - нақты адамға қатысты қылмыстық қудалауды қозғау» [112, 29 б.]. Қамауға алуды жүзеге асыру тәртібі де АҚШ-тың қылмыстық процесінде егжей-тегжейлі регламенттеледі.

Мәселен, жалпы ереже бойынша, күдіктіні күзетпен ұстау үшін, полиция бұл туралы барлық қажетті мәліметтерді жинап, нақты адамды қамауға рұқсат беретін бұйрық беру туралы өтінішпен сотқа жүгінуі тиіс. Кейінге қалдыруға

болмайтын жағдайларда қамауға алуға сот бұйрығынсыз жол беріледі, алайда бұл ретте қамауға алудың заңдылығын тексеру үшін ұстап алынған адам сотқа «мүмкіндігінше тез» жеткізілуі тиіс. Бір қызығы, іс жүзінде қамауға алудың көпшілігі сот бұйрығына дейін жүзеге асырылатындығын атап өткен жөн [113, 41 б.].

Ұстап алуды жүзеге асыру кезінде полиция қызметкері күдіктіні тінтуге және одан іс бойынша дәлелдемелер ретінде қызмет ете алатын қару мен заттарды алуға құқылы, содан кейін қамауға алынған адам ұстау орнына жеткізілуі тиіс. Жеткізілген соң, тез арада ұстап алу фактісі тиісті түрде арнайы полиция журналында рәсімделуі тиіс, онда күдіктінің аты-жөні, оны жеткізу уақыты, сондай-ақ ұсталған адам жасады деген күдік бойынша қылмыстың фабуласы көрсетіледі. Осы кезде ұстап алынған адамға оған қандай күдік келтіріліп отырғандығы түсіндіріледі және кез келген адамға телефон арқылы қоңырау шалу мүмкіндігі беріледі. Осы рәсім аяқталғаннан кейін, полиция күдіктіні кепілдікпен немесе соттың немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін лауазымды адамның шақыруы бойынша келу туралы жазбаша міндеттеме бойынша босата алады, ал күдіктіні одан әрі күзетпен ұстау ниеті болған жағдайда (егер ол жасырынуы, сот төрелігіне кедергі келтіруі не айналасындағыларға қауіп төндіруі мүмкін деп есептеуге негіз болса) -камераға орналастыра алады.

Бұдан басқа, американдық қылмыстық процесте (мысалы, 1964 ж. "Uniform Arrest Act New-York"- 180 (a) бабында) «Терри түріндегі» ұстап алу туралы ереже бар, ол ҚР ҚПК-нің заң нормаларымен іс жүзінде реттелмеген «анықтау органына немесе тергеушіге жеткізу»-ге ұқсас болып келеді.

Мұндай регламенттеудің мәні- бұл:

- полиция қызметкері ол қылмыс жасады деп күдіктенген адамды тоқтатуға және одан оның аты жөнін, мекен –жайын атауды талап етуге, сондай -ақ ол бұл жерде не істеп жүргенін және қайда бара жатқанын сұрауға құқылы;
- егер сұралған адам талап етілген мәліметтерді айтудан бас тартса, онда одан әрі анықтау үшін полиция қызметкерімен ұстап алынуы мүмкін;
- мұндай ұстау уақыты екі сағаттан аспауы тиіс, содан кейін ұсталған адам не босатылады, не айыпталатын қылмысы жөнінде хабарлай отырып қамауға алынады.

Күдіктіні тану кезінде оның құқықтарын сақтауға қатысты нормалар қатаң реттелуді талап етеді. Бұл таңқаларлық жағдай емес, себебі оның «сот талқылауы кезіндегі нәтижелері 100 пайыздық» «көрсеткішті» береді [113, 45 б.]. Жалпыға танылған ережеге сәйкес, тану танылатын адамның қорғаушысының қатысуымен ғана жүргізілуі мүмкін.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрамына, романо-германдық құқықтық жүйеге кіретін және қылмыстық іс жүргізу заңнамасы әлдеқайда біздің елмен ұқсас Қырғыз Республикасының қылмыстық процесіне келетін болсақ, Қырғыз Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі қылмыстық процеске қатысушыларға күдіктіні, айыпталушыны, оның қорғаушыларын, жәбірленушіні, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді және олардың өкілдерін, аудармашыны жатқызады. Іс жүзінде қылмыстық істі тергеу және

сот талқылауы кезінде өз құқықтары мен міндеттерін көптеген басқа адамдар (лауазымды адамдар, азаматтар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері) жүзеге асырады) [114, 50 б.].

Қырғыз Республикасының ҚПК-не сәйкес, күдікті - бұлтартпау шарасы қолданылғанға дейін өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған немесе ұстап алу қолданылған адам [114, 57 б.].

Күдікті ретінде өзіне қатысты оның процестік жағдайын күдікті ретінде айқындайтын тиісті процестік актісі бар адамнан ғана жауап алынуы мүмкін. Заңға сәйкес күдікті оны ұстап алуға немесе қамауға алуға негіз болған мән-жайлар бойынша, сол сияқты іс бойынша өзіне белгілі мән-жайлар бойынша түсініктемелер, айғақтар беруге құқылы. Күдікті айғақтар беруден бас тартқаны немесе жалған айғақтар бергені үшін жауапты болмайды. Күдіктіге ол қандай қылмыс жасады деп күдік келтірілгендігі жөнінде жарияланады, бұл оған өзінің түсініктемелерін ұсынуға, күдікті теріске шығаратын немесе оның пайдасына куәландыратын мәліметтерді хабарлауға мүмкіндік береді.

Күдіктінің кінәсіздігі туралы айғақтары оған қатысты күдікті уақтылы жоққа шығаруға және процессуалдық мәжбүрлеу шараларын жоюға ықпал етеді. Егер күдікті қылмыс жасаған болса, онда оның айғақтары басқа дәлелдемелерді іздеу, сыбайластарын анықтау және олардың одан әрі қылмыстық әрекетінің жолын кесу, тексеруге жататын болжауларды айқындау үшін пайдаланылуы мүмкін [114, 67-68 бб.].

Қырғыз Республикасы ҚІЖК - нің 98-бабына сәйкес қылмыс және (немесе) теріс қылық жасады деп күдік келтірілген адамды ұстап алу- бұл адамды жүріп-тұру бостандығынан қысқа мерзімге іс жүзінде айыру болып табылады, ол анықтау органының уәкілетті лауазымды адамы немесе тергеушімен кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, қылмыстың және (немесе) теріс қылықтың жолын кесу, ұстап алынған адамның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оны күзетпен ұстау туралы мәселені шешу мақсатында қолданады.

Қырғыз Республикасы Конституциясының 24 бабының 4 бөлігіне сәйкес, соттың шешімінсіз ешкімді де 48 сағаттан асатын мерзімге ұстауға болмайды. Әрбір ұстап алынған адам шұғыл түрде және кез келген жағдайда ұсталған сәттен бастап 48 сағат өткенге дейін оны ұстаудың заңдылығы туралы мәселені шешу үшін сотқа жеткізілуі тиіс. Заңмен жекелеген жағдайларда ұстап алудың неғұрлым қысқа мерзімдері белгіленуі мүмкін [115].

Анықтау органының уәкілетті лауазымды адамы, тергеуші санкциясында бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс, сондай-ақ ҚПК-де көзделген жағдайларда теріс қылықты жасады деген күдік келтірілген адамды, мынадай негіздердің бірі болған кезде ұстап алуға құқылы:

1) егер адам қылмыс және (немесе) теріс қылық жасау кезінде немесе оны жасағаннан кейін тікелей ұсталса;

2) егер көрген адамдар, оның ішінде жәбірленушілер де осы адамды қылмыс және (немесе) теріс қылық жасаған адам ретінде тікелей көрсетсе;

3) егер күдіктіде, оның киімінде немесе оның тұрғын үйінде қылмыстың және (немесе) теріс қылықтың айқын іздері табылса.

Қылмыс және (немесе) теріс қылықтар жасады деген күдік бойынша адамдарды ұстап алу, күдіктіге қандай қылмыс және (немесе) теріс қылық жасады деп жариялау үшін жеткілікті арнайы тергеу әрекеттері не тергеу әрекеттері өткізілгеннен кейін жүргізіледі.

Күдіктіні ұстап алу туралы қаулы оны анықтау немесе тергеу органына жеткізген кезде жасалады. Күдіктіге нақты ұстап алынған оған не үшін күдік келтірілгені жариялануға, сондай-ақ өзіне қарсы айғақтар бермеу құқығы, адвокат алу құқығы, сонымен қатар мемлекет кепілдік берген заң көмегін пайдалану құқығы түсіндірілуге тиіс.

Ұстап алу туралы қаулы күдіктіге хабарланады және оған тергеуші немесе анықтау органының уәкілетті лауазымды адамы, күдіктіні нақты ұстап алудың уақытын көрсете отырып ұстап алынған адам, сондай-ақ қорғаушы қол қояды. Қаулының көшірмесі ұстап алынған адамға дереу тапсырылады және 12 сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі. Күдікті оны ұстап алудың заңдылығы мен негізділігі туралы мәселені шешу үшін 45 сағат өткенге дейін, ал кәмелетке толмаған күдіктіге қатысты - нақты ұсталған кезден бастап 21 сағат өткенге дейін сотқа жеткізілуі тиіс.

Анықтау органының уәкілетті лауазымды адамы, тергеуші қажет болған жағдайда қорғау тарапының өтініші бойынша ұстап алынғандарды ұстау орындарындағы күдіктіге медициналық тексеру жүргізу үшін, ал қажет болған жағдайда дәрігердің көмегіне уақтылы (12 сағаттан кешіктірмей) қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Ұстап алынған күдіктінің анықтау немесе тергеу органының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымын ұстап алынған адамды ұстау орнының бастығы дереу прокурорға немесе сотқа жібереді [116].

Қырғыз Республикасының ҚПК-нің 102-бабында ұстап алынған күдіктіні босатудың негіздері көрсетілген. Осы бапқа сәйкес, ұстап алынған күдікті соттың шешімі бойынша, анықтау органының уәкілетті лауазымды адамының, тергеушінің немесе прокурордың қаулысы бойынша, егер:

- 1) қылмыс не теріс қылық жасады деген күдік расталмаса;
- 2) заңда белгіленген ұстап алу мерзімі аяқталғанда;
- 3) оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың негіздері немесе қажеттілігі болмаса;
- 4) ұстау Қырғыз Республикасының ҚПК-нің талаптарын бұза отырып жүргізілгенде босатылуы тиіс.

Қырғыз қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бойынша күзетпен ұстау, бұлтартпау шараларының ең қатал түрінің бірі болып табылады.

Сот шешімі бойынша күзетпен ұстау және үйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға қатысты Қырғыз Республикасы Конституциясының 24-бабын іске асыру халықаралық-құқықтық талаптарға сәйкес келеді. 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 9-бабында: «Күзетпен ұсталған немесе қылмыстық айыппен ұстап алынған әрбір адам кесінді мерзім ішінде судьяға немесе заң бойынша сот талқылауына құқығы бар басқа лауазымды адамға жедел түрде жеткізіледі немесе босатылады» деп бекітілген. Конституция азаматтардың жеке басына

кол сұғылмаушылыққа кепілдік береді және қылмыстық процесте бұлтартпау шараларын қолдану заңдылық бастауларында, көрсетілген шаралардың заңсыз және негізсіз таңдауын болдырмайтын іс жүргізу кепілдіктерінің жүйесі болған кезде жүзеге асырылуға тиіс [117, 20 б.].

Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қылмыстық заңда 5 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыстар жасады деп күдік келтірілген, айыпталушы адамдарға қатысты өзге, неғұрлым жұмсақ бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған кезде сот шешімі бойынша қолданылады.

Ерекше жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы мынадай мән-жайлардың бірі болған кезде, ол үшін 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасады деп күдік келтірілген, айыпталушы адамдарға қатысты қолданылуы мүмкін:

- 1) күдіктінің, айыпталушының Қырғыз Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері болмаса;
- 2) оның жеке басы анықталмаса;
- 3) ол бұрын қолданылған бұлтартпау шарасын бұзса;
- 4) ол сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органнан немесе соттан жасырынса.

«Қылмыс жасады деген күдік пен айыптау бойынша ұстап алынған адамдарды күзетпен ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Қырғыз Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес, күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстау орындарына келесілер жатады:

- қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторлары;
- Қырғыз Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары;
- Қырғыз Республикасының Ішкі істер органдарының күдіктіні уақытша ұстау изоляторлары;
- Қырғыз Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарының күдіктіні уақытша ұстау изоляторлары;
- Қырғыз Республикасы Қарулы күштерінің гауптвахталары (гарнизондық гауптвахталары);
- есірткіні бақылау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның күдіктілерді уақытша ұстау изоляторлары [118].

Аталған тарауда ұсынылған материалдарды қорытындылай отырып, мынаны атап өткіміз келеді:

- 1) көптеген дамыған демократиялық елдердің қылмыстық іс жүргізу заңнамасында (континентальды да, англосаксондық та құқық жүйесімен) қылмыстық сот ісін жүргізуде күдіктінің қатысуын реттейтін нормалар жиынтығы бар (ол қандай терминмен анықталатындығына қарамастан);
- 2) англо-саксондық құқықтық жүйесі бар елдерде күдіктінің қылмыстық процеске қатысуын регламенттеу, тергеу органдарының мәжбүрлік-биліктік сипатының айқын көрінісіне байланысты адамның анағұрлым маңызды және жалпыға танымал құқықтары мен бостандықтарына зиян келтіруі мүмкін іс

әрекеттеріне қатысты ситуативті түрде жүзеге асырылады;

3) шетелдік қылмыстық сот ісін жүргізуде адамға қылмыстық қудалауға ұшырайтын субъектінің мәртебесін беру, қатаң заңдық фактілерге тәуелді болмайды, ол әртүрлі іс әрекеттер жасаумен, оның ішінде іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асырумен тікелей байланысты болады. Біздің ойымызша, адамды күдікті деп танудың мұндай тәртібі, мемлекеттің қылмыстық іс жүргізу қызметі саласына тартылған кезде адам мен азаматтың құқықтарын қамтамасыз ету үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасайды. Бұл, өз кезегінде, мұндай нормаларды отандық заңнама құрылымына енгізудің орындылығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

2.3 Күдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жекелеген халықаралық-құқықтық стандарттарды Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына имплементациялау

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерлеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау мемлекеттің қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы негізгі міндеттерінің бірі болып табылады (ҚР ҚПК 8-бабының 1-бөлігі).

Аталған міндетті табысты шешу мақсатында заң шығарушымен қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидалары мен нормаларына сәйкес келетін іс жүргізу құралдары мен тәсілдерінің тиімді жүйесі қалыптастырылды, ол үнемі жетілдіріліп отырады және ғалым-процессуалистердің жіті назар аударуының объектісі болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізу үшін халықаралық құқық нормаларының мәні өте маңызды.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы № 54 Қазақстан Республикасы Заңының кіріспесінде: «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына, халықаралық шарттың өзінің ережелеріне, Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясына, осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес жасалады, орындалады, өзгертіледі және тоқтатылады» делінген.

Сөзсіз, қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық стандарттардың мақсаты, ең төменгі құқықтық ұйғарымдарды белгілеу болып табылады, олардың негізінде қылмыстық істер бойынша халықаралық жүйе қалыптасады және дамиды.

Осыдан халықаралық-құқықтық нормаларды имплементациялау мәселесі туындайды, бұл олардың ұлттық заңнамада көрініс табуын ғана емес, сондай-ақ өмірде нақты көрініс табуын білдіреді. Ф. М. Городинецтың пікірінше, мемлекеттің әлемдік қоғамдастыққа кіруінің қазіргі жағдайларында, оның халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидалары мен нормаларының

басымдығын тануы, құқықтың барлық салаларында халықаралық - құқықтық актілерді имплементациялаудың аса қажеттілігін тудырады. Халықаралық құқық нормаларының имплементациясының өзін қазіргі қазақстандық мемлекеттің маңызды функцияларының бірі ретінде тану қажет [119, 66 б.].

Аталған құқықтық нормалар әлемдік қоғамдастықпен танылған және арнайы құжаттарда бекітілген. Мемлекеттің Негізгі заңы, сонымен қатар ҚР Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы сотының қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін Нормативтік қаулылары, қылмыстық іс жүргізу құқығының құрамдас бөлігі болып табылатындығы туралы бірдей ережелерді қамтиды. ҚР Конституциясында Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады- деп көрсетілген (ҚР Конституциясының 4-ші бабы).

Осылайша, халықаралық стандарттар құқықтық жүйені дамыту және қылмыстық сот ісін жүргізуді ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік қызметтің іс жүргізу тетіктерін жетілдіру үшін өзіндік модель болып табылады. Күдіктінің, айыпталушының іс жүргізу мәртебесін реттейтін халықаралық нормативтік актілер көбінесе редакциясымен және толық баяндалуымен ерекшеленетін ұқсас ережелерді қамтиды.

Қылмыстық процесте күдікті мен айыпталушының құқықтарын қамтамасыз ету үшін маңызы бар халықаралық деңгейдегі негіз қалаушы құжаттарда көрініс тапқан бірқатар ережелерді қарастырайық:

1) Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған) (бұдан әрі Декларация) [77]. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының негізгі постулаттарын жариялай отырып, Декларация адам құқықтарын дамытудағы жаңа кезеңге мүмкіндік берді. Актіде барлық адамдар заң алдында тең және заң тарапынан тең қорғалуға, сот арқылы қорғалуға, азаптаулардан және қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын немесе ар намысты қорлайтын іс әрекеттер мен жазадан қорғалуға құқығы бар екендігі бекітілген (5, 7-9 баптар). Декларацияның 10-шы бабында әділ сот талқылауы қағидасы бекітілген. 11-ші бабында кінәсіздік презумпциясы қағидасының сипаттамасы берілген.

2) 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт (бұдан әрі-Пакт) [78]. Аталған құжат айыпталушының бірқатар құқықтарын нақтылайды, олардың арасында: Қамауға алынған әрбір адамға қамалған кезінде оның қамауға алынған себептері мен өзіне тағылған кез келген айып жедел түрде хабарланады (Пактінің 9-шы бабының 2-бөлігі); қылмыстық айыптау бойынша ұсталған адамды судьяға жедел тәртіппен жеткізу (Пактінің 9-шы бабының 3-ші бөлігі); қылмыс жасағаны үшін айыпталушыларды сотталғандардан бөлек орналастыру құқығы (Пактінің 10-шы бабының 2-ші бөлігінің «а» тармағы) және кәмелетке

толмағандарды кәмелетке толғандардан бөлек ұстау құқығы (Пактінің 10-шы бабының 2-ші бөлігінің «b» тармағы). Пактінің 14 бабының 3-ші бөлігі айыпталушы үшін кепілдіктердің ең аз тізбесін бекітеді.

3) Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция (ETS № 5) (Римде 04.11.1950 жылы қол қойылған) (бұдан әрі-Конвенция) [94]. Акт Пактіде көрсетілген кейбір редакциялық өзгерістермен ұқсас ережелерді қамтиды (Конвенцияның 6-шы бабының 3-ші тармағы).

Әрине, барлық қарастырылған құжаттарда отандық қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көрініс тапқан күдіктінің құқықтарына байланысты маңызды постулаттар бар, олардың ішінде:

- өзіне тағылған қылмыстық айыптаудың сипаты мен негізі туралы өзі түсінетін тілде шұғыл түрде және егжей-тегжейлі хабарланған болуы керек (Пактінің 14-бабының «a» тармағы; Конвенцияның 6-шы бабының «a» тармағы; ҚР ҚПК-нің 64-ші бабы);

- өзін қорғауға дайындалуға жеткілікті уақыт пен мүмкіндік болуы және өзі таңдаған қорғаушымен қарым-қатынас жасау (Пактінің 14-ші бабының «b» тармағы; Конвенцияның 6-шы бабының «b» тармағы; ҚР ҚПК-нің 64-ші бабы);

- оған қарсы көрсететін куәлардан жауап алуға немесе олардан жауап алынуына құқығы болуға және өзінің куәларын шақыртып олардан жауап алынуына құқығы болуы тиіс (Пактінің 14-ші бабының «e» тармағы; Конвенцияның 6-шы бабының «d» тармағы; ҚР ҚПК-нің 64-ші бабы);

- егер ол сотта сөйлейтін тілді түсінбесе немесе оған ие болмаса, аудармашының тегін көмегін пайдалануға (Пактінің 14-ші бабының «f» тармағы; Конвенцияның 6-шы бабының «e» тармағы; ҚР ҚПК-нің 64-ші бабы);

- өзіне қарсы жауап беруге немесе өзін кінәлі деп тануға мәжбүрленбеуге (Пактінің 14-бабының «g» тармағы).

Қылмыстық процесте күдікті мен айыпталушының құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың негізі адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын шектеу критерилері тек заң деңгейінде белгіленуі тиіс болып табылады. Бүгінгі таңда адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын шектеудің нақты критерилерін қамтитын бірде бір нормативтік құқықтық акт жоқ, тіпті халықаралық құжаттарда тек жалпы ережелер ғана бекітілген. Күдіктінің іс жүргізу мәртебесі туралы айтатын болсақ, оның ерекше іс жүргізу мәртебесін сипаттайтын ерекше құқықтардан басқа, оның басқа да құқықтары бар (әрине, заңда белгіленген тәртіппен қандай да бір құқықтарды шектеу жағдайларын қоспағанда) екендігін есте сақтаған жөн.

Осыған байланысты Декларацияның 29-шы бабының 2-ші бөлігінің «өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде әрбір адам басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану мен құрметтеуді қамтамасыз ету және демократиялық қоғамдағы моральдың, қоғамдық тәртіптің және жалпы әл ауқаттың әділ талаптарын қанағаттандыру мақсатында ғана заңмен белгіленген шектеулерге ұшырауы тиіс» деген ережесі бірінші кезекті болып табылады.

Осылайша, келесідей қорытынды жасауға болады. ҚР заңнамасында бекітілген күдіктінің құқықтық мәртебесі, халықаралық-құқықтық

стандарттарға толық көлемде сәйкес келеді, адамның тумысынан берілетін және ажыратылмайтын құқықтары туралы қазіргі заманғы тәсілдер мен ұсыныстар негізінде қалыптастырылған. Күдіктінің құқықтарын заңнамалық регламенттеу, оларды толық көлемде бір мәнді іске асыруды білдірмейді. Егер қылмыстық істі тергеу процесінде күдіктінің құқықтарын реттейтін нормаларды қоса алғанда, барлық құқықтық нормалар сақталса, сот төрелігі заңды және әділ болады. Күдіктінің құқығын жүзеге асыру – сот шешімінің заңдылығы мен объективтілігін тану негізі екендігін айта кету керек.

Бұлтартпау шараларын және күзетпен ұстауды таңдау саласындағы адам құқықтары туралы халықаралық – құқықтық актілердің ішінен мыналарды бөліп айтуға болады: 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 9 және 10-баптары; 1990 жылғы БҰҰ Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты минималды стандарт Ережелерінің (Токио ережелері) II бөлімі; 1984 жылғы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенция; 1985 жылғы Кәмететке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандартты Ережелерінің 2 бөлімі (Пекин ережелері); 1950 жылғы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның 5-бабы, сондай-ақ 1977 жылғы Қамаудағылармен қарым-қатынас жасаудың минималды стандарттарының «С» тарауы және 1988 жылғы қандай да бір нысанда ұстап алуға не қамауға алынған барлық адамдарды қорғау қағидаларының Жинағының бірқатар ережелері жатады, онда тергеу қамауындағыларды күзетпен ұстауға қатысты ұсыныстар бар.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 9-бабында мынадай нормалар көрсетілген:

Әрбір адамның бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығы бар. Ешкім де еріксіз қамауда немесе тұтқында ұсталуға тиіс емес. Әркім өз бостандығынан тек қана заң негізінде және сол заңда белгіленген процедураға сәйкес айырылуы мүмкін (1 б.).

Қамауға алынған әрбір адамға қамалған кезінде оның қамауға алынған себептері мен өзіне тағылған кез келген айып жедел түрде хабарланады (2 б.).

Қамауға алынған немесе қылмыстық айыптау бойынша ұсталған әрбір адам судьяның немесе заң бойынша сот билігін жүзеге асыру құқығы бар және қисынды мерзім ішінде істі сотта қарауға немесе босатуға құзыреті бар басқа лауазымды адамның алдына жедел жеткізілуі тиіс. Сотта ісі қаралуын күтіп отырған адамдарды тұтқында ұстау жалпыға бірдей тәртіп болып саналмауы тиіс, бірақ босату - сотта ісінің қаралуының қай сатысында болмасын келу, керекті жағдайда үкім орындалу кезіне келу кепілдігі берілсе ғана жүзеге асырылады (3 б.).

Қамау немесе тұтқында ұстау арқылы бас бостандығынан айырылған әрбір адамның, оның ұсталуының заңды-заңсыз екендігі туралы сот кідіртпей қаулы шығарып және ұсталуы заңсыз болған күнде оны босату туралы бұйрық беру үшін ісі сотта қаралуына құқығы бар (4 б.).

Қамаудың, я болмаса тұтқында ұсталудың құрбаны болған әрбір адам

талаптық күші бар өтемақы төлемдеріне құқылы (5 б.) [120, 56 б.].

Осыған ұқсас ережелер Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 5-бабында да белгіленгендігін атап өте керек.

Жоғарыда көрсетілген халықаралық құқықтың нормалары негізінен ҚР Конституциясында және ҚР ҚПК-де көрініс тапқан. Осылайша, бостандыққа және жеке басқа қол сұғылмаушылық құқығы ҚР Конституциясының 16-бабында бекітілген, бұл құқықтың кез келген шектелуіне 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алуды қоспағанда, тек соттың шешімімен ғана жол беріледі. Дәл осы ережелер ҚР ҚПК-нің 14-бабында анықталған.

Сонымен қатар ҚР ҚПК-де қамауға алынған адамның қисынды мерзім ішінде сот талқылауына немесе сотқа дейін босатылу құқығы туралы айтылмаған. ҚР ҚПК 151-бабында көзделген сот талқылауына дейін күзетпен ұстау мерзімдерін қисынды деп санауға болмайды. Мәселен, судьямен санкцияланған күзетпен ұстаудың қысқа мерзімін екі айға дейін ұзарту қажет болған жағдайда, прокурор ол аяқталғанға дейін бір тәулік бұрын тергеу судьясына қосымша жиналған материалдармен бірге тиісті өтініш білдіреді. Тергеп-тексеруді екі айға дейінгі мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және бұл тартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою үшін негіздер болмаған кезде бұл мерзімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның аудандық (қалалық) және оған теңестірілген прокурормен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша тергеу судьясы- үш айға дейін, ал тергеп-тексеруді үш ай мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және күдіктіні, айыпталушыны одан әрі күзетпен ұстау қажет болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен және олардың орынбасарларымен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша тергеу судьясымен тоғыз айға дейін ұзартуы мүмкін.

Күзетпен ұстау мерзімін тоғыз айдан астам, бірақ он екі айдан асырмай ұзартуды аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясы аса ауыр қылмыстар, қылмыстық топтың құрамында қылмыстар, сондай-ақ өзге де террористік және (немесе) экстремистік қылмыстар жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты істің ерекше күрделілігіне орай, қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне қабылдаған тергеу бөлімі бастығының не прокурордың не тергеу, жедел-тергеу тобы басшысының облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша жүзеге асыруы мүмкін.

Аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясының күзетпен ұстау мерзімін он екі айдан астам, бірақ он сегіз айдан аспайтын мерзімге ұзартуына айрықша жағдайларда, аса ауыр қылмыстар, қылмыстық топтың құрамындағы қылмыстар, сондай-ақ өзге де террористік және (немесе) экстремистік қылмыстар жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты, қылмыстық қудалау органының орталық аппаратының тергеу бөлімшесі басшысының не қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне қабылдаған прокурордың, тергеу, жедел-тергеу тобы басшысының облыс прокуроры және оған

теңестірілген прокурор бекіткен және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен, оның орынбасарларымен келісілген уәжді өтінішхаты бойынша жол беріледі.

Бұл мәселе шет мемлекеттерде мүлдем басқаша шешіледі, онда бұл құқық қылмыстық сот өндірісінде жүзеге асырылады. Мысалы, Англияда және Уэльсте сотқа берілгенге дейін қамауда алдын ала ұстау 70 күннен астам созылмайды және сотқа берілген күннен бастап сот талқылауы басталғанға дейін 112 күннен астам мерзімге созылмауы тиіс. Шотландияда күзетпен ұсталған күдікті, егер 110-шы күні оның ісі бойынша сот қарауы басталмаған болса, босатылуы тиіс. Голландияда прокурор істі қамауға алу мерзімі басталғаннан бастап 100 күн ішінде сотқа жіберсе ғана осы істі сот қарауы мүмкін. АҚШ-та «жылдам сот ісін жүргізу туралы» Актіге сәйкес (АҚШ Заңдар жинағының 18 тарауының 3161-3174 параграфтары) айыптау актісі күдіктіге қамауға алынған сәттен немесе шақыру қағазымен алғашқы шақырылған күннен бастап 30 күннің ішінде табыс етілуі тиіс, олай болмаған жағдайда іс тоқтатылуға жатады.

Жоғарыда қарастырылғандар негізінде дамыған елдердің іс жүргізу жүйелерінде, жеке тұлғаны оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз және негізсіз шектеуден қорғауға едәуір дәрежеде кепілдік берілген деп айтуға болады. Бұл елдердің заңнамасы қылмыстық сот ісін жүргізу аясындағы адам құқықтарын сақтау саласындағы халықаралық стандарттарға барынша жақындатылған. Осыған байланысты бүгін ҚР-да жүргізіліп жатқан соттық-құқықтық реформа шеңберінде адамның қисынды мерзім ішінде сот талқылауына құқығын қамтамасыз ету мақсатында ҚР ҚПК-не тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Атап айтқанда, шетелдік оң тәжірибеге жүгіне отырып, сотқа дейін күзетпен ұстаудың осындай ұзақ мерзімін шектеу керек; бұдан басқа, қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану мерзімдерін енгізу (қысқарту) туралы да ойлану қажет, олар бүгінгі таңда тергеудің бүкіл мерзіміне (мысалы, ешқайда кетпеу, лауазымынан уақытша шеттету және т.б. туралы қолхат) созылуы мүмкін.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 10 бабының 2-бөлігінің «а» тармағына сәйкес, айыпталушылар, ерекше жағдай тумаған күнде, сотталушылардан жеке орналастырылады және оларға жеке, сотталмаған адамдардың мәртебесіне сай, режим беріледі [121, 56 б.]. Бұл ережелер басқа халықаралық-құқықтық актіде, яғни Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық ережелерінде нақтыланды, оны талдауға біз төменде кірісеміз.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 10 бабының 2-бөлігінің «b» тармағында, кәмелетке толмаған айыпкерлер, кәмелетке толған айыпкерлерден бөлек ұсталады және өте қысқа мерзім ішінде, шешім шығарылуы үшін, сотқа жеткізіледі деп жазылған. Бұл ереже Пекин ережелерінде нақтыланады және бұл да алдағы уақытта талданады.

Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты минималды стандарт Ережелерінде (Токио ережелерінде) «Алдын ала тергеу сатысы» деген II-ші бөлім бар. Токио ережелерінің 5.1. бабында, тиісті жағдайларда және бұл

құқықтық жүйемен келісілген кезде, полицияны, прокуратураны, қылмыстық істермен айналысатын қызметті және басқа да мекемелерді, егер олардың пікірінше, қоғамды қорғау, қылмыстың алдын алу немесе заңның немесе қылмыстан жәбір көрген адамдардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында іс қозғаудың қажеттілігі болмаса, құқық бұзушыны жауаптылықтан босату құқығымен қамтамасыз ету керек. Жауаптылықтан босатудың немесе тергеу рәсімін анықтаудың орындылығы туралы шешім қабылдау үшін әрбір құқықтық жүйе шеңберінде белгіленген критерийлер жиынтығы әзірленеді. Ұсақ құқық бұзушылық орын алған кезде, прокурор қажет деп тапса, түрмеге қамауға алумен байланысты емес тиісті шараларды тағайындай алады деп көрсетіледі [120, 219 б.].

Бұл бапта ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату мүмкіндігі, сондай-ақ қылмыстық істі сотқа дейінгі жүргізуден бас тарту туралы айтылған.

Токио ережелерінің 5.1-бабында қарастырылған қылмыстық істі ақталмайтын негіздер бойынша тоқтату (шын өкінуіне байланысты, тараптардың татуласуына байланысты), қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген және тәжірибеде қолданылады. Алдын ала тергеу органдарының құқық қолдану тәжірибесінде қылмыстық қудалауды тоқтатудың аталған негіздері салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. Ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық қудалауды тоқтатуды заңнамалық реттеуде көптеген қайшылықтар кездеседі, ал алдын ала тергеу органдарының құқық қолдану қызметінде қылмыстық іс жүргізу құқығының тиісті нормаларын қолдану бойынша белгілі бір қателіктерге жол берілген, ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы шешімдерді қабылдаудың бірыңғай әзірленген әдістемелері, осындай фактілер бойынша дәлелдемелердің мәні мен шектері туралы бірыңғай ұсынымдар жоқ.

Токио ережелерінің 6-шы бабына сәйкес, алдын ала қамауға алу қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізуде болжамды құқық бұзушыны тергеу және қоғам мен зардап шегушіні қорғау мүдделерін тиісті түрде ескеру жағдайларындағы соңғы шара ретінде қолданылады (6.1.). Мүмкіндігінше ерте сатыларда алдын ала қамауға алуға баламалар барынша ертерек қолданылады. Алдын ала қамауға алу Токио ережелерінің 5.1. көрсетілген мақсаттарға жету үшін қажетті мерзімнен аспайды және ізгілікті әрі адамға тән қадір-қасиетті құрметтеумен қолданылады (6.2.). Алдын ала қамауға алу қолданылған жағдайда құқық бұзушының сот немесе басқа құзіретті тәуелсіз органға апелляция беру құқығы бар (6.3.).

Қарастырылып отырған халықаралық-құқықтық нормада қамауға алуға балама бұлтартпау шараларын кеңінен қолдану мәселесі туралы сөз болып отыр. Жоғарыда біз кепіл түріндегі осындай тиімді бұлтартпау шарасы туралы айтқан болатынбыз, ұйқамақ та тиімді шара болуы мүмкін. Алайда ҚР ҚПК бойынша осы бұлтартпау шарасын қолдануды заңнамалық реттеу мен негіз қалаушы халықаралық-құқықтық актілердің арасында елеулі қайшылықтар бар. Осылайша, ҚР ҚПК-де осы бұлтартпау шарасын қолдану мерзімдері белгіленбеген және А .В. Смирнов пен К. Б. Калиновский айтқандай: ұйқамақ

сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен сот талқылауы жүргізіліп жатқан кезде, яғни теориялық тұрғыда қылмыстық қудалау мерзімі аяқталғанға дейін әрекет ете алады [122, 263-264 бб.]. Бұл ретте, ұйқамақ, күзетпен ұстау сияқты бостандыққа және жеке басқа қол сұғылмаушылыққа құқықты шектейді, соның салдарынан оны қолдану сот шешімімен айқындалады. Осы жерде бұлтартпау шарасын қолданудың қисынды мерзіміне қатысты халықаралық-құқықтық талап та туындайды. Бұдан басқа, Токио Ережелерінің 11.1-ші бабына сәйкес, түрмеге қамауға алумен байланыссыз шаралардың мерзімі түрмеге қамау үшін белгіленген мерзімнен аспауы тиіс және соның салдарынан ұйқамақ та, кез келген балама бұлтартпау шарасы сияқты қамауға алу мерзімінен аспауы қажет және балама бұлтартпау шараларын қолдануды ұзарту тәртібі қарастырылуы тиіс.

Кәмелетке толмағандарға қатысты бұлтартпау шараларын таңдаудың халықаралық-құқықтық стандарттары БҰҰ Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты Ережелерінің 2 бөлімінде (Пекин ережелерінде) белгіленген [120, 290-293 бб.]. 10.2.-ші бабына сәйкес,

Судья немесе басқа құзыретті лауазымдық тұлға немесе орган ұстап алынған кәмелетке толмаған адамды босату мәселесін кешіктірместен қарастырады. Құзыретті лауазымды адам немесе орган деп қамауға алынған адамды босатуға өкілеттігі бар қауым органдары мен полиция билігін қоса алғанда, кез келген адам немесе мекеме танылады.

Бұл ереженің мәні, біздің ойымызша, Пекин ережелерінің келесі баптарында түсіндіріледі. Сонымен, 10.3-шы бабында «құқықтық қамту органдары мен кәмелетке толмаған құқық бұзушылар арасындағы байланыс кәмелетке толмаған құқық бұзушының құқықтық мәртебесіне құрметпен, оның игілігі үшін, және іс жағдайларын ескерумен, оған зардап келтірместей тәртіпте орнатылады» деп көрсетілген. Осы бапқа түсініктемеде, «Кәмелетке толмағандарға қатысты іске қатысудың өзі – кәмелетке толмағандарға "зардап келтіруі" мүмкін, сондықтан "зардап келтірудің алдын алу" тіркесін кәмелетке толмаған құқық бұзушыға барынша аз зардап тигізу, немесе қосымша, артық зардап тигізбеу ретінде түсінген жөн. Бұл мәселе әсіресе құқық қорғау органдарымен байланысқа түсудің бастапқы кезеңінде маңызды, себебі олар кәмелетке толмаған құқық бұзушының мемлекетке және қоғамға деген көзқарасына мейлінше үлкен әсерін тигізуі мүмкін» делінген. Осы жерден Пекин ережелерінің 11.1-ші бабында бекітілген норманың пайда болғанын байқаймыз, оған сәйкес, кәмелетке толмаған құқық бұзушылар туралы істі қарағанда, 14.1 қағидасында көрсетілген құзыретті органдардың істі ресми қарастырмағаны жөн. Мұндай орган деп сот, трибунал, кеңес, комиссия, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін жүзеге асыру үшін арнайы құрылған органдар (ювеналдық әділет органдары) түсініледі. 11.1-бапқа түсініктемеде, «көптеген жағдайларда іске құзырлы ұйымдардың араласпаса, ең жақсы нәтижеге жетуге болады. Осылайша, істі басынан балама (әлеуметтік) қызметтерге тапсырмастан тоқтату оң нәтижелерге әкеледі. Бұл әсіресе, ауыр құқықтық бұзушылықтарға байланысты емес және отбасы, мектеп, немесе басқа институттар тиісті ықпалшараларды қолдануға ниетті

істерге қатысты» делінген.

Пекин ережелерінің 13.1-ші бабына сәйкес сотқа дейінгі абақтыда ұстау тек қана ең қысқа мерзімдегі төтенше шара ретінде жүзеге асырылады. 13.2-ші бабына сәйкес Сотқа дейінгі абақтыда ұстау тәсілі басқа балама тәсілдермен алмастырылады, мысалға тұрақты бақылау, белсенді тәрбиелік жұмыс немесе тәрбиелеуші отбасыға немесе мекемеге немесе үйге орналастыру.

Қазақстандық қылмыстық сот ісін жүргізуде кәмелетке толмағандарға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау ҚР ҚПК 541-ші бабымен реттеледі. Бұл шара істе бар мән-жайлар бойынша басқа да бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған жағдайда ғана таңдап алынуы мүмкін. Ерекше жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмаған күдіктіге қатысты қолданылуы мүмкін. Осылайша, кәмелетке толмаған адамға қатысты, егер ол онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін күдіктелсе немесе айыпталса ғана күзетпен ұстау қолданылмайды, бұл әрине, кәмелетке толғандармен салыстырғанда, күзетпен ұстаудың қолданылу аясын шектейді, бірақ айтарлықтай дәрежеде емес. Кәмелетке толған күдіктілерді ұстау мерзімдерімен салыстырғанда, күзетпен ұстаудың ешқандай қысқартылған мерзімдері көзделмеген.

Осылайша, ҚР ҚПК-де кәмелетке толмағандарға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды заңнамалық реттеу халықаралық-құқықтық актілерге және атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелерге (Пекин ережелеріне) толық көлемде сәйкес келмейді, ол бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты сотқа дейін күзетпен ұстауға тек соңғы қатаң шара ретінде және қысқа уақыт кезеңі ішінде жол беріледі. ҚР ҚПК 541 бабы бойынша кәмелетке толмаған адамға қатысты, егер ол онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін күдіктелсе немесе айыпталса ғана күзетпен ұстау қолданылмайды, бұл әрине, кәмелетке толғандармен салыстырғанда, күзетпен ұстаудың қолданылу аясын шектейді, бірақ айтарлықтай дәрежеде емес. Сонымен қатар кәмелетке толған күдіктілерді ұстау мерзімдерімен салыстырғанда, күзетпен ұстаудың ешқандай қысқартылған мерзімдері көзделмеген.

Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық ережелерінде тергеудегілерді бір бірінен бөлек ұстауға қатысты тағы бір ұсыныс бар. Осылайша, Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық ережелерінің 85-ші бабының 2-ші бөлігіне сәйкес: «қамауда отырған тергеудегі жастарды үлкендерден бөлек және принципті түрде бөлек мекемелерде ұстаған дұрыс».

Отандық заңнамада «жас» термині қарастырылмағаны көңіл аудартады. Оның аналогы ретінде, негізінде, «кәмелетке толмаған» терминін қарастыруға болады [123]. Кәмелетке толмағандар мен ересектерді камераларда бөлек орналастыру Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы»

Заңның 32-бабында көзделген. Сөйте тұра, аталған заң бір мезгілде ерекше жағдайларда прокурордың келісімімен кәмелетке толмағандармен бірге оң мінездемесі бар, ауыр болып табылмайтын қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа бірінші рет тартылған ересектерді бір камерада ұстау мүмкіндігін көздейді.

Кәмелетке толмағандар мен ересектерді тергеу изоляторларындағы камераларда бөлек ұстаудың қажеттілігі мен мақсаттылығын А.С. Михлин, М. Х. Гельдибаев және басқа да авторлар негізді түрде дәлелдеген. Кәмелетке толмағандар мен ересектерді бөлек ұстаудың маңызды себептерінің бірі, оларды бірге ұстау әлеуметтік - адамгершіліктік тұрғыдан төмен ересектердің кәмелетке толмағандарға теріс әсер етуі мүмкін, сондай-ақ «кейде кәмелетке толмағандар жоғары агрессивтілігімен ерекшеленеді; олар басқа күдіктілерге немесе айыпталушыларға, әсіресе егде жастағы адамдарға қысым жасауы мүмкін болып табылады. Сонымен қатар, аталған және басқа да авторлар, ерекше жағдайларда кәмелетке толмағандар мен ересектерді бірге ұстауға неге жол берілетіндігіне назар аудармайды. Бұл заң жүзінде бекітілген ереженің өзінің тарихы бар екені белгілі.

Осылайша, XX ғасырдың 50-ші жылдарының ортасында Украина түрмелерінде кәмелетке толмағандарға арналған камераларда олармен бірге жақсы мінез-құлқы бар ересек адамдарды ұстау бойынша эксперимент жүргізілді. Эксперимент оң әсер етті және 1957 жылы Кеңестік еңбекпен түзеу құқығы мәселелері жөніндегі конференцияда мұндай тәжірибені одан әрі пайдаланудың орындылығы атап өтілді, өйткені жақсы мінезімен сипатталатын ересек адамдарды кәмелетке толмағандармен бірге ұстаған кезде, оларға жақсы әсер еткен. Бұл мақсат үшін «түзелу жолына нық тұрған, алғаш рет сотталған, негізінен бұрынғы коммунистер, комсомолдар, педагогтар, судьялар және прокурорлық қызметкерлер қатарынан» ересектерді іріктеу ұсынылды. Кейіннен, Украина КСР ІІМ және Қазақ КСР Қоғамдық тәртіпті қорғау Министрлігінің 1963 жылғы Бұйрығымен, кәмелетке толмағандардың камерасына жекелеген ересектерді орналастыруға рұқсат етілген [124, 97 б.]. Осындай тәртіп 1969 жылғы алдын ала қамауға алу туралы Ережеде де бекітілген және қазіргі қолданыстағы заңнамада да көрініс тапқан.

Тергеудегі «жас» адамдарды жеке бөлек мекемелерде ұстау туралы ұсынысқа қатысты, қазіргі уақытта объективті себептерге байланысты ол іске асырыла алмайтынын айтуға тура келеді.

«Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Заңның 32-ші бабында күдіктілер мен айыпталушылардың санаттарын (ерлер мен әйелдерді, бір іс бойынша күдіктілер мен айыпталушыларды және т.б.) бөлек ұстауға қатысты өзге де ережелер бар. Бір жағынан күдіктілер мен айыпталушыларды бөлек ұстау туралы, екінші жағынан заңды күшіне енген үкіммен сотталғандарға қатысты аталған ережелер Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық Ережелерінің 85 бабының 1-ші бөлігіне толығымен сәйкес келетіндігін атап өткен жөн.

Ең төменгі стандарттық ережелердің (ТСЕ) 85-ші бабында бекітілген ұсынымдар негізінен отандық заңнамаға имплементацияланған деп есептейміз. Алайда оларды бұдан әрі нақты заңнамалық бекіту қажет етіледі, ең төменгі стандарттық ережелер кәметке толмаған күдіктілерді қамауда ұстауды ұсынады.

ТСЕ-дің 86-шы бабында бекітілген ережеге сәйкес, «түнде қамауда отырған тергеудегілерді климаттық жағдаймен түсіндіретін жергілікті ерекшеліктерді ескеріп, бір бірден бөлек бөлмелерге отырғызу керек». Көрсетілген ұсыныстың мағынасы жеткілікті дәрежеде түсінікті емес. Неліктен тергеудегілерді камерада тек түнгі уақытта ғана ұстау керек деген сұрақ туындайды. Бұған климаттық жағдайлар қалай әсер етуі мүмкін? Елдегі қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайды ескере отырып, қамауда отырған тергеудегілерді түнгі уақытта ғана бөлек бөлмелерге отырғызу туралы ұсыныстарды қазіргі кезде жүзеге асыру мүмкін емес екендігін түсіндіретін әдебиеттердегі халықаралық-құқықтық нормаларға берілген түсініктермен келісуге болмайды [125, 756 б.].

Тергеудегілерді жеке ұстау 1890 жылы Санкт-Петербургте өткен Халықаралық пенитенциарлық Конгрессте күзетпен ұстау қағидасы ретінде анықталғаны белгілі. Бұл ретте жеке қамауда отырған адамның қалауы бойынша ғана оны ортақ камераға ауыстыру ұсынылды. Кеңес мемлекетінде (КСРО, РКФСР) тергеудегілерді жеке ұстауға деген қарым-қатынас түбегейлі өзгерді. Ол, керісінше, ерекше шара ретінде қарастырыла бастады. Юстицияның халық комиссариатының 1920 жылғы 15 қарашадағы Қаулысымен бекітілген РКФСР-ның Жалпы қамау орындары туралы Ережесінде жеке камераларда ұстау, егер мұндай камералар болған жағдайда ғана және тергеу органдарының пікірінше оқшаулауды қажет ететін тергеудегілерді ұстау үшін ғана жүзеге асыру көзделген. 1969 жылғы Алдын ала қамауда ұстау туралы ережеде қамаудағылар жалпы камераларда ұсталуға тиіс, ал бөлек адамдық камераларда ерекше жағдайларда қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның не алдын ала қамауға алу орны бастығының уәжді қаулысы бойынша ұсталуға тиіс екендігі туралы жалпы ереже белгіленді.

Күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен жеке ұстау қолданыстағы заңнамаға сәйкес ерекше шара ретінде қарастырылады. «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Заңның 31-ші бабына сәйкес, күдіктілер мен айыпталушыларды бөлек адамдық камераларға бір тәулікке дейінгі мерзімге орналастыруға күзетпен ұстау орны бастығының уәжді қаулысы бойынша жол беріледі.

Демек, күдіктілерді күзетпен ұстау орындарында камералар бойынша жеке орналастыру туралы ТСЕ ұсынысы отандық заңнама мен қоғамдық санада дәстүрлі қалыптасқан бөлек ұстаудың жағымсыздығы туралы пікірге қайшы келеді деп ұйғаруға негіз бар және сонымен бірге қазіргі уақытта жалпы қылмыстық-атқару жүйесінің және күзетпен ұстау орындарының алдында тұрған техникалық, материалдық, қаржылық және өзге де мәселелерге

байланысты іске асырыла алмайды. Бұл ретте күдіктіні немесе айыпталушыны жеке камераға орналастыру, күзетпен ұстау орны әкімшілігінің мүмкіндігінше күдіктінің немесе айыпталушының аталған құқығын жүзеге асыру міндетін туғызатын оның құқығы деп тану қажет.

Аталған бөлім бойынша келесідей қорытындылар жасауға болады:

1) Бұлтартпау және күзетпен ұстау шараларын таңдау саласындағы адам құқықтары туралы халықаралық-құқықтық актілердің арасында мыналарды бөліп көрсету қажет: 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 9 және 10 баптары; 1990 жылғы 14 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 45/110 қарарымен қабылданған Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт Ережелерінің II тарауы (Токио ережелері); 1984 жылғы 10 желтоқсандағы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенция; 1985 жылғы 29 қарашадағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 40/33 қарарымен қабылданған Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандартты Ережелерінің 2 бөлімі (Пекин ережелері); 1950 жылғы 4 қарашадағы Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қорғау туралы Еуропа Конвенциясының 5 бабы; сонымен қатар 1977 жылғы 13 мамырдағы Қамаудағылармен қарым-қатынас жасаудың минималды стандарттарының «С» тарауы; 1988 жылғы Қандай да бір нысанда ұстап алуға немесе қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидалары Жинағының бірқатар ережелері жатады, онда тергеу қамауындағыларды күзетпен ұстауға қатысты ұсыныстар бар.

2) Дамыған елдердің іс жүргізу жүйелерінде жеке тұлғаны оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз және негізсіз шектеуден қорғауға неғұрлым көп дәрежеде кепілдік берілген. Бұл елдердің заңнамасы қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтарын сақтау саласындағы халықаралық стандарттарға барынша жақындатылған. Осыған байланысты бүгін ҚР-да жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформа шеңберінде адамның қисынды мерзім ішінде сот талқылауына құқығын қамтамасыз ету мақсатында ҚР ҚПК-не тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Атап айтқанда, шетелдік тәжірибеге жүгіне отырып, сотқа дейін күзетпен ұстаудың осындай ұзақ мерзімін шектеу керек; бұдан басқа, қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану мерзімдерін енгізу (қысқарту) туралы да ойлану қажет, олар бүгінгі күні тергеудің бүкіл мерзіміне (мысалы, ешқайда кетпеу, лауазымынан уақытша шеттету және т.б. туралы қолхат) созылуы мүмкін.

3) ҚР ҚПК-де сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы жүргізілгенге дейін, яғни қылмыстық қудалау мерзімі аяқталғанға дейін әрекет етуі мүмкін ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану мерзімі белгіленбеген. Сонымен қатар, ұйқамақ, күзетпен ұстау сияқты, бостандық және жеке басқа қолсұғылмаушылық құқығын шектейді, соның салдарынан оны қолдану сот шешімімен негізделген. Осыдан аталған бұлтартпау шарасын қолданудың қисынды мерзіміне қатысты халықаралық-құқықтық талап та туындайды. Бұдан басқа, Токиолық Ереженің 11.1-бабына сәйкес, түрмеге

қамауға алумен байланысты емес шаралардың қолданылу мерзімі, түрмеге қамау үшін белгіленген мерзімнен аспауы тиіс және соның салдарынан кез келген балама бұлтартпау шарасы сияқты үйқамақ та, күзетпен ұстау мерзімінен аспауы тиіс және балама бұлтартпау шараларын қолдануды ұзарту тәртібі көзделуге тиіс.

4) ҚР ҚПК-де кәмелетке толмағандарға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауды заңнамалық реттеу, халықаралық-құқықтық актілерге және атап айтқанда, Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты БҰҰ-ның минималды стандартты Ережелеріне (Пекин ережелеріне) толық көлемде сәйкес келмейді, оған сәйкес кәмелетке толмағандарға қатысты сотқа дейін күзетпен ұстау тек ақырғы шара ретінде және қысқа уақыт кезеңі ішінде ғана жол беріледі. ҚР ҚПК бойынша, егер кәмелетке толмаған адамға, ол онша ауыр емес қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілсе немесе айып тағылған жағдайда ғана күзетпен ұстау шарасы қолданылмайды, бұл кәмелетке толмағандармен салыстырғанда, бірақ айтарлықтай дәрежеде емес, осы бұлтартпау шарасын қолдану аясын шектейді. Сондай-ақ кәмелетке толған күдіктілерді ұстау мерзімдерімен салыстырғанда, күзетпен ұстаудың ешқандай қысқартылған мерзімдері көзделмеген.

3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ САТЫЛАРЫНДА КҮДІКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КЕПІЛДІКТЕРІ

3.1 Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету кепілдіктері: күдіктіге қорғану құқығын қамтамасыз ету және кінәсіздік презумпциясы

Адам құқығы – ол мыңдаған жылдардан өткен, саяси және құқықтық ойлардың назарында үнемі болатын адамзаттың тарихи, әлеуметтік-мәдени дамуының орталық мәселелерінің бірі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге ерекше назар аудару керек, өйткені бұл қылмыстық іс жүргізу- бұл жеке тұлғаның құқықтары айтарлықтай шектелетін мемлекеттік қызмет саласы болып табылады. Сондықтан дәл осы салада әр қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтау процесін заң шеңберінде процеске қатысушылардың барлығының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері аз шектелетін етіп ұйымдастыру керек.

Тәжірибені талдау қазіргі жағдайда құқық қорғау органдары, пропорционалды іс - әрекеттерге ұйымдастырушылық-құқықтық және кәсіби тұрғыдан толық дайын емес екендігін көрсетеді. Сондықтан, қылмысқа қарсы күрес процесінде қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдар қылмыстық іс жүргізуге тартылған азаматтардың құқықтарын негізсіз шектейді және бұзады, әсіресе бұл күдікті мен айыпталушының құқықтарына қатысты [126, 157 б.].

Қылмыстық процесте күдіктінің жеке басының құқықтарын нақты және толыққанды жүзеге асыру үшін оларды тиісінше қамтамасыз ету қажет және бұған қазақстандық қоғамды реформалау жағдайында ерекше назар аударылады. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан сот және қылмыстық іс жүргізу реформалары, қылмыстық сот ісін жүргізудегі ұсынылған жаңалықтардың басым көпшілігі жеке тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған [2]. И. И. Рогов іс жүргізу заңымен жүзеге асырылатын қылмыстық іс жүргізу саласының талқысына түскен адамның құқығының жоғары деңгейде сақталуына кепілдік беруді, құқық қорғау қызметінің тиімділігі мен әсерін арттыруды тікелей міндеттерге жатқызады. Қылмыстық процесс аясын шынға апарудың нысаны ретіндегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің прогрессивтілігі мен мархабаттылығы, құқықтық институттарды елеместен негізсіз жауаптылыққа тарту, өзге де ізге түсу мақсатындағы әрекеттерді болдырмайтын кепілдіктердің басымдылығымен анықталады. Қылмыстылықпен күрестің соншама маңыздылығына қарамастан жазаның болмай қалушылығы қағидасынның мақсаттарына жету жолында азаматтарды негізсіз жауаптылыққа тарту кепілдіктері басымдылық алады [127, 18 б.].

Қазақстан Республикасының әлемдік стандарттарға қосылуына байланысты жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету тетігіне қызығушылық

арта түсті деуге болады. Қазақстан Республикасының Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады (12-бап) деп нақты айтылған [128].

Жай ғана қарапайым хабарлама, адамның құқықтарын жоққа шығарып, азаматтарды қудалау объектісіне айналдыруы мүмкін. Бүгінгі таңда адам құқықтары іс жүргізу іс-әрекетінің мақсатын, мазмұны мен нысандарын анықтайтын іргетастың негізі болып табылады. Құқықтар қылмыстық қудалауға сәйкестендірілуі емес, керісінше қылмыстық процесс адам құқықтарымен барынша тығыз өзара қатынаста болуы керек.

Қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану барысында оған қатысушылардың, соның ішінде күдіктінің конституциялық құқықтары толық кепілдендірілуі тиіс. Ол туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000-2009 жж., 2013-2017 жж. Төрағасы Қ.А. Мами да өз сөзінде: «Қылмыстық іс жүргізудің қатысқышыларының құқықтарын қорғау- өзекті де, толғақты мәселелердің бірі болып саналады. Тұлғаның құқықтарын шынайы түрде қамтамасыз ету- қылмыстық сот ісін жүргізу сферасындағы демократияны, ізгілікті бағалаудың өлшемі. Бұл үшін тек қана қылмыстан зардап шеккен адамдардың құқықтары мен бостандықтарын ғана қорғау емес, сонымен қатар қылмыстық ізге түсуге тартылған адамдардың да құқықтары мен бостандықтарын сақтау қажет. Кінәсіздерді соттау, негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тарту мүлдем жойылу қажет деп» атап кетеді [129, 15 б.].

Күдіктінің құқықтарын іске асыру және заңды мүдделерін қорғау өздігінен жүргізілуі мүмкін емес. Ол үшін белгілі бір жағдайлар мен факторлардың, атап айтқанда күдіктінің субъективті құқықтары мен мүдделерінің кепілдігінің болуы қажет. Сондықтан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық іс жүргізу кепілдіктері болып не танылады деген сұрақтар ғылыми түрде ғана емес, сонымен бірге үлкен тәжірибелік маңызға ие. Күдіктінің немесе қылмыстық процестің басқа қатысушысының оларға берілген құқықтарды пайдалану қажеттілігіне қарамастан, қылмыстық істерді қарау мен тергеу кезінде олардың заңды мүдделері қамтамасыз етілуі керек.

Кейбір көзқарастарға сәйкес, қазіргі қылмыстық процестегі жеке тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етудің кепілдіктерінің қазіргі жағдайы, оның қандай болуы керектігіне сәйкес келмеуіне байланысты олай деп айтуға мүмкіндік бермейді [130, 60 б.]. Әрине, бұл тұжырым өте өткір, бірақ мәселенің мәні бойынша жағдай дұрыс көрсетілген. Құқықтық мемлекетте адам құқықтары және оның өзі ең жоғары құндылық болып табылады және оларды іске асырудың жеткілікті дәрежеде сенімді кепілдіктерімен қамтамасыз етілуге тиіс. Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңінде сенімді жүйе жоқ. Сондықтан қылмыстық іс жүргізу заңы мен оны қолдану тәжірибесі жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін жеткілікті түрде сенімді қамтамасыз ететін және оларды қылмыстық сот ісін жүргізудің басқа қатысушыларының еркіндігінен қорғайтын жағдайларды көздеуге тиіс.

Қылмыстық процестегі «жеке тұлға» категориясы қылмыстық процеске тартылған азаматты оның процессуалдық жағдайына қарамастан анықтау үшін қолданылады, яғни «тұлға» қылмыстық процестің барлық қатысушыларына және әрқайсысына жеке-жеке тән жалпы мағынаны білдіреді [67, 47 б.]. Бұл ретте Е. А. Лукашева айтқандай, жеке тұлға мен құқықтық мемлекет- бір біріне қарама-қарсы, қарсылас тараптар емес, алайда қылмысқа қарсы күрес мақсаттарына қол жеткізу үшін азаматтардың жеке өміріне заңды араласуға мәжбүрлеуге және күш қолдануға сүйенетін мемлекеттік биліктің шектері жеке тұлғаға қатысты қатаң шектелуі тиіс, бұл ретте жеке тұлғаның мемлекет мүдделеріне қатысты құқықтарының басымдығын мойындау керек. Мемлекетсіз, мемлекетпен белгіленетін және қамтамасыз етілетін заңдық рәсімдерсіз бұл құқықтарды жүзеге асыру мүмкін еместігін түсіну қажет [131, 20 б.]. Бірінші кезекте қылмыстық істі шешу кезінде жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кепілдік беру қажет. Күдікті - қылмыстық процестегі адамның құқықтарын іске асыру кепілдіктерін қамтамасыз етудің басты объектілерінің бірі, өйткені оған қатысты сотқа дейінгі іс жүргізілуде.

Егер «кепілдік» сөзінің этимологиясы нені білдіретінін қарастыратын болсақ, бұл кепілдік, бір нәрсенің кепілі, қамтамасыз ету. «Қылмыстық іс жүргізу кепілдіктері» түсінігіне қатысты әр кезде түрлі көзқарастар айтылған.

Іс жүргізу кепілдіктері ұғымының негізін қалаушы М. С. Строгович деп есептеуге болады, ол оларды жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету құралы ретінде, ең алдымен кінәсізді соттауға және ерікті іс жүргізу мәжбүрлеуін қолдануға қарсы құрал ретінде анықтады [132, 83 б.].

Дәстүрлі түрде заңдық кепілдіктер әлеуметтік шындықтың кейбір оң факторы ретінде қарастырылады, оларды қолдану арқылы азаматтар әрқашан өзінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге, кез келген тиісті мінез-құлықты жүзеге асыруға қол жеткізе алады [133, 95 б.]. Жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерінің іс жүргізу кепілдіктері, заңдылық пен сот төрелігі кепілдігінің құрамдас бөлігін, процеске қатысушылардың субъективті құқықтары мен мүдделерін сақтау мен қорғауға арналған шаралар мен құралдардың бірыңғай жүйесін білдіреді [134, 4 б.]. Бұл қылмыстық процестің кез-келген қатысушысының, соның ішінде күдіктінің де құқықтарының процессуалдық кепілдіктерінің мақсаты болып табылады.

Қылмыстық процесс туралы ғылымның теориясында келесі анықтаманы ұстанады: іс жүргізу құқықтық кепілдіктері дегеніміз - қылмыстық процестің қызметтің барлық субъектілеріне міндеттемелерді орындау және оларға берілген құқықтарды пайдалану мүмкіндігін беретін құқық нормаларымен көзделген құқықтық құралдар танылады [135, 39 б.].

Алайда, әр түрлі авторлар бұл жөнінде әртүрлі пікірлер білдіреді. Заңды (іс жүргізу) кепілдіктер ретінде біреулері - қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларын [75, 56-59 бб.], басқалары - сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын, үшіншілері - қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыратын лауазымды адамдар мен органдардың іс жүргізу міндеттерін [136, 20 б.], төртіншілері - мемлекеттік органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдар қызметінің тәртібін қарастырады [137, 18-19 бб.]. Бұл жағдайда авторлар,

әдетте, кепілдік ретінде қандай да бір негіз қалаушы құралды анықтайтын бір жақты жауап табуға тырысты. Алайда заңды кепілдіктер өз мәні бойынша көп қырлы және оларды бір ғана шешімге келтіруге болмайды.

Е.Ф. Куцова процессуалдық кепілдіктерге байланысты өзінің көзқарасын білдірген болатын. Жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерінің іс жүргізу кепілдіктері ретінде ол құралдардың кең жүйесін қарастырады, оған мыналар жатады: соттың (судьяның), прокурордың, тергеушінің, анықтауды жүргізуші тұлғалардың, яғни сот ісін жүргізуді жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдардың іс жүргізу міндеттері; қорғаушының құқықтары мен міндеттері; қылмыстық процеске қатысушы азаматтардың құқықтары [138, 96 б.]. Қылмыстық процесстегі адамның іс жүргізу кепілдіктерінің бұл анықтамасы- ең толық және жан-жақты болып табылады, бірақ қылмыстық процесс, кез-келген басқа ғылым сияқты, үнемі даму динамикасында бола отырып, қылмыстық сот ісін жалпы реформалау саласында жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктеріне сондай-ақ қылмыстық процесс субъектілерінің (біздің жағдайымызда ол күдіктінің) міндеттерін жатқызу қажеттігімен сипатталады. Осылайша, мысалы, тергеушінің жауап алуға шақыруы бойынша келу міндеті, күдіктіге қатысты неғұрлым қатаң бұлтартпау шарасы (күзетпен ұстау) таңдалмайтындығының кепілдігі болып табылады.

М. Е. Кондратов әдебиеттерде орын алған процессуалдық кепілдіктер ұғымына деген кең көзқарасқа қарсылық білдіре отырып, осы ұғымның негізгі белгілерін бөліп көрсетуге әрекет жасады, оған: саяси маңыздылығы, жалпыға бірдей сипаты, құқықтағы айқындылығы, нақты белгіленген пәннің болуы және әсер етудің айқын көрінген бағыты жатады. Ол осы белгілерді ескере отырып, қылмыстық іс жүргізу кепілдіктеріне: процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, қылмыстық іс жүргізу нысанын, іс жүргізу санкцияларын жатқызуға болады деп есептейді [139].

Бұл жағдайда іс жүргізу кепілдіктерінің түсінігіне кешенді тәсілдер қолданылғанына қарамастан, бірақ қоғамдық және жеке мүдделерді іске асыруға кепілдік беретін іс жүргізу құралдарының барлық жиынтығынан автормен аталып өтілген іс жүргізу құралдарын бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін нақтылық жоқ.

Қылмыстық процесстегі адамның құқықтарын күшейту үшін, біздің ойымызша, кепілдіктердің негізгі жалпы белгісі ретінде қылмыстық процесс субъектілерінің заңды мүдделерін іске асыруды қамтамасыз етуге қызмет ететін заңда көзделген қандай да бір іс жүргізу құралдары мен шарттардың бағыттылығын бөліп көрсету қажет. Қылмыстық сот ісін жүргізуде процессуалдық кепілдіктер ретінде жеке мүдделерді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құралдарды жан-жақты талдау өте маңызды, себебі ол іс жүргізу кепілдіктерін дамыту мен жетілдірудің негізгі бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді. Сондықтан іс жүргізу кепілдіктерін біржақты, біртұтас тұрғыда қарастырмау керек. Оларды әртүрлі аспектілерде қарастыру, көп жағдайда қылмыстық процесс субъектілерінің жеке мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ететін құралдарды жетілдіруге ықпал етеді.

С. Н. Братусь заңдық кепілдіктер - қоғамдық қатынастардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін белгілеуді мақсат етіп қоятын құқықтық нормалардың өздерінде, сонымен қатар юрисдикция жүзеге асырылатын шектер мен нормаларда көрініс табады деген пікірмен келіседі. Егер заң әдебиеттерінде іс жүргізу кепілдіктері ретінде қарастырылатын іс жүргізу құралдарына қатысты әртүрлі авторлық пайымдауларды жинақтаса, онда оларды мынадай жіктеу түрінде ұсынуға болады: іс жүргізу субъектілерінің құқықтары мен міндеттері бекітілген іс жүргізу нормалары; сот ісін жүргізу қағидалары; түрлі құқықтық институттар; қылмыстық іс жүргізу нысаны; сот ісін жүргізуге қатысушылардың қызметі; іс жүргізушілік мәжбүрлеу; іс жүргізу санкциялары [140].

Сонымен қатар, Қазақстандық заңгерлер арасында да кепілдіктерге қатысты бірқатар пікірлер қалыптасқан. Ол туралы А.Н. Ахпанов [141], Е.Ерешев [142], Д.К.Канафин [143], К.М.Кучуков [144], С.Д.Оспанов [145], Б.Х. Төлеубекова [146], Р.Т. Шуменова [147], Т.А.Ханов [148] және т.б. өз еңбектерінде тоқталған.

Мысалы, Д.К.Канафин: «Кепілдіктердің алар орны үлкен, олар барлық қылмыстық сот ісінің жүргізілуін байланыстырып отырады. Бірақ бұл дұрыс емес. Себебі іс жүргізу нысаны кепілдендіреді, бірақ ол кепілдік болып табыла алмайды» [143, 38 б.] - деп көрсетеді. Ал, Р.Т. Шуменова: «процессуалдық кепілдіктерге сот ісін жүргізу қағидаларын жатқызуға болады. Олар құқықтық нормаларда бекітіледі, сондықтан процессуалдық нормалармен қатар процессуалдық кепілдіктер ретінде өзіндік мәні бар» - деп көрсетеді.

Осылайша, күдіктінің жеке тұлғасының құқықтарының іс жүргізу кепілдіктері - бұл оның субъективті құқықтарын іске асырудың шарттары мен тәртібін, сондай-ақ сот ісін жүргізуші лауазымды адамдардың, органдардың міндеттерін қамтитын заңды нормалар. Әрине, іс жүргізу кепілдіктері өздігінен емес, жеке тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін неғұрлым толық іске асыру үшін қажетті болып табылады (сондықтан да олар жеке тұлғаның іс жүргізу жағдайын сипаттайды).

Күдіктінің іс жүргізу кепілдіктерін қарастыра отырып, іс жүргізу нысаны мәселелерін назардан тыс қалдыруға болмайды, өйткені ол қылмыстық процестегі жеке тұлғаның құқықтарының негізгі кепілдігі ретінде әрекет етеді.

Іс жүргізу нысаны - бұл алдыңғы сатыларда қабылданған іс-әрекеттер мен шешімдердің заңдылығы пен негізділігін процестің әрбір келесі сатысында тексеруге ықпал ететін құрылым.

Әрине, қылмыстық сот ісін жүргізудің дәл осындай құрылымы, жоғарыда айтылғандай, мүмкін және сөзсіз, тексеру туралы қорытынды жасауға негіз болатыны сөзсіз, демек, тікелей өзі кепілдік болып табылады. Бақылау прокурордың да, соттың да тиісті міндеттерінің болуына, сондай-ақ күдіктінің сәйкес құқықтарына байланысты қол жеткізіледі. Мәселен, тергеу судьясы сотқа дейінгі іс жүргізу барысында бақылауды ҚПК-нің 55-бабы тәртібінде шағымдарды қарау арқылы жүзеге асырады, күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын өзгерту туралы мәселе бойынша дербес шешім шығарады. Өз кезегінде прокурор күдіктінің шағымдарын қарауға және жазбаша жауап беруге

міндетті. Ал екінші жағынан, күдіктінің өзі өтінішхаттар, қарсылық білдіру және т. б. мәлімдеу құқығы берілген.

Мұндай құқықтар мен міндеттердің болуы (нақты жағдайда) сотқа дейінгі іс жүргізуде бақылауды қамтамасыз етеді, күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық іс жүргізу кепілдіктері болып табылады.

Бұдан әрі, егер біз қылмыстық іс жүргізу құқығының қағидаларын алатын болсақ (қылмыстық сот ісін жүргізуге қызмет ететін негізгі қағидаларды) олардың өздері мәні бойынша күдіктінің (басқа да қылмыстық процеске қатысушылардың) құқықтары мен заңды мүдделерінің елеулі кепілдігін құрайды.

Бұл жағдайда жеке тұлғаның іс жүргізу құқықтары соттың, прокурордың, тергеушінің, анықтауды жүргізуші тұлғаның тиісті міндеттерінің, сондай-ақ осы қағидалар іске асырылатын және нақтыланатын іске қатысушы азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің жүйесі арқасында қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда баяндалғанды қорытындылай келе, күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық іс жүргізу кепілдіктері болып- соттың (судьяның), прокурордың, тергеушінің, анықтауды жүргізуші тұлғаның тиісті міндеттері, сондай-ақ күдіктінің құқықтары (қорғаушының құқықтары мен міндеттері) танылады деп айтуға болады. Бұл жерге күдіктінің, куәнің, сарапшының, аудармашының міндеттерін де жатқызуға болады.

Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық іс жүргізу кепілдіктерінің барлық көрсетілген элементтері бір-бірімен байланысты және өзара іс-қимыл жасайды. Мысалы, сот, прокурор, тергеу жүргізетін адамдар және күдікті, қорғаушы арасында белгілі бір құқықтық қатынастар болады, онда лауазымды адамдар мен органдардың тиісті міндеттері күдіктінің құқықтарының кепілдігі ретінде әрекет етеді (сонымен, тергеуші адамды күдікті деп тану туралы хаттаманы жасаған кезде, бұл адамға не үшін күдік келтіріліп отырғандығын түсіндіруге міндетті, бұл күдіктінің құқықтарының бір кепілдігі- оған не үшін күдік келтіріліп отырғандығын білуі болып табылады).

Қарастырылып отырған кепілдіктер элементтерінің өзара байланысы осы кепілдіктерді іске асыруды қамтамасыз етуге қызмет етеді және олардың элементтердің бытыраңқы жиынтығын емес, күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қылмыстық іс жүргізу кепілдіктерін өзара нығайтатын жүйесін білдіреді. Қылмыстық сот ісін жүргізудің процессуалдық нысаны азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің маңызды құқықтық факторы болып табылады. Ол қылмыстық процесте заңдылықты қамтамасыз етуге, ақиқатты анықтауға, тәрбиелік әсер етуге ықпал ететіндіктен, «сот ісіндегі іс жүргізушілік нысан маңызы мәнге ие» болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу нысаны деп – қылмыстық іс жүргізу құқығымен реттелген, қылмыстық іс жүргізу институттары мен ережелерінің жүйесі мен құрылымын, қылмыстық процесс сатыларының рәсімдері мен кезектілігін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруде және сот талқылауында дәлелдемелерді тікелей немесе жанама жинаумен және зерттеуді жүзеге асырумен байланысты мерзімдерді,

шарттар мен тәсілдерді, оларды құқықтық актілерде бекітуді, сонымен қатар іс бойынша толық немесе жеке мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және рәсімдеу тәртібін түсінген жөн. М. С. Строговичтің пікірінше, іс жүргізу нысаны- осы заңда көзделген іс-әрекеттерді жасау және шешімдер қабылдау нысаны және сонымен бірге осы іс-әрекеттерді процессуалдық бекіту нысаны болып табылады [76, 121 б.].

Іс жүргізу нысанының жалпы ұғымымен қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамды ұстап алу тәртібі, негіздері, себептері мен оны қолдану шарттары және заңда көзделген бұлтартпау шаралары сияқты неғұрлым жеке ұғымдар қамтылады. Күдіктінің мәртебесі үшін осы негізгі ұғымдар бірнеше рет процессуалистердің зерттеу объектісіне айналды. Соңғы уақытта ұстап алу хаттамасының мазмұны мен нысанына және басқа да іс жүргізу құжаттарына көбірек назар аударылады. Бұл іс жүргізу актілерінің маңыздылығы- іс жүргізу нысаны заңда көзделген іс-әрекеттерді жасау және шешімдер қабылдау нысаны ретінде ғана емес, сондай-ақ осындай іс-әрекеттер мен шешімдерді (хаттама, қаулы, ұйғарым, үкім) іс жүргізушілік бекіту нысаны ретінде де әрекет етеді [149, 7-8 бб.]. Сондықтан процессуалдық актілер туралы қарапайым «рәсімдеу» туралы түсінік қате болып табылады. Іс жүргізу нысаны істің «мәнін», оның мазмұнын неғұрлым толық ашуға қызмет етеді. Заңда көзделген іс жүргізу құжаттарынсыз қылмыстық процесс те және қылмыстық іс те болмайды, сондықтан оның «мәні» де жоқ деп есептеуге болады.

ҚР Конституциясының 13-бабында қорғалуға құқық бекітілген, бұған сәйкес «Өркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі». Бұл нормалар күдіктінің қорғалу құқығының болуын жай ғана жариялап қана қоймай, осы құқықтың кепілдендірілгеніне де баса назар аударады. Осы конституциялық ережелер күдіктінің және айыпталушының ҚР ҚПК 26-бабында бекітілген қорғалу құқығын қамтамасыз етудің қылмыстық іс жүргізу қағидасында дәйекті түрде жалғасын тапты. Бұл қағиданың мазмұны мынадай ережелерге негізделеді: біріншіден, күдіктіге өзі не қорғаушының және (немесе) заңды өкілінің көмегімен жүзеге асыра алатын қорғалу құқығы қамтамасыз етіледі; екіншіден, қылмыстық процесті жүзеге асырушы орган күдіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіруге және оларға күдіктенуден, айыптаудан заңмен тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғау шараларын қолдануға міндетті; үшіншіден, қылмыстық процесті жүргізуші орган іске күдіктінің, айыпталушының қорғаушысының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; төртіншіден, күдіктінің қорғаушысы мен заңды өкілінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы оған тиесілі құқықтарды шектемейді; бесіншіден, заңмен көзделген жағдайларда күдікті қорғаушының көмегін тегін пайдалана алады.

Қорғалу құқығы жалпылама тұжырымдама бола отырып, оған келесілер кіреді:

1) күдіктінің қылмыстық іс жүргізу қатынастарына түскенде және әр түрлі процессуалдық әрекеттерді жасағанда жеке дара өзі қолданатын барлық іс

жүргізу құқықтары;

- 2) күдіктінің қорғаушы алуға, оның заң көмегін пайдалануға құқығы;
- 3) күдіктінің заңды өкілінің болу құқығы.

Қылмыстық іс жүргізу заңында «қорғалу құқығы оқшауланған конституциялық принцип ретінде айыпталушыға және күдіктіге айыптауды толық немесе ішінара теріске шығару немесе қылмыстық жауаптылықты жеңілдету үшін берілген нақты құқықтар жиынтығы түрінде қарастырылады» [150, 25 б.]. Күдіктінің әрбір нақты іс жүргізу құқығы оның заңды мүдделерін қорғауда белгілі бір рөл атқарады, айыптауды теріске шығаруға немесе оның кінәсін жеңілдететін мән-жайларды анықтауға жәрдемдеседі. Бұл іс жүргізу құқықтарының рөлі, олардың қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын барлық мән-жайларды анықтауға ықпал ету дәрежесі әртүрлі, бірақ олардың барлығы күдіктіні айыптаудан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған және бұл мағынада оның қорғалу құқығының мазмұнын құрайды.

Күдікті, әрине, бөгде адамдардың көмегінсіз жеке өзі де қорғалуы мүмкін. Алайда, егер анықтаушы, тергеуші, прокурор - кәсіби заңгерлер болса, оларға тура сондай қасиеттерге ие қорғаушы ғана қарсы тұра алады, себебі күдіктінің заң мәселелерінде әдетте тәжірибесі жоқ болып келеді [151, 7 б.].

Бұл тұрғыда И. Я. Фойницкийдің пікірі қызықты: «1. Қылмыстық қудалаумен қолға түскен күдіктінің өзі осындай психологиялық тұрғыда қиын жағдайға ұшырай отырып, өзін-өзі ұстай алмайды немесе қобалжиды, соның салдарынан ол айыптаудың мәнін, істің мән-жайларын, сондай-ақ неліктен іске қатысты үшінші тұлғалардың көмегі қажет болып, ақиқатты анықтауда пайдалы болатындығын толыққанды түсінбейді. 2. Процесс барысында айыптау функциялары прокуратураның ерекше ұйымдасқан институтына бөлінгендіктен, қорғаушы тарапқа да осындай мүмкіндікті беру қажет, әйтпесе білімді әрі тәжірибелі мемлекеттік айыптаудың өкіліне, одан әлдеқайда әлсіз, тәжірибесіз қорғау тарабы қарсылық білдіреді. Г. М. Резниктің пікірінше, «ауыр жағдайға тап болған адамға тән психикалық жай-күй мен заңды білмеушілік, күдіктіге оның құқықтарын жүзеге асыруға айтарлықтай кедергі келтіреді.

Бұл құқықтарды толық және тиімді іске асыру үшін күдіктіге білімді әрі тәжірибелі заңгер тарапынан көмек қажет және оның жалғыз міндеті оны қорғауды жүзеге асыру болып табылады» [150, 35 б.]. Қылмыстық істің нәтижесіне терең жеке қызығушылықтың өзі өз мүдделерін суыққанды және дәлме-дәл қорғау мүмкіндігінен айырады. Оның үстіне, бұл күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасы - күзетпен ұстау қолданылған жағдайда, өз мүдделерін пассивті қорғау мүмкін болғанда айқын болады. Мұндай жағдайларда қорғаушы ғана оның мүдделерін нәтижелі қорғауға қабілетті [152, 41 б.]. Жоғарыда келтірілген көзқарастардың барлығы бір-бірін дамыта және толықтыра отырып, қорғаушы - адвокаттың қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу қажеттігін көрсетеді.

В. М. Савицкий, қорғалу құқығы күдіктінің өзінің және оның қорғаушысының іс-әрекеттерінен тұратындығын атап өтіп, тергеушіге де қорғау функциясын берген. Автор өзінің ұстанымын тергеушінің күдіктіге

тағылған айыптан қорғалу мүмкіндігін қамтамасыз ету, оның жеке және мүліктік құқықтарын қорғау шараларын қолдану, күдіктіні айыптайтын ғана емес, сондай-ақ ақтайтын да мән-жайларды анықтау, сонымен қатар оның кінәсін ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларды анықтау міндетін негізге алып тұжырымдайды [153, 51 б.].

Аталған көзқарастың түп тамыры, қорғаушы тек сотта ғана іске кірісе алатындығында жатыр, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында ол қатысқан жоқ. Алайда, тергеуші кімнен және неден қорғайды деген заңды сұрақ туындайды. А. М. Ларин айтып кеткендей: «Тергеуші күдіктіні сол тергеушінің өзі таққан және онымен тұжырымдалған айыптан қорғайды» деген бір ғана жауап болуы мүмкін.

Тергеушіге қорғау функциясын беретін тұжырымдама, күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен және сақтаумен түсіндірілген, бірақ іс жүзінде ол қарама-қайшы нәтижелерге ықпал етуі мүмкін. Тергеушінің күдіктінің қорғаушысы деп танудан, күдіктінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қорғаушы- адвокатсыз да болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Алайда қорғаушы-адвокаттың белсенді рөлін күшейту, қылмыстық процесте жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау міндетін неғұрлым тиімді орындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, Н. К. Паньконың айтуы бойынша, тергеушінің айыптауды теріске шығаратын дәлелдемелерді жинауы, сондай-ақ қылмыстық істі тоқтатуы, оның қорғау функциясын орындауын білдірмейді [154, 55-56 бб.].

Қылмыстық іс тоқтатылған кезде, тергеушінің айыптаудан бас тартуы орын алады, ал бұл ол жүзеге асыратын айыптау функциясының ықтимал салдарының бірі. Ақтау дәлелдемелерін жинауды айыптаудан бас тарту туралы шешімді негіздеу жөніндегі қызмет ретінде қарастыру керек. Құқық бұзушылық жасады деп бұрын келтірілген күдіктен немесе тағылған айыптан бас тарту үшін, тергеуші айыпты теріске шығаратын дәлелдемелерді анықтауы, жинауы және тексеруі қажет. Белгілі болғандай, бұл күдіктінің де, қорғаушының да міндетіне жатпайды. Сондықтан айыптауды теріске шығаратын және айыптаудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті ақтау дәлелдемелерін іздеп табу, жинау, тексеру және бағалау міндеті, қорғау функциясының мазмұнына кірмейді, керісінше айыптау функциясын жүзеге асыратын тұлғалардың құзырына жатады [155, 11 б.].

ҚР ҚПК-і тергеушіге жарыспалылық негізінде қылмыстық қудалаудың айыптау қызметін атқару міндетін бере отырып, оны айыптау тарапына жатқызады. Бұл ретте тергеуші қылмыс жасауға кінәлі адамды немесе адамдарды әшкерелеу мақсатында іс жүргізу қызметін жүзеге асырады (ҚР ҚПК 60-бабының 2-бөлігі).

Қолданыстағы заңнаманы талдау, қорғаушының күдіктімен өзара қарым-қатынастарындағы мынадай ерекшеліктерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- 1) қорғаушы күдіктінің шақыруы бойынша немесе оның келісімімен ғана қылмыстық процестің қатысушысы бола алады;
- 2) күдікті кез келген сәтте қорғаушыдан бас тартуға құқылы;
- 3) заң адвокаттың өз мойнына алған күдіктіні қорғаудан бас тартуға

құқығы жоқ екендігін белгілейді;

4) қорғаушының қылмыстық істердің кейбір санаттарына міндетті түрде қатысуын заң жүзінде белгілеу, қорғалу құқығының кепілдігі болып табылады;

5) күдіктінің қорғалуға құқығының кепілдігі болып қорғаушының процессуалдық құқықтары мен міндеттері танылады.

Адвокаттың қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ, бұл күдіктінің қылмыстың ауырлығына және өзге де мән-жайларға қарамастан, заң көмегін алуға кепілдік береді. Сондықтан қорғаушы мен күдіктінің оның қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі туралы қарама-қайшылықтар, қорғауды жүзеге асырудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Адвокаттың пікірі жасалған қылмыс туралы оның хабардар болуына емес, істе бар дәлелдемелерді бағалау нәтижесінде қалыптасқан сенімділікке негізделеді. Қорғаушы өзінің ішкі сенімі негізінде шешім қабылдауға міндетті процеске қатысушылардың қатарына жатпайды. Кінәлілік немесе кінәсіздік туралы шешімді адвокат емес, судья қабылдайды. «Қорғаушының кәсіби борышы қорғау дәлелдерін білікті және адал талдаудан тұрады. Ал мұндай дәлелдемелер кез келген істе, әсіресе күдікті өзінің кінәлілігін мойындамаған істерде болады. Күдіктінің айғақтары-соттық дәлелдемелер болып табылады. Адвокаттардың мінез-құлқы «сот төрелігіне қарсылық білдіру» немесе «қылмыскерді жақтау» деп сипатталған кезде, адвокаттардың атына келтірілген айыптарды, тек мәдениеттің төмен деңгейімен ғана, қылмыстық процеске адвокаттың алдында тұрған міндеттерді дұрыс ұғынбаумен түсіндіруге болады [150, 49 б.]. Қорғаудан бас тарту мүмкіндігі туралы мәселе бойынша адвокаттардың пікірлері әртүрлі: олардың 40%-ы бұл адвокатқа кімді қорғайтынын, ал кімді қорғамайтынын таңдауға мүмкіндік береді деп санайды; 46,6%-ы бірқатар жағдайларда, атап айтқанда, күдіктінің ұстанымы қорғаушымен сәйкес болмаған кезде қажет деп санайды; 6,7% - ы осы мәселе бойынша өз пікірін айтуға қиналды.

Адвокаттың және оның қорғауындағы адамның кінәлілік мәселесіндегі позицияларының қарама-қайшылығына жол бермеу - бұл талданып отырған жағдайдың сыртқы көрінісі ғана болып келеді және олардың көзқарасының ішкі қарама-қайшылығын жоққа шығармайды. Қорғаушының тура дәрігерде сияқты, негізгі парызы, ол- зиян келтірмеу. Сондықтан «қарастырылып отырған мәселенің дұрыс шешімі, күдіктінің немесе өзінің кінәсін мойындамайтын күдіктінің позициясына адвокат оның кінәлілігі туралы өзінің ұстанымын қарсы қоймай, заңның талаптарына сәйкес, оны қорғауды жүзеге асыру, яғни күдікті және айыпты теріске шығаратын қылмыстық істегі барлық материалдарды қолдануынан тұрады».

Адвокаттың өзінің қорғауындағы адамдарымен іс жүргізу ынтымақтастығын талап етуі, барлық күдіктілерге, оның ішінде дене және психикалық кемістіктерден зардап шегетін адамдарға да таратылуы тиіс. Олар заң бойынша ақыл-есі дұрыс, яғни өз іс-қимылдарына есеп беруге және оларды басқаруға қабілетті адамдар деп танылады, сондықтан қылмыстық жауаптылыққа және жазалауға жатады. Осыған сүйене отырып, адвокаттың қорғауды жүзеге асыру кезінде олардың ұстанымын ескермеуге құқығы жоқ деп қорытынды жасауға болады.

Күдіктінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін, қорғаушы іске қатыса алатын сәт аса маңызды болып табылады. Күдікті үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеруде айып тағылған сәт ең кеш болып табылады, бұл, егер күдікті қорғаушы алуға құқығын пайдаланғысы келсе, онда қорғаушы күдіктіге айып тағылған кезде, яғни күдіктіні оны күдікті ретінде тану туралы қаулымен таныстыру кезінде қатысуы тиіс дегенді білдіреді [156, 245 б.].

Қорғаушы ретінде әдетте адвокаттар қатысады, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында - тек адвокаттар ғана қатысады. Адвокатпен қатар қорғаушы ретінде жақын туыстарының біреуі немесе күдіктінің өтінішхаты бойынша басқа да адамдар қатыса алатындығы заңмен көзделген (ҚР ҚПК-нің 66 бабының 2 бөлігі). Алайда олар тек сотта ғана қатыса алады (сондықтан заң олардың қылмыстық процеске қатысуын соттың немесе судьяның іс жүргізу актілерімен байланыстырады).

Қылмыстық іс жүргізу заңы адвокаттардың кәсіби алқаларының мүшелері болып табылмайтын адамдардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысына қатысу мүмкіндігін шектейді. Адвокаттар алқасының құрамына кірмейтін, әр түрлі фирмаларда жұмыс істейтін заңгерлер, соттың ұйғарымы немесе судьяның қаулысы бойынша ғана, тек кәсіби адвокатпен қатар сот талқылауы сатысына қатыса алады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қорғаушы ретінде туыстарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен жоғары заң білімі (мұндай білімнің болуы фактісі, адамның заң көмегін көрсетудегі құзыреттілігін білдірмейді) бар адамдардың қатысуы, заң көмегінің жоғары деңгейіне кепілдік бермейді. Сонымен қатар, ҚР Конституциясы (13-бап) әркімнің көмек алу құқығына ғана емес, білікті заң көмегін алу құқығына кепілдік береді. Сондықтан, ҚР Конституциясының осы нормасы адвокаттар алқасының мүшелері болып табылмайтын адамдардың сотқа дейінгі тергеуге қорғаушы ретінде қатысуға жол берілуіне қайшы келмейді деген көзқарас дұрыс емес [157, 112 б.]. Келесі ереже заңға қайшы болып келеді: «білікті заң көмегін алуға деген конституциялық құқықтың болуы, оны әрбір күдікті пайдаланатындығын білдірмейді. Демек, егер күдікті осы конституциялық құқықты пайдаланғысы келсе, ол адвокатты шақырады немесе соңғысының қатысуын міндетті түрде анықтау органы, тергеуші, прокурор, сот қамтамасыз етеді. Егер күдікті мемлекет тарапынан білікті заң көмегін қамтамасыз етуді қажет етпесе, ол басқа адамдарды қорғаушы ретінде шақырады» [158, 25 б.]. Осы көзқарастан, қорғаушы ретінде адвокаттар алқасының мүшесін шақырған күдіктілерге, мемлекет заң көмегіне кепілдік береді, ал басқа адамды шақырған жағдайда, онда қорғаудың сапасы күдіктінің «ар-ожданында» қалады деп айтуға болады.

Осы жерде күзетпен ұстауда немесе тергеу органдарымен ұстап алынған азамат көбірек сенім білдіретін адамның қорғаушы ретінде қатысу мүмкіндігін болдырмайтын парадоксалдық жағдай туындайды. Мұндай шектеулер күдіктінің өзінің мүдделерін ол қаламайтын адамға сеніп тапсыруына мәжбүр етеді және сайып келгенде күдіктінің сотта бұл адамның қызмет көрсетуінен бас тартуына алып келеді. Бірақ, екінші жағынан, бұл ереже жеке адвокаттық тәжірибемен айналысатын, алайда жеткілікті білімі жоқ, білікті емес қорғаушының немесе адамның іске қатысу мүмкіндігін жоққа шығарады.

Күдіктінің таңдауы бойынша кез келген адамның сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қорғаушы ретінде қатысуы, қажетті кәсіби дағдылары жоқ адамның қорғаушы болуына алып келеді және ол қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерімен үйлеспейді. Аталған жағдайды шешу үшін заң әдебиеттерінде «адвокаттық қызметті жаппай лицензиялау қажет, сол кезде лицензия алу үшін тиісті емтихан міндетті түрде тапсырылады» [159, 44 б.], сондай-ақ «өзге адамның» міндетті түрде жоғары заң білімінің болуы тиіс [157, 113-114 бб.], бұл ретте «қорғаушы ретінде сотталмаған, заңға бағынатын азаматтар қатарынан кез келген адам бола алады» деген көзқарастар айтылады.

Осы мәселе бойынша заң шығарушының ұстанымы дәйекті түрде ұсынылады: қорғаушылар ретінде тек адвокаттар ғана қатысады [160] (ҚПК-нің 66-бабының 2-бөлігі). Қолданыстағы тергеу тәжірибесіне сүйенсек, тергеу барысында тек адвокаттар ғана қорғаушы ретінде қатысады, ал соттың шешімімен іске қатысуға рұқсат етілген кәсіподақ және басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері «өзге адамдар» санатына жатқызылған. Жүргізілген әлеуметтік зерттеу көрсеткендей, адвокаттардың 86,6% тек адвокаттар білікті заң көмегін көрсетуге кепілдік бере алады және тек 13,4% қорғаушы ретінде басқа да адамдардың қатысуы, күдіктінің қорғалу құқығына толық сәйкес келеді және адвокаттарды бірқатар міндетті тегін тапсырмалардан босатуға мүмкіндік береді деп санайды. Білікті заң көмегі туралы айтқан кезде, адвокаттардың қылмыстық істерге, әсіресе тағайындалу бойынша қорғауға үстіртін, жауапкершіліксіз қарым-қатынасы мәселесіне назар аудару қажет. Қолданыстағы заңда қорғаушының қылмыстық іс жүргізуге қатысуы үшін әртүрлі формальды негіздер қарастырылған, мысалы күдіктінің, оның заңды өкілінің, басқа адамдардың шақыруы бойынша, сондай-ақ тергеуші мен соттың тағайындалуы бойынша қорғаушының іске қатысуы. Қылмыстық-процестік кодекс тергеушіні және сотты күдіктінің өтініші бойынша қорғаушымен қамтамасыз етуге міндеттейді, бұл іс жүзінде мәні бойынша қорғаушының міндетті қатысу жағдайларына теңестіріледі. Сондықтан да заң шығарушы аталған жағдайды қорғаушының қылмыстық іске міндетті қатысуының басқа да негіздерінің қатарына қосқаны бекер емес (ҚР ҚПК 67-бабының 1-бөлігінің 1-тармағы).

Алайда қылмыстық іс жүргізу заңының осы ережесін бұзу тәжірибеде жиі кездеседі.

Тергеуші, анықтаушы, прокурор және сот күдіктіні оның өтініші бойынша қорғаушымен қамтамасыз етуге міндетті (ҚР ҚПК 68-бабының 2-бөлігі). Заң күдіктінің осындай құқығының болуын көрсетеді (тиісінше тергеу және сот органдарының міндеттері), алайда бұл тағайындаудың рәсімін реттемейді. Іс жүзінде бұл анықтаушыларда, тергеушілерде, прокурорлар мен соттарда «өз» адвокаттарының болуына әкеп соғады. Анықтау және тергеу органдарының ұсынуы бойынша іске қатысушы адвокат моральдық бос емес екені анық. Заңға сәйкес түбегейлі ұстанымды ұстанған, анықтаушының, тергеушінің немесе прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған, өтінішхаттармен жүтінген адвокаттарды келесіде ұсынбауы мүмкін. Нақты, өзіне қолайлы қорғаушыны тағайындай отырып, тергеуші іс жүзінде күдіктіні

қорғалу құқығынан айырады. Мәселенің шешімі келесі ережені заңнамалық тұрғыдан бекітуде көрінеді: «анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың қорғаушы ретінде белгілі бір адамды шақыруға ұсыныс жасауға құқығы жоқ, сондай-ақ күдіктіні ҚР ҚПК-нің 68-бабының тәртібінде қорғаушымен қамтамасыз ету кезінде тікелей адвокатқа жүгінуге құқығы жоқ. Қорғаушыны тағайындау адвокаттар алқасы арқылы жүзеге асырылады».

Адвокат-қорғаушының іске күдіктінің келісімі бойынша қатысуы тәжірибеде өте аз кездеседі, оған А.С. Садыковтың пікірінше мынадай себептер бар: 1) зерделеу үшін таңдап алынған істердің қылмыстар құрамдарының ерекшелігі. Бұл қылмыстардың басым көпшілігін тұрмысы төмен адамдар жасаған, ал оларда қорғаушы шақыруға қаражат жоқ; 2) тергеушінің қорғаушы шақыруға болатындығын дұрыс түсіндірмеуі немесе адвокат-қорғаушыға шығынданбай-ақ қой деп үгіттеуі [161, 10 б.]

Күдіктінің қорғаушыдан бас тартуға құқығы бар. Бұл жағдайда тергеуші бұл бас тартудың материалдық жағдаймен байланысты еместігін білуі қажет. Егер қорғаушыдан бас тарту адвокаттың қызметіне ақы төлеуге ақшаның жоқтығына байланысты болмаса, тергеушіге бұған ерекше назар аудару қажет, себебі бас тарту келесідей себептерге байланысты болуы мүмкін: күдікті өзінің кінәсін мойындайды, тергеуге адал көмектеседі, «іс бойынша барлығы анық» деп санағандықтан, бұл жағдайда оған қорғаушы қажет емес деп санайды немесе күдікті қорғауға және т. б. ақы төлеуге қажетті ақшасын аяйды. Күдіктіге қорғаушы қандай көмек көрсете алатынын түсіндірмей, тергеуші күдіктіні іс бойынша адвокаттың қызмет көрсетуінің қажеттілігі жөнінде күмән қалдырады. Нәтижесінде, сотталушы бола отырып, мұндай адам тергеуші оған қорғаушы алуға құқығын нашар түсіндіргендіктен, сотқа дейінгі тергеп-тексеруде адвокаттың қызмет көрсетуінен бас тартқаны туралы, осыған байланысты ол адвокаттың көмегі не үшін қажет екенін түсінбеді, әйтпесе оның қызметін пайдаланар еді деп мәлімдеуі мүмкін. Сот мұндай мәлімдемені қорғалу құқығының бұзылуы деп түсіндіреді және ол қылмыстық іс жүргізу заңнамасының өрескел бұзылғандығын білдіреді. Сондықтан тергеуші күдіктінің қорғаушының қызметінен бас тартуына, істегі қорғаушының көмегінің пайдасына күмән келтіргендіктен емес және бұл жағдайда қорғаушының көмегі қандай болатындығын білмегендіктен емес екендігіне көз жеткізуі керек.

Осыған байланысты И. А. Зайцева мен Л. Н. Смирнов күдіктіге қорғаушы-адвокаттың заңмен көзделген құқықтары мен міндеттерін қосымша түсіндіру қажеттігі туралы ұсыныс жасады. Мұны күдіктінің құқықтары көрсетілген сол хаттамада немесе басқа, бөлек хаттамада көрсете отырып, оның танысқандығы туралы қол қойылып ресімдеу қажет. Хаттаманы жеке өзіне тапсырып, ал көшірмесін қылмыстық іс материалдарына тігу керек [162, 9 б.]. Бұл, бір жағынан, күдіктіге қорғаушының құқығын біле отырып, қорғаушы таңдауға немесе сотқа дейінгі тергеуде одан бас тартуға оңай болар еді, ал екінші жағынан, тергеушіні сот процесінде күдіктінің сотқа дейінгі іс жүргізуде қорғалу құқығына қысым жасалды деген негізсіз шағымдарынан «қауіпсіздендіруі» үшін қажет.

Келтірілген дәлелдердің ұтымдылығына дау келтірмей, егер қорғаушы өзінің өкілеттіктері туралы қорғалуындағы адамға айтса, неғұрлым дұрыс болар еді. Ал күдіктінің қорғалу құқығының қосымша кепілдігі ретінде ҚР ҚПК 69-бабының 1 бөлімінің мазмұнына келесі ереже енгізілген:

«Күдікті, айыпталушы, сотталушы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде қорғаушыдан бас тартуға құқылы. Осындай бас тартуға қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысушы қорғаушының не осы Кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде белгіленген тәртіппен тағайындалған қорғаушының қатысуымен күдіктінің, айыпталушының, сотталушының бастамасы бойынша ғана жол беріледі.». Осы ережені енгізу, қорғаушыдан бас тарту тек қорғаушының қатысуымен ғана мүмкін болатындығымен айқындалады. Олай болмаған жағдайда осындай бас тарту қорғалу құқығын бұзу болып есептеледі. Жүргізілген әлеуметтік зерттеу көрсеткендей, адвокаттардың 86,6% - ы мен тергеушілердің 59,9% - ы күдікті айыптаудан бас тартқан кезде адвокаттың қатысуы, мұндай бас тартудың заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз етеді және адвокаттардың 13,4% - ы мен тергеушілердің 31,6% - ы қорғаушының қатысуы күдіктінің пікіріне әсер етпейді деп санайды.

Бас тарту еркін ерік білдіру түрінде және қорғаушының көмегін шын мәнінде пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайларда көрсетілуі маңызды. Адам қорғау ұстанымының арасындағы қарама-қайшылық болу салдарынан қорғаушының көмегінен бас тартқан кезде, оның басқа қорғаушының қызметін пайдаланғысы келетінін-келмейтінін анықтау керек. Әйтпесе, бұл да қорғалу құқығын бұзу ретінде қарастырылады.

Заң шығарушы істердің белгілі бір санаттарына қорғаушының міндетті түрде қатысуы туралы айтқан кезде, ол тергеу органдары аталған жағдайда күдіктіні қорғаушымен қамтамасыз етуге міндетті екендігін білдіреді. «Мәжбүрлеп қорғау адамның жеке басының қадір-қасиетін төмендетумен байланысты» [163, 49 б.]. Шынында да, егер адам қылмыстық жауапкершілікке қабілетті деп танылса, онда оның іс жүргізу әрекет қабілеттілігі, атап айтқанда, қорғауды дербес жүргізуге немесе қорғаушыны шақыра отырып жүзеге асыруға қабілетті екендігі расталады. Ал егер солай болса, онда И. Л. Петрухинмен келісуге болады, ол «мәжбүрлеу бойынша қорғау гуманизм идеалдарының жалған түсіндірілуіне негізделеді» деп санайды.

Бұл жағдайда заң шығарушы негізінен, күдіктінің физикалық кемістігіне немесе жасына байланысты қорғануды жүзеге асыра алмайтындығын немесе сот талқылауы жүргізілетін тілді білмеуі сияқты мүдделерін ескерген сияқты.

Күзетпен ұсталып отырған күдікті қорғаушымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі шектелмеуі тиіс, сондықтан заң мұндай күдіктіге қорғаушымен кездесу құқығына кепілдік береді [164, 421 б.]. Кездесулер саны мен олардың ұзақтығы шектелмейді. Күдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету үшін бұл кездесулердің құпия жағдайда өтуі маңызды. Заң, күдікті өзінің қорғаушысына берген ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді. Заңның талаптарына сәйкес (ҚР ҚПК 67-бабы, «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы) мұндай кездесулер оңаша

болуы тиіс [123]. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мұндай кездесулерге қатысуына жол берілмейді.

ҚР ҚПК 68-бабының 4-бөлігіне сәйкес, егер күдікті таңдаған қорғаушы ұстап алу немесе күзетпен қамауға алынған сәттен бастап жиырма төрт сағаттың ішінде келе алмайтын болса, анықтаушы, тергеуші, прокурор күдіктіге басқа қорғаушыны шақыруды ұсынуға не оған заң консультациясы арқылы қорғаушыны қамтамасыз етуге құқылы. Заң консультациясының меңгерушісі немесе адвокаттар алқасының төралқасы тиісті хабарлама алған сәттен бастап 24 сағат ішінде қорғаушыны бөлуге міндетті.

Осы норманы қолдану кезінде мынадай мәселе туындайды: егер күдікті қылмыстық іске жиырма төрт сағат ішінде келе алмаған қорғаушының қатысуын қаласа, тиісті уәкілетті лауазымды адам қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамның ерік-жігеріне және ниетіне қарсы, оған сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жаңадан шақырған қорғаушыны «қамтамасыз етуі» мүмкін бе? Күдікті тағайындалған қорғаушыдан бас тартқан кезде, күдіктінің қатысуымен өтетін тергеу әрекеттері қорғаушының қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін (ҚР ҚПК 68-бабының 4-бөлігі), бірақ қорғаушының қатысуы міндетті болған жағдайда қалай болады? Бұл ретте күдікті осы қылмыстық іске өзінің мүдделерін өзі таңдаған адвокат қана білдіре алады деп мәлімдей алады, оның қорғауды құру ұстанымы күдіктінің көзқарастарына толық сәйкес келеді.

ҚР ҚПК 68-бабының 3-бөлігінде: «Таңдалған немесе тағайындалған қорғаушы ұзақ мерзім (кемінде бес тәулік) бойы қатыса алмайтын жағдайларда, қылмыстық процесті жүргізетін орган қорғалуға құқығы бар куәға, күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға басқа қорғаушыны шақыруды ұсынуға немесе адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушыны тағайындау шараларын қолдануға құқылы» делінген. Егер қылмыстық іске қатысушы қорғаушы 5 тәулік ішінде нақты тергеу әрекетін жүргізуге қатыса алмаса, ал күдікті басқа қорғаушыны шақырмаса және оны тағайындау туралы өтініш білдірмесе, онда анықтаушы, тергеуші қорғаушының қатысуы міндетті болған жағдайларды қоспағанда, осы тергеу әрекетін қорғаушының қатысуынсыз жүргізуге құқылы. Осы жерде анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың күдіктіге, айыпталушыға шақырылған қорғаушы келмеген жағдайда, басқа қорғаушыны шақыруды ұсыну міндетін заңдастыру қажет сияқты. Сондықтан 68-баптың 3 бөлігіндегі «құқылы» деген сөз «міндетті» деген сөзбен алмастырылуы тиіс.

ҚР ҚПК-нің 68 бабының 3 бөлігінде көрсетілген тергеуші тергеу әрекеттерін егер қорғаушы 5 тәуліктің ішінде процессуалдық әрекеттерге қатысу үшін келе алмаса, ал күдікті басқа қорғаушыны шақырмаса және олар туралы өтініш білдірмесе, күдіктімен оның қорғаушысының қатысуынсыз жүргізуге құқылы дегенмен келісуге болмайды деп есептейтін авторлардың пікірі дұрыс және күзетпен ұсталған күдіктімен таңдалған қорғаушы жиырма төрт сағат ішінде келе алмаса мұндай мүмкіндік тергеушіге заң шығарушымен беріліп кеткен (ҚР ҚПК-нің 68 бабының 4 бөлігі). Олар іс-әрекеттерді жүргізу кезінде оған қатысу үшін заң консультациясынан кез келген кезекші адвокатты

шақыру қажет деп санайды. Әйтпесе, құқық қорғау органдарының жекелеген қызметкерлері тарапынан қызметін теріс пайдаланушылық орын алуы мүмкін [165, 39 б.].

Қорғауындағы адамның өтініші бойынша немесе оның келісімімен қорғаушыны таңдау, аталған процесс қатысушысының құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылатыны белгілі. Осы заң актісінде белгілі бір этикалық бастама бар, атап айтқанда, екі адам - адвокат пен оның қорғауындағы адамның арасындағы өзара және толық сенімінің бар екенін атап өткен жөн. Дәл осы аталған себепке байланысты, қорғаушының шақыру бойынша іске қатысуына заң сөзсіз артықшылық береді. Егер шақырылған адвокат іске күдіктінің жағында қатыспаған болса, тек сол жағдайда ғана адвокат тағайындалады.

Бұл шара мәжбүрлі болып табылады және зияннан гөрі көбірек пайда алып келеді және күдікті өзінің қорғалу құқығын теріс пайдалану арқылы іс бойынша іс жүргізуге қарсы әрекет ететін жекелеген жағдайларда да, іс бойынша объективті тергеуге жәрдем көрсетеді деп ойлаймыз. Кез келген жағдайда қорғаушыны мәжбүрлі ауыстыру, процеске жаңа адвокатты енгізу туралы шешім қабылдай отырып, тергеуші бұрын шақырылған қорғаушының келмеу себептерін мұқият тексеруге, мүдделі тұлғаға мұндай шешім неліктен қабылданғанын түсіндіруге міндетті. Заңда адвокаттың істе пайда болу мерзімі дәл белгіленуге тиіс, ол өткеннен кейін тергеуші оның келмеуін ұзақ деп тануы және күдіктіні жаңа қорғаушымен қамтамасыз ету үшін оған байланысты барлық шараларды қабылдауы мүмкін екендігін айта кету керек және бұл жағдай жаңа Қылмыстық-процестік кодексін әзірлеушілермен ескерілген.

Заңдық баспаларда күдіктінің қорғаушы алуға ниеті туралы заң консультациясының хабарламасында:

1) аталған адамға қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілгені немесе айып тағылғаны;

2) адвокат міндетті немесе ерікті түрде қорғауды жүзеге асыруы тиіс екендігі;

3) егер ерікті түрде болса, онда күдіктіде адвокаттың қызметіне ақы төлеу мүмкіндігі бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтерді көрсету ұсынылған [162, 9 б.]. Бұл заң консультациясының меңгерушісімен ұсынылған адвокат күдіктімен бірінші кездесуінде, мысалы, адвокаттың адамгершілік ұстанымдарына байланысты (мысалы, адам өлтірген, зорлау қылмысын және т.б. жасаған адамды қорғауды қаламайды) немесе күдіктінің ақы төлеу үшін қаражатының болмауы салдарынан қорғауды жүзеге асырудан бас тартпауы үшін қажет.

Жоғарыда аталған үшінші тармақ этика тұрғысынан даулы болып табылады, өйткені мұндай жағдайда адвокатты таңдау күдіктінің материалдық мүмкіндіктеріне байланысты және ол кезде белгілі бір теңсіздік пайда болады. Шынында да, тергеуші үшін күдіктіні адвокатпен мүмкіндігінше тезірек қамтамасыз ету маңызды, себебі іс бойынша іс жүргізу мерзімдері көзделген және оның процессуалдық мерзімдерді бұзуға құқығы жоқ. Ал күдіктінің адвокаттың қызметіне ақы төлеуге қаражатының болуы (немесе болмауы)

туралы заң консультациясы меңгерушісінің хабарламасы, тергеушінің сотқа дейінгі іс жүргізуде адвокаттың көмегіне мұқтаж адамдарды адвокатпен қамтамасыз ету бойынша тәжірибедегі мәселесін шешуі мүмкін еді.

Іс бойынша нақты қорғаушыны таңдау құқығы, күдіктінің қорғаушының қызметіне ақы төлеу үшін жеткілікті қаражаты болған жағдайларда ғана болуы тиіс деген пікір де күмән келтіреді [166, 9 б.]. Алайда 1950 жылы қабылданған Құқықтар мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның 6 бабына негізделген дәл осындай ережені, Еуропалық Сот жанындағы Комиссия бекіткен [167, 106-117 бб.].

Заң әдебиеттерінде тергеуші әрбір күдіктіні немесе адвокаттық палатамен келісім болмаған жағдайда және күдіктінің қорғаушы алуға тек өтінішхатының болуы кезінде де күдіктіні қорғаушымен қамтамасыз етуге міндетті емес екендігі туралы көзқарас айтылған. Мұндай міндет қорғаушының қатысуы міндетті болып табылатын істер бойынша ғана туындайды [168, 31-32 бб.]. Процесті жүргізуші орган күдікті ретінде танылған адамға заңмен белгіленген құралдармен және тәсілдермен қорғалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, оған адвокаттар алқасымен келісім жасасу арқылы қорғаушыны іске қатысуға тарту құқығын түсіндіруге міндетті [165, 31 б.].

Жоғарыда аталғандардың негізінде біз қылмыстық процесте күдіктінің қорғану құқығын қамтамасыз етудің қаншалықты маңызды екенін көреміз.

Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің тағы бір кепілдігі болып- кінәсіздік презумпциясы танылады.

Кінәсіздік презумпциясы қағидасы кез келген өркениетті мемлекеттің негізгі ұстанымы болып табылады, ол адам құқықтары туралы барлық Халықаралық пактілерде жазылған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 19-ында кінәсіздік презумпциясының мазмұны төмендегідей анықталады:

1) Әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады.

2) Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

3) Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сейілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс.

4) Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және ол жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс.

Кінәсіздік презумпциясының заңнамалық анықтамасы ғалымдар мен тәжірибелік қызметкерлерді мазалаған көптеген сұрақтарға жауап бере алмады.

Көптеген даулар келесі мәселелерді талқылау кезінде туындайды.

Қылмыстық-процестік кодексінде қолданылған кінәсіздік презумпциясы тұжырымдамасының қарсыластары, мұндай формула сөзбе-сөз түсіндірілген жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруде кінәлілер жоқ дегенді білдіреді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді деп айтады.

Кінәсіз адамдарға айып тағылады, кінәсіздері ұстап алынады, қамауға

алынады. Кінәсіз адамға қатысты прокурор айыптау актісін бекітеді және істі сотқа жібереді. Сот істі сот өндірісіне қабылдайды және кінәсіз адамды соттайды, үкім шығарады, жазалау шарасын анықтайды [169, 49 б.]. «Егер заң күдіктіні кінәсіз деп санаса, онда ҚПК-нің оған мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануға жол беретін ережелерін қалай түсіндіруге болады? Заң қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен соттың ақталмайтын негіздер бойынша тоқтату мүмкіндігін көздейді, бұл күдіктінің кінәлілігін жай ғана көрсету емес, ал қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы (ұйғарым) шығара отырып, мемлекеттік органдардың оның кінәсін ресми түрде тануы болып табылады».

Көрсетілген ескертулердің қисындылығын жоққа шығармай, В.М. Савицкийдің «тұлғасыз айналым күдіктіні кінәсіз деп санауға қойылатын талаптардың жалпыға бірдей екендігін, әмбебаптылығын бейнелейтін сияқты» деген ұстанымын дұрыс деп есептейміз. Осы талапты ұстануы тиіс органдардың немесе лауазымды адамдардың қандай да бір тізбесін қалыптастыру керек, өйткені бұл талап барлығы үшін міндеттілік сипатын жоғалтқанда, қоғам мен мемлекеттегі күдіктінің жағдайын айқындауды тоқтатады [170, 26 б.]. Алайда, тергеушіден, прокурордан және соттан күдіктіні кінәсіз деп санауды талап ету қате болар еді. Бұл адамдардың күдіктінің кінәлілігіне қарым-қатынасының ерекшеліктері, кінәсіздік презумпциясына қайшы келмейді, керісінше одан туындайды [171, 34 б.]. Тергеушіге, анықтаушыға, прокурорға және сотқа қатысты күдіктіні кінәсіз деп санау туралы талаптың күші, олардың әрқайсысы заңда көзделген тәртіпте іс бойынша жиналған дәлелдемелердің негізінде күдіктінің кінәлілігі туралы қорытындыға келгенге дейін сақталады. Күдіктінің кінәлілігіне сенімді бола отырып, тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот кінәсіздік презумпциясына байланысты бұл сенім сотталушының кінәсі заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленгенге дейін, олардың субъективті пікірі ретінде болып қалатындығын түсінулері тиіс.

Егер адамның құқықтары үкім заңды күшіне енгенге дейін шектелетін болса, онда бұл уақытша ғана болады. Мәселен, күдікті атқаратын қызметінен шеттетілуі мүмкін, бірақ оны жұмыстан шығарып жіберуге болмайды. Адамды қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп тану - соттың айрықша құзыреті болып табылатындықтан, күдікті ретінде іске тарту, қылмыстық жауаптылықтың басталуына себеп болмайды. Сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін күдіктіге қолданылуы мүмкін заңды шектеулерге келетін болсақ, олардың мақсаты «күдіктіні жазалау емес, істің заңды және негізді шешілуіне жағдай жасау».

Бірнеше ғалым-процессуалистер «күдікті ретінде тарту» және «қылмыстық жауапкершілікке тарту» ұғымдарын бір мағынада қолданатынын атап өткен жөн [172, 31 б.]. Мәселен, А. П. Рыжаковтың айтуынша, күдікті ретінде тарту туралы шешімнің мәні, оның қылмыстық жауаптылықтың іс жүргізу көрінісі болып табылатындығында (қылмыс жасағаны үшін қолайсыз салдарға душар болу міндеті) және оның болуы тергеушімен анықталған және дәлелдемелердің белгілі бір жиынтығымен расталған [173, 366 б.].

Сол кезде В.З. Лукашевич мұндай көзқарастарға айтарлықтай сынмен

карамаған және адамды күдікті ретінде тартқан сәттен бастап «бұл адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту басталады, себебі күдіктіні кінәлі деп тану және оған әділ жаза тағайындау- тек соттың ерекше құзырына жатады» деп санайды [174, 25 б.].

Адамды күдікті деп тану – оны қылмыстық жауапкершілікке тартумен тең деген көзқарас, осы іс жүргізу актісінің мәні мен мақсатын бағалауда оның ерекшеліктерінің ауытқушылығын көрсетеді. Мұндай ауытқушылықтың тамыры, айыптау- қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың бастауы болып қызмет еткен кездерге кетеді. М. С. Строговичпен 1946 жылы тұжырымдалған «процессуалдық мағынада қылмыстық жауапкершілікке тарту» ұғымы дәстүрге айналды және көптеген ғалымдармен «күдікті ретінде тартудың» синонимі ретінде қолданды, дегенмен М. С. Строговичтың өзі «қылмыстық жауапкершілікке тарту- бұл қылмыстық жауапкершілік туралы мәселені шешу, бұл мәселені күдіктінің қатысуымен зерттеу» деп түсіндірген [175, 125 б.].

«Сонымен қатар, ешқандай да «процессуалдық қылмыстық жауапкершілік» жоқ және болуы мүмкін емес», - деп Л. М. Карнеева әділ атап өткен. Бұл ретте ол «қылмыстық жауаптылық» ұғымын - қылмыстық-құқықтық деп, ал «қылмыстық жауаптылыққа тарту» ұғымын- қылмыстық-процессуалдық түсінік деп бөледі және ол «күдікті ретінде тану» ұғымына ұқсас. Оны қылмыстық-құқықтық емес, қылмыстық-процессуалдық қарым-қатынастарды туғызушы іс жүргізу актісі ретінде қарастырады және соңғысын іске асыру кезінде ғана қылмыстық жауаптылық туындауы мүмкін деп көрсетеді [176, 15 б.].

Бұл мәселе бойынша В. С. Шадриннің пікірі де әділ: «алдымен қылмыстық жауаптылыққа тарту» қандай да бір түсініксіз көзқарастардың салдарынан оның пайда болу аясы - қылмыстық құқық саласынан, қылмыстық процесс саласына ауыстырылды, содан кейін жаңа «тіршілік ету ортасында» оған барлық бұрынғы материалдық — құқықтық атрибуттар, соның ішінде қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шараларына тартылу, жаза атқару міндеті қайтарылды. Мұның бәрі-сотқа дейін, сотсыз, кінәсіздік презумпциясына қарамастан болып отыр [177, 96 б.]. Алайда, «қылмыстық жауаптылық» ұғымының қылмыстық құқық ғылымы жасаған өзіндік нақты тұжырымдамасы бар. «Күдікті ретінде тануды анықтау үшін бұл терминді пайдалану белгілі бір түсініксіздікті тудырады және ол үшін қылмыстық құқық саласына тән нәрселерді қандай да бір қажеттіліксіз қылмыстық процесстік деп ойлауға алып келеді».

Қазіргі уақытта қылмыстық құқық ғылымының өкілдері қылмыстық жауаптылықты дербес құқықтық түсінік ретінде қарастыра отырып, оны адамның қылмыс жасауына мемлекеттің реакциясының әлеуметтік мәні ретінде анықтайды. Айыптау үкімі шығарылғанға дейін адамның қылмыстық жауаптылығы туралы айтуға ешқандай негіз жоқ, себебі «адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту мемлекеттің атынан оны сот үкімі бойынша қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп ресми тануды және осылайша әрекет пен оны жасаған адамға теріс баға беруді білдіреді» [178, 35 б.].

Айып тағу жасалған қылмыс үшін жауап беру міндетін туғызбайды және осы міндетті іске асырудың басталуын білдірмейді. Күдікті ретінде тарту осы субъектіні кінәлі деп тануды емес, қылмыстық істің негізгі мәселесін - нақты адамның қылмыс жасауда кінәлілігі туралы мәселені алдын ала тұжырымдауды көздейді. Іс бойынша күдікті ретінде тану туралы қаулыда алғаш рет қылмыс жасады деген айып тұжырымдалады және негізделеді. Тағылған айыптың мазмұнын құрайтын фактілер одан әрі тергеу бағытын және қылмыстық процестің барлық кейінгі сатыларында оларды зерттеу шектерін едәуір анықтайды, өйткені заңда көрсетілген жағдайларды қоспағанда, істі сотта қарау тек сотқа дейінгі тергеуде тағылған айыптауға қатысты жүргізіледі.

Заңдағы олқылықтарды болдырмау және оны түсіндіру кезінде кемшіліктерді жою үшін, күдікті ретінде тану туралы қаулыны, «іске күдікті ретінде қатысуға тарту туралы» қаулы деп атаған жөн деген ұсыныс әбден ұтымды болып көрінеді [177, 99 б.].

Кінәсіздік презумпциясы қағидасы іс жүзінде барлық қылмыстық іс жүргізу шараларын, оның ішінде дәлелдеумен байланысты емес шараларды қолдануға айтарлықтай әсер етеді. Бұл, мысалы, қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бұлтартпау шараларын қолдануды қалай реттейтіндігінен айқын көрінеді. Олар егер күдіктінің анықтаудан, сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе соттан жалтарады деп ойлауға негіздер болған кезде; қылмыстық қызметпен айналысуды жалғастыра берсе; куәға, қылмыстық сот ісін жүргізудің басқа да қатысушыларына қауіп төндірсе; дәлелдемелерді жойса немесе іс бойынша іс жүргізуге кедергі келтірсе (бұлтартпау шараларын қолдану үшін негіздер ҚР ҚПК-нің 136 бабында көрсетілген) қолданылуы мүмкін. Бұлтартпау шараларын қолдану үшін негіздерді атап көрсете отырып, заң шығарушы осындай шараларды қолдану міндеттілігін емес, тек қана мүмкіндігін атап көрсетеді, алайда іс жүзінде бұл құқық міндетке айналды.

ҚР Конституциясының 77-бабының 3-бөлігіне, ҚР ҚПК 19-бабының 2-бөлігіне сәйкес «күдікті өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес». Кінәсіздік презумпциясы қағидасының негізінде маңызды іс жүргізу ережесі бекітілген, ол бойынша кінәлілікті немесе кінәсіздікті қоса алғанда, қылмыстық істің барлық мән-жайларын дәлелдеу міндеті күдіктіге жатпайды. Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы күдіктіге дәлелдеу міндетін жүктей алмайды, себебі ҚР ҚПК 19-бабының 2-бөлігіне сәйкес дәлелдеу міндеті айыптау тарапына жатады.

Ғалымдардың көпшілігінің пікірі бойынша, дәлелдеу міндеті туралы ережені - күдікті өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес деп көрсету дұрыс емес, бұл айыптаушының міндеті болып табылады. Ол іс бойынша барлық өзге де мән-жайларды, атап айтқанда, оның жауаптылығын жеңілдететін, істі тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайларды және т.б. дәлелдеуге міндетті емес, оған сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе сот талқылауы барысында жасалған өзінің қандай да бір тұжырымдарын дәлелдеу міндеті жүктелмеуі тиіс [179, 85 б.]. Сондықтан күдікті өзінің кінәсіздігін ғана емес, сондай-ақ дәлелдеу пәнінің барлық қалған элементтерін дәлелдеуге тиіс емес.

Қылмыс жасады деп айыпталған адамдар қылмыс жасауға өзінің қатысуына қатысты ғана емес, оған басқа адамдардың қатысуына қатысты да

айғақтар беруге міндетті емес.

Кінәсіздік презумпциясының маңызды көрінісі болып: «күдіктінің жеке басын сипаттайтын деректер туралы мәліметтер айыптау негізіне жатқызыла алмайды және жаза тағайындауға немесе жазадан босатуға байланысты мәселелерді шешу үшін ғана дәлелдемелер ретінде пайдаланылады» (ҚР ҚПК 115-бабының 6-бөлігі) деген ережесі танылады. Бұл тұжырым процессуалистер тарапынан әділ сын тудырды. Күдіктімен айғақтар оны тек күдікті ретінде танығаннан кейін берілетіндіктен, олар айыптаудың негізіне алынбауы керек. Осыған байланысты келесідей тұжырым дұрыс болып табылады: «күдіктінің өзіне тағылған айыптаудың негізі болып табылатын фактілерді тануы, істе бар дәлелдемелердің жиынтығымен расталуы тиіс».

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын мойындаған күдікті кінәсіздік презумпциясы қағидасына байланысты, өзінің кінәсін мойындағаны туралы өтінішпен шектелуі мүмкін және оны осыған орай айғақтар беруге, дәлелдемелерді көрсетуге не оларды беруге, жасалған мойындауды растауды талап етуге міндеттеуге болмайды.

ҚР ҚПК-нің 216-бабының 2-бөлігіне сәйкес тергеуші жауап алудың басында күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауда өзін толық немесе ішінара кінәлі деп мойындайтынын не өз кінәсін мойындамайтынын анықтайды. Заң әдебиеттерінде бұл норма бірқатар наразылықтар тудырады. Осылайша А. Д. Черкасов пен Н. А. Громов жоғарыда аталған рәсімді және оның мазмұнын күдіктінің қорғалу құқығын өрескел бұзу және кінәсіздік презумпциясы қағидатын айқын жою деп есептейді [180, 23-26 бб.]. Мұндай рәсім мен оның мазмұны заңдастырылған жазаларды қолдану үшін әлеуетті мүмкіндік болып табылады, өйткені кінә бар және ол үшін жауаптылық көзделуі тиіс, ал оны кім анықтайды – ол басқа сұрақ, ең бастысы - сотқа дейінгі кінәлілік бар. Сонымен қатар, күдікті кінәліліктің барлық заңды конструкциясын «егжей-тегжейлі» білмей, өзін кінәлі деп қате санауы мүмкін, ал шын мәнінде ондай болып табылмайды. Тәжірибеде күдікті оған тағылған қылмыс үшін емес, онымен жасалған іс-әрекет үшін өзін кінәлі деп тану, олар екеуі бір нәрсе деп ойлау жағдайлары жиі кездеседі.

Кінәсіздік презумпциясының басқа көрінісі болып Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-бөлігі, ҚР ҚПК 19-бабының 3-бөлігі танылады: «адамның кінәлілігіне сейілмеген күмән оның пайдасына түсіндіріледі». Жою мүмкін емес айыптаудың (күдіктің) дәлелденгендігі туралы барлық күмән күдіктінің (айыпталушының) пайдасына шешіледі. Бұл істі тоқтатуға, айыптау көлемін өзгертуге, жасалған әрекеттің саралануын өзгертуге әкеп соқтыруы мүмкін.

Тәжірибеде жиналған дәлелдемелер күмән тудырмайтын, алайда олар үкім шығару үшін жеткіліксіз болған жағдай туындауы мүмкін. Бұл жағдайда тергеуші, сот тағылған айыпты негіздеу үшін қажетті фактілер туралы нақты қорытынды жасай алмайды, сондықтан да бұл жағдайда біз сейілмеген күмәндар күдіктінің пайдасына шешіледі деген ережені қолдана аламыз.

Кінәсіздік презумпциясы қағидасының мәні, оның арқасында айыптаушы көзқарас жоққа шығарылады және ол күдіктінің қорғалуға құқығының маңызды

кепілі болып табылатындығынан көрінеді. Соттың үкімі заңды күшіне енгенге дейін күдікті кінәсіз болып саналатындықтан, ол тағылған айыптан қорғалу құқығы ие болады. Кінәсіздік презумпциясы күдіктіні өзінің кінәсіздігін дәлелдеу міндетінен босатады, күдікті ретінде тануға кедергі келтіреді (ҚР ҚПК 115-бабы) және оның өз кінәсін мойындағанына немесе мойындамағанына қарамастан әрекет етеді.

Егер бұқаралық ақпарат құралдарының қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысы туралы хабарламалары заңда белгіленген тәртіпте жасалса, ақпараттық сипатқа ие болса, күдіктінің кінәлілігі туралы тұжырымдар жасамаса, үкім шығарылғанға дейін оны қылмыскер деп жарияламаса және сотқа қысым жасамаса, мұндай ақпараттар кінәсіздік презумпциясына қайшы келмейді деп есептеледі.

Кінәсіздік презумпциясы күдіктіні негізсіз айыптаудан және соттаудан қорғаудың ғана кепілдігі болып табылмайды, сонымен қатар оның айыптаудың күмәнсіз дәлелденгендігі және сейілмеген күмәннің күдіктінің пайдасына шешілуі туралы талабы, мемлекет органдарын істің мән-жайын объективті, бейтарап анықтауға бағыттайды, онсыз соттың істі негізді және әділ шешуі мүмкін емес. Кінәсіздік презумпциясынан сәл ғана ауытқу, сот төрелігінде заңдылықтың бұзылуына және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қымыс жасауға алып келеді.

Қорытынды жасай отырып, Қазақстан Республикасында кінәсіздік презумпциясы қағидасының заңнамалық тұжырымдалуы, халықаралық құқықтық актілерге толығымен сәйкес келеді деп айтуға болады. Салалық заңнаманың нормалары мен Конституциялық нормаларды талдау нәтижесінде, біз кінәсіздік презумпциясы объективті құқықтық жағдай болып табылады және ол анықтаушының, тергеушінің, прокурордың, судьяның жеке пікірін білдірмейді деген қорытынды жасай аламыз.

Дәлелдеу міндеті туралы ережені күдікті өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес деген ережеге біріктіру дұрыс емес. Ол іс бойынша барлық өзге де мән-жайларды, атап айтқанда, істі тоқтатуға әкеп соғатын оның жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды және т.б. дәлелдеуге міндетті емес, оған сотқа дейінгі тергеу немесе сот талқылауы барысында жасалған өзінің қандай да бір тұжырымдарын дәлелдеу міндеті жүктелмейді.

Кінәсіздік презумпциясының маңызды көрінісі «күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін» деп заңнамалық бекіту болып табылады (ҚР ҚПК 115-бабының 3-бөлігі). Күдікті айғақтарды ол күдікті ретінде танылғаннан кейін беретіндіктен, олар айыптаудың негізіне жатқызылуы мүмкін емес. Осыған байланысты мынадай тұжырым дұрыс болып табылады: «Күдіктінің өзіне тағылған айыптаудың негізі болып табылатын фактілерді тану, істе бар дәлелдемелердің жиынтығымен расталуы тиіс».

Күдіктінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін, қорғаушы іске қатыса алатын сәт аса маңызды болып табылады.

Осы жерде анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың

күдіктіге, айыпталушыға шақырылған қорғаушы келмеген жағдайда, басқа қорғаушыны шақыруды ұсыну міндетін заңдастыру қажет сияқты. Сондықтан 68-баптың 3 бөлігіндегі «құқылы» деген сөз «міндетті» деген сөзбен алмастырылуы тиіс.

Білікті заң көмегі туралы айтқан кезде, адвокаттардың қылмыстық істерге, әсіресе тағайындалу бойынша қорғауға үстіртін, жауапкершіліксіз қарым-қатынасы мәселесіне назар аудару қажет. Осыған байланысты ҚР 2018 жылғы 5 шілдедегі «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңға, білікті емес заңдық көмекті көрсету, егер ол қорғауындағы адамның құқықтары мен міндеттерін бұзуға әкеп соқса, адвокатты тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тарту қажеттігі туралы норманы енгізу орынды болар еді.

Күдіктінің іс бойынша нақты бір қорғаушыны таңдау құқығы, егер олардың қорғаушының қызметіне ақы төлеу үшін жеткілікті қаражаты болған жағдайда ғана болу мүмкін. Бұл ереже Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 6-бабына сәйкес келеді.


Аталған бөлімнің соңында соңғы 5 жылдағы республикадағы қылмыстылықтың деңгейіне, соның ішінде күдікті, айыпталушы ретінде танылған адамдардың жасаған қылмыстарының әрбір санатына, прокурормен айыптау актісі бекітіліп, сотқа жіберілген істердің статистикалық көрсеткішіне тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің 2016 жыл мен 2020 жылдың статистикалық мәліметтеріне жүгінетін болсақ [181], қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың санының азайғанын байқауға болады (1-кесте).

1-кесте

	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар саны	117743	115682	108290	99508	76519

2017 жылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың саны 2016 жылға қарағанда 1,8 %-ға; 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 6,4 %-ға; 2019 жылы 8,1 %-ға; ал 2019 жыл мен 2020 жылдың көрсеткіштерін салыстырғанда 23,1 %-ға азайған болатын.



Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде бекітілген қылмыстар мен қылмыстық теріс қылықтар да едәуір азайған деп айта аламыз (2-кесте).


2- кесте

	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде бекітілгені	361689	316418	292286	243462	163226
Қылмыстар	324185	285755	263138	217172	140609
Қылмыстық теріс қылықтар	37504	30663	29148	26290	22617

Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде бекітілген құқық бұзушылықтар 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 6,5 %-ға кеміген болатын. 2015 жылы 386 718 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген болса, 2016 жылы ол көрсеткіш 361 689 құқық бұзушылықты құрады.

2017 жылы- 12,5 %-ға; 2018 жылы 7,6 %-ға; 2019 жылы 16,7 %-ға; 2020 жылдың мәліметтеріне сәйкес 33,0 %-ға азайған.

Диаграмма № 2




Соның ішінде қылмыстың ауырлық дәрежесінің барлық санаттары бойынша төмендеуі республиканың көптеген аймақтарында анықталды (3-кесте).

3- кесте

	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Онша ауыр емес қылмыстар	47729	39571	35532	32702	24099
Ауырлығы орташа қылмыстар	246396	219772	206309	157118	72383
Ауыр қылмыстар	28116	24278	19462	25540	42015
Аса ауыр қылмыстар	1944	2134	1835	1812	2074

Мәселен, республика бойынша 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда онша ауыр емес қылмыстар 27,4 %-ға, ауырлығы орташа қылмыстар 1,4 %-ға, ауыр қылмыстар 2,1 %-ға, аса ауыр қылмыстар 10,2 %-ға азайған [182].


2016 ЖЫЛ



2017 жылы 2016 жылға қарағанда онша ауыр емес қылмыстар 17,1 %-ға, ауырлығы орташа қылмыстар 10,8 %-ға, ауыр қылмыстар 13,7 %-ға төмендеген, ал аса ауыр қылмыстар керісінше 9,8 %-ға артқан [96].


Диаграмма № 4

2017 ЖЫЛ




2018 жылы 2017 жылға қарағанда онша ауыр емес қылмыстар 10,2 %-ға, ауырлығы орташа қылмыстар 6,1 %-ға, ауыр қылмыстар 19,8 %-ға, аса ауыр қылмыстар 14,0 %-ға [97].

2018 жыл




2019 жылы 2018 жылға қарағанда онша ауыр емес қылмыстар 8,0 %-ға, ауырлығы орташа қылмыстар 23,8 %-ға, аса ауыр қылмыстар 1,3 %-ға азайған, ал ауыр қылмыстар саны керісінше 31,2 %-ға артқан [98].

2019 жыл



2020 жыл мен 2019 жылды салыстырғанда, онша ауыр емес қылмыстар 26,3 %-ға, ауырлығы орташа қылмыстар 53,9 %-ға азайғанын, ал ауыр қылмыстар 64,5 %-ға және аса ауыр қылмыстар 14,5 %-ға артқанын көрсетуге болады [99].

2020




Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы органдармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін кінәлі деп табылып, прокурормен айыптау актісі бекітіліп, қылмыстық істері сотқа жіберілген құқық бұзушылықтардың саны 2016 жылмен салыстырғанда айтарлықтай азайған (4-кесте).

4-кесте

	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Қылмыстық істері сотқа жіберілген құқық бұзушылықтар саны ҚР ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтары және 36 бабы бойынша қылмыстық істері тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны ҚР ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтары бойынша қылмыстық істері тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны	68164	73794	65004	52578	55195
	79021	68584	62877	61986	37727
	188613	125732	105961	100097	78963

2016 жылмен салыстырғанда, 2017 жылы қылмыстық істері сотқа жіберілген құқық бұзушылықтардың саны 8,3 %-ға артқан, ал 2018 жылы 11,9 %-ға, 2019 жылы 19,1 %-ға азайған. 2020 жылдың көрсеткіштеріне сәйкес сотқа жіберілген құқық бұзушылықтар саны 5,0 %-ға артқан. Сонымен қатар төменде көрсетілген №8 Диаграммадан ҚР ҚПК-нің 35 және 36 бабының тармақтары бойынша қылмыстық істері тоқтатылған құқық бұзушылықтар санын көруге болады [181].

Диаграмма № 8



Мәселен, ҚР ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтары бойынша қылмыстық істері тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны 2016 жылы 188 613 құраса, 2017 жылы ол көрсеткіш 33,3 %-ға, 2018 жылы 15,7 %-ға, 2019 жылы 5,5 %-ға, ал 2020 жылдың 12 айына сәйкес 21,1 %-ға азайған.

ҚР ҚПК-нің 35 бабының 1 бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтары және 36 бабы бойынша қылмыстық істері тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны 2017 жылы 2016 жылға қарағанда 13,2 %-ға, 2018 жылы 8,3 %-ға, 2019 жылы 1,4 %-ға, 2020 жылдың көрсеткіші бойынша 39,1 %-ға кеміген.

Қорытындылай келе, қылмыстық іс жүргізу құқығын дамытудың басымдығы- қылмыстық сот ісінің адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған негізін қалаушы қағидаттарын дәйекті түрде одан әрі іске асыру болып қала беретіндігін айтқымыз келеді.

Бұл бөлімде жүргізілген зерттеулер келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1) Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарынан туындайтын, әсіресе адамның табиғи және ажырамас құқықтарын шектеуге байланысты талаптарды

мүлтіксіз сақтау, іс бойынша іс жүргізу барысында өте маңызды. Қылмыстық процесс қағидаларының ерекшелігі, олардың көпшілігі тек ҚР ҚПК-де ғана емес, негізінен ҚР Конституциясында бекітілген, сол арқылы мәні бойынша жалпы құқықтық қағидастар болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу қағидалары қылмыстық іс жүргізу заңнамасының бұзушылықтарын анықтап қана қоймай, сонымен қатар белгісіздік жағдайында процессуалдық шешімдер қабылдау процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

2) Кінәсіздік презумпциясы - бұл адамның кінәлілігі заңмен дәлелденіп, заңды күшіне енген сот үкімімен анықталғанға дейін адамның кінәсіздігін қамтамасыз ететін қылмыстық процестің негізгі ұғымдарының бірі.

Қылмыстық іс жүргізу құқығында кінәсіздік презумпциясы қылмыстық іс жүргізу қызметінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтық реттеу тетігінің қажетті элементі болып табылады.

3) Күдіктінің қорғалу құқығы адамның кінәсіздігін немесе оның жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды анықтауға да, оның өзге де заңды мүдделерін: ар-намысын, қадір-қасиетін, өмірін, денсаулығын, жеке басының бостандығы мен мүлкін қорғауға да бағытталған күдіктіге (айыпталушыға), оның қорғаушысына және заңды өкілдеріне заңмен берілген процестік құқықтардың жиынтығы болып табылады [183, 52 б.].

3.2 Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизміндегі прокурорлық қадағалау және соттық бақылау

Қылмыстық процеске қатысушылардың, ең алдымен күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында олардың қызметіне прокурорлық қадағалау мен соттық бақылаудың арақатынасы туралы мәселе, заң баспасөзінің беттерінде тәжірибелік қызметкерлер, процессуалист ғалымдар арасында үлкен дау туғызады. Бұл ҚР Конституциясы мен оған сәйкес қабылданған ҚР Қылмыстық-процестік кодексі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығына соттық бақылауды жүзеге асыру аясын айтарлықтай кеңейте отырып, сотқа көптеген биліктік өкілеттіктер бергендігімен байланысты. Жарияланымдардың деректерін талдау: «соттық бақылауды одан әрі кеңейту қажет; керісінше, азайту немесе шектеу қажет; ҚР ҚПК қабылданғанға дейін қолданыста болған ережелерді сақтау керек» деген үш негізгі көзқарасқа біріктірілген көптеген даулы мәселелердің болуын көрсетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында соттық бақылаудың «үздіксіздік» қағидасын ұстанушы авторлар, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының және прокурордың қызметіне қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстауды және басқа да мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде оған соттың араласуын шектеу қажет деп санамайды (ҚР Конституциясының 16, 18, 25-баптары). Олардың пікірінше, сот сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын адамның және прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне жасалған кез келген шағымды қарауға міндетті. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында соттық бақылау мәселесін шешуде осындай ұстанымның заңды негізін олар ҚР ҚПК 12-бабынан көреді және оның

мазмұнын келесідей түсіндіреді: мемлекеттік билік органдарының, сондай-ақ анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың барлық шешімдері мен іс-әрекеттеріне сот арқылы шағымдануға болады [184, 75-79 бб.].

Басқалары қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларына соттық бақылауды жүзеге асыру аясына, Негізгі Заңда (ҚР Конституциясының 16, 18, 25-баптары) тікелей көзделген жағдайда, азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеу мәселелерін, сондай-ақ сотқа дейінгі іс жүргізу органдары мен прокурордың істің одан әрі қозғалуына кедергі келтіретін актілері мен іс-әрекеттері мәселелерін қарастыруды енгізуді ұсынады [185, 146-155 бб.].

Үшіншілердің пікірі бойынша, сотқа дейінгі тергеу сатысында соттық бақылауды жүзеге асыру, тергеуді қиындатып қана қоймай, мемлекеттік биліктің дербес түрі ретіндегі сот төрелігінің беделіне нұқсан келтіреді, өйткені соттар сотқа дейінгі тергеу сатысында қабылданған өз шешімдерімен байланысты болады [186, 176-183 бб.].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде соттық бақылаудың қолданылу аясын кеңейтуге қарсы болушылар, келесідей дәлелдерді келтіреді:

1) бірден екі органның - прокуратура мен соттың қадағалау функцияларын жүзеге асыруына жол берілмейді; сот қадағалаудың тұрақты және жедел сипатын қамтамасыз ете алмайды;

2) соттық бақылау тергеу құпиясын бұзады;

3) судьяның объективтілігі, тәуелсіздігі мен бейтараптылығы прокурордың осыған ұқсас қасиеттерімен салыстырғанда басым болмайды;

4) қылмыстық сот ісін жүргізудің қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделеріне кепілдік беру үшін судьяда прокурормен салыстырғанда елеулі артықшылықтар мен іс жүргізу мүмкіндіктері жоқ;

5) бұрын прокурор қамауға алу, тінту жүргізу және т. б. санкция беру туралы мәселелерді жеке-дара шешкен сияқты, тергеу судьясы да сотқа дейінгі іс жүргізудегі істер бойынша оларды жеке-дара шешеді;

б) прокурор ретінде нақты қылмыстық істе жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу туралы шешімге санкция бере отырып, сотта мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысады және өзінің шешімдеріне, сондай-ақ сот төрелігін жүзеге асыруға міндетті сот корпусына қатысты толықтай бейтарап болмауы мүмкін, сол қылмыстық іс бойынша тергеу мен анықтауды бақылауды жүзеге асыратын және жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу туралы шешім қабылдаған судьяның шешімін қанағаттандыра алады [187, 138 б.].

Қылмыстық процестің соттық және сотқа дейінгі сатыларының араласуы болады деген пікір бар, өйткені сот алдын-ала тергеу сатысында ерікті немесе ерісіз түрде күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасағанының дәлелденгендігі туралы мәселені шешуге араласады. Осы көзқарасты жақтаушылардың пікірінше, мұндай жағдайлардағы соттық бақылау тергеу барысына соттық басшылық жасауға айналып кетуі мүмкін, себебі сот қандай тергеу әрекеттерін жүргізу керектігін немесе керек еместігін, тергеуді қандай мерзімде аяқтау қажеттілігін, істі сотқа жіберу үшін жиналған дәлелдемелер

жеткілікті ма, жоқ па немесе дәлелдемелерді жинау процесі ұзартылуы қажет па деген мәселелерді анықтайды, бұл кезде тергеу мерзімін ұзарту заңды болып табылады [188, 69 б.].

Тергеу органдары мен прокуратура қылмысты жоспарлы тергеу, өз қорытындыларын тұжырымдау мен негіздеу және оларды соттың қарауына ұсыну мүмкіндігін жоғалтады, қылмыстық сот ісін жүргізудің құрылымы бұрмаланады деген ой туындайды. Мұндай қауіптердің ешбір негізі жоқ. Соттың қамаққа алуға санкция беруі, сот және тергеу тармақтарының бірігеуіне емес, керісінше олардың ажырауына әкеп соғады. Жаңа бақылау буыны енгізіледі, ол бейтарап және тәуелсіз сот, ол қамаққа алуға санкция бере отырып, қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауды ғана емес, сонымен қатар адам құқықтарын қорғауды жүзеге асырады. Санкциялау туралы шешімді, сотқа дейінгі іс жүргізудің сапасына және аймақтағы қылмыстың жай-күйіне жауап беретін прокурор жеке-дара өзі қабылдайтын, сондықтан ол бірқатар жағдайларда тергеушінің жеткілікті түрде негізделмеген іс жүргізу шешімдерін қабылдауда қолдайтын. Ол үшін әділдік пен тәуелсіздікке ие сот билігі бар. Судья қылмыстардың ашылуы мен тергеу сапасына жауап бермейді, ол айыптау ұйғарымымен және тар ведомстволық мүдделермен байланысты емес, сондықтан күдіктінің құқықтарын барынша қорғауға қабілетті.

Келесідей жағдайда судьяның объективтілігі мен бейтараптылығын жоғалту мәселесі туралы көп жазылған: «мұндай шешім қабылдай отырып, судьялар кейбір тактикалық ойларды ескеруге мәжбүр. Олар кенеттен болатын факторды ескеруі керек, егер күдікті күзетпен ұсталынбаса, яғни тергеуге толыққанды қатысқан жағдайда, оның мінез-құлқын болжауы тиіс. Мұндай қатысу жүргізілген тергеудің нәтижелері үшін, атап айтқанда, қандай да бір қылмыскерді немесе қылмыстық ұйымды әшкерелеуге мүмкіндік болғаны немесе болмағаны үшін жауапкершілікті көздейді. Мұндай жағдайда судьяның әділдігі мен объективтілігі туралы айту қиын» [189, 172 б.].

Мұндай жағдайды сотқа дейінгі тергеп-тексеруде соттық бақылауды кеңейтуді жақтаушылар да жоққа шығармайды. Осылайша, И. Л. Петрухин: «қамаққа алу, тінту және т.б. туралы шешім шығарған судья, осы қылмыстық істі мәні бойынша қарамауы тиіс. Оны басқа судья қарайтын болады»- деп ұсына отырып, жоғарыда аталған қауіп негізсіз емес екендігін айтады [190, 142 б.].

Іс жүзінде Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта тергеу соттары жұмыс істейді, олар жалпы юрисдикция соттарынан бөлек әрекет етеді.

Осы мәселеге байланысты заң әдебиеттерінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысына тергеу судьясының немесе сот тергеушісінің тұлғасын енгізу қажеттігі туралы дұрыс пікір айтылды [191, 9-10 бб.]. Бұл ретте, Н. Панько дұрыс атап өткендей, Ресейдің қылмыстық процесінде тергеу судьялары институтының немесе осыған ұқсас іс жүргізу фигурасының болмауы, сотқа дейінгі сатыда жарыспалылықты жоққа шығармайды және дамып келе жатқан, алайда толық қалыптаспаған өндіріс тәртібінің дәлелі болып табылады [154, 81 б.]. Ал Қазақстан Республикасында орын алған сот-құқықтық реформаның нәтижесінде осы мәселе шешіліп, тергеу соттары құрылған.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, прокурор мен сот өз функцияларын бір-бірінен тәуелсіз жүзеге асырады, олардың әрқайсысы оны орындау кезінде ҚР ҚПК белгіленген шектерде әрекет етеді. Мәні бойынша сот ісін жүргізу сатысындағы прокурорлық қадағалау мен соттық бақылаудың алдында ұқсас міндеттер тұрғанына қарамастан, сотқа дейінгі тергеудің жүргізілуіне соттық бақылау көлемі, әдісі мен бағыты тұрғысынан қылмыстық процестің сол кезеңіндегі прокурорлық қадағалаудан өзгеше болып келеді. Ондай міндеттерге: іс бойынша іс жүргізудің заңдылығын қамтамасыз ету, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің әрбір қатысушысының және ең алдымен күдіктінің құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғау жатады. Бұл жағдай талданып отырған қызмет түрлері тек бір-бірін қайталайды деп айтуға негіз бермейді. Бұл мүмкін емес, себебі ең алдымен, әр түрлі субъектілердің түрлі функцияларды жүзеге асыруы туралы сөз болып отыр.

Осылайша, тергеу судьясы сотқа дейінгі іс жүргізу барысында бақылау қызметін жүзеге асыру кезінде келесідей қызметті жүзеге асырады:

1) анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

2) тез бұзылатын немесе қылмыстық істі мәні бойынша шешкенге дейін ұзақ сақталуы елеулі материалдық шығындарды қажет ететін заттай дәлелдемелерді өткізу туралы мәселені қарайды;

3) сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленуші мен куәнің айғақтарын сақтауға қояды;

4) адвокаттар мен прокурорларды қоспағанда, сотқа дейінгі іс жүргізуде процестік міндеттерді орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын тұлғаларға ақшалай өндіріп алуды қолданады;

5) прокурордың ұсынуымен қылмыстық іс бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені қарайды;

6) сұрау салуды орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, қылмыстық іс үшін маңызы бар кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру және қылмыстық іске қосып тігу туралы мәселені қарайды;

7) қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша сараптама тағайындау не қылмыстық қудалау органының, жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, оның ішінде, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылдамаса, өзге тергеу әрекеттерін жүргізуі туралы мәселені қарайды;

8) қылмыстық процесті жүргізетін органға айғақ беруі үшін келуін қамтамасыз ету қиындық тудыратын, бұрын өздері жауап алған куәні, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың өтінішхаты бойынша, мәжбүрлеп әкелу туралы мәселені қарайды;

9) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының уәжді өтінішхаты бойынша

адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар ету мерзімін бір жылға дейін ұзарту туралы мәселені қарайды;

10) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының уәжді өтінішхаты бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар етпеуіне келісім береді (ҚР ҚПК-нің 55- бабының 2-бөлігі).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының сотқа шағымданатын күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын шешімдерін екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа тергеу және анықтау органдарының, сондай-ақ прокурордың қорытынды (тергеудің белгілі бір сатысы үшін немесе тұтастай алғанда) немесе түпкілікті шешімдері тұжырымдалған қаулылары жатады. Бұл жерде сөз: қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы, қылмыстық істі тоқтату туралы, қылмыстық істерді бөлу не біріктіру туралы, қылмыстық істі сотқа жіберу туралы (соттылық, аумақтық бойынша) және т. б. қаулылар туралы болып отыр. Сот тәртібімен шағымдануға жол берілетін тергеу және анықтау органдары шешімдерінің екінші санатына: адамның, күдіктінің немесе қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде тартылған адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын шешімдері жатады. Ұстап алу, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы қаулыға сот арқылы шағымданумен қатар, тінту жүргізу туралы қаулыға, мүлікке тыйым салу туралы қаулыға, лауазымынан уақытша шеттету, сот-психиатриялық сараптамасын жүргізу үшін ауруханаға жатқызу және басқаларға шағымдану құқығын белгілеуге болады.

ҚР жаңа ҚПК қабылдануымен, барлық санкцияланатын әрекеттер тек тергеу судьясының шешімі бойынша жүргізіледі.

ҚР ҚПК қолданысқа енгізілгеннен кейін де, тергеушінің іс жүргізу мәжбүрлеу шараларын қолдануының заңдылығы мен негізділігіне прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру өзінің мәнін жоғалтқан жоқ. Себебі, біріншіден, сот тек күзетпен ұстауды қолдану (немесе қолданбау) туралы мәселені ғана шешеді, өзге де бұлтартпау шараларын таңдаудың заңдылығын сот тек шағымдар бойынша тексереді, сондықтан оларды қолданудың заңдылығын тұрақты түрде қадағалауды жүзеге асыру- прокурордың міндеті болып қалады [188, 72 б.].

Екіншіден, прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өтінішхатын зерделеу нәтижелері бойынша өтінішхатқа келісім білдіреді не оны қолдаудан уәжді қаулымен бас тартады және (немесе) өзге бұлтартпау шарасын таңдау туралы мәселені шешеді. Қаулының көшірмесі мүдделі адамдарға жіберіледі.

Прокурор ұстап алу мерзімі өтерден кемінде сегіз сағат бұрын тергеу судьясына өтінішхаттың негізділігін растайтын қылмыстық іс материалдарының көшірмелерін қоса бере отырып, күзетпен ұстауды санкциялау жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулыны ұсынуға міндетті (ҚР ҚПК 147-бабының 3-бөлігі). Бұл ретте осы ереженің қарсыластары, егер сотқа жүгінер алдында тергеу органдары әрдайым прокуратураның санкциясын алуға мәжбүр болса, содан кейін прокурор сот отырысына қатысатын болса, прокуратура оған жүктелген жұмыс көлемін орындай алмайды деп көрсетеді.

Азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты санкциялар мен сот шешімдерін шығару тәртібі, осы көзқарасты жақтаушылардың пікірі бойынша, бос формальдылыққа айналады: сот прокурордың пікіріне сүйенетін болады, ал прокурор - судьяның мейірімділігіне үміттенетін болады. Олардың пікірінше, келесідей болуы да әбден мүмкін: тергеу органы судьяға жүгінер алдында бұл туралы прокурорды хабардар етеді және қарсылық болмаған кезде материалдарды сотқа береді, онда тергеу әрекетін жүргізу қажеттілігін өзі негіздейтін болады. Егер прокурор оның сотқа қатысуы заңды және негізделген шешім қабылдауға ықпал етеді деп есептесе, онда ол өзі қатысады [192, 12 б.]. Қазіргі заманғы қылмыстық іс жүргізу заңнамасы іс жүргізу кепілдіктерін қысқартуға емес, керісінше оларды нығайтуға бағытталуы қажет. Тәжірибені талдау нәтижесі көрсеткендей, қазіргі кезеңде прокурорлар күзетпен ұстауды санкциялау туралы шешім қабылдауға жауаптылықпен қарай бастады.

Үшіншіден, прокурор осы бұлтартпау шарасын таңдаған судьяға жүгінбей, бұлтартпау шарасын, оның ішінде күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының күшін жоюға немесе өзгертуге құқылы, өйткені сот шешімінің мәні- күзетпен ұстауға байланысты жеке адамның конституциялық құқықтарын жою емес, оларды шектеу болып табылады.

Прокуратура жедел - іздестіру қызметін және қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдардың заңдарды орындауына тұрақты, үздіксіз және жан-жақты қадағалауды қамтамасыз етеді, бұл ретте өзіне ҚР ҚПК-мен, сондай-ақ «Прокуратура туралы», «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңдарымен берілген өкілеттіктерді пайдалана отырып, осы органдардың күдіктінің құқықтары мен бостандықтарын сақтауын қадағалайды. Сонымен бірге аталған органдардың кейбір іс-әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын прокурормен қатар мүдделі тұлғалардың шағымдары бойынша сот тәртібімен тексерілуі мүмкін. ҚР «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңының 5-бабына сәйкес, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың әрекеттері оның құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкелді деп санайтын адам бұл іс-әрекеттер жөнінде жоғары тұрған органға, не прокуратураға немесе сотқа шағымдануға құқылы; өзіне қатысты жедел-іздестіру шаралары жүргізілген және сонымен бірге осы адамның пікірі бойынша құқықтары бұзылған адам, ол туралы алынған мәлімет жөнінде ақпарат беруден бас тартқан кезде прокурорға да, сотқа да жүгіне алады.

Қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде ұстап алынған азаматтар ұстау фактісі бойынша прокурорға да, сотқа да шағымдана алады. Сонымен қатар, соттық бақылауды ұстап алудың заңдылығының кепілдігі ретінде қарастыра отырып, сотқа шағымдану мүмкіндігі өзге кепілдіктердің, атап айтқанда, ұстап алудың заңдылығы мен негізділігіне прокурорлық қадағалаудың күшін жоймайды деген қорытындыға келуге болады. Сотқа шағым беру прокурорды ұстап алудың әрбір фактісінің заңдылығын және негізділігін бағалаудан және прокурорлық ықпал ету шараларын қолданудан босатпайды, бұл заңсыз ұсталған адамды дереу босатуды ғана емес, сондай-ақ заңсыз ұстауға жол берген лауазымды адамдарды әуелі қылмыстық жауапкершілікке де тартуды қамтиды. Осы мақсатта прокурор шағым берілуіне қарамастан, ұстап

алынғандарды уақытша ұстау изоляторларында, гауптвахталарда, түзеу мекемелерінің айып изоляторларында, ұсталғандарды ұстаудың өзге де орындарында ұстаудың заңдылығына тексеру жүргізуі тиіс [188, 70 б.]. Осы жерде прокурорлық қадағалауды шағымдар бойынша біртіндеп әрекет ететін соттық бақылаумен алмастыруға болмайды.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеумен байланысты емес жедел-іздіксіз және тергеу органдарының, сотқа шағым жасалмаған әрекеттері мен шешімдері, сондай-ақ өзге де мәжбүрлеу шараларын (соттың келісімі талап етілгеннен басқа) қолдану - прокурорлық қадағалаудың айрықша құзыреті саласында қалады.

Прокуратура қылмыстық істерді тергеу кезінде заңдарды әртүрлі жолдармен дәлме-дәл және біркелкі ғана емес, бұлжытпай орындауға, кімнің тарапынан болса да кез келген заң бұзушылықтарды жоюға дер кезінде шара қолдануға, сондай-ақ азаматтарды заңды қастерлеу рухына тәрбиелеуге шақырады [193, 25 б.]

Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизміндегі прокурорлық қадағалау және соттық бақылау мәселесін қарастыруды қорытындылай келе, прокуратураның қадағалауы тұрақты және үздіксіз жұмыс істейтіндігін атап өткен жөн, ал сот оларды мүдделі адамдардың бастамасы бойынша, азаматтардың нақты өтініштері мен шағымдарының келіп түсуіне қарай және әдетте, сот талқылауы арқылы жариялы түрде іске асырады.

Сотқа қарағанда, прокуратураға тексерісті бастау үшін мүдделі тараптардың өтініштерін күту қажет емес. Жедел-іздіксіз қызметін, анықтауды, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, қамауға алынғандарды және ұстап алынғандарды ұстауды жүзеге асыратын органдардың қызметінде заңдылықты сақтау сияқты бағыттарда прокурорлық қадағалау заңдардың бұзылуы туралы ақпараттың бар-жоғына қарамастан, олардың алдын алу мақсатында әрекет етеді.

Прокурорлық тексерістер жеделділігімен сипатталады. Бұл үшін сот ісін жүргізуге міндетті болып табылатын - хаттамалау, алдын ала тыңдауды тағайындау мен өткізу сияқты ерекше рәсімдер талап етілмейді.

Прокурорлық қадағалаудың оның өкілеттіктерінің ерекшелігін көрсететін маңызды қасиеттерінің бірі - бұл бастамашылық. Объективті себептер бойынша соттық бақылау осындай қасиеттерге ие емес және ие бола алмайды. Жоғарыда атап өтілгендей, сотқа заңдылықты бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кез келген іс, тек тараптардың өтініштері бойынша сотта қозғалады. Судья, заңдардың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қалай да бұзылғанына тап болса да, құқықтарына қысым жасалған тарап немесе олардың мүдделерін білдіре отырып прокурор сотқа жүгінбейінше, бұл бұзушылықтарды жою үшін өз бастамасы бойынша әрекет ете алмайды. Керісінше, прокурор қадағалаудың тұрақты және үздіксіз сипатын негізге ала отырып, заңның бұзылуын анықтау, жолын кесу және жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру мақсатында қадағалауындағы объектілер мен адамдардың әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын дербес, өз бастамасы бойынша тексеруге міндетті.

Сонымен қатар соттың заңды бақылау жөніндегі өкілеттігі императивті сипатқа ие болып табылады. Егер прокурор өз қадағалау құралдарымен заңның бұзылуын жоймаса, онда ол сотқа жүгінеді және сот өкілеттігінің императивтілігінің арқасында заңдылықты қалпына келтіруге қол жеткізе алады.

3.3 Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы ақтау институтының рөлі

Қылмыстық процесс мемлекет пен жеке тұлға арасындағы қарым-қатынастардың барлық спектрін қамтитын маңызды мемлекеттік институттардың бірі ретінде, өзінің ерекшелігіне қарай жеке адамның бостандығы мен қолсұғылмаушылығын шектеумен, азаматтардың жеке өміріне қол сұғумен, процессуалдық мәжбүрлеудің әртүрлі шараларын қолданумен байланысты, негізгі демократиялық қағидаттарды сақтауға ерекше назар аударуды талап етеді. Негізсіз немесе заңсыз қылмыстық қудалау, азаматты соттау бірқатар жағымсыз моральдық уайымдарға, материалдық айыруларға және басқа да зардаптарға әкеп соғады [194, 166-167 бб.].

Қылмыстық сот ісін жүргізу саласы, азаматтардың жеке өміріне мемлекеттің елеулі түрде араласуына жол берілетін қоғамдық қатынастардың саласы болып табылады. Сонымен қатар, қылмыстық сот ісін жүргізу адам қызметінің кез келген басқа саласы сияқты мүмкін болатын қателіктерден сақтандырылмаған. Бұл негізінен, егер сіз іздеушіге тәуекелге баруға, ақпаратты анықтаудың жеткіліксіздігі жағдайында шешім қабылдауға мүмкіндік бермесеніз, қылмыстарды ашу және тергеу жөніндегі эвристикалық қызметтің мүмкін еместігімен байланысты [195, 109 б.]. Өкінішке орай, мұндай қызметті жүзеге асыру кезінде, қателіктермен қатар, лауазымды тұлғалар кейде өздерінің билік өкілеттігін саналы түрде теріс пайдалануға жол береді, мысалы, нысаны бойынша заңсыз және мәні бойынша адамгершіліксіз дәлелдеу әдістерін пайдаланады [196, 3 б.].

Сот төрелігін жүзеге асырудағы қателіктер адам үшін де, жалпы қоғам үшін де оңай болмайды.

Әділдіктің ол бірінші кезекте болуы тиіс салада бұзылуы, адамның жан-дүниесінің жай-күйіне теріс әсер етеді, заңға және лауазымды адамдарға деген құрметсіздікті туындатады, қоғамдық құндылықтар мен мемлекеттің беделіне теріс әсер етеді.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсаты қылмыстардан зардап шеккен адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ жеке адамды заңсыз және негізсіз айыптаудан, соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын шектеуден қорғау болып табылады. Қылмыстық қудалау және кінәлілерге әділ жаза тағайындау, қылмыстық қудалауға заңсыз және негізсіз ұшырағандарды ақтау да қылмыстық сот ісін жүргізудің мақсатына жатады (ҚР ҚПК-нің 8- бабы). Негізділік пен заңдылық - әртүрлі санаттар екенін атап өту қажет. Әрекет пен шешім негізді, бірақ бұл ретте заңсыз болуы мүмкін. Сондықтан ҚР ҚПК 8-бабының 2-бөлігіне «заңсыз» деген сөзді енгізу қажет. Қоғамның қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адамгершілік ұстанымы

болып, тек қылмыскердің қылмыстық жауапкершілікке тартылуы және сотталуы ғана емес, сондай-ақ кінәсіз адам заңсыз қылмыстық қудалаудың құрбаны болмауы танылады. Заң шығарушы қылмыстық сот ісін жүргізудің біртұтас мақсаттарын құрайтын қоғамның осы екі мүддесінің арасында теңдік белгісін қойды.

Е. Г. Мартынчиктің әділ ескертуі бойынша, ҚР ҚПК қылмыстық қудалауды сотқа дейінгі іс жүргізудің тірі тінінен бөле отырып, оны қылмыстық процестің негізгі, жалпы ережелеріне құрылымды түрде қосады, осы арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлілерді әшкерелеуге және оларды қылмыстық жауаптылыққа тартуға бағытталған қызметті қылмыстық қудалаудың шегінен шығарады, ол теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да дұрыс емес. Қылмыстық қудалау институтын сотқа дейінгі іс жүргізуге «байлау» қажет еді [197, 5 б.].

Мемлекеттік қызметшілер және басқа да лауазымды адамдар адам мен азаматтың бостандықтары мен құқықтарын мойындағысы, сақтағысы, қорғағысы келмеген жағдайларда, олардың заңсыз әрекеттері үшін жауапкершілікті мемлекет өз мойнына алды. Мұны орындау үшін ҚР-ң заңнамасымен ақтау тәртібі қарастырылған. Ақтау тәртібі келтірілген мүліктік және моральдық зиянды өтеу, адал атын, тұрғын үй, еңбек, зейнетақы және өзге де құқықтарын қалпына келтіру тәртібі мен нысанын айқындайды [194, 167 б.].

Қылмыстық қудалау мәселесі біздің зерттеу шеңберінен тыс шығады. Алайда кінәліні әшкерелеу және оған әділ жаза тағайындау бойынша қылмыстық сот ісін жүргізудің бір міндеті мен екіншісі - заңсыз және негізсіз қылмыстық қудалауға ұшырағандардың әрқайсысын ақтаудың арасындағы баланс бұзылмауы тиіс. Олар бірге барлық қылмыстық процестің бірыңғай мақсатын құрайды.

Сот- тергеу практикасында кейде адамның кінәсі толық дәлелденбей немесе жалған дәлелдердің негізінде жауаптылыққа тарту орын алатын кездер болады. Бұл жағдай сот-тергеу қызметінің ішіндегі ең жағымсыз қызметтің түрі болып табылады, себебі шын мәнінде қылмыс жасамаған адамды қылмыс жасады деп айыптағанда, оған жаза қолданылып, сол адамның қоғам алдындағы абыройына, құқықтары мен бостандықтарына зардап келеді. Сонымен қатар адам негізсіз жазаға тартылған жағдайда заңдылық қағидасы өрескел бұзылған деп саналады. Мұндай жағдайдағы заңдылық қағидасының бұзылғандығы заңның дұрыс қолданылмағандығымен, тәжірибе қызметкерлерінің тыңғылықты жұмыс атқармау салдарынан сотталмауы тиіс адамның жауаптылыққа тартылуымен көрінеді. Адамның кінәсіз екендігі анықталған жағдайда, ол адамды ақтап, оның барлық бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және шеккен зардаптарының орнын толтыру қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі бола және халықаралық құқықтық кеңістікке ене отырып, өз құқықтық жүйесіне халықаралық құқықтың нормаларын, халықаралық шарттарды және жалпыға танымал қағидаларды енгізуде. Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясында әрбір адамның негізгі құқықтары бұзылған жағдайда оны

өкілетті ұлттық соттар арқылы қалпына келтіруге құқығы бар екендігі келтірілген. Сол сияқты қылмыстардың және билікті теріс пайдаланудың құрбандары үшін әділсоттың негізгі қағидалары туралы Декларацияда да (4 пункті) қылмыс құрбандарының келтірілген зияндар бойынша ұлттық заңдарға сәйкес әділсот механизмдері арқылы және тез арада өтемақы алуға құқығы бар екендігі жөнінде айтылған [109, 140-141 бб.].

Заң әдебиеттерінде ақтау ұғымы туралы мәселе пікірталас түрінде қалып отыр.

«Реабилитация» ұғымы француз құқығынан алынып енгізілген. «Реабилитация» латынның «rehabilitatio» деген сөзінен пайда болып, ге- қалпына келтіру, abitalis- жарамдылығы, қабілеттілігі деген мағынаны білдіреді [109, 140 б.].

«Ақтау» – бұл қылмыстық қудалауға заңсыз және негізсіз тартылған адамның құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру және оған келтірілген зиянды өтеудің тәртібі [198, 122 б.].

Ақтау (латынның «rehabilitatio» – қалпына келтіру): құқық саласында – құқықтарын қалпына келтіру. Негізінде айыпталушы ретінде тартылған немесе сот үкімі бойынша кінәлі деп танылған немесе әкімшілік жазаға тартылған адамды ақтау деп- істі қайта қарау кезінде ақтау үкімін, қылмыс оқиғасының болмауынан, қылмыс құрамының болмауынан немесе қылмыс жасауға қатысудың дәлелденбеуінен қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы (ұйғарым), сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату туралы қаулы (ұйғарым) шығару есептеледі [199, 155 б.].

Ақтау - бұл кінәсіз бола отырып, қылмыстық қудалауға ұшыраған адамның құқықтарын мемлекеттің жан-жақты және толық қалпына келтіруі. Ақтау құқығы мүліктік (материалдық) зиянды өтеу, моральдық зиянның зардаптарын жою және өзге де (еңбек, зейнетақы және т.б.) құқықтарды қалпына келтіру құқығын қамтиды.

Ақтау көбінесе сотталушыны ақтау фактісімен немесе ақтау негіздері бойынша күдіктіге, айыпталушыға, сотталған адамға қатысты қылмыстық істің тоқтатылуымен анықталады [200, 13-14 бб.].

М. И. Пастухов ақтауды үш көзқарас тұрғысынан қарастырады:

1) Философиялық тұрғыдан ақтау - бұл қылмыстық сот ісін жүргізуде шындық пен әділдіктің жеңісі.

2) Адамгершілік тұрғыдан алғанда - бұл кінәсіз адамға қатысты жіберілген қате үшін мемлекеттің, оның органдарының әктісі. Оның бұзылған құқықтарын қалпына келтіре отырып, мемлекет оның алдында өз кінәсін өтейді. Азаматқа анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура, сот органдарының заңсыз іс-әрекеттері салдарынан жоғалтқандарының барлығы, яғни: табысы, мүлкі, тұрғын үйі қайтарылады; оның адал атын қалпына келтіру үшін шаралар қолданылады.

3) Ақтау ең ауыр тергеу және сот қателіктерін түзетудің құқықтық құралы болып табылады. Күдіктіні (сотталушыны) кінәсіз деп танудың әрбір жағдайы - бұл, әдетте, қылмыстық сот ісін жүргізу аясына түскен адамға қатысты болған өрескел қателіктердің, олықылықтардың, заң бұзушылықтардың

дәлелі [201, 58 б.].

Ақтау сондай-ақ негізсіз қылмыстық қудалауға ұшыраған азаматтардың құқықтары мен беделін (ар-намысы мен қадір-қасиетін) қалпына келтіру ретінде де айқындалады [202, 63-64 бб.]. Бұл жағдайда ақтау ұғымына қылмыстық іс жүргізу саласындағы органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттерінен зардап шеккен адамға моральдық зиянды өтеу де жатады. Аталған ақтау ұғымымен келісу, ақталған адамның моральдық зиянды өтеуге дербес құқығы жоқ дегенмен келісуді білдіреді. Сондықтан қылмыстық процестегі ақтаудың осындай ұғымымен толықтай келісуге болмайды.

С.М. Эпеновтың ойынша, ақтау (реабилитация) дегеніміз- кінәсі жоқ немесе артық айыптаулар тағылған адам жауаптылыққа тартылғанда, оның қылмыс жасамағандығын немесе кейбір қылмыстар бойынша кінәсіз екендігін ресми түрде тану және оның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру және шеккен зардаптарын жою бағытындағы шаралар болып табылады [109, 140 б.].

Л. В. Бойцованың пікірінше, «ақтау деп жоғалған құқықтар мен артықшылықтарды қайтару, қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартумен, бас бостандығынан айырумен, кінәсіз адамдарды дәлелсіз соттаумен байланысты құқықтық шектеуді жою, сондай-ақ құқық қабілеттілігін қалпына келтіру түсініледі» [203, 21-22 б.]. Кейбір авторлар ақтау – бұл уәкілетті органдардың тиісті шешімде адамның кінәсіздігін мойындауы және осы адамның бұзылған құқықтарын қалпына келтіруі деген пікірді ұстанады [204, 24 б.]. Олар құқықтарын қалпына келтіру деп, залалды нақты өтеуді айтады, яғни олардың түсінігі бойынша ақтау- бұл қылмыстық істі тоқтату немесе айыпталушы ретінде негізсіз тартылған адамдарды сот арқылы ақтау фактісі ғана емес, сонымен қатар осыған байланысты туындайтын құқықтық салдарлар (мысалы, кінәсіз азаматтардың беделі мен ар-намысын қалпына келтіру және материалдық залалды өтеу).

Ақтау ұғымын анықтау үшін ақтау ұғымының және қылмыстық процесте анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерімен жеке адамға келтірілген залалды өтеу құқығының арақатынасын қарастыру маңызды.

Кейбір ғалымдар ақтау ұғымына аталған залалды өтеу құқығын ғана емес, сондай-ақ осы залалды нақты өтеу құқығын да қосады [204, 35 б.]. Бірақ егер қылмыстық процесте анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерімен жеке адамға келтірілген залалды нақты өтеу – ақтау элементі деп танылса, онда ақтаудың өзі зардап шеккен субъектінің еркіне тәуелді болады (ол залалды өтеу құқығына ие бола отырып, аталған құқықты пайдаланудан бас тарта алады). Осылайша ақтау кезінде адамға өтемақыны өтеуге мәжбүр етіледі. Олай болмаған жағдайда оны ақталмаған немесе ішінара ақталған деп санаған жөн. Бұл жағдайда адамның өз құқықтарын ерікті түрде жүзеге асыратындығын ескеру қажет.

Ақтау - бұл жеке адамға заңсыз немесе негізсіз қылмыстық қудалаумен келтірілген залалды өтеу шарты. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ақтау дәл осылай түсінілді. С. И. Викторскийдің пікірінше, «ақтау

үкімдері күдіктіні сотқа негізсіз тартудың дәлелі болып табылады және одан (күдіктіден) оның барлық ауыр зардаптарын алып тастайды, ақталған адамға төрағалық етушімен соттан және егер ол қамаққа алынған болса, онда күзетпен ұстаудан босату туралы дереу түрде хабарланады. Бұдан басқа, ақталған сотталушыға оны сотқа негізсіз тартумен келтірілген шығындарды және залалдар үшін сыйақы өндіріп алуға рұқсат етіледі, бұл ретте мұндай өндіріп алу қудалауды қозғаған адамға ол жосықсыз әрекет еткен кезде ғана орын алады, сондай-ақ қылмыстан жәбір көрмеген жеке адамнан немесе ол сотталушыны айыптаған әрекет үшін осы сыйақыны өндіріп алуды ақталған адам кез келген жағдайда талап етуі мүмкін. Ақырында, ақталған адам лауазымды адамдардан, соның ішінде сот тергеушісі мен прокурордан, егер олар әділетсіз, қысым жасау арқылы, заңды себепсіз немесе негізсіз әрекет еткенін дәлелдей алатын болса, сыйақы өндіру құқығына ие» [205, 382-383 бб.].

ҚР ҚПК ақтаудың нақты түсінігін бермейді, алайда ҚР ҚПК 37-бабының мәнінен, ақтау деп- қылмыстық қудалауға заңсыз немесе негізсіз тартылған адамның құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру және оған келтірілген зиянды өтеу тәртібін айтуға болады, ал ақталғандар деп- ҚПК-не сәйкес заңсыз немесе негізсіз қылмыстық қудалауға байланысты оған келтірілген зиянды өтеу құқығы бар адам.

Бұл ретте «заңсыз немесе негізсіз» қылмыстық қудалау категориясы қарастырылып отырған институтқа қатысты өзіндік мәні бар екенін ескеру қажет. Мемлекетпен ақталған адамға зиян тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе судьяның қылмыстық іс жүргізу құқығы нормаларын қасақана бұзуы немесе олардың өзінің қызметтік міндеттеріне немқұрайлы қарауы не олар қылмыс жасауға іс жүзінде қатысы жоқ адамға қатысты ұстап алуды немесе басқа да іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде адал жаңылысу салдарынан (мысалы, көрінеу жалған сөз жеткізгені нәтижесінде) оның салдарынан болған-болмағандығына қарамастан, зиянды өтеуге тиіс. Қылмыстық қудалауға қылмыс жасамаған адам ұшырағандықтан, барлық жағдайда да ол заңсыз деп есептеледі [206, 70 б.].

ҚР ҚПК-нің 37 бабына сәйкес, заңсыз немесе негізсіз қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, ақтау құқығының туындауына негіз болып табылады.

Қылмыстық қудалауды айқындауды негізге ала отырып, ақтау, оның ішінде зиянды өтеу құқығының туындауына күдікті мен айыпталушының іс жүргізу жағдайына қойылған адамды қылмыс жасағаны үшін әшкерелеуге бағытталған айыптаушы тарап (яғни прокурор, тергеуші, тергеу бөлімінің бастығы, анықтаушы, жеке айыптаушы, жәбірленуші, оның заңды өкілі мен өкілі, азаматтық талапкер және оның өкілі) қабылдаған кез келген іс-әрекеттер мен шешімдер негіз бола алады.

Қылмыстық сот өндірісі саласында келтірілген зиянды өтеу жөніндегі қатынастардың құқықтық табиғаты біртекті емес. Сондықтан ғалым-құқықтанушылар әлі күнге дейін ақтау институтын азаматтық-құқықтық реттеу саласына жатқызу жөнінде ұсыныстар айтып келеді [207, 11 б.]. Азаматтық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық саладағы моральдық зиян ұғымы бірдей

болуы және олардың арасында қарама-қайшылықтардың болмауы аса маңызды [208, 46 б.].

Сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізу заңы қылмыстық қудалау нәтижесінде адамға келтірілген зиянды сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен соттың лауазымды адамдарының кінәсіне қарамастан, мемлекет толық көлемде өтейтінін атап көрсетеді.

Біз бұған егжей-тегжейлі тоқталмаймыз, тек қылмыстық қудалау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу кезінде туындайтын құқықтық қатынастардың салалық тиесілігі туралы бұрыннан келе жатқан мәселені ҚР ҚПК-і түпкілікті шешкенін атап өткіміз келіп отыр. Мәселен, ҚР ҚПК-не сәйкес, ақталған адамға мүліктік зиянды өтеу туралы мәселені шешу ҚР ҚПК-нің 40-бабына сәйкес қылмыстық іс жүргізу тәртібімен шешіледі, ол мүліктік дауларды шешуге тән азаматтық сот ісін жүргізуден елеулі түрде ерекшеленеді. Моральдық зиянды өтеу, керісінше, талап қою арқылы азаматтық процесс тәртібімен шешіледі. Бұл бапта, атап айтқанда, құқыққа сыйымсыз түрде қылмыстық қудалауды жүзеге асыру нәтижесінде адамға және азаматқа келтірілген зиян, анықтауды жүргізген органдардың немесе анықтаушының, прокурордың, тергеушінің және соттың кінәсіне қарамастан, мемлекетпен толық көлемде өтелуі керек екендігі көрсетілген [194, 168 б.].

Ақтау құқығының пайда болуы үшін, құқыққа сыйымсыз түрде жүргізілген қылмыстық қудалау- қылмыстық сот өндірісі тәртібін бұза отырып жүргізілгенін тану қажет және ол жеткілікті болып табылады. Яғни, мемлекеттік билік органдары немесе олардың лауазымды адамдары жүзеге асырған заңсыз іс-әрекеттер немесе әрекетсіздігі салдарынан, бұл іс-әрекеттер немесе әрекетсіздік қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңсыз басталуына, заңсыз ұстауға немесе қылмыстық сипаттағы құқық бұзушылық жасады деп заңсыз айыптауға әкеп соғу мүмкін.

Ақтау құқығына мүліктік зиянды өтеу, моральдық зиянның салдарын жою және еңбек, зейнетақы, тұрғын үй және өзге де құқықтарды қалпына келтіру құқығы жатады (ҚР ҚПК 40, 41-баптары). Прокурор, тергеуші, анықтаушы қаулыда өзіне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамды ақтау құқығын таниды. Бір мезгілде ақталғанға қылмыстық қудалаумен байланысты зиянды өтеу тәртібі түсіндіріле отырып, хабарлама жіберіледі. Ақталған адамға сотқа дейінгі тергеу сатысында мүліктік зиянды өтеуге келесілер жатады:

- 1) олар айырылған жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыларды, өзге де қаражаттар мен табыстарды;
- 2) соттың үкімі немесе өзге де шешімі негізінде заңсыз тәркіленген немесе мемлекеттің кірісіне айналдырылған мүлікті;
- 3) соттың заңсыз үкімін орындау үшін өндіріп алынған айыппұлдарды; заңсыз әрекеттерге байланысты адам төлеген сот шығындары мен өзге де сомаларды;
- 4) заң көмегін көрсету үшін адам төлеген сомаларды;
- 5) қылмыстық қудалау салдарынан шегілген өзге де шығыстарды өтеуді қамтиды.

Қылмыстық қудалау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу қағидасын негізге ала отырып, құқығы бұзылған адамның бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін жұмсаған немесе жұмсауға тиіс болған шығыстарын, оның мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануын (нақты нұқсан) ғана емес, сондай-ақ, егер оның құқығы бұзылмаған болса, бұл адам азаматтық айналымның қалыпты жағдайында алатын немесе алынбаған табысы (айрылып қалған пайда) да толық көлемде өтелуге жатады.

Мүліктік зиянды өтеу туралы қағиданы іске асыру кезінде тәжірибеде қалыптасқан ережені сақтау қажет, оған сәйкес қылмыстық жауаптылыққа заңсыз немесе негізсіз тартуға байланысты жалақысын және басқа да еңбек табыстарын жоғалтумен келтірілген зиян, оның ішінде қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тартылған және басқа да заңсыз іс-әрекеттер жасалған күннен бастап, ақтау туралы акт заңды күшіне енгенге дейінгі уақыт үшін ғана емес, сондай-ақ азамат оның бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтіру шараларын қолданған уақыт үшін келтірілген зиян қалпына келтірілуі тиіс.

Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар осы тарауда көзделген тәртіппен құқықтарды қалпына келтіру тәртібін түсіндіретін хабарлама алынған күннен бастап алты ай ішінде қойылуы мүмкін. Бұл мерзімді дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, сот оны мүдделі адамдардың өтініші бойынша қалпына келтіруі мүмкін. Мүліктік зиянды өтеу туралы талап қылмыстық істі тоқтату туралы, заңсыз немесе негізсіз шешімдердің күшін жою немесе өзгерту туралы қаулы шығарған органға беріледі (ҚР ҚПК 40-бабының 2-бөлігі). Адамның зиянды өтеу тәртібі туралы хабарламамен бірге құжаттардың көшірмелерін алғаннан кейін, ол үкімді, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарған сотқа немесе өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа, не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы не өзге де заңсыз шешімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы қаулы шығарған органның орналасқан жері бойынша сотқа мүліктік зиянды өтеу туралы талаппен жүгінуге құқылы. Егер қылмыстық іс тоқтатылса немесе үкім жоғары тұрған сотпен өзгертілсе, зиянды өтеу туралы талап үкім шығарған сотқа жіберіледі. Кәметке толмаған адамның атынан зиянды өтеу туралы талапты оның заңды өкілі мәлімдеуге құқылы.

Судья өтініш келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірмей, қажет болған жағдайларда қаржылық және әлеуметтік қорғау органдарынан есептеулерді сұрата отырып, зиянның мөлшерін анықтайды, одан кейін инфляцияны ескере отырып, осы зиянды өтеуге төлемдер жүргізу туралы қаулы шығарады. Егер іс оны апелляциялық немесе кассациялық тәртіппен қараған сотпен тоқтатылса, аталған әрекеттерді істі бірінші сатыда қараған соттың судьясы сот талқылауын жүргізбей-ақ жеке-дара жүргізеді. Аталған төлемдер инфляция деңгейін есепке ала отырып жүргізіледі, біздің елдегі тұрақсыз экономикалық жағдайды ескерсек, бұл өте маңызды болып табылады.

Бізге С. В. Нарижныйдың айтқан пікірі дұрыс сияқты көрінеді, оның ойынша ақтау кезінде азаматқа оған келтірілген залалды өтеу рәсімі қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларымен реттеліп қана қоймай, сонымен қатар соттық болуы тиіс. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында

ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған кезде, зардап шеккен адамға келтірілген зиянды өтеу туралы мәселе алдын ала тергеу (анықтау) жүргізілетін жердегі аудандық сотта шешілуі тиіс. Бірінші сатыдағы сотта ақтау үкімі шығарылған жағдайда, бұл мәселені сол сот шешуі тиіс. Ал іс екінші сатыдағы сотта тоқтатылған кезде, сол сот ақталған адамға келтірілген зиянды, оның ішінде моральдық зиянды өтеу туралы шешім шығаруға тиіс [209, 225 б.].

Ақтау құқығына, соның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қылмыстық қудалаумен байланысты зиянды өтеу құқығына келесілер ие болады:

1) мынадай негіздер бойынша өзіне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған күдікті:

- қылмыс оқиғасының болмауы;
- әрекетте қылмыс құрамының болмауы;
- егер қылмыстық іс жәбірленушінің арызы бойынша басталуы қажет болса, жәбірленушінің арызының болмауы;
- күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысы болмауы;
- күдіктіге қатысты сол айыптау бойынша заңды күшіне енген үкімнің немесе соттың ұйғарымының не судьяның сол айыптау бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысының болуы;
- күдіктіге қатысты анықтау органының, тергеушінің немесе прокурордың сол айыптау бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысының болуы.

2) егер ҚР ҚПК-нің 32-бабының төртінші бөлігінде көзделген мән-жайлардың жоқтығына қарамастан, қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайлар анықталған кезден бастап сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылмаса, өздеріне қатысты қылмыстық іс тоқтатылуға жататын адамдардың;

3) өздеріне қатысты қылмыстық іс ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылуға тиіс, бірақ қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайлар анықталған кезден бастап тоқтатылмаған және мұндай адамдардың қылмыстық істі тоқтатуға келіскеніне қарамастан, қылмыстық қудалау заңсыз жалғастырылған адамдардың;

4) жасаған іс-әрекетінің саралануы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің оны жасағаны үшін күдік келтіру немесе айыптау кезінде ҚР ҚПК-де ұстап алуға немесе күзетпен ұстауға жол берілмейтін неғұрлым жеңіл қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін бабына өзгертілген не осы бап бойынша неғұрлым жеңіл жаңа жаза тағайындалған немесе үкімнен айыптау бөлігі алып тасталған және осыған байланысты жазасы төмендетілген жағдайларда, сол сияқты соттың медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын немесе мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану туралы заңсыз шешімінің күші жойылған жағдайда қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға сотталған, ұстап алынған немесе күзетпен ұсталған адамның құқығы бар. Қамаққа алудың немесе бас бостандығынан айырудың нақты өтелген мерзімі Қазақстан Республикасы

Қылмыстық кодексінің кінәлі адам жасаған іс-әрекет жаңадан сараланған бабында көзделген қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең жоғары мөлшерінен асатын бөлігінде заңсыз өтелген болып есептеледі;

5) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында заңды негізсіз тиісті мерзімінен артық күзетпен ұсталған, сол сияқты кез келген өзге де процесік мәжбүрлеу шараларына заңсыз ұшыраған адамның;

б) өзіне қатысты кейіннен сот тәртібімен заңсыз деп танылған жасырын тергеу әрекеттері жүргізілген адамның құқығы бар.

Күдіктіні стационарлық сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыру, бас бостандығынан айырудың бір түрі болып саналады. Мұндай тұжырымды Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияның 5 - бабының ережелерінен [210, 2-4 бб.], сондай-ақ ҚР ҚПК нормаларын талдаудан жасауға болады: «тек сот күзетпен ұсталмайтын күдіктіні сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық немесе психиатриялық стационарға орналастыру туралы шешім қабылдауға өкілетті» (ҚР ҚПК-нің 53-бабының 1-бөлігі). Адамды қандай жағдайда болмасын оны бас бостандығынан айыру, еріксіз ұстау шарттарынан, сондай-ақ орын алған әділетсіздікке байланысты терең психикалық азаппен қоса жүреді. Сондықтан да кінәсіз деп танылған адамның өзіне келтірілген зиянды, оның ішінде моральдық зиянды өтеу құқығын заңнамалық бекіту, сөзсіз дұрыс болып табылады.

Ақталған адам деп – қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысы жоқ, алайда белгілі бір жағдайларға байланысты (лауазымды тұлғаның ниеті немесе салғырттығы не қателігі) қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе сотталған және кінәсіз, бекерден бекер бостандығынан айырылған, азап шеккен адамды айтамыз. Сондықтан көпшілік алдында кешірім сұрау, жоғалғанның бәрін қайтару және келтірілген зиянды өтеу қажет болып саналады.

Қылмыстық сот ісін жүргізу теориясында, ақтаудың және зиянды өтеудің негіздері ретінде тек ақтау үкімін және қылмыс оқиғасының болмауына, әрекетте қылмыс құрамының болмауына, сондай-ақ адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысы жоқтығына байланысты қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны (ұйғарым) санай отырып, ақтау құқығына ие субъектілердің тізбесін қайта қарастыру ұсынылады [206, 72 б.]. Бұл қылмыстық істі қудаланатын және қудаланбайтын негіздер бойынша тоқтатудың дәстүрлі түрде бөлінуі.

Бұл туралы ҚР ҚПК 38-бабында айтылған, онда тергеуші немесе прокурор қылмыс оқиғасы болмаған, әрекетте қылмыс құрамы болмаған және күдікті қылмыс жасауға қатысты болмаған жағдайда қылмыстық істі тоқтату кезінде ақтау шараларын қабылдайды деп айтылған. Осылайша, ақтау құқығының пайда болу негіздерін шектеу арқылы, орын алған заңдағы нормалардың қарама-қайшылықтарын жою қажет.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің 2017 жыл мен 2020 жылдың статистикалық мәліметтеріне жүгінетін болсақ [181], қудаланатын негіздер


бойынша тоқтатылған қылмыстық істердің санының азайғанын байқауға болады (5-кесте).

5-кесте

	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
Қудаланатын негіздер бойынша тоқтатылған қылмыстық істердің саны	166224	139285	137044	119104

Мәселен, 2018 жылы қудаланатын негіздер бойынша тоқтатылған қылмыстық істердің саны 2017 жылға қарағанда 16,2 %-ға, 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 1,6 %-ға, 2020 жылдың көрсеткіштеріне сәйкес былтырғы жылмен салыстырғанда 13,1 %-ға кеміген.

Диаграмма № 9



Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында заңды негізсіз тиісті мерзімінен артық күзетпен ұсталған, сол сияқты кез келген өзге де процесік мәжбүрлеу шараларына заңсыз ұшыраған адамның ақтау құқығына ие болуын ҚР ҚПК-де заңнамалық бекіту- дұрыс әрі маңызды болып табылады (ҚР ҚПК 38-бабының 5-бөлігі). Адамның бірнеше айлар мен жылдар бойы күзетпен ұстауда болуы, психикалық күйзелістерінен бөлек, тергеу изоляторларында ұстау жағдайларының салдары болып табылатын орасан зор физикалық азаппен ұштасады. ҚР тергеу изоляторларында денсаулықты сақтау үшін қажетті қарапайым өмір сүру деңгейі қамтамасыз етілмейтіні белгілі, бұл туралы заң әдебиеттерінде бірнеше рет айтылған.

Адамның атқаратын қызметінен шеттетуге алып келген елеулі моральдық күйзелістердің болуын ешкім жоққа шығармайды. Егер мұндай шеттету

қылмыстық істі тергеу кезінде тергеу органдарының қаулысы бойынша жүзеге асырылған болса, адам сөзсіз терең күйзеліске ұшырайды. Сондай-ақ қызметінен мұндай шеттету, шеттетілген адамның қызметтестерінің басым көпшілігіне бірден белгілі болатыны анық. Бұл ретте, кінәсіз зардап шеккен басшының беделіне қойылған дақ, мүмкін соңына дейін ешқашан «шайылмайды». Жұмыс бойынша әріптестердің, әсіресе құқықтанудан алшақ адамдардың ойында ол бір кездері оған қатысты тергеу жүргізіліп және соның салдарынан әуелі атқаратын қызметінен шеттетілген адам ретінде қалады.

Заңсыз және негізсіз басқа да мәжбүрлеу шаралары, соның ішінде: келу туралы міндеттеме, күштеп әкелу, мүлкіне тыйым салу, сондай-ақ бұлтартпау шаралары: ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат, жеке кепілгерлік, әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауы, кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру, кепіл, ұйқамақ қолданылған күдікті жан-күйзелісіне ұшырайтыны да сөзсіз. Зардап шеккен адамға келтірілген зиянды өтеу- мемлекеттің жіберілген әділетсіздік үшін өзіндік кешірім сұрауы ретінде танылады.

Алайда, «қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында процессуалдық мәжбүрлеу шараларына заңсыз тартылған кез келген адам» деген ереженің тұжырымдамасы елеулі наразылық тудырады. Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары ҚР ҚПК көзделген жағдайларда жәбірленушіге, куәға және қылмыстық сот ісін жүргізудің басқа да қатысушыларына қолданылуы мүмкін. Бірақ оларға келтірілген зиянның сипаты және соған байланысты туындаған құқықтық салдарлардың, қылмыстық іс жүргізушілік қуғын-сүргінге жазықсыз ұшыраған адамдарды ақтауға ешқандай қатысы жоқ. Осы адамдардың қатысуымен туындайтын қылмыстық іс жүргізу қатынастарының сипаты, олардың құқықтық жағдайы, оларға келтірілген зиянның салдары, қудалаудың мазмұны мен әрекет пен зиянның арасындағы себептік-тергеулік байланыс, осы зиянды растайтын іс жүргізу актілері, сот - тергеу машинасының диірменіне қате түскен күдіктіге (айыпталушыға) немесе сотталушыға қарағанда мүлдем өзгеше [206, 72 б.]. Әрине, оларға келтірілген зиян өтелуі тиіс, бірақ мүлде өзге де негіздер бойынша.

Сондықтан осы ережені мынадай түрде тұжырымдау орынды болып табылады: «Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында процессуалдық мәжбүрлеу шараларына заңсыз тартылған күдікті де осы тарауда белгіленген тәртіппен зиянды өтетуге құқығы бар».

Қылмыстық іс жүргізу заңы ақтауға құқықты тану туралы жеке қаулы шығаруды талап етпейді; бұл туралы анықтаушының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулысының қарар бөлігінде, соттың үкімінде, қаулысында, ұйғарымында көрсетілуге тиіс.

Адамға қатысты қолданылған процестік мәжбүрлеу шараларының немесе шығарылған айыптау үкімінің күші рақымшылық жасау немесе кешірім жасау актілерінің шығуына, ескіру мерзімдерінің өтіп кетуіне, қылмыстық жауаптылықты жоятын немесе жазаны жеңілдететін заңның қабылдануына байланысты жойылған немесе олар өзгертілген жағдайларда ақтауға деген құқық пайда болмайды (ҚР ҚПК 38-бабы).

Құқық қорғау органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу құқығын бекіту, зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан, күмәнсіз дұрыс болып табылады, өйткені осылайша зардап шеккендердің құқықтық мәртебесін қалпына келтірудің мемлекетпен кепілдендірілуі арқылы мемлекетке деген құрмет пен оның беделі артады. Қылмыстық қудалау нәтижесінде азаматқа келтірілген зиянды мемлекет анықтау органының, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың кінәсіне қарамастан толық көлемде өтейді. Әлбетте, көптеген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізудің белгілі бір ерекшелігіне байланысты, нақты лауазымды адамдардың зиян келтірудегі кінәсін дәлелдеу мүмкін емес. Біріншіден, зиян келтірушінің кінәсін дәлелдеу өте қиын. Сот төрелігі саласында зиян келтірілгені үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға қарсы талап қою жағдайлары тәжірибеде өте аз, әуелі мүлдем кездеспеген деп те айтуға болады [208, 45 б.]. Екіншіден, кейде нақты адамның кінәсін анықтау мүмкін емес: кінәсіз адамды күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарған тергеуші кінәлі ме әлде айыптау актісін бекітіп, қылмыстық істі сотқа жіберген прокурор ма немесе заңсыз үкім шығарған судьяның кінәсі бар ма деген сұрақ туындайды. Үшіншіден, біреудің кінәсі мүлдем жоқ болатын жағдай да болуы мүмкін. Жәбірленуші азаматты қылмыс жасаған адам ретінде көрсетіп, қателесуі мүмкін, соның салдарынан азамат қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстаа алынып, күзетпен заңсыз ұсталған [209, 232-233 бб.].

Құқықтық әдебиеттерде ұзақ уақыт бойы ақталған адамдарға зиянды өтеу институтының салалық байланысы туралы пікірталас жалғасып келеді. Бірқатар авторлар ақтау бойынша туындайтын құқықтық қатынастар өзінің құқықтық табиғаты бойынша қылмыстық-процессуалдық болып табылады, себебі олар қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттеледі, қылмыстық іс өндірісі бойынша ғана туындайды, олардың субъектілері бойлып қылмыстық процестің қатысушылары танылады деп тұжырымдайды. Қарастырылып отырған құқықтық қатынастар тобы нәтижесінде қылмыстық сот ісін жүргізудің жекелеген мақсаты болып табылатын құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қызмет етеді. Сонымен қатар, талданып отырған құқықтық қатынастардың түрі қылмыстық процесті реттеу әдісіне негізделген. Биліктік сипатқа ие бола отырып, ақталған күдіктінің мүліктік құқықтарын қорғау кезінде процеске қатысушыларды қылмыстық іс жүргізу заңнамасында қарастырылған ережелер асында тұруға арналған [211, 128 б.]. Сондықтан бұл рәсім басынан аяғына дейін қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларымен реттелуге және күдіктіге зиян келтірілген қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жалғастыру арқылы жүзеге асырылуға, яғни негізгі істің қисынды жалғасы болып табылуы тиіс [212, 131 б.].

Бұл мәселеге байланысты басқа да көзқарастарды ұстанатын авторлар ақтау қатынастарының кешенді сипатын атап өтеді. Соңғылары қылмыстық іс жүргізу қызметінен туындап, қылмыстық іс жүргізу қатынастарымен шектес болса да, бірақ дербестікке ие болады және соңғысымен теңестірілмеуі тиіс. Бұл құқықтық қатынастарды материалдық және оларға қызмет көрсететін процессуалдық ақтау қатынастарынан тұратын жүйе ретінде қарау ұсынылады

[213, 41-42 бб.].

Жоғарыда айтқанымыздай, ақтау құқығы моральдық зиянның салдарын жою құқығын да қамтиды. Моральдық зиянды өтеу ҚР ҚПК 41-бабымен реттеледі, оған сәйкес қылмыстық процесті жүргізетін, адамды ақтау туралы шешім қабылдаған орган келтірілген зиян үшін одан ресми түрде кешірім сұрауға міндетті. Егер адам заңсыз қылмыстық қудалауға ұшырап, ал қылмыстық қудалау, ұстап алу, күзетпен ұстау, лауазымынан уақытша шеттету, медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, соттау және оған қатысты қолданылып, кейіннен заңсыз деп танылған басқа да әрекеттер туралы мәліметтер баспасөзде жарияланса, радио, теледидар немесе өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылса, онда осы адамның талап етуі бойынша, ал ол қайтыс болған жағдайда, оның туыстарының немесе оның құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім қабылдаған, қылмыстық процесті жүргізетін органның талап етуі бойынша тиісті бұқаралық ақпарат құралдары бір айдың ішінде бұл туралы қажетті хабар жасауға міндетті.

Келтірілген моральдық зиян үшін ақшалай мәнде өтемақы туралы талаптар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қойылады.

Біз зиянды (материалдық да, моральдық да) өтеу мәселесін соттан тыс тәртіпті алып тастай отырып, біркелкілікті және іс жүргізушілік үнемдеуді бекіту мақсатында соттың айрықша құзыретіне жатқызу керектігін айтқан болатынбыз. Сонымен қатар, моральдық зиянды өтеу қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде болуы тиіс, бұл ақталған азаматтарға өз құқықтарын іс жүзінде іске асыруды жеңілдетеді.

Бұл ұстанымға қарсылық білдірушілер, қылмыстық сот ісін жүргізудің шеңберінде сотқа дейінгі сатыларда келтірілген моральдық зиянды өтеу мәселелерін шешу дұрыс емес және қисынсыз болып табылады деп санайды, себебі шағымдардың көбеюіне немесе керісінше тергеу органдарының өтемақы мөлшерін дұрыс анықтамауына байланысты бюджет қаражатының негізсіз жұмсалыуына әкеп соқтыруы мүмкін [214, 39 б.].

Бұл ұстанымның бірінші бөлігі дәрменсіз, өйткені оның авторы ақталған адамдардың өтемақы алуға құқығын нақты, толық пайдалануынан қауіптенеді. Екінші бөлігіне қатысты автордың өзі сот тәжірибесі көрсеткендей, өтемақы мөлшерін анықтайтын критерийлер мен әдістердің болмауына байланысты моральдық зиянды өтеудің негіздері мен мөлшерін анықтауда айтарлықтай қиындықтар туындайтындығын айтады.

Әдебиеттерде моральдық зиян критерийлерін және оны материалдық мәнде анықтау механизмін белгілеу ұсынылған. Бұл біріншіден, өтемақы төлемдерінің мөлшерін реттеу мемлекеттің өз азаматтарына неғұрлым әділ қарым-қатынасын орнатуға сөзсіз ықпал ететін болады. Екіншіден, біздің экономикалық жағдайымызда соттық қараудың ешбір шектелмеуінің көмегімен, ақталған адамға төленетін ақшалай өтемақы мөлшерін айқындау, жол берілмейтін «молшылық» болып табылады. С. Н. Нарижный қылмыстың қандай да бір түрі үшін көзделген жазаның тиісті шекараларына сәйкес келетін осындай өтемақы мөлшерінің жоғарғы және төменгі шектерін белгілеуді ұсынады. Бұл ретте, оның пікірінше, мемлекеттен өндіріп алынатын ақшалай

соманың төменгі шегін белгілеу, ақталған адамның ең аз, бірақ белгілі бір өтемақы мөлшерін алудың кепілдігі болып табылады. Жоғарғы шектерді белгілеу, негізінен, материалдық зиянды өтеудің толықтығына әсер ете алмайды, өйткені жәбір көрген адамға қандай мөлшерде қаражат төленбесе де, ол душар болған жан-күйзелісін өтемейді, тек оларды қандай да бір шамада түзейді [209, 214-215 бб.].

Бірқатар ғалымдар барлық соттар үшін моральдық зиянды өтеу мөлшерінің бірыңғай базистік деңгейін және оның түпкілікті мөлшерін анықтау әдістемесін әзірлеуге тырысты. А.Эрделевский ұсынған моральдық зиян үшін өтемақы мөлшері кестесі өте сәтті болып көрінеді. Өтемақы мөлшерінің негізгі деңгейін автор денсаулығына ауыр зиян келтірген кезде жәбірленушілер шеккен азаптарға байланысты анықтайды [215, 8-10 бб.].

Бұл жерде С. В. Нарижныйдың ақталған адамдарға берілетін өтемақы төлемдерінің шекарасын белгілеу, қылмыстық процестің айрықша құзырына жатпайды деген оймен келісуге болады [209, 216 б.]. Қылмыстық жауаптылыққа әділетсіз тартумен және соттаумен келтірілген залалды өтеу туралы арнайы Заң қабылдау қажет. Азаматқа қылмыстық қудалау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы айту дұрысырақ.

Қолданыстағы заңнаманың жұмысына, сондай-ақ атқауға байланысты мәселелерді шешу кезінде оны пайдалану тәжірибесіне талдау жасай отырып, ҚР ҚПК-де көрсетілген моральдық зиянды өтеу рәсімі жүзеге асырылатын тәртіп өзгерістер мен толықтыруларды талап ететіндігін айта кеткен жөн. Адамға (азаматқа) прокурордың, тергеушінің, соттың немесе анықтаушының заңсыз іс-әрекеттері нәтижесінде зиян келтірілген жағдайларда, ҚР Азаматтық кодексіні басшылыққа ала отырып, бұл зиян толық көлемде мемлекет есебінен өтелуге тиіс [216] және бұл лауазымды тұлғалардың кінәсіне қарамастан жүзеге асырылуы тиіс. Анықтаушы мен тергеушіге ереже бойынша келтірілген мүліктік зиянның мөлшерін айқындауға және осы зиянды өтеу төлемдерін жүргізу туралы қаулы шығаруға рұқсат етілгендіктен, мұндай жағдайда ақшалай түрде моральдық зиянды төлеу мөлшерін заңнамалық тәртіпте белгілеу заңды болатын сияқты.

Бұл ретте, келтірілген моральдық зиянды ақшалай өтеу туралы азаматтық сот өндірісі тәртібі негізінінде берілген талап арыз жеке тұлғаның қадір-қасиетін қалпына келтіру актісі ретінде қарастырыла алмайды, өйткені талап өзінің заңды мәні бойынша жауапкер мен талапкер арасындағы сот дауын білдіреді. Біз қарастырып отырған жағдайда дау іс жүзінде болмауы тиіс, өйткені жауапкер ретінде әрекет ететін тарап- мемлекет болып табылады және лауазымды адамдармен ақтау үкімін (ұйғарым, қаулы) шығару арқылы адамға (азаматқа) негізсіз және заңсыз шешімдер мен әрекеттердің нәтижесінде зиян келтірілгенін ресми түрде мойындайды және осыған байланысты оның ақтауға, соның ішінде оған моральдық зиян келтірудің салдарын жою жөніндегі іс-әрекеттерге құқығы бар.

Сот тәжірибесін зерделеу соттардың қызметінде азаматтарды заңсыз соттау фактілері әлі де бар екенін көрсетуде. Кейбір істер бойынша соттар қылмыстық қылмыстық ізге түсуді болдырмайтын мән-жайлар болған кезде де

айыптау үкімдерін шығарған жағдайлар кездескен.

Осылайша, «Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 Нормативтік Қаулысында (24.01.2020 ж. өзгерістермен және толықтырулармен) ақтау туралы, сондай-ақ басқа да, нәтижесінде адамдардың зиянды өтеуге құқы туындайтын шешім шығарғанда, соттар іс жүргізу құжаттарында олардың осындай құқықтарын тану туралы көрсетпеген және зиянды өтеу тәртібін түсіндірмеген- делінген.

Зиянды өтеу туралы талаптар мен шағым арыздарды қараған кезде соттар қылмыстық процесс жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген залалды өндірудің негіздері мен тәртібін белгілейтін қылмыстық іс жүргізу заң нормаларын кейде дұрыс қолданбаған [217].

Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін қылмыстық қудалау органдарының сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығы мен негізділігіне соттық бақылаудың мазмұны болып- алдын ала тергеу органдарының мүмкін болатын қателіктерінің алдын алу және орын алған бұзушылықтарды түзету (негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайларда, оны дереу және толық ақтау) танылады [218].

Осылайша, ҚР ҚПК-де қарастырылған аталған институт әлі күнге дейін жетілдіруді қажет етеді. Заң шығарушы заңсыз және негізсіз қылмыстық қудалауға ұшыраған адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге аса мән бергеніне қарамастан, кейбір олқылықтар көп жағдайда жарияланған нормаларды пайдалану мүмкін болмайтындығы анық. Қылмыстық-процестік кодекске аз уақыт ішінде көптеген өзгерістер енгізілді. Жоғарыда аталған кемшіліктерді жою құқық қорғау органдары мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу мақсатында осы институтты толық көлемде пайдалануға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Бұл бөлімде біз ақтау институты ақтау туралы шешімді (ақтау үкімін және қылмыстық істі қудаланатын негіздері бойынша тоқтату туралы қаулыны) шығаруға және ақталатын адамға зиянды өтеуге бағытталған өтемақыны қалпына келтіру шараларын іске асыруға байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын білдіреді деген қорытындыға келеміз. Осы тұжырымдаманы негізге ала отырып, нормалардың екі оқшауланған тобы ақтау институтының құрамдас бөліктері болып табылады, олардың біріншісі ақтау туралы шешімді шығару тәртібі мен шарттарын айқындайды және өзінің салалық тиесілігі бойынша қылмыстық іс жүргізушілік болып табылады, ал екіншісі - ақтау туралы шешімнің негізінде алуға құқылы зиянды өтеу және басқа да өтемдік-қалпына келтіру шараларын өтеу тәртібі танылады және ол салааралық сипатта болады. Нормалардың соңғы тобы тек оның еркі мен өтініші болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін [219, 138 б.].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ақтау негізсіз және заңсыз

қылмыстық қудалауға әкеп соқтыратын тергеу және соттық қателіктерді анықтаудың нәтижесі, сондай-ақ негізсіз қылмыстық қудалауға ұшыраған адамның ар-намысы, беделі, жақсы атын қалпына келтіру, әділеттілік сезімін қанағаттандырып, моральдық және материалдық залалдың орнын толтыру болып табылатындығын атап өткен жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру бойынша бірқатар теориялық ережелерді, ұсыныстарды және сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында күдіктінің құқықтық мәртебесін қамтамасыз ету мен заңнамалық реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған тәжірибелік ұсыныстарды тұжырымдауға және негіздеуге мүмкіндік берді.

Күдіктінің құқықтық мәртебесі бұл- қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен бекітілген қылмыстық сот ісін жүргізудегі күдіктінің жағдайы. Оны келесі элементтер сипаттайды: іс жүргізу құқықтары мен міндеттері, заңды мүдделері, іс жүргізу құқық қабілеттілігі, іс жүргізу әрекет қабілеттілігі, іс жүргізу жауапкершілігі, іс жүргізу кепілдіктері.

Біз жүргізген тарихи талдаудың өзіндік «синтезі» ретінде келесідей қорытындылар бола алады:

1) Күдіктінің қылмыстық процесте болған уақыт кезеңінің ұзақтығын ескере отырып, оның болуы қазіргі уақытта объективті сипатқа ие қажеттілік болып табылатындығы туралы айтуға болады;

2) Бұл институттың дамуы күдіктінің құқықтарының спектрін кеңейтуге және оларды қамтамасыз етудің тетіктерін жетілдіруге бағытталған, бұл біздің қоғамның барлық салаларында болып жатқан жалпы демократиялық қайта құруларды барабар бейнелейді;

3) Аталған әлеуметтік өзгерістердің динамикасы мен сипаты олардың көрсетілген үрдісті сақтауы туралы айтуға мүмкіндік береді және одан әрі күдікті институтында да тиісті өзгерістерді талап етеді.

Сондықтан қазіргі таңда күдікті институты түпкілікті қалыптаспаған және күдіктінің іс жүргізу мәртебесін одан әрі жетілдіру қажет деп айтуға болады.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, адамның күдікті мәртебесіне ие болуы үшін, оны күдікті деп тану туралы қаулы, ұстап алу хаттамасын, өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы, қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алу қажет (іс жүргізу әдебиеттерінде бұл- адамды күдікті деп тану үшін заңды негіздер деп аталады). Бұл ретте, біз атап өткендей, қылмыстық процеске тартылған адамға күдікті мәртебесін беруге қажетті барлық жағдайлар осы негіздемелермен қамтылмайды.

Осыған байланысты, кейбір процессуалистер, мысалы, Л. М. Карнееваның пікірінше, ҚПК-де көрсетілген құжаттарды жасаумен қатар, белгілі бір тергеу әрекеттерінің хаттамаларын жасау нәтижесінде адамды күдікті деп тану ұсынылады [19, 33 б.]. Алайда мұндай жағдайда адам аталған іс-әрекеттер орындалғаннан және олар туралы хаттама жасалғаннан кейін ғана күдікті болады, ал күдіктіге өз құқықтарын іске асыруға уақтылы мүмкіндік беру үшін, осы мәртебені иелену оларды орындау алдында болуы тиіс екені анық. Сонымен қатар, күдікті ұғымының өзі ғылым мен техниканың дамуымен қатар, тиісінше қылмыстық процестің теориясы мен тәжірибесімен қатар, сөзсіз өзгертін (толықтырылатын) тергеу әрекеттерінің тізіліміне тікелей тәуелді болады.

Бізбен ұсынылған тұжырымдамада адам күдікті мәртебесіне ие болады және тиісінше, ол қылмыстық сот ісін жүргізу саласына тікелей тартылған кезде қажетті іс жүргізу құқықтарына автоматты түрде ие болады. Бұл жоғарыда көрсетілген мәселелерді айналып өтуге мүмкіндік береді және бұл ретте қандай да бір қаулының шығарылмағанына, сондай-ақ өзіне қатысты күдіктің бар болуына байланысты адам қандай лауазымды тұлғамен және қандай процессуалдық әрекеттің нәтижесінде қылмыстық процеске тартылатындығына қарамастан, адамға күдіктінің іс жүргізу құқықтарын пайдалану мүмкіндігін тиісті түрде уақтылы беруді қамтамасыз етеді. Соңғысымен, басқаларына қарағанда, ҚПК-не қандай да бір жаңа іс жүргізушілік әрекеттің енгізілуіне оның тәуелсіздігі тұрғысында анықтаманың әмбебаптығына да қол жеткізіледі.

Күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизмінде прокурорлық қадағалау және сот бақылауы туралы мәселені қарастыруды қорытындылай келе, прокуратураның қадағалауы тұрақты және үздіксіз әрекет ететінін, ал сот оларды мүдделі адамдардың бастамасы бойынша, азаматтардың нақты өтініштері мен шағымдарының келіп түсуіне қарай және әдетте, жариялы сот талқылауы арқылы ғана іске асыратынын атап өткен жөн.

Прокуратураға, сотқа қарағанда, тексерісті бастау үшін мүдделі тұлғалардың өтініштерінің келіп түсуін күтудің қажеттілігі жоқ. Жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды, алдын ала тергеуді, ұстап алынғандарды және күзетпен ұсталғандарды ұстауды жүзеге асыратын органдардың қызметінде заңдылықты сақтау сияқты бағыттардағы прокурорлық қадағалау, заңдардың бұзылуы туралы ақпараттың бар-жоғына қарамастан, олардың алдын алу мақсатында әрекет етеді.

Прокурорлық тексерістер өзінің жеделділігімен сипатталады. Бұл үшін сот ісін жүргізуге қажетті: хаттамалау, алдын ала тыңдау және т. б. сияқты арнайы рәсімдер талап етілмейді.

Прокурорлық қадағалаудың оның өкілеттіліктерінің ерекшеліктерін сипаттайтын маңызды қасиеттерінің бірі- ол бастамашылық. Сот бақылауы объективті себептер бойынша мұндай қасиетке ие емес және ие бола алмайды. Жоғарыда атап өтілгендей, сотқа заңдылықты бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кез келген іс, сотта тек тараптардың өтініштері бойынша ғана қозғалады. Судья, қандай да бір заңдылықтың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына тап болса да, егер құқықтарына қысым жасалған тарап немесе прокурор сотқа жүгінбейінше, өз бастамасы бойынша бұл бұзушылықтарды жою үшін ешқандай әрекет жасай алмайды. Керісінше, прокурор қадағалаудың тұрақты және үздіксіз сипатын негізге ала отырып, заңның бұзылуын анықтау, әшкерелеу және жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру мақсатында, қадағалауындағы объектілер мен адамдардың әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын дербес, өз бастамасы бойынша тексеруге міндетті.

Сонымен қатар соттың заңдылықты бақылау жөніндегі өкілеттігі императивті сипатқа ие. Егер прокурор өз қадағалау құралдарымен заң бұзушылықты жоймаса, онда ол сотқа жүгінеді және сот өкілеттігінің

императивтілігі арқасында заңдылықты қалпына келтіруге қол жеткізе алады.

Күдіктіні ақтауды қорытындылай отырып, ақтау негізсіз және заңсыз қылмыстық қудалауға алып келетін тергеудің және соттық қателіктердің нәтижесі, сондай-ақ негізсіз қылмыстық қудалауға ұшыраған адамның ар-намысын, беделін, жақсы атын қалпына келтіруге, әділдік сезімін қанағаттандыруға, моральдық және материалдық залалды өтеуге әкелетінін атап өткен жөн.

Халықаралық шарттар мен тәжірибе материалдарын ескере отырып:

а) халықаралық құқық нормаларында күдіктінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуын реттейтін нормалар жиынтығы бар екендігін;

ә) халықаралық құқықта күдіктінің қылмыстық процеске қатысуын регламенттеу- қылмыстық қудалау кезінде, яғни ұстап алу кезінде және күзетпен ұстау кезінде адамның және азаматтың негізгі және жалпы танылған құқықтарының ең аз көлемін белгілеу түрінде жүзеге асырылады деп белгілеуге болады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына күдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жекелеген халықаралық-құқықтық стандарттарды имплементациялау жөніндегі негізгі қорытындылар мыналар болып табылады:

1) Бұлтартпау және күзетпен ұстау шараларын таңдау саласындағы адам құқықтары туралы халықаралық-құқықтық актілердің арасында мыналарды бөліп көрсету қажет: 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактің 9 және 10 баптары; 1990 жылғы 14 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 45/110 қарарымен қабылданған Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт Ережелерінің II тарауы [Токио ережелері]; 1984 жылғы 10 желтоқсандағы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазала утүрлеріне қарсы Конвенция; 1985 жылғы 29 қарашадағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 40/33 қарарымен қабылданған Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандартты Ережелерінің 2 бөлімі (Пекин ережелері); 1950 жылғы 4 қарашадағы Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қорғау туралы Еуропа Конвенциясының 5 бабы; сонымен қатар 1977 жылғы 13 мамырдағы Қамаудағылармен қарым-қатынас жасаудың минималды стандарттарының «С» тарауы; 1988 жылғы Қандай да бір нысанда ұстап алуға немесе қамауға алынатын барлық адамдарды қорғау қағидалары Жинағының бірқатар ережелері жатады, онда тергеу қамауындағыларды күзетпен ұстауға қатысты ұсыныстар бар.

2) Дамыған елдердің іс жүргізу жүйелерінде жеке тұлғаны оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз және негізсіз шектеуден қорғауға неғұрлым көп дәрежеде кепілдік берілген. Бұл елдердің заңнамасы қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтарын сақтау саласындағы халықаралық стандарттарға барынша жақындатылған. Осыған байланысты бүгін ҚР-да жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформа шеңберінде адамның қисынды мерзім ішінде сот талқылауына құқығын қамтамасыз ету мақсатында

ҚР ҚПК-не тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Атап айтқанда, шетелдік тәжірибеге жүгіне отырып, сотқа дейін күзетпен ұстаудың осындай ұзақ мерзімін шектеу керек; бұдан басқа, қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану мерзімдерін енгізу (қысқарту) туралы да ойлану қажет, олар бүгінгі күні тергеудің бүкіл мерзіміне (мысалы, ешқайда кетпеу, лауазымынан уақытша шеттету және т.б. туралы қолхат) созылуы мүмкін.

3) ҚР ҚПК-де сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы жүргізілгенге дейін, яғни қылмыстық қудалау мерзімі аяқталғанға дейін әрекет етуі мүмкін ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану мерзімі белгіленбеген. Сонымен қатар, ұйқамақ, күзетпен ұстау сияқты, бостандық және жеке басқа қолсұғылмаушылық құқығын шектейді, соның салдарынан оны қолдану сот шешімімен негізделген. Осыдан аталған бұлтартпау шарасын қолданудың қисынды мерзіміне қатысты халықаралық-құқықтық талап та туындайды. Бұдан басқа, Токиолық Ереженің 11.1-бабына сәйкес, түрмеге қамауға алумен байланысты емес шаралардың қолданылу мерзімі, түрмеге қамау үшін белгіленген мерзімнен аспауы тиіс және соның салдарынан кез келген балама бұлтартпау шарасы сияқты ұйқамақ та, күзетпен ұстау мерзімінен аспауы тиіс және балама бұлтартпау шараларын қолдануды ұзарту тәртібі көзделуге тиіс.

4) ҚР ҚПК-де кәмелетке толмағандарға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауды заңнамалық реттеу, халықаралық-құқықтық актілерге және атап айтқанда, Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты БҰҰ-ның минималды стандартты Ережелеріне (Пекин ережелеріне) толық көлемде сәйкес келмейді, оған сәйкес кәмелетке толмағандарға қатысты сотқа дейін күзетпен ұстау тек ақырғы шара ретінде және қысқа уақыт кезеңі ішінде ғана жол беріледі. ҚР ҚПК бойынша, егер кәмелетке толмаған адамға, ол онша ауыр емес қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілсе немесе айып тағылған жағдайда ғана күзетпен ұстау шарасы қолданылмайды, бұл кәмелетке толмағандармен салыстырғанда, бірақ айтарлықтай дәрежеде емес, осы бұлтартпау шарасын қолдану аясын шектейді. Сондай-ақ кәмелетке толған күдіктілерді ұстау мерзімдерімен салыстырғанда, күзетпен ұстаудың ешқандай қысқартылған мерзімдері көзделмеген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Утибаев Г.К. Қылмыстық үрдісте адамның құқығын жүзеге асыру. Реализация прав человека в уголовном процессе: учебно-методическое пособие.- Павлодар: Дом печати, 2011.- 63 с.
2. Богацкий Ф.А. Обеспечение прав подозреваемого при производстве предварительного расследования. Дисс. ...канд. юр. наук. Калининград, 2006. – 220 с.
3. Onlanbekova G.M. The history of development of judicial power in the period of Kazakh change // Международный научный журнал «СИМВОЛ НАУКИ».- №2/2016.- Р. 129.
4. Чистяков О.И. Российское законодательство X - XX веков. В 9-ти томах. Законодательство периода расцвета абсолютизма. Том 5.- М., Юрид. лит. 1987.- 528 с.
5. Чупилкин Ю.Б. Гарантии прав подозреваемого в российском уголовном процессе. Автореф дисс. канд. юрид. наук. - Краснодар, 2001.- 19 с.
6. Свод законов Российской империи. Изд. 3-е, Спб.: Издательство: Тип. Второго Отделения Собственной Е.И.В.Канцелярии, 1857.- 1315 с.
7. Наказ полиции // Правила и формы для производства следствий (по судебным Уставам 20.11.1864 г.) - Спб., 1870. - С. 314 - 322.
8. Наказ судебным следователям // Правила и формы для производства следствий (по судебным Уставам 20.11.1864 г.) - Спб., 1870. - С. 322 - 330.
9. Устав уголовного судопроизводства. - Спб., 1884.- 1024 с.
10. История законодательства СССР и РСФСР по уголовному процессу и организации суда и прокуратуры 1917-1954 гг.: сборник документов / под редакцией С. А Голунского.- М., 1955. – 635 с.
11. Напреенко А.А. Подозреваемый как участник уголовного процесса // Проблемы совершенствования уголовного судопроизводства в свете постановления ЦК КПСС "Об улучшении работы по охране правопорядка и усилении борьбы с правонарушениями" Сборник научных трудов. ВЮЗИ.- М., 1980.- С. 5.
12. Байрон И. Допрос «подозреваемого» // Сов. юстиция, 1936.- № 6.- С. 17.
13. Раскольников Н. О подозреваемых и обвиняемых // Сов. юстиция, 1936.- № 28.- С. 13.
14. Бредихин А. «Подозреваемый, свидетель или лицо без процессуального звания // Сов юстиция, 1937.- № 19.- С. 21-22.
15. Житков Е. О подозреваемых и обвиняемых и об уголовно-преследуемом свидетеле // Сов юстиция, 1937.- № 9.- С. 16-17.
16. Вышинский А .Я. Теория судебных доказательств в советском праве. Изд. 3-е. - М.: Госюриздат., 1950. - 308 с.
17. Строгович М.С. Уголовное преследование в советском уголовном процессе.- М., Изд-во АН СССР, 1951.- 191 с.
18. Боровский Э. Понятие подозреваемого в советском уголовном

процессе // Вестник МГУ. Серия 10. Право. 1963.- № 3.- С. 33-35.

19. Карнеева Л.М. Подозреваемый в советском уголовном процессе // Соц. законность. 1959.- №4.- С. 36-39.

20. Нащекин Е. Свидетель или подозреваемый? // Законность. 1996.- № 2.- С. 47-48.

21. Чувилев А.А. Привлечение следователем и органом дознания лица в качестве подозреваемого по уголовному делу. М.: МВШ МВД СССР, 1982.- 76 с.

22. Давлетов А., Войт В. Институт подозрения нуждается в совершенствовании / Законность.- № 7.- 1996.- С. 23 - 26.

23. Короткий Н.Н. Процессуальные гарантии неприкосновенности личности подозреваемого и обвиняемого в стадии предварительного расследования.- М.: ВНИИ МВД СССР, 1981.- 96 с.

24. Арын А.А., Айдарбаев С.Ж. Қазақстанның қылмыстық процесінде күдікті мен айыпталушы туралы заңнаманың даму үрдістері // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы.- № 3 (83) 2017.- Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 123-134 бб.

25. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

26. Ожегов С.И., Шведов Н. Ю. Толковый словарь русского языка. - М.: Русский язык, 1997.- 165 с.

27. Шанский Н.М., Боброва Т.А. Этимологический словарь русского языка.- М.: Прозерпина, 1994.- 400 с.

28. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. Т. 4.- М.: Русский язык, 1991. - 683 с.

29. Словарь современного русского литературного языка. Том 10 / под.ред. Чернышева В.И.- Москва- Ленинград: Изд-во Академии Наук СССР, 1960.- 964 с.

30. Толковый словарь русского языка. В 4-х томах. Том 3.- М.: Терра, 1996.- 565 с.

31. Козловский Н.А. Подозрение в советском уголовном процессе. Дисс. канд. юрид. наук.- Свердловск, 1989.- 166 с.

32. Строгович М.С. Материальная истина и судебные доказательства в советском уголовном процессе.- Москва, Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1955. — 384 с.

33. Пантелеев И.А. Проблемы совершенствования института подозрения в уголовном процессе России. Дисс. канд. юрид. наук.- Екатеринбург, 2000.- 160 с.

34. Томин В.Т., Поляков М.П., Александров А.С. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации.- 7-е изд., перераб. и доп. - Москва: Юрайт, 2014. – 1087 с.

35. Чувилев А.А. Институт подозреваемого в советском уголовном процессе. Дисс. .канд. юрид. наук.- М., 1968.- 189 с.

36. Ларин А.М., Мельникова Э.Б., Савицкий В.М. Уголовный процесс

России. Лекции- очерки. - М., Изд-во БЕК, 1997.- 314 с.; Башкатов Л., Ветрова Г. О состязательности // Рос. юстиция. 1995.- № 1.- С. 19.

37. Клычников А.И. О понятии и гарантиях прав подозреваемого в советском уголовном процессе // Проблемы уголовного процесса и криминалистики.- Москва: изд-во Московского университета, 1976.- С. 38-49.

38. Денежкин Б.А. Подозреваемый в советском уголовном процессе. Дисс. ...канд. юрид. наук.- Саратов, 1975. - 177 с.

39. Якубович Н.А. Укрепление процессуального статуса подозреваемого – важная гарантия реализации конституционных принципов права на защиту и неприкосновенности личности // Охрана прав граждан в уголовном судопроизводстве. - М., 1989. - С. 32-40.

40. Строгович М.С. О подозреваемом // Соц. законность. 1961.- № 2.- С. 30-35.

41. Акинча Н.П. Подозреваемый и обвиняемый на предварительном следствии.- Саратов, 1964.- 80 с.

42. Витрук Н.В. Основы теории правового положения личности в социалистическом обществе. - М.: Наука, 1979.- 229 с.

43. Права личности в социалистическом обществе / Отв. ред. Кудрявцев В.Н., Строгович. М.С.- М., 1981.- 272 с.

44. Государственное право Российской Федерации / Под ред. Кутафина О.Е. - М.: Юрид. лит., 1996.- 584 с.

45. Советский энциклопедический словарь.- М.: «Советская энциклопедия», 1984. – 1632 с.

46. Мартынич Е.Г. Проблемы процессуального статуса и эффективности охраны прав подсудимого (осужденного) в судах первой и кассационной инстанций. Автореф. дисс. докт. юрид. наук.- Киев, 1982.- 47 с.

47. Воеводин Л.Д. Содержание правового положения личности в науке советского государственного права // Сов. государство и право. 1965.- № 2.- С. 42 - 50.

48. Щетинин Б.В. Гражданин и социалистическое государство // Сов. государство и право, 1975. - № 2.- С. 4-12.

49. Масленников В.А. Ответственность в структуре правового статуса личности // Правопорядок и правовой статус личности в свете Конституции СССР.- Саратов, 1980. - С. 165-167.

50. Напреенко А.А. Гарантии прав подозреваемого в советском уголовном процессе. Автореф. дисс. канд. юрид. наук.- М., 1982.- 24 с.

51. Янович Ю.П. Проблемы совершенствования процессуального статуса подозреваемого и обвиняемого. Автореф. дисс. канд. юрид. наук.- Харьков, 1992.- 25 с.

52. Цимбарт Е.Э. Процессуальное положение подозреваемого в российском уголовном процессе. Автореф. дисс. канд. юрид. наук.- Челябинск, 2001. – 18 с.

53. Корнуков В.М. Теоретические и правовые основы положения личности в уголовном судопроизводстве. Дисс. докт. юрид. наук.- Саратов, 1987.- 378 с.

54. Строгович М.С. Правовые основы положения и деятельности личности при социализме // Социализм и личность.- М., 1979.- С. 213-216.
55. Ларин А.М. Уголовный процесс: структура права и структура законодательства. - М., 1985.- 240 с.
56. Алексеев Н.С., Бастыркин А.И., Даев В.Г. и др. Советский уголовный процесс.- Ленинград, 1989.- 469 с.
57. Сабо И. Социалистическая демократия и развитие субъективных прав личности // Социализм и демократия. -М., 1976.- С. 178 - 179.
58. Зайцев О.А., Смирнов П.А. Подозреваемый в уголовном процессе.- М.: Изд-во «Экзамен», 2005.- 320 с.
59. Полосков П.В, Правоспособность и дееспособность в советском уголовном процессе. Дисс. канд. юрид. наук.- М., 1985.- 216 с.
60. Попов С., Цепляева Г. Нормы нового УПК о подозреваемом не обеспечивают гарантии его конституционных» прав // Российская юстиция, 2002. - № 10.- С. 31-33.
61. Навасардян В.Р. Правовые аспекты взаимодействия адвоката-защитника с подозреваемым, обвиняемым, подсудимым. Дисс. канд. юрид. наук. - СПб, 1999.- 234 с.
62. Хропанюк В.Н. Теория государства и права: Учебное пособие для высших учебных заведений / Под ред. В.Г. Стрекозова. Изд. 2-е. — М.: «Дабатов, Ткачев, Димов», 1997. - 384 с.
63. Пономарев И.Б. Правоспособность и дееспособность как предпосылки уголовно- процессуальных отношений // Советское государство и право. 1971.- №6.- С. 112- 118.
64. Лисицин Р.Д. Защитник подозреваемого на стадии предварительного расследования. Автореф. дисс. ...канд. **юрид.** наук.- М., 1998. -24 с.
65. Куцова Э.Ф. Гарантии прав личности в советском уголовном процессе: предмет, цель, содержание. - М.: Юрид. лит., 1973. - 199 с.
66. Еникеев М.И. Общая и юридическая психология (в двух частях). Часть 1. Общая психология. - М.: Юрид. лит., 1996. - 512 с.
67. Корнуков В.М. Конституционные основы положения личности в уголовном судопроизводстве. - Саратов, 1987. - 180 с.
68. Бойков А. Д. Этика профессиональной защиты по уголовным делам. - М.: Юрид. лит., 1978. - 173 с.
69. Галимханов А.Б. Организационно-тактические особенности расследования преступлений в условиях расширения прав подозреваемых и обвиняемых на защиту. Автореф. дисс. ...канд. юрид. наук. - Уфа, 2001. - 28 с.
70. Пивень А.В. Право подозреваемого на защиту. Дисс. ...канд. юрид. наук. - Краснодар, 1999. - 166 с.
71. Матузов Н.И. Личность. Права. Демократия. Теоретические проблемы субъективного права. - Саратов, 1972. - 292 с.
72. Уголовный процесс. Учебник для студентов юридических вузов и факультетов. Изд. 2-е / Под ред. К.Ф. Гуценко - М.-: Зерцало, 1997. - 575 с.
73. Ратникова Н.Д. Проблемы правового положения подозреваемого и обвиняемого, содержащихся под стражей в следственном изоляторе. Дисс.

канд. юрид. наук.- Волгоград, 1999.- 184 с.

74. Галимханов А.Б. Организационно-тактические особенности расследования преступлений в условиях расширения прав подозреваемых и обвиняемых на защиту. Дисс. канд. юрид. наук.- Уфа, 2001. – 218 с.

75. Алексеев Н.С., Даев В.Г., Кокорев Л.Д. Очерк развития науки советского уголовного процесса. – Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1980. – 252 с.

76. Курс советского уголовного процесса. Общая часть. / Под ред. А.Д. Бойкова, И.И. Карпеца. - М.: Юрид. лит., 1989. - 640 с.

77. Universal Declaration of Human Rights. Adopted by the resolution 217 A (III) of the United Nations General Assembly on 10 December 1948 // <http://www.un.org/en/universal-declaration-human-rights/index.html>

78. THE INTERNATIONAL COVENANT ON CIVIL AND POLITICAL RIGHTS. Adopted and opened for signature, ratification and accession by General Assembly resolution 2200A (XXI) of 16 December 1966 entry into force 23 March 1976, in accordance with Article 49 // <http://www.ohchr.org/EN/ProfessionalInterest/Pages/CCPR.aspx>

79. Standard Minimum Rules for the Treatment of Prisoners. Adopted by the First United Nations Congress on the Prevention of Crime and the Treatment of Offenders, held at Geneva in 1955, and approved by the Economic and Social Council by its resolutions 663 C (XXIV) of 31 July 1957 and 2076 (LXII) of 13 May 1977 // https://www.unodc.org/pdf/criminal_justice/UN_Standard_Minimum_Rules_for_the_Treatment_of_Prisoners.pdf

80. Basic Principles for the Treatment of Prisoners. Adopted and proclaimed by General Assembly resolution 45/111 of 14 December 1990 // <http://www.ohchr.org/EN/ProfessionalInterest/Pages/BasicPrinciplesTreatmentOfPrisoners.aspx>

81. Body of Principles for the Protection of All Persons under Any Form of Detention or Imprisonment. Adopted by General Assembly resolution 43/173 of 9 December 1988 // <http://www.un.org/documents/ga/res/43/a43r173.htm>

82. United Nations Rules for the Protection of Juveniles Deprived of their Liberty. Adopted by UN General Assembly resolution 45/113 of December 14, 1990 // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/juveniles_liberty.shtml

83. Declaration on the Protection of All Persons from Torture and Other Cruel, Inhuman or Degrading Treatment or Punishment. Adopted by UN General Assembly Resolution 3452 (XXX) of December 9, 1975 // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/torture.shtml

84. Convention against Torture and Other Cruel, Inhuman or Degrading Treatment or Punishment. Adopted and opened for signature, ratification and accession by General Assembly resolution 39/46 of 10 December 1984 entry into force 26 June 1987 // <http://www.ohchr.org>

85. Principles of Medical Ethics relevant to the Role of Health Personnel, particularly Physicians, in the Protection of Prisoners and Detainees against Torture and Other Cruel, Inhuman or Degrading Treatment or Punishment. Adopted by

General Assembly resolution 37/194 of 18 December 1982 // <http://www.ohchr.org/EN/ProfessionalInterest/Pages/MedicalEthics.aspx>

86. Measures guaranteeing the protection of the rights of those sentenced to death. Approved by UN Economic and Social Council resolution 1984/50 of May 25, 1984 // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/capital.shtml

87. Code of Conduct for Law Enforcement Officials Adopted by UN General Assembly Resolution 34/169 of December 17, 1979 // <http://adilet.zan.kz/eng/docs/O7900000001>

88. Основные принципы применения силы и огнестрельного оружия должностными лицами по поддержанию правопорядка. Приняты восьмым Конгрессом ООН по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями Гавана, Куба, 27 августа — 7 сентября 1990 года // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/firearms.shtml

89. Основные принципы, касающиеся роли юристов. Приняты восьмым Конгрессом ООН по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями Гавана, Куба, 27 августа — 7 сентября 1990 года // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/role_lawyers.shtml

90. Руководящие принципы, касающиеся роли лиц, осуществляющих судебное преследование. Приняты восьмым Конгрессом ООН по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями состоявшимся в Гаване, Куба, 27 августа - 7 сентября 1990 г. // <http://hrlibrary.umn.edu/russian/instree/Ri4grp.html>

91. United Nations Standard Minimum Rules for Non-custodial Measures (The Tokyo Rules). Adopted by General Assembly resolution 45/110 of 14 December 1990 // <http://www.ohchr.org/Documents/ProfessionalInterest/tokyorules.pdf>

92. Руководящие принципы Организации Объединенных Наций для предупреждения преступности среди несовершеннолетних (Эр-Риядские руководящие принципы). Приняты [резолюцией 45/112](#) Генеральной Ассамблеи от 14 декабря 1990 года // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/juveniles_deinquency_prevention.shtml

93. Декларация основных принципов правосудия для жертв преступлений и злоупотребления властью. Принята [резолюцией 40/34](#) Генеральной Ассамблеи от 29 ноября 1985 года // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/power.shtml

94. European Convention for the Protection of Human Rights and Fundamental Freedoms. It was signed in 1950 and entered into force on September 3, 1953 // http://www.echr.coe.int/Documents/Convention_ENG.pdf

95. Григорьев В.Н. Задержание подозреваемого.- М.: ЮрИнфор, 1999.- 334 с.

96. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің 2017 жылғы талдамалық ақпараты // <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/details/57649?lang=ru>

97. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің 2018 жылғы талдамалық ақпараты // <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/details/57514?lang=ru>
98. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің 2019 жылғы талдамалық ақпараты // <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/details/54996?lang=ru>
99. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің 2020 жылғы талдамалық ақпараты // <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/details/54973?lang=ru>
100. Головкин Л.В. Уголовно-процессуальный кодекс Франции (перевод, предисловие и примечания).- Москва: Юридический колледж МГУ Москва, 1996.- 326 с.
101. Головкин Л.В. Дознание и предварительное следствие в уголовном процессе Франции.- М.: Спарк. 1995.- 130 с.
102. Pradel J. Droit penal: T.2 Procedure penale. - Paris, 1987.- P. 348.
103. Головкин Л.В., Гуценко К.Ф., Филимонов Б.А. Уголовный процесс западных государств.- М.: Зерцало- М, 2001.- 480 с.
104. Головкин Л.В. Формы дознания в уголовном процессе Франции // Вестник Московского университета. Серия 11. Право. 1994.- № 1. - С. 65-69.
105. Roeder H. Lehrbuch des österreichischen Strafverfahrensrechtes. - Wien, 1976.-436 p.
106. Бутов В.Н. Уголовный процесс Австрии. – Красноярск: Издательство Красноярского университета, 1988.- 200 с.
107. Platzgummer W. Grundzüge des österreichischen Strafprozessrechtes. — Wien, 1977.-284 p.
108. Уголовно-процессуальный Кодекс Федеративной Республики Германия- Strafprozessordnung (StPO). Научно-практический комментарий и перевод текста закона со вступительной статьей профессора Уве Хелльманна «Введение в уголовно-процессуальное право ФРГ» // <https://publishup.uni-potsdam.de/opus4-ubp/frontdoor/deliver/index/docId/6039/file/sdrs02.pdf>
109. Әпенев С.М., Айдарбаев С.Ж., Шәкіров К.Н. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімдері (Сотқа дейінгі өндіріс). Оқулық.- Алматы, 2016.- 552 б.
110. Kühne H. Strafprozesblehre. - Strasburg, 1988. - 187 p.
111. Karlan J., Skolnich J. Criminal justice: introductory cases and materials. - Mineóla, 1992.-208 p.
112. Пешков М.А. Арест и обыск в уголовном процессе США. - М.: Спарк. 1998. – 104 с.
113. Гуценко К.Ф. Основы уголовного процесса США.- М.: МГУ 1993.- 101 с.
114. Шамурзаев Т.Т., Осмонова А.С. Уголовный процесс Кыргызской

Республики. Учебное пособие. 2-е издание, переработанное и дополненное.- Бишкек: КРСУ, 2013.- 242 с.

115. Конституция Кыргызской Республики от 27 июня 2010 года // <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/202913?cl=ru-ru>

116. Уголовно-процессуальный кодекс Кыргызской Республики от 2 февраля 2017 года № 20 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 31.12.2020 г.) ?// https://online.zakon.kz/document/?doc_id=36313326#pos=5679;-18

117. Джумалиева Ж.М. Обеспечение реализации прав и законных интересов личности при применении мер пресечений в уголовном процессе Кыргызской Республики. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук.- Бишкек, 2011.- 26 с.

118. Закон Кыргызской Республики «О порядке и условиях содержания под стражей лиц, задержанных по подозрению и обвинению в совершении преступлений» от 31 октября 2002 года № 150 // <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/1107>

119. Городинец Ф.М. Международно-правовые стандарты и законодательство России о применении принудительных мер, связанных с изоляцией от общества. - СПб., 2002.- 328 с.

120. Международные акты о правах человека. Сборник документов. М.: НОРМА-ИНФРА.- М., 2000.- 784 с.

121. Карташкин В.А., Лукашева Е.А. Международные акты о правах человека. Сборник документов.- Москва, 1999 // https://www.booksite.ru/fulltext/mej/dun/aro/dni/mejdunarodnie_akti/index.htm

122. Уголовный процесс : учебник / А.В. Смирнов, К.Б. Калиновский ; под общ. ред. проф. А.В. Смирнова. — 4-е изд., перераб. и доп. — М. : КНОРУС, 2008. — 704 с.

123. Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнайы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-І Заңы (13.05.2020 ж. өзгерістермен және толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000353>

124. Андреев В.Н. Содержание под стражей в СССР и России. - М.: Спарк, 2000.- 198 с.

125. Комментарии к УИК РФ и Минимальным стандартным правилам обращения с заключенными / под общ. ред. П.Г. Мищенко.- М.: Экспертное бюро, 1997.- 800 с.

126. Aizhan Aryn., Sagyngaliy Aidarbayev., Assel Sharipova., Akynkozha Zhanibekov., Aina Otarbayeva. International and interstate aspects of ensuring the rights of the suspect and the accused in the proceedings of forensic investigation // Int. J. Electronic Security and Digital Forensics, Vol. 13, No. 2, 2021. P. 155-179.

127. Рогов И. И. Перспективы уголовного судопроизводства в контексте Концепции правовой политики Республики Казахстан // Проблемы усиления гарантий прав участников уголовного процесса: Мат-лы международ. науч.-практ. конф. — Алматы, 2003. — С. 18-20.

128. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

129. Мами К.А. Проблемы усиления гарантий прав участников уголовного процесса // Проблемы усиления гарантий прав участников уголовного процесса: Материалы научно-практической конференции.- Алматы: Киик.- 2003.- 122 с.

130. Мизулина Е. Б. Независимость суда не есть ещё гарантия правосудия // Государство и право. -1992. -№4. - С. 59-65.

131. Лукашева Е. А. Эффективность юридических механизмов защиты прав человека политическое, экономическое, социально-психологические аспекты // Конституция Российской Федерации и совершенствование механизмов защиты прав человека. - М., 1994. -С. 20- 26.

132. Строгович М. С. Природа советского уголовного процесса и принцип состязательности- М.: Юрид. изд-во НКЮ СССР, 1939. - 151 с.

133. Тер- Акопов А. А. Юридические гарантии прав личности в Российской Федерации // Государство и право. - 2000.-№ 11.- С. 95-99.

134. Мотовиловкер О. Я. Основной вопрос уголовного дела и его компоненты. – Воронеж, 1984. – 150 с.

135. Уголовный процесс / Под ред. П. А. Лукинской. - М.: Юрист. 1998.- 165 с.

136. Советский уголовный процесс / Под ред. Д. С. Карева. - М., 1968.- 200 с.

137. Уголовный процесс / Под ред. М. А. Чельцова. - М., 1969. – 167 с.

138. Куцова Э. Ф. Гарантии прав личности в уголовном процессе. - М.: Юр. лит., 1973,- 185 с.

139. Кондратов М. Е. Гарантии прав личности в социалистическом уголовном праве и процессе. - Ярославль, 1981.- 149 с.

140. Братусь С. Н. Юридическая ответственность и законность. - М.: Юр. лит., 1976.- 195 с.

141. Ахпанов А.Н., Насыров Г.Х. Арест в качестве меры пресечения: проблемы субедного контроля и санкционирования: Монография.- Алматы, 2005.- 183 с.

142. Ерешев Е. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: Оқулық.- Алматы: Өлке, 2006.- 216 б.

143. Канафин Д.К. Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве: Монография.- Алматы, 2005.- 168 с.

144. Кучуков К.М. Актуальные вопросы соблюдения конституционных прав и свобод граждан при производстве следственных действий // Соблюдение конституционных прав и свобод граждан в деятельности ОВД: материалы международной межведомственной научно-практической конференции. Ч.2.- Алматы: ООНИ и РИР Академии МВД РК, 2003.- 632 с.

145. Оспанов С.Д. Уголовный процесс.- Алматы: Норма-К, 2003.- 204 с.

146. Төлеубекова Б.Х. Қылмыстық іс жүргізу құқығы.- Алматы, 2000.- 318 б.

147. Шуменова Р.Т. Некоторые условия эффективности законодательства // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. № 2 (14) 2009 г.- Алматы, 2009.- С. 34-37.

148. Ханов Т.А. Обеспечение имущественных прав личности при применении меж принуждения в уголовном судеопроизводстве Республики Казахстан: Учебное пособие.- Караганда: КЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова.- 2006.- 172 с.

149. Якуб М.Л. Процессуальная форма в советском уголовном процессе.- М.: Юридическая литература, 1981. — 144 с.

150. Резник Г.М., Славин М.М. Конституционное право на защиту.- М.: Моск. рабочий, 1980.- 155 с.

151. Стецовский Ю.И., Ларин А.М. Конституционный принцип обеспечения обвиняемому права на защиту. М.: Наука, 1988. - 318 с.

152. Андрианов И., Шварев А. Нужен ли прокурору дополнительный рычаг воздействия на обвиняемого? // Российская юстиция. 2000. - №4. - С. 40-41.

153. Савицкий В.М. Государственное обвинение в суде. - М.: Наука, 1971. – 337 с.

154. Панько Н.К. Деятельность адвоката-защитника по обеспечению состязательности.- Воронеж, 2000.- 145 с.

155. Баев М.О., Баев О.Я. УПК РФ 2001 г.: достижения, лакуны, коллизии; возможные пути заполнения и разрешения последних: Учебное пособие. – Воронеж: Издательство: Воронежский государственный университет, 2002. – 57 с.

156. Комментарий к уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации / Под ред. И.Л. Петрухина. - М.: ООО «ТК Велби», 2002. – 896 с.

157. Качалова О.В. Охрана конституционных прав подозреваемых и обвиняемых на предварительном следствии. Дисс.... канд. юрид, наук.- М.,1999.- 222 с.

158. Бозров В. Действующий УПК ограничивает право обвиняемого на защиту // Российская юстиция. 1999.- № 12.- С. 25.

159. Друзин Е. Подозреваемый пригласил защитника // Российская юстиция. 1997.- № 9.- С. 44.

160. Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ (13.05.2020 ж. өзгерістермен және толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000176>

161. Садыков А.С. Адвокат-қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегін көрсетуі: заң ғылымд. канд. ... дис. автореф.- Алматы, 2010.- 25 б.

162. Зайцева И.А., Смирнов Л.Н. Проблемы, возникающие на предварительном следствии в связи с возложенной законом на следователя обязанности по обеспечению обвиняемого и подозреваемого адвокатом-защитником // Следователь. 2002. № 3.- С. 8-11.

163. Петрухин И. Л. Судебные гарантии прав личности. Актуальные

вопросы борьбы с преступностью в России и за рубежом. Вып. 8.- М.,1992.- 94 с.

164. Когамов М.Ч. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Движение уголовного дела: Учебник / Под ред. д.ю.н., проф. М.Ч. Когамова и к.ю.н., доцента А.А. Касимова / Коллектив авторов.- Алматы: Жеті Жарғы, 2013. - 1016 с.

165. Кобликов П.Ю., Алиев Т.Т., Громов Н.А., Бабаев Э.Х. О праве обвиняемого на защиту и его реализация в российском уголовном процессе // Следователь. 2002.- № 4.- С. 39.

166. Лисицин Р. Право на защиту: международные стандарты и Российская действительность // Российская юстиция. 1999. №6.- С. 8-9.

167. Алексеева Л.Б. Практика применения ст. 6 Европейской конвенции о защите прав и основных свобод Европейским Судом по правам человека. Право на справедливое правосудие и доступ к механизмам судебной защиты.- М.: «Рудомино», 2000.- 158 с.

168. Ведерников А. Права защитника на досудебных стадиях // Советская юстиция. 1990.- № 16.- С. 31-32.

169. Ефимичев П. Презумпция невиновности: дискуссия продолжается // Уголовное право. 1999. № 4. - С. 48-54.

170. Савицкий В.М. Презумпция невиновности. - М.: НОРМА, 1997.- 121 с.

171. Кокорев Л.Д. Принципы судопроизводства - гарантия общественных и личных интересов в уголовном процессе.- Воронеж, 1984.- 106 с.

172. Ефимичев С.П. Привлечение к уголовной ответственности в качестве обвиняемого — этап стадии предварительного расследования // Правоведение. 1985. №5. С. 28-33.

173. Рыжаков А.П. Уголовный процесс: учебник для вузов. - М.: Издательство Дело и Сервис, 2011.- 512 с.

174. Лукашевич В.З. Гарантии прав обвиняемого в советском уголовном процессе: Стадия предварительного расследования.- Ленинград: Изд. ЛГУ, 1959.- 167 с.

175. Гуляев А.П. Следователь в уголовном процессе.- М.: Юридическая литература, 1981. — 192 с.

176. Карнеева Л.М. Привлечение к уголовной ответственности. Законность и обоснованность.- Москва: Юридическая литература, 1971.- 136 с.

177. Шадрин В.С. Обеспечение прав личности при расследовании преступлений.- М.: ЮРЛИТИНФОРМ, 2000.- 230 с.

178. Здравомыслов Б.В. Уголовное право РФ. Общая часть: Учебник- 2-е изд.- М., 2000.- 480 с.

179. Горский Г.Ф., Котов Д.П., Кокорев Л.Д. Судебная этика. Некоторые проблемы нравственных начал советского уголовного процесса.- Воронеж: Изд-во Воронеж.ун.-та, 1973.- 271 с.

180. Громов Н.А., Гущин А.Н., Алиев Т.Т. О допросе обвиняемого по проекту УПК РФ в свете презумпции невиновности // Следователь. 2002.- № 2.- С. 23-26.

181. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің статистикалық мәліметтері // <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/1?lang=ru>

182. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің 2016 жылғы талдамалық ақпараты // <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/documents/details/57669?lang=ru>

183. Cheloukhine S.I., Aidarbayev S.Zh., Aryn A.A. The principles of criminal trial in the system of guarantees of the rights and legitimate interests of the suspect and defendant // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право.- № 1 (85) 2019.- Алматы: Қазақ университеті, 2019.- 44-54 бб.

184. Демидов И.Ф. Проблема прав человека в Российском уголовном процессе. Концептуальные положения.- Москва: Изд-во НИИ пробл. укрепления законности и правопорядка.- 1995, 96 с.

185. Токарева М.Е. О разработке гарантий законности в досудебных стадиях уголовного процесса // Прокуратура и правосудие в условиях судебно-правовой реформы: Сб. науч. тр.- М., 1997.- С. 146-155.

186. Ефимичев С.П. Разделение властей и проблемы борьбы с преступностью // Проблемы совершенствования прокурорского надзора (К 275-летию Российской прокуратуры): Материалы научно-практической конференции.- М., 1997. - С. 176-183.

187. Егоров И.М. Прокурорский надзор за соблюдением прав и свобод человека и гражданина в досудебных стадиях уголовного процесса. Дисс... канд. юрид, наук. - СПб, 2000.- 214 с.

188. Халиулин А. Судебный контроль и прокурорский надзор за законностью расследования: границы и возможности // Уголовное право. 2000. № 1. - С. 69-73.

189. Снегирёва Н.И. Обеспечение прав и законных интересов несовершеннолетних участников уголовного процесса на стадии предварительного расследования: Дис. канд. юрид. наук: 12.00.09.- Воронеж, 2001.- 248 с.

190. Прокуратура в правовом государстве. Многосторонняя встреча, организованная Советом Европы совместно с Генеральной прокуратурой Российской Федерации / отв. ред. Ю. Я. Чайка; редкол.: А. Д. Бойков, Г. В. Дашков, А. Я. Сухарев. М., 1997.- 160 с.

191. Воскресенский В., Корневский Ю. Состязательность в уголовном процессе // Законность. 1995. - № 7.- С. 9-10.

192. Петрухин И. Прокурорский надзор и судебный контроль за следствием // Российская юстиция. 1998.- № 9.- С. 12-14.

193. Жукенов А.Т. Роль прокуратуры в обеспечении гарантии прав и участников уголовного процесса // Проблемы усиления гарантий прав участникоов уголовного процесса. Материалы МНПК.- Алматы: Киік, 2003.- 122 с.

194. Шарипова А.Б. Реабилитация как одна из гарантий прав на защиту

подозреваемого, обвиняемого в уголовном процессе // Вестник КазНУ. Серия юридическая.- № 3 (87).- 2018.- С. 165-175.

195. Томин В.Т. Острые углы уголовного судопроизводства.- М.: Юрид.лит., 1991.- 240 с.

196. Москалькова Т.Н. Этика уголовно-процессуального доказывания (стадия предварительного расследования). – М.: СПАРК, 1996.- 125 с.

197. Мартынич Е.Г. УПК Российской Федерации: достижения и нереализованные возможности // Российский судья. 2002. - №4.- С. 3-12.

198. Калиновский К.Б. Реабилитация в уголовном судопроизводстве.- М.: Юрайт, 2014.- С. 396.

199. Большой юридический словарь. 3-е изд., доп. И перераб. / Под ред. проф. А.Я.Сухарева.- М.: ИНФРА-М, 2007.- VI.- С. 858.

200. Таджиев Г.Т. Реабилитация в советском уголовном процессе.- Ташкент, 1986.- 176 с.

201. Пастухов М.И. Институт реабилитации: на пути к законодательному регулированию // Государство и право. 1993. - № 12.- С. 54-60.

202. Кокорев Л.Д. Подсудимый в советском уголовном процессе.- Воронеж: Издательство Воронежского университета, 1973.- 271 с.

203. Бойцова Л.В. Реабилитация необоснованно осуждённых граждан. Автореферат дисс... канд. юрид, наук.- Л.: Ленинградский государственный университет, 1990. – 22 с.

204. Шило Н.Я. Проблема реабилитации на предварительном следствии.- Ашхабад: Изд-во Ылым, 1981.- 200 с.

205. Викторский С.И. Русский уголовный процесс. Учебное пособие.- М.: Городец, 1997. – 448 с.

206. Москалькова Т. Новые подходы к содержанию института реабилитации в УПК РФ 2001 года // Уголовное право. 2002. -№ 2.- С. 70-72.

207. Безлепкин Б.Т. Возмещение вреда, причиненного гражданину в уголовном судопроизводстве: Автореф. дис. ... докт. юрид. наук.- М., 1981.- 23 с.

208. Бойцова Л.В. Возмещение ущерба «жертвам правосудия» в России // Российская юстиция. 1994. № 6.- С. 45-47.

209. Нарижный С.В. Компенсация морального вреда в уголовном судопроизводстве России.- М.- СПб: Издат. дом «Герда». - 2001. - 288 с.

210. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан 2014 года. Том 1. Общая часть (издание второе).- Алматы: Жеті Жарғы, 2018.- 736 с.

211. Понарин В.Я. Защита имущественных прав личности в уголовном процессе России.- Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1994. – 189 с.

212. Кокорев Л.Д. Три кита правосудия // Юридический вестник. 1992. № 11. С. 130-136.

213. Бойцова В.В., Бойцова Л.В. Реабилитация необоснованно осужденных граждан в современных правовых системах.- Тверь, 1993.- 104 с.

214. Левинова Т. Возмещение морального вреда незаконно привлечённым к уголовной ответственности /// Российская юстиция. 2000.- № 9.- С. 39-40.

215. Эрделевский А. Критерии и метод оценки размера компенсации морального вреда // Государство и право. 1997. №4.- С. 8-10.

216. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім (03.07.2020 ж. өзгерістермен және толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1006061#pos=5;-108

217. «Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 Нормативтік Қаулысы (24.01.2020 ж. өзгерістермен және толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P99000007S>

218. Берсугурова Л.Ш. Становление и развитие судебного контроля в уголовном процессе РК // Вестник.- Алматы, 2015. Спец.выпуск № 5 // <https://articlekz.com/article/14783>

219. Арын А.А., Айдарбаев С.Ж. Институт реабилитации и его роль в защите прав и законных интересов подозреваемого и обвиняемого // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы.- № 4 (84) 2017.- Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 131-140 бб.